

Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде 2002 жылы
3-мамырда тіркеліп,
№2904-Ж куәлік берілген

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

Екі айда бір шығатын
республикалық ғылыми-
әдістемелік журнал

Меншік иесі – “Қазақ тарихы” ЖШС

№4 (193),
ШІЛДЕ-ТАМЫЗ
2021 ЖЫЛ

1993 жылдың шілде
айынан бастап шығады

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Төраға: Омарбеков Т.О. – т.ғ.д., проф.,
ҚР ҰҒА құрметті академигі (Алматы).

Орынбасарлары:

Әлімбай Н. – ҚР МОМ директоры,
проф. (Алматы).

Салықбай Ә.Ж. – журнал редакторы
(Алматы).

Мүшелері:

Қабылдинов З.Е. – т.ғ.д., проф., ҚР
БҒМ ҒК ТЭИ директоры (Алматы).

Байтанаев Б.Ө. – т.ғ.д., проф., ҚР ҰҒА
академигі (Алматы).

Әбіл Е.А. – т.ғ.д., проф., ҚР БҒМ ҒК МТИ
директоры (Нұр-Сұлтан).

Аяған Б.Ғ. – т.ғ.д., проф., ҚР БҒМ ҒК
МТИ дир. орынбасары (Нұр-Сұлтан)

Көрібаев Б.Б. – т.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі
(Алматы).

Қарасаев Ғ.М. – т.ғ.д., проф., Ресей ҒА
корр.-мүшесі (Нұр-Сұлтан).

Төлеубаев Ә.Т. – т.ғ.д., проф. (Алматы).

Жұмағұлов Қ.Т. – т.ғ.д., проф. (Алматы).

Uyama Tomohiko. – т.ғ.д., проф. Hokkaido
University disabled (Japan, Sapporo).

Буканова Р.Г. – т.ғ.д., проф. (Башқұрт-
стан, Уфа).

Курманов З.К. – с.ғ.д., проф. (Қырғыз-
стан, Бишкек).

Невежин В.А. – т.ғ.д., проф. (Ресей, Мәскеу).

Еңсенов Қ.А. – т.ғ.к., қауымд. проф.
(Нұр-Сұлтан).

Эксперттер тобы:

Найманбаев Б.Р. – т.ғ.д., проф. (Шымкент).

Жұмағұлов Б.С. – т.ғ.к., қауымд. проф.
(Алматы).

Асылбекова Ж.М.-А. – т.ғ.д., проф. (Алматы).

Ауанасова А.М. – т.ғ.д., проф. (Нұр-Сұлтан).

Исин А. – т.ғ.к., проф. (Семей).

Салқынбек Д. – т.ғ.к. проф. (Алматы).

Қартаева Т.Е. – т.ғ.к., проф. (Алматы).

Ноғайбаева М.С. – т.ғ.к., қауымд. проф.
(Алматы).

Сәбитов Ж.М. PhD, саяс/шы (Нұр-Сұлтан).

Дүйсен С.Ж. – п.ғ.к. (Нұр-Сұлтан).

Қалиев Ж.Н. – п.ғ.к. (Нұр-Сұлтан).

Ерімбетова Қ.М. – т.ғ.к. (Нұр-Сұлтан).

Үмітқалиев Ұ.Ұ. – т.ғ.к., арх/г (Нұр-Сұлтан).

Ізбасарова Ғ.Б. – т.ғ.к., доцент (Ақтөбе).

Базарбаев Қ.Қ. – PhD тарихшы (Түркістан).

Қозыбаева М.М. – PhD тарихшы (Алматы).

.....

Басуға 04.08.2021 ж. жіберілді.
Пішімі 84 x 108 1/16. Шартты б.т. – 5,75 СТР
басылым. Бағасы келісімді.
Таралымы – 1500. Индекс – 75748.
Редакцияда беттеліп-қатталып,
"Акимбаев" ЖК-де басылды.
Алматы қаласы, Төле би көшесі 203-үй.

МАЗМҰНЫ

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН МАҚАЛАЛАР

«Дөңгелек үстел» материалдары: «Қазақтың этнографиялық
категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі»
атты ғылыми энциклопедияны талқылау

САЛЫҚБАЙ Ә. Этнология ғылымына қосылған өлшеусіз үлес.....	2
ФАЗЫЛЖАН А. Лингвистика ғылымы үшін де маңызды еңбек.....	3
ҚАБЫЛДИНОВ З. Тарихи этнографияның ғылыми панорамасы.....	4
ҚАЛЫШ А. Қазақ әлемінің алтын көмбесі	5
АХМЕТЖАНОВА З. Уникальный труд по культурной антропологии	8
БОРБАСОВ С. Зерделі зерттеу.....	9
РЫСБЕРГЕН Қ. Қазақтың тіршілік кеңістігін категориялаған туынды.....	11
НОҒАЙБАЕВА М. Жоғары оқу ісі үшін де қолданбалы маңызы зор.....	18
ТҰРҒЫНБАЕВ Е. Қазақтың тарихи этнографиясының алтын кітабы.....	19
АБДУЛЛИНА А. Первая научно-этнографическая энциклопедия	20
ОРЫНБАЕВА Г. Энциклопедия традиционного образа жизни казахов	23
САҒИҚЫЗЫ А. Мәдени маңыздылығы да жоғары энциклопедия.....	27
ӨТЕБАЕВА Э. Рухани қазына туралы құнды кітап	28
ЕГІЗБАЕВА М. Үздіксіз этнографиялық білім алуға да мүмкіндік береді	30
ТЕРЕКБАЕВА Ж. Этнографиялық энциклопедияның үздік үлгісі.....	31
КҮДЕРИНОВА Қ. Тарихи-этнографиялық анталогия.....	32
ДАНДЫҒАРАЕВА Б. Бірегей ғылыми-этнографиялық туынды	33
ФАЗЫЛЖАН А. Сөз соңы (қорытынды ретінде).....	34

МАЙДАНӘЛІ З. Алтын Орда мемлекеті.....	35
САҚТАҒАН А. Жошы ұлысы тарихы	40
ЕДІЛХАНОВА С. Қалмақ-торғауыттардың 1771 жылы Цин империясының территориясына көшуі.....	46
ЕСПЕНБЕТОВА А. Орынбор әкімшілік мекемелерінің отаршылдық сипаты...51	
ОРАЗБАҚОВ А., СӘБИТҚЫЗЫ Г. Ю.Н.Рерих – Орта Азия мен Қазақстанның ежелгі тарихын зерттеуші.....	55
ҚУАНЫШЕВ Ж. Жаңа ахуалдағы сот жүйесін модернизациялау.....	58
КАЛИЕВА М. Социальная модернизация Казахстана.....	63
ЖҰПБАЕВ Қ. "Хазар" деген кім?.....	68
МИРАЗОВ М. Тоғанас туралы толғаныс	71

ОҚЫТУ. ӘДІСТЕМЕ. ТӘЖІРИБЕ.

ҚОШҚАРБАЕВА Н. Аталар даңқы өшпесін.....	75
АГАНИНА Г. Актуальность качества профессионального образования – требование времени	76
АРЫСТАНОВ К. Аттила (Еділ) және оның жиһангерлік жорықтары	77
ӘЛІМБЕКОВА Г. Тың игеру жылдарындағы Қазақстан.....	78
НҮКЕБАЕВА Г. Қысқа мерзімді сабақ жоспары.....	79
САБЫРОВА Б. Адамның табиғатқа бейімделуі.....	81
ЮЛДАШЕВА З. Сан есім	82
ЫСҚАҚОВ Е. Алаш көсемінің ұлы мұраты	83

«ҚАЗАҚТЫҢ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ КАТЕГОРИЯЛАР, ҰҒЫМДАР МЕН АТАУЛАРЫНЫҢ
ДӘСТҮРЛІ ЖҮЙЕСІ» (Алматы: «Әлем Даму Интеграция» ЖШС, 2017.
Толықтырылып, өңделген екінші басылымы. 1-5 том, 4208 бет)
АТТЫ ҒЫЛЫМИ ЭНЦИКЛОПЕДИЯНЫ ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН
«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ» МАТЕРИАЛДАРЫ



ЭТНОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНА ҚОСЫЛҒАН ӨЛШЕУСІЗ ҮЛЕС

Әбділдабек САЛЫҚБАЙ,
«Қазақ тарихы» ғылыми-әдістемелік журналдың бас редакторы

Құрметті ғалымдар! Өздеріңізге мәлім, жақында ғана Қазақстан Республикасының Әл Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы мемлекеттік сыйлығын беру жөніндегі комиссияның отырысының қорытындысы бойынша алдын ала іріктеуден өткен ғылыми еңбектердің тізімі республиканың баспасөз беттерінде жарық көрді. Солардың ішінде бүгінгі дөңгелек үстел барысында ғылыми сараптамаға түсіп отырған Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі ғалымдары дайындап баспадан шығарған «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты 5 томдық ғылыми энциклопедия да бар. Әңгіме аталмыш еңбектің 2017 жылы концептуалдық тұрғыдан да, деректік негізі мен негіздемесі жағынан да терең өңделіп, толықтырылған екінші басылымы жөнінде болып отыр. Осы басылымның сапалық және сандық өзгерісін 2011-2014 жылдары аралығында жарық көрген оның алғашқы нұсқасымен салыстырғанда бірден көзге түседі: жаңа басылым алғашқысына қарағанда, жаңадан енгізілген 147 жаңа мақалалар есебінен 424 бетке ұлғайыпты! Оның үстіне бірінші басылымдағы мақалалардың 80 пайызға жуығы тың мәліметтермен толықтырылып, концептуалдық тұрғыдан да қайтадан жазылған екен. Демек, қазір өздеріңіздің ғылыми талқылауларыңызға түсіп отырған энциклопедияның екінші басылымы профессор Нұрсан Әлімбаев бастаған авторлар ұжымының жан-жақты да, жүйелі ізденісінің жаңа нәтижесі десем асырып айтқандық болмас. Яғни, екінші басылым – өзінің теориялық деңгейі жағынан да, деректік негізінің дәйектілігі тұрғысынан да ерекшеленетін бірегей шығармашылық ғылыми туынды.

Барлығы 5846 мақаладан тұратын энцикло-

педияда қазақтың сан салалы, сан деңгейлі ежелгі шаруашылық-мәдени тәжірибесін әр қырынан танытатын 10 000-нан астам этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атаулар жүйесі зерттелді. Проблемалық-тақырыптық принцип бойынша өзара себеп-салдарлық байланыста зерделенген бұл терминдер арқылы авторлар қазақ этносының сан ғасырлық тарихи-этнографиялық антологиясын (панорама) жасап отыр! Өз басым энциклопедиядан бұған дейін ұлтымыздың төлтума тарихи-этнографиялық болмысының көптеген беймәлім жайттарымен таныстым. Қарастырылып отырған еңбектің өлшеусіз ғылыми-танымдық тағылымы өз алдына, оның қазіргі жаһандану үрдісі, әсіресе цифрлық технология нәтижелерінің әлеуметтік тіршіліктің барлық саласында дендеп орнығу нәтижесінде солғын тартқан ұлттық мәдениеттің әлеуетін сақтау жолындағы өзіндік орны ерекше екендігін екшеп айтқым келеді. Қалын оқырманның да, ғылыми ортаның да қалаулы басылымына айналған «Қазақ тарихы» ғылыми және ғылыми-әдістемелік журналдың бас редакторы, әрі кәсіби журналист, әлбетте оқырман ретінде де сөз болып отырған ғылыми-этнографиялық энциклопедияны 2021 жылғы Қазақстан Республикасының Әл Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлыққа әбден лайық туынды деп есептеймін.

Құрметті «дөңгелек үстелге» қатысушылар! Осы талқылау жұмысын жүргізіп отыру үшін ендігі сөз кезегін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры, филология ғылымдарының кандидаты Анар Фазылжанға беріледі.



ЛИНГВИСТИКА ҒЫЛЫМЫ ҮШІН ДЕ МАҢЫЗДЫ ЕҢБЕК

Анар ФАЗЫЛЖАН,
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым комитетінің А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының директоры,
филология ғылымдарының кандидаты

Құрметті әріптестер! Бүгінгі күні ұйымдастырылып отырған «дөңгелек үстел» деп аталатын шағын ғылыми форумның негізгі мақсаты – баршаңызға жақсы мәлім «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты 5 томдық іргелі тарихи-этнографиялық энциклопедиялық еңбекті көпшілік болып талқылап, оның Әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлыққа лайық екендігін негіздеу. Онлайн форматта ұйымдастырылып отырған бұл форумға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне қарасты Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология және А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институттарының директорлары Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, профессор З.Е. Қабылдинов пен А.Фазылжан, сондай-ақ Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Тарих, археология және этнология факультетінің деканы, тарих ғылымдарының кандидаты М.С. Ноғайбаева бастаған аталмыш мекемелердің белгілі ғалымдар тобы бас қосып отыр. Сонымен бірге форумға Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің білікті ғалымдары – тарихшылар, философтар мен филологтардың да қатысуы бек қуантады.

Еңбектің методологиялық және деректік негіздемесі тұрғысынан түбегейлі өңделіп, толықтырылған (2017 ж.) екінші басылымының сараптауға түсіп отырғандығын қаперлеріңізге саламыз. Расында да, «Қазақ тарихы» ғылыми-әдістемелік журналдың бас редакторы, көрнекті зерттеуші-журналист Әбділдабек Салықбай ағай атап көрсеткендей, энциклопедияның екінші басылымы өзінің сапалық һәм көлемі жағынан мүлдем жаңа деңгейдегі іргелі зерттеу болып табылады. Оның құрамына 147 жаңа мақалалардың енгізілуі, сондай-ақ басқа мақалалардың соны тың мәліметтерімен толықтырылып, теориялық жағынан қайтадан өңделуі қарастырылып отырған екінші басылымның көлемін де едәуір ұлғайтты, методологиялық мәдениетін де соны сапалық деңгейге көтерді. Сондай-ақ барлығы 5846 мақаладан тұратын энциклопедияның мазмұны 10 000-нан астам сан алуан тарихи-этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атаулар жүйесін қамтиды. Олардың мән-мағынасы дәстүрлі қазақы ортада ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелілердің сан салалы, сан деңгейлі шаруашылық-мәдени тәжірибесі жөнінде толықмәнді

түсінік алуға мүмкіндік береді. Энциклопедияның ғылыми жетекшісі әрі редакторы және негізгі авторларының бірі профессор Нұрсан Әлімбайдың қисынды пікірінше, көшпелілердің интеллектуалдық (менталдық) «резервуар-қоймасы» іспеттес аталмыш категориялар, ұғымдар мен атаулар жүйесі ұрпақаралық әлеуметтік-мәдени, экологиялық, шаруашылық-экономикалық тәжірибені атадан балаға беріліс механизмі функциясын атқарып отырды. Өз басым тілтанушы ғалым ретінде қарастырылып отырған энциклопедияның отандық, тіпті халықаралық лингвистика ғылыми үшін де методологиялық һәм танымдық тағылымының өлшеусіз екендігін ерекше атап айтуды парызым деп санаймын. Өйткені, энциклопедиядағы әрбір терминнің этнографиялық мән-мағынасының зерттелуі, шынтуайтында, оның мәдени семантикасының зерделенгендігін білдіреді ғой. Олай болса, бұл еңбектің тарихи-этнографиялық ғылыми тағылымы өз алдына, тілтанушы ғалымдардың күнделікті қолданысындағы құнды материалдар «антологиясы» ретінде де танымдық функция атқара беретіндігі сөзсіз. Бұл еңбектің 2011-2014 жылдары аралығында жарық көрген алғашқы басылымы мен қазір ғылыми талқыға түсіп отырған екінші нұсқасының қалың оқырман көпшіліктің де, талғампаз ғылыми ортаның, соның ішінде шетел ғалымдарының да жоғары бағасына ие болғандығы тегін болмаса керек. Өз басым талқыланып отырған еңбекпен жете танысқан ғалым ретінде оның негізгі авторлары профессорлар Нұрсан Әлімбай, Нұргелді Уәли, Рүстем Шойбеков, тарих ғылымдарының кандидаты Қалиолла Ахметжан Әл-Фараби атындағы Қазақстан Республикасының ғылым мен техника саласындағы 2021 жылғы Мемлекеттік сыйлығын алуға әбден лайық деп санаймын.

Құрметті «дөңгелек үстелге» қатысушылар! Маған жеткен мәлімет бойынша, онлайн форматында ұйымдастырылып отырған осы форумға барлығы 40-тан астам ғалымдар – белгілі тарихшылар, этнологтар, тілтанушы зерттеушілер жиналып отыр. Әлбетте, қатысушылардың әрқайсысының да осынау, сөз жоқ, бірегей ғылыми туындыға байланысты өз пікірін білдіруге толық қақысы бар. Дегенмен, материалды жарыққа шығаратын «Қазақ тарихы» ғылыми-әдістемелік журнал көлемінің шектеулі екендігін форумға қатысушылар ескерсе екен.



ТАРИХИ ЭТНОГРАФИЯНЫҢ ҒЫЛЫМИ ПАНОРАМАСЫ

З.Е.ҚАБЫЛДИНОВ,
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым комитетінің Ш.Ш.Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институтының директоры,
Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым
академиясының корреспондент-мүшесі,
тарих ғылымдарының докторы, профессор

2017 жылы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейінің ұжымы жоба жетекшісі профессор Нұрсан Әлімбайдың ғылыми редакторлығымен ұзақ жылдар бойы дайындаған «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия» деп аталатын 5 томдық көлемді еңбектің екінші басылымы жарық көрді. Бұл қазақ мәдениетінде ғана емес, отандық тарих ғылымы саласында да ерекше оқиға болды. Энциклопедияда барлығы 10 мыңнан астам ұғымдар мен атаулар, этнографиялық категориялар қамтылды.

Қарастырылып отырған ғылыми энциклопедия 2005 жылдан бастап Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тікелей бастамасымен жүзеге асқан «Мәдени мұра» Ұлттық стратегиялық жобасы аясында басылып шықса да, оның жасақталуы, шынтауында, өткен ғасырдың аяқ шенінен бастау алады. Алғашқы нұсқасы 2011-2014 жылдар аралығында жарық көрді. Ал теориялық-методология жағынан да, деректік негізі һәм негіздемесі тұрғысынан да мүлдем өңделіп, толықтырылған екінші басылымы 2017 жылы оқырмандарға жол тартты.

Аталмыш энциклопедияда қазіргі тұрмысымыз бен тілімізде жойылуға айналған немесе мағынасы солғындаған, тіпті мүлдем сөмген көптеген ұғымдар мен атаулар, этномәдени категориялар ғылыми айналымға енгізілді. Энциклопедияда отандық этнология ғылымының сан жылғы дамуының нәтижесі, соның қорытындысы көрініс тауып отыр. Соның арқасында және жинақталған мол материалдың негізінде дәстүрлі этнографиялық категорияларды, ұғымдар мен атауларды осындай ауқымда жүйелі зерделеген еңбек жасалды.

Еңбек жарыққа шыққаннан кейін қазақ және орыс тілдерінде тарихшы ғалымдардан академик Болат Көмеков пен филология ғылымдарының докторы Ш.Ибраевтың, профессор Т.Омарбековтің, А.Б.Қалыштың, А.И.Исаеваның, З.Е.Қабылдинов; С.М.Борбасов, М.М.Қозыбаеваның, Б.И.Иманбекованың, Т.Е.Қартаеваның және т.б., сондай-ақ тілші ғалымдар К.Күдеринаның, С.К.Сәтенова-

ның, К.У.Есенованың «Ақиқат» журналында, Л.М.Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университетінің хабаршысында, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысында, электрондық ғылыми журналда, «Қазақ тарихы» журналында рецензиялары шықты.

Сондай-ақ шетел ғалымдары, атап айтқанда Түркиядан профессорлар Ерке Өзердің «Милли фольклор», Дервиш Клинкайяның «Cumhuriyet Tarihi Arastirmalari Derqisi» атты ғылыми журналдарда пікірлері жарияланды. Бұл ретте Түркияда басылып шығатын аталмыш екі журналдың да Scopus және Web of Science базасындағы халықаралық рецензияланатын ғылыми басылымдар екенін қаперге саламыз.

«Ана тілі» газетінде «Сөзтаным» айдарымен бірнеше жыл бойы Жанат Исаева, Гүлсінай Исаева, Айгүл Әмірбекова тәрізді ғалымдар энциклопедияның материалдарын газет оқырмандарына таныстырып отырды. Сүлеймен Демирел атындағы қазақ-түрік университетінде энциклопедияның тұсаукесері өткізілді, дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Осы энциклопедия биыл Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығына ұсынылған шығармалардың тізіміне енгізіліп отыр. Бұл аса құптарлық дүние. Бұл энциклопедия әл-Фараби атындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығын алуға әбден лайық деп санаймыз.

Нұрсан Әлімбай бастаған ғылыми шығармашылық топ осы қысқа уақыт мерзімінде 5 том этнографиялық энциклопедияны дайындап, бүкіл этнология ғылымына айрықша оң әсерін тигізді. Энциклопедиядағы мақалалардың әрқайсысы жай ғана анықтамалық емес, ғылыми тұрпатта сан алуан тарихи этнографиялық мәліметтерге ғылыми әдебиетке сүйеніп ғылыми негізделіп жазылған еңбек деп бағамдау керек. Одан басқа осы 5 томды энциклопедия басқа басылымдарға оң әсерін тигізуде. Мысалы, біздің Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ұжымы 2018-2020 жылдары 3 томдық Қазақстан тарихы энциклопедиясын дайындады. Тарихи

энциклопедияны жазу барысында аталмыш 5 томдық бірегей басылымның материалдары мол пайдаланылды. Соның ішінде, әсіресе, көптеген, ғылыми тұжырымдар жаңа тарихи энциклопедияға енді.

Бұл 5 томдық еңбек – XVIII-XX ғғ. шыққан ірі қазақстандық немесе шетелдік ғалымдардың еңбектеріне сүйеніп, сілтеме жасалып жасалған мықты ғылыми туынды. Осынау бірегей 5 томдық фундаменталды энциклопедия болашақта көптеген докторлық, магистрлік диссертацияларға үлкен септігін тигізетіндігіне еш күмән болмаса керек. Яғни оның материалдары болашақта этнология ғылымында талай ғылыми ой-тұжырымдарға негіз хәм негіздеме болатындығы сөзсіз.

Сондай-ақ, біздің ойымызша, осы 5 томдық этнографиялық энциклопедияның материалдары орта білім беретін мектеп оқулықтарына, оның ішінде Қазақстан тарихы, қазақ әдебиеті пәндеріне де өзінің оң әсерін міндетті түрде тигізеді деп

ойлаймыз. Басқаша айтқанда, энциклопедиядағы материалдар мектеп оқулықтарында өзінің көрінісін табатынына сенеміз. ЖОО-да Археология, этнология мамандығы бойынша білім алып жатқан бакалавр, магистр, докторанттарға да үлкен пайдасын тигізіп жатыр, әлі де тигізе беретіндігіне еш күмән жоқ. Оларға арналған дәрістер, оқулықтар жазуға оң әсерін тигізетіні сөзсіз.

Сонымен қарастырылып отырған еңбекті қазақтың ежелден бүгінгі күнге дейін сақталып келе жатқан талай салт-дәстүрінің, сан ғасырлық мәдени-шаруашылық тәжірибесінің ғылыми негізделген тарихи-этнографиялық панорамасы десе де болады. Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты бір ауыздан осы еңбекті жазған профессор Нұрсан Әлімбаев басқарған ҚР Мемлекеттік Орталық музейінің қызметкерлерін Әл-Фараби атындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығын алуға әбден лайық деп санаймыз.

ҚАЗАҚ ӘЛЕМІНІҢ АЛТЫН КӨМБЕСІ

А.Б.ҚАЛЫШ,
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Тарих, археология және этнология факультетінің
профессоры, тарих ғылымдарының докторы



«Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі: Энциклопедия» (1-том: А-В; 2-том: Г-З; 3-том: З-Қ; 4-том: Қ-Ө; 5-том: П-Я. Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция», 2017. Иллюстрацияланған) атты бестомдық классикалық ғылыми-этнографиялық энциклопедияның соңғы толықтырылып 2017 жылы қайта баспадан шыққан нұсқасы алдыңғы басылым сияқты тек қана отандық тарихи-этнографиялық ғылымы үшін ғана емес, сонымен қатар мәдениеттану, өнертану, фольклор, лингвистика, философия, социология, педагогика, құқықтану және т.б. ғылымдарды қосқанда барлық әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар үшін де маңызды болып табылады.

Энциклопедия біздің республикамызда ғана емес, бүкіл Орталық Азиядағы көне және ірі

музейлердің бірі – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейінің (әрі қарай ҚР МОМ) ғылыми қызметкерлерінің күшімен дайындалған. Өзіндік бірегей бестомдық жобаның ғылыми редакторы және жетекшісі ҚР МОМ директоры, профессор Нұрсан Әлімбаев екенін айтпай кетуге болмайды. Нұрсан Әлімбаев Қазақстан қауымдастығына ірі теоретик-этнограф, тарихшы, қоғамтанушы ретінде ғана емес, Нұр-Сұлтан қаласындағы Президенттік мәдениет орталығының, ҚР Ұлттық музейінің негізін салушы және алғашқы директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, республикамыздың медальдері мен ордендерінің иегері ретінде танымал. Аталған басылымды жарыққа шығаруға республикаға танымал ірі ғалымдар, филология ғылымдарының докторлары Нұргелді Уәли мен Рүстембек

Шойбеков, тарих ғылымдарының кандидаты Қалиолла Ахметжан, мақалалар авторлары мен суретшілер Бейбітқали Қақабаев пен Жалаледин Шәйкен айтарлықтай үлес қосты. Жалпы, музей қызметкерлерінің арасынан орта және жас буын өкілдері де тартылды.

Жоғарыда атап өткеніміздей, қарастырып отырған бестомдықтың идеялық қолдаушысы Нұрсан Әлімбай 1990-шы жылдары Қазақстанның әртүрлі аумақтарында далалық этнографиялық экспедициялардың мүшесі және жетекшісі, сондай-ақ, негізінен, этникалық қазақтар қоныстанған Моңғол Халық Республикасының Баян-Өлгий аймағында болған кезінде-ақ мұндай энциклопедия шығаруды ойластырған болатын. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың қолдауымен кезек-кезеңмен жүзеге асқан «Мәдени мұра» Ұлттық бағдарламасы аясында аталған жобаны авторлық ұжым орындауға кірісті.

2011-2014 жж. ізденістік ғылыми энциклопедияның 3 784 беттен тұратын қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларына арналған бес томы жарыққа шықты. 2014 жылы 25 желтоқсанда көрнекті ғалым-этнограф, тарих ғылымдарының докторы, профессор Халел Арғынбаевтың 90-жылдығына арналған «II Арғынбаев оқулары» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның пленарлық мәжілісінде бірегей басылымның ресми тұсаукесері өтті. Осы конференцияда отандық, сонымен қатар алыс (Түркия, Моңғолия) және жақын (Ресей, Қырғызстан) шетелдерден келген ғалымдарға Нұрсан Әлімбай жаңа энциклопедияны сыйға тартты. Кейінірек басылымның нұсқалары академиялық және жоғары оқу орындарындағы әріптестерге, қоғам қайраткерлеріне және республиканың ірі кітапханаларына жеткізіліп, бұқаралық ақпарат құралдарында лайықты жоғары бағасын алды. 2000 тиражбен шыққан энциклопедия екі жылдың ішінде библиографиялық сиректікке айналып, оны қайталау және толықтырып шығару қажеттілігі туындады.

2017 жылы жарыққа шыққан энциклопедияның жаңа бестомдық нұсқасы бұрынғысынша жоғары ғылыми-теориялық деңгейде орындалып, 4 208 бет көлемінде (441,84 б.т.) алфавиттік тәртіппен орналасқан 5 846 мақалада барлығы 10 000-нан астам әртүрлі тарихи-этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атаулар жан жақты зерттелген. Біріншіден, мақала тиісті категориялық-ұғымдық атаумен және аталған нысанды нақты мағлұматтар мен түсініктерді айқындаған мәтіндермен негізделген. Мұнда мақалалар қысқа да, көлемі жағынан кешенді мақалаларға тән сипатта орындалғаны байқалады. Екіншіден, ол үлкен форматта (84×108) шығарылған. Егер жалпы қабылданған форматқа (60×48) салар болсақ, ол 8 томды құрар еді. Үшіншіден, аталған этнографиялық энциклопедия ҚР Білім және ғылым

министрлігінің Ғылым комитетінің классикалық академиялық институттардың (Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институты, Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты), сонымен қатар ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазақстан мәдениетінің ғылыми-зерттеу институтының» осыған ұқсас зерттеулері үшін аяқталған және қажет ғылыми жобаның сәтті орындалуының үлгісі болып табылады. Бұл – сонымен бірге пәнаралық ғылыми тақырып бойынша қажет болашақ кәсіби бакалаврлар, магистрлар мен PhD-докторлар дайындап жатқан республиканың әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Абай атындағы ҚазҰПУ, Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ, Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, М.Әуезов атындағы ОҚМК, Т.К.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы және т.б. жетекші жоғары оқу орындары үшін өте пайдалы еңбек.

Біз қарастырып отырған басылымда пайдаланылған революцияға дейінгі деректер, сирек иллюстрациялардың пайдаланылуы, ең алдымен, Нұрсан Әлімбайдың басшылығымен жұмыс атқарған жетекші орындаушылардың көпжылдық қысқа мерзімді іс-сапарлары барысындағы, Қазақстанды қоспағанда, Ресей Федерациясының (Мәскеу, Санкт-Петербург, Омбы, Орынбор) және Өзбекстанның (Ташкент) жетекші кітапханалар мен мұрағаттарындағы ізденіс жұмыстарының арқасында іске асқанын атап өткен жөн. Олар қажет материалдар мен арнайы әдебиеттерді жинақтап қана қоймай, революцияға дейінгі және өткен ғасырдың басындағы көптеген деректердің түп нұсқасын пайдаланған. Сонымен қатар соңғы отыз жылдықтағы отандық, алыс және жақын шетелдік басқа басылымдарды саралай отырып, музейдің шығармашылық тобы ізденістік ғылыми жобаны кәсіби біліктілікпен жоғары деңгейде жүзеге асыруға мүмкіндік алды. Қазақстанның көптеген білім беру мекемелері, музейлерді қосқанда басқа да посткеңестік республикалармен қатар, СССР құлағаннан кейін және тәуелсіз республикалар құрылған соң жаңа орыс әдебиеттерін алуда қиындыққа тап болғандығын ескерген жөн.

Біз талдап отырған басылымның бұрын шыққан тақырыптық (әмбебап, тарихи, этнографиялық, мәдениеттанулық, өнертанулық, мифологиялық, әлеуметтанулық, заңдық, психологиялық, географиялық және т.б.) жағынан алғанда кіші және үлкен энциклопедиялардан бірнеше аспектілер бойынша ерекшеленеді:

– теориялық-методологиялық, жалпы байланыстылық, тарихилық, жан-жақтылық, біртұтастық, кешенділік, негіздемелік, жеке тұлға мен қызметтің бірыңғайлығы, объективтілік, субъективтілік және т.с.с. маңыздылықтың ескерілуі;

– тұжырымдамалық, семантикалық және институционалдық, яғни «Адам↔Қоғам↔Табиғат» секілді әмбебап когнитивті үштікке сүйенген.

Басылымда категориялар, түсініктер немесе атаулар субъект-объект қатынасы ескерілген антропологиялық принцип негізінде мазмұндалған. Қажет материалдарды табу мен зерттеудегі екінші принцип – ритуалды аспектіде қорытылған. Еңбекте кеңінен қолданылған келесі үшінші фундаменталды принцип – когнитивті ғылыми контекст болып табылады, яғни кез келген этнографиялық когнитивті бірлік міндетті түрде дәстүрлі этномәдени ортамен себеп-салдарлық байланыста зерттеледі.

Энциклопедияның 1-томындағы Нұрсан Өлімбайдың «Қазақтың тарихи этнографиясының категориялық-ұғымдық арқауы» атты көлемді тұжырымдамалық мақаласы ерекше қызығушылық тудырады. Бұл мақалада автор төмендегідей мәселелерді жан-жақты ашқан: 1) мәселенің қойылуы; 2) этнографиялық энциклопедияның тарихнамалық сипаттамасы мен ерекшеліктері; 3) этнографиялық когнитивті түзілістердің типологиялық жіктеудің антропологиялық принципі; 4) онтологиялық аспектілері; 5) «ата-баба жолы» – ең басты когнитивтік тұжырымдама ретінде кеңістіктік және уақыттық модельдер жайлы дискурсы; 6) этнографиялық энциклопедияны құрастырудың негізгі принциптері; 7) басылымның деректері (халық ауыз әдебиеті, қазақтың танымал ақын-жазушыларының еңбектері, революцияға дейінгі зерттеушілердің еңбектері, авторлардың ел арасынан жинған этнографиялық материалдары, еуропалық, орыс және қазақ суретшілерінің туындылары мен суреттері, мұрағаттық және музейлік мәліметтер, отандық жетекші этнографтардың еңбектері және т.с.с.).

Бірегей басылымның онтологиялық негізі ретінде көшпелі қоғамды құрайтын барлық өзара әрекеттер алынған. Яғни, аталған жүйенің дұрыс жұмыс істеуі үшін қажет механизмді қамтамасыз ететін себеп-салдарлық байланыстары толығымен ашылған. Энциклопедияда когнитивті көзқарас тұрғысынан қаралған тарихи-этнографиялық, шаруашылық-мәдени және т.б. терминдер қазақ халқының институционалдық, әлеуметтік, мәдени, шаруашылық және көшпелі өмірдің басқа да салаларындағы отырықшы-егіншілік қауымдастықтардың сан ғасырлық тәжірибелік дәстүрлі ұстанымдар (қағидалар) жүйесіне сүйенген. Өйткені, олардың тарихы тереңде және дәл осы халықтық дәстүрлер мен өткендегі әлеуметтік-саяси институттардың сақтаушысы болып табылады. Ал, Қазақстан Республикасы – біздің территориямызда өмір сүрген жиырмадан астам ежелгі, ортағасырлық және кейінгі мемлекеттердің жалғастырушысы мен мұрагері.

Қазақ халқының тіршілік қарекетінің дәстүрлі тәжірибесін көрсететін түпнұсқалық мәліметтер кәсіби біліктілікпен орындалып, деректер, арнайы әдебиеттер, экспонат, коллекциялар, отандық, негізінен ҚР MOM қорының және шетелдік музейлердің артефактілеріне сүйене отырып 0,3-тен 10-нан астам бетке дейін жазылған мәтіндік мәліметтер толықтығы және объективтілігімен ерекшеленуі аталған басылымның артықшылығын білдіреді. Сонымен қатар, бұл артықшылыққа мақалалардың мәтіндерін орынды толықтыру үшін пайдаланылған және өздігінше жеке ақпарат беруші ретінде де қызмет еткен ортағасырлық шығыс миниатюралары, картиналар мен XVII-XX ғғ. суретшілердің суреттері, XIX-XX ғғ. ортасындағы фотосуреттердің, диаграммалардың, карталардың символдардың ұқыпты жинақталып берілуі де жатады.

Өртүрлі сипаттағы қажет мәліметтерді іздеуге арналған кәсіби орындалған ғылыми-техникалық аппарат (қысқарған сөздер тізімі, мәлімет берушілердің тізімі, категориялар, ұғымдар мен атаулар көрсеткіші, библиография) та назар аудартып, басылымның ақпараттық әлеуетін көтеріп, оны іздеуді жеңілдетеді. Маман мен оқырман әрбір бес томның нақты ғылыми-техникалық аппаратын қарау арқылы өзіне қажет жауапты ала алады. Мысалы, энциклопедияның әрбір томы екі жүзге жуық отандық, сонымен қатар алыс және жақын шетелдердің мәлімет берушілер тізімімен; мыңдаған әдебиет-зерттеулермен, деректермен (мұрағат, тарихи-этнографиялық, халық ауыз әдебиеті); көркем, энциклопедиялық, анықтамалық, библиографиялық, бұқаралық ақпарат құралдары деректерімен мазмұндалған.

Нұрсан Өлімбайдың ғылыми жетекшілігімен орындалған «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты ғылыми-этнографиялық энциклопедияны талдауды аяқтай отырып, аталған еңбек тек тарихшылар, этнографтар, лингвистер, мәдениеттанушылар үшін ғана емес, қалың Қазақстанның полиэтникалық жұртшылығына да қызығушылық тудыратынын айта кеткен жөн. Қазақ әдеби тілінде жатық жазылған және қызықты мағлұматтарға ие, әсем иллюстративті материалдармен безендірілген энциклопедия осындай ғылыми-көпшілік бағыттағы басылымдарға үлгі болары сөзсіз.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, профессор Нұрсан Өлімбайдың ғылыми редакторлығы және жетекшілігімен орындалған 5 томдық классикалық ғылыми-этнографиялық энциклопедияны Қазақстан Республикасының Әл Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлыққа толығымен ұсынуға болады деп есептеймін және әріптестерім қолдайды деген сенімдемін.



УНИКАЛЬНЫЙ ТРУД ПО КУЛЬТУРНОЙ АНТРОПОЛОГИИ

З.К. АХМЕТЖАНОВА,
научный консультант Института языкознания
им. А. Байтурсынова Комитета науки Министерства
образования и науки Республики Казахстан,
доктор филологических наук, профессор

Мне посчастливилось использовать и первое, и второе издания научной энциклопедии «Традиционная система этнографических категорий, понятий и названий у казахов» под научной редакцией и непосредственным участием профессора Нурсана Алимбая в двух направлениях своей профессиональной деятельности – как ученый, специалист по сопоставительному и общему языкознанию и лингвокультурологии, как профессору университета имени Сулеймана Демиреля и как руководителю лаборатории «Язык. Культура. Коммуникация» (2011–2020) в преподавательской работе.

Указанный поистине уникальный труд стал настольной книгой для студентов, магистрантов, докторантов по специальностям филологического, исторического факультетов. Материал энциклопедии использовался и до сих пор активно используется в курсовых, дипломных и диссертационных работах.

Уникальность указанной энциклопедии заключается в ряде особенностей, резко выделяющих данный труд на фоне других энциклопедий (русской, английской и др.). Первое, что бросается это широкий предметный ряд, в ней пользователь может найти сведения по самым разным направлениям жизни и быта казахского народа, включая ритуалы и обычаи, мифологические представления и др. Вторая

особенность энциклопедии – акцентирование внимания авторов на понятном ряде, что дает возможность выпукло охарактеризовать не только материальные, но и духовные ценности казахов того времени. Третье, что следует особо выделить – приоритет, особо подчеркнутое описание всего сквозь призму отношения казахов к миру, в результате мы получаем представление о космоцентризме менталитета казахов.

Читая энциклопедию, получаешь огромное наслаждение от того, насколько глубокий всесторонний научный анализ представлен в каждой статье, каков уровень технического оформления, с какой любовью и профессионализмом переработан весь этнографический материал.

Аналогов рецензируемой энциклопедии «Традиционная система этнографических категорий, понятий и названий у казахов», созданной коллективом историков, этнографов, лингвистов под руководством профессора Нурсана Алимбая, нет ни в отечественной, ни в мировой науке. Энциклопедия дает полное и всестороннее представление о мире и философии казахского народа.

Считаю, что энциклопедия заслуживает высокой оценки – присуждения Государственной премии Республики Казахстан в области науки и техники имени аль-Фараби.

ЗЕРДЕЛІ ЗЕРТТЕУ



С.М.БОРБАСОВ,
с.ғ.д., проф. Ш.Ш.Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты
директорының кеңесшісі

Энциклопедияның екінші басылымының кіріспесінде айтылғандай, «соның ішінде, әсіресе, Томсон Рейтер индекс-көрсеткішті «Millî Folklor» (Туркия) журналына шыққан белгілі түрік ғалымы Ерке Өзердің (Yerke ÖZER) аталмыш энциклопедияның ғылым әлеміндегі айтулы жаңалық ретінде бағамдаған рецензиясын айтылған уәждің көрнекі бірі мысалы ретінде келтіруге болады («Millî Folklor» Üç Aylik Uluslararası Kültür Araştırmaları Dergisi. International and Quarterly Journal of Cultural Studies (Volume / Tome:14. Sayı/ Number: 105. Pp. 155-159). Басылымның ғылыми орта үшін деректік және ғылыми-танымдық тағылымы өз алдына, оның аз мерзім ішінде жоғары оқу орындарының студенттері, магистранттары, докторанттары және оқытушылары, сондай-ақ, отандық музей қызметкерлері үшін құнды оқу құралына айналғандығы ден қойдырады». Бұл энциклопедияның өлшеусіз танымдық тағылымын бек айғақтаса керек.

2017 жылы осы энциклопедияның едәуір толықтырылған және методологиялық тұрғыдан өңделген екінші басылымы жарыққа шықты. Екі басылымның да қалыбы (форматы) еш өзгермеген (84x108^{1/16}). Жаңа басылымның жалпы көлемі алғашқы басылыммен салыстырғанда 424 бетке ұлғайған екен. Себебі, бірінші басылымдағы 5699 мақала тың мәліметтермен толықтырылып, толық редакцияланып, жаңадан 147 мақала жазылыпты. Бұл көрсеткіштерді ең алдымен, қарастырылып отырған екінші басылымының методологиялық мәдениетінің және деректік негіздемесінің жоғары деңгейінің айшықты айғағы ретінде бағамдаған ләзім.

Ғылыми редактор атап көрсеткендей, энциклопедияда дәстүрлі қазақы ортада ұрпақаралық этникалық байланыс арқылы қалыптасып, әрбір заманның тегеуірінді талап-талғамына сай үнемі жетіліп отырған тарихи-этнографиялық ұғымдар жүйесі зерттелінеді

(дәстүрлі этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атаулар жүйесі). Аталмыш ұғымдар жүйесі Энциклопедияда көшпелі ортадағы ғасырлар бойы орныққан мәдени-шаруашылық тәжірибе осы ұғымдар жүйесі арқылы зерделенетіндігі назар аударады. Бұл қарастырылып отырған ғылыми энциклопедияның басты методологиялық ерекшелігі болып табылады.

Расында да, бұл ұстаным, профессор Нұрсан Әлімбаевтің дәлелі дәйекті пікірінше, *дәстүрлі қазақ қоғамындағы сан салалы, сан деңгейлі шаруашылық-экономикалық, мәдени, институционалдық, ғұрыптық (ритуалдық), менталдық сияқты тағы басқа да үрдістер мен құбылыстарды олардың әрқайсысына байланысты қалыптасқан дәстүрлі ұғым тұрғысынан зерделеуді (талдауды) білдіреді. Осы ретте айта кетер жайт мұндай ұстаным, – дейді энциклопедияның кіріспесінде ғылыми редактор, – когнитивтік антропология (немесе антропологиялық когнитология) сынды ғылымда ежелден орныққан ғылыми дәстүр. Әрі аталмыш ұстанымның мейлінше жемісті дәстүр екендігін аталмыш ғылымның жүз жылдан астам жасап келе жатқан тәжірибесі айқын айғақтап отыр [14-30-бб.]*

Энциклопедияның кіріспе бөлімінде айтылғандай, бүкіл дәстүрлі әлеуметтік организмге нәр беретін этникалық мәдениеттің энергетикалық жанды нүктелері іспеттес этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атаулар жүйесі этностың шаруашылық-экономикалық, мәдени, экологиялық, әлеуметтік тәжірибелері түзілген қойма сияқты. Бұл жүйе этностың сан ғасырлық, этногенетикалық тұрғыдан алғанда, тіпті, бірнеше мыңжылдық тарихи (әлеуметтік, экономикалық, мәдени, саяси, экологиялық) тәжірибесінің когнитивтік нәтижесі болып табылады. Сонымен бірге этникалық мәдениеттің концептілері болып табылатын

аталмыш когнитивтік түзілістер Адам ↔ Қоғам ↔ Табиғат деп аталатын ұлы триаданың арасындағы алуан деңгейлі өзара себеп-салдарлық байланыстар жүйесінің парадигма-матрицасы іспеттес» [14-б.].

Мұндай ұғымдық-концептілік ұстаным тұрғысынан қарастыру белгілі бір категория немесе атаудың ішіндегі іргелі мәселелердің әрқайсысының өзін жеке дара жіктеп әрі ғылыми негіздеп зерделеуге мүмкіндік ашты. Мысалы, қазақтың көшпелі мал шаруашылығының негізгі объектісі «Қой» ұғымын алсақ және осы ұғыммен байланысты қой шаруашылығының технологиялық категориялары «Жайылым», «Қозы сыбай», «Қой ауыл – Қозы ауыл», «Көктеу», «Қой кезек», «Қой тоғыту» немесе қойдың өнімін пайдаланумен байланысты «Күзем алу», «Қой қырку», «Қой сою», «Қой сүті және одан алынатын өнімдер», «Қой терісі» сияқты атаулар мен ұғымдар жеке-жеке зерделеніп, зерттелгендігін айтуға болады.

Энциклопедиядағы әрбір мақалада себеп-салдарлық принципке негізделген сілтемелер жасалған. Сілтемелер тиісті мақалалардың өзара логикалық, семантикалық байланысын көрсетеді. Мысалы, ғұрыптық мәні бар «Күйек алу/Күйек шешу» мақаласында «Күйек», «Күйек байлау» «құтпан/құтпан мал», «мал», «мал жаю» деген мақалаларға сілтеме жасалған. Сілтемелер «Күйек алу/Күйек шешу» жосынының ғұрыптық мәнін толықтырып, семантикалық мәнін аша түсу үшін жасалған. Өз кезегінде «Мал», «Күйек байлау», т.б.мақалаларындағы «Күйек алу/Күйек шешу» мақаласына сілтемелер өз кезегінде аталған мақалалардың мәнін ашатын маңызына байланысты жасалғаны көрініп тұр.

Аталмыш ұғым-концептілерге негізделген зерттеу тәсілі, мысалы, көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын ортада қой түлігінің шаруашылық-экономикалық, мәдени ғұрыптық, тіпті институционалдық (әдеттік құқықтық) маңызын дәйекті айғақтайтын дәлелдеу жүйесін жасауға мүмкіндік берді. Осындай семантикалық байланыс тұрғысынан құрылған мақалалар, оқырманға (ғалымдарға) тақырыпты ұғып, түсіну үшін аса маңызды болып табылады.

Профессор Нұрсан Әлімбаидың қазақ этнологиясындағы, тіпті қазақтың әлеуметтік құрылымының ұлттық ерекшелігі деп айтуға жарайтын жаңалығы – «Жетіатаның экзогамиялық бірлестік-рудың құрылымы мен демографиялы мөлшері, тіпті негізгі туыстық модулі» екендігін көрсеткені. Аталған модуль жетіатаның (бір ата) патрилинейлік бірлестігіне дәлелді графикалық талдау жасап, бір атадан тарайтын патрилокалды құрылымның негізін ашып көрсете алды. Нұрсан Әлімбаидың графикалық талдау негізінде жасалған схемасы бойынша жетіатаның құрамындағы отбасылардың жалпы саны шартты түрде 729 болатындығын көрсетіп, келесі деңгейде ру мүшелерінің санын шығарады, ол шамамен 3645 адамнан тұрады екен (бір отбасы мүшелерінің орташа саны 5

адамнан – әке-шеше және үш баладан тұрады деп есептегенде). Осыған бай отбасылардың малын күтіп баптайтын һәм сан алуан тұрмыстық шаруашылық және мәдени-ғұрыптық сияқты толып жатқан іс-шараларды атқаратын жалшылар мен олардың отбасыларын қосқанда жетіатаның демографиялық мөлшері шамамен 4000-4500 дейінгі көрсеткішті құрайды. Бұл ретте ерекше роль атқарған рулық сана көшпелілердің әлеуметтік кеңістігінде сан салалы функция атқаратын ерекше механизм болды. Өйткені, рулық сана жетіатаны идеологиялық, тіпті психологиялық жағынан ұйыстыратын да, ұйымдастыратын да функция атқарды.

Нұрсан Әлімбаи, рулық жетіаталық құрылымның көшпелілердің өзін-өзі ұйымдастырудың басты формасы болғанын дәлелді түрде баяндайды. Жетіата әлеуметтік құрылым болуымен қатар, табиғи ресурсты тиімді пайдаланудың оптимумдық формасы да болды. Жетіата өз деңгейінде, социумның әлеуметтік, материалдық сұраныстарын толықтай қанағаттандыратын институционалдық функция атқарды. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы жетіаталық институтың ойдағыдай іс жүзіне асырылуына, билер кеңесі, ақсақалдар кеңесі сияқты институттар кепілі болды. Мақала авторы, осы ретте, рулық-туыстық байланысты және қауымдық-социумдағы басқа байланыстар жүйесін советтік кезеңде қалыптасқандай бір-бірінен бөліп жеке-жеке қарастыруға мүлдем болмайтындығын жазады.

Энциклопедиядағы мақалалардың деректік негізінің молдығы, әсіресе XX ғасырдың бірінші жартысына дейінгі жарық көрген ғылыми зерттелеурмен тарихи, статистикалық, этнографиялық мәліметтерді пайдаланып қана қоймай, оларға жан-жақты талдау жасалынғаны ғылыми басылымның құндылығын арттыра түседі. Энциклопедия авторларының, XX ғасырдың 20-30-жылдарынан бастап ұйымдастырылған әртүрлі фольклорлық, лингвистикалық және этнологиялық экспедициялардың, ел арасынан жинаған сан алуан деректерін кеңінен пайдаланғаны мақалалардың мазмұндық құндылығын, сөз жоқ, арттыра түсуге көп септігін тигізгені көрініп тұр. Әсіресе, XIX–XX ғасырларға жататын сан алуан тарихи-этнографиялық визуалдық көрнекі деректер мақалаларға айрықша ақпараттық нақтылық береді.

Көп жылдық қажырлы еңбектің нәтижесінде жазылған «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты фундаменталдық энциклопедияның басылып шығуы, XXI ғасырдағы қазақ халқының тарихы мен этнографиясы саласындағы бірегей құбылыс(факт) екендігі даусыз. Нұрсан Әлімбаидың ұйымдастыруымен, шығармашылық топ құрған этнограф, тарихшы, тіл мамандарының бірлескен еңбегінің нәтижесі түркі әлеміндегі зор ғылыми жетістік болып табылады. Аталмыш энциклопедия түркілік аймақтардағы этнографиялық

энциклопедиялардың алғашқы қарлығашы болып, өзге де түркі елдерінен қолдау тауып, осы тәрізді туындылардың көбеюіне түрткі болады деген сенімдемін. Мұндай еңбектердің халықаралық мәдени-этникалық туыстықты, рухани және материалдық құндылықтардың ортақ тектамырын ғылыми зерделеуге мүмкіндік ашары хақ.

Қарастырылып отырған ғылыми этнографиялық

энциклопедияны өз басым қазақтың қазақ ұлттық мәдени дәстүрінің кең ауқымдағы ғылыми негізделіп жазылған антологиясы ретінде бағамдаймын. Сондықтан да аталмыш еңбекті, оның профессор Нұрсан Әлімбай бастаған негізгі авторларын Әл Фараби атындағы Қазақстан Республикасының ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлығына әбден лайық деп санаймын.

ҚАЗАҚТЫҢ ТІРШІЛІК КЕҢІСТІГІН КАТЕГОРИЯЛАҒАН ТУЫНДЫ

Қ.Қ.РЫСБЕРГЕН,
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым комитетінің А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының бөлім меңгерушісі,
филология ғылымдарының докторы



Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы қазақ қоғамының дамуына жаңа серпіліс беріп, тарихын жаңа қырларынан ашуға мол мүмкіндіктер берері сөзсіз. Бұл мақаланың негізгі идеясы қазақ халқының ерте замандардан бастау алатын этногенез, ежелгі мәдени, рухани құндылықтарды жаңғырту мәселерімен ұштасып жатыр. Мұның өзі отандық қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласы мамандарына үлкен міндет артып отыр.

Ауқымды Еуразия кеңістігінде есте жоқ ерте замандарда тарихтың «тайқазанында» талай халықтар мен ұлыстар араласқан. Кейбіреуі тарих ағымында жұтылып, ұмыт болса, кейбіреулері өміршеңдігі арқасында қазіргі көптеген халықтардың құрамдас бөлігі болып қалыптасқан. Сол қиын да сұрапыл замандарды түркі тайпалары, бертін келе қазақ ру-тайпаларының арғы бабалары да бастан кешіп, тарих қойнауында ұмыт болмай, өз жері, өз атамекені бар халық боп қалыптасты.

Әлемдегі геосаяси жағдай күрделене түскен қазіргі заманда технократтық бағыт өрістеп даму үстінде, сондықтан адами, ұлттық құндылықтардың маңызы арта түспек. Қоғамды ізгі бастамаларға жетелейтін, азаматтық қоғамымыздың тыныс-тіршілігін гуманистік мазмұнға байытатын еңбектер қажет ақ. Осындай еңбектердің бірі емес, бірегейі деп «Қазақтың этнографиялық категориялар,

ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты көптомдық (әрі қарай – Энциклопедия) [1] аса ауқымды да іргелі еңбекті сенімді түрде атай аламыз. Бұл еңбек дәстүрлі қазақ қоғамының этникалық кеңістігін мәдени-әлеуметтік, рухани-материалдық білімдер жүйесінің релеванттылығы мен ақиқат болмысын категориялау моделінің когнитивтік механизмдерін жаңғыртады (реконструкциялайды). Енді сарапталып отырған ұжымдық еңбекті төмендегідей концептуалдық ілкімді параметрлер бойынша қарастыралық.

1. Мәдени кеңістікті категориялау жөнінде. Энциклопедиялық еңбек – халықтың, ұлттың өркениеттік даму деңгейін көрсететін, қоғамдағы өндіріс пен өндірістік қатынастардың қалпы мен деңгейін тіркеп қана қоймайтын, этностың философиялық, саяси, діни, ғылыми-техникалық ой-санасын жүйелі түрде көрсетін құрал.

Энциклопедия мен сөздікті салыстырар болсақ, энциклопедияның мазмұны анағұрлым кеңірек екендігін мына ой дәйектей түседі: «Обычно количество параметров, по которым противопоставляется словарь и энциклопедия, гораздо больше: энциклопедия характеризует слово с точки зрения его соотносительности с экстралингвистической реальностью, словарь – с точки зрения соотносительности с другими словами языка; энциклопедия сообщает точные

(объективные) данные о вещах, словарь же представляет собой компендиум этнонаучного и субъективного знания» (Иванищева О.Н. Лексикографирование культуры: учебное пособие / О.Н. Иванищева. – Мурманск: МГГУ, 2013. – 168 с. – С. 7).

Энциклопедия жанры лексикографиялық туынды болғандықтан міндетті түрде категориялық аймақтарға бөлшектенеді. Категория, кеңістік ұғымдарына лингвокогнитология тұрғысынан қысқаша тоқталамыз.

Қазақ халқының тарихи жадының, ұлттық кодының мықты да берік екендігіне оның жеті аталық дәстүрі мен әлі күнге ыдырымаған, ұмыт болмаған ру-тайпалық институты себеп. Бұл мәдени феномендік құбылыс қазақ халқының этногенетикалық, жеті аталық жадының күштілігі, туыстық, жерге деген институционалды қатынастар арқылы айқындалады. Қазақтың ұлттық коды «атажұрт», «атамекен», «ата-бабалар сүйегі жатқан жер, кіндік қаны тамған жер» деген киелі құндылықтар арқылы түсіндіріледі. Оның айғағы ата-бабамыздан қалған аса бай рухани, материалдық-заттық мұра және әлемдегі тоғызыншы орында тұрған Қазақстан деген мемлекет алып жатқан ұланғайыр жер-суы, территориясы. Осы орайда қазақ этносының ұлттық коды, оның глобалды универсумы аталмыш Энциклопедияда көне замандардан бастау алатын дәстүрлі мәдениетін, шаруашылығын, қоғамдық қатынастардың барлық салаларын, наным-сенімдерін, жалпы таным-түсінігін сипаттау арқылы жоғары концептуалдық деңгейде жан-жақты көрініс тапқан.

Адам баласы ерте кезден өзін-өзі, қоршаған әлемді танып, бағамдап-бағдарлағалы бері оның таным аясына іліккен, енген универсумдік кеңістіктегі алғашқы бейберекеттілікті (хаосты) реттеп, категориялап, үйлесімділік (гармония), реттілік беруге ұмтылып отырған.

«Ғалам бейнесі» ұғымы адамның ерекшелігі мен оның болмыс-тіршілігінің, өмір сүруінің басты шарты – қоршаған әлеммен қарым-қатынасын білдіретін іргелі ұғымдарға жатады.

«Картина мира есть целостный глобальный образ мира, который является результатом всей духовной активности человека, а не какой-либо одной ее стороны. Картина мира как глобальный образ мира возникает у человека в ходе всех его контактов с миром» (Роль человеческого фактора в языке. Язык и картина мира. – М.: Наука, 1988. – 216 с. – С. 19-20).

Қазіргі кезеңде лингвистер түсінігінде ғалам бейнесі адам дүниетанымы негізінде жатқан, оны қолданушы түсінігіндегі ғаламның маңызды қасиеттерін репрезенттейтін және адамның бүкіл рухани белсенділігінің нәтижесі болып табылатын ғаламның бастау алатын глобалды бейнесі ретінде ұғынылады.

Ғалам бейнесі екі түрлі процедура нәтижесінде жасалады:

1) адам тіршілігінің, ең алдымен оның практикалық тіршілігінің негізінде жатқан ғалам бейнесінің экспликациялануы, сығымдалуы, заттануы, объективтенуі мен түйсінілуі және 2) жүйелі сипатқа ие арнайы рефлексия барысында жүзеге асатын жаңа ғалам бейнелерін туындатуы, жасауы (Роль человеческого фактора в языке. Язык и картина мира. – М.: Наука, 1988. – 216 с. – С. 24).

Қазіргі ғылыми-теориялық парадигмада *ғалам бейнесі* негізгі үш сипатта түсініледі:

а) глобалды (аса ауқымды) универсумдық ғалам бейнесі;

ә) таным құралы;

б) теориялық конструкт-модель.

Когнитивтік ғылым – білімдер мен таным туралы түсінік – адамдардың сана елегінен өткізілген, сондай-ақ жүйелік ретке келтірілген, санамызда репрезенттелетін ақпараттар мен менталды когнитивтік процестердің негізін құрайтын дүниені қабылдау және заттық-танымдық тіршіліктің нәтижесі туралы ілім. Яғни когнитивтік ғылым-білімдерді репрезенттеу жүйесі және адамға әртүрлі арналардан келіп түсетін ақпаратты өңдеу туралы ғылым деп түсініледі.

Когнитивтік лингвистиканың және тілді зерттеудегі когнитивтік әдістің артықшылығын көптеген когнитологтар тіл мен адамның сан-салалы көптеген қатынастары, санасы мен интеллектісі, ойлау, таным процестері негізінде жатқан құрылым және механизмдермен қатынастарды зерттеу барысында мол мүмкіндіктерге жол ашатындығын айтады.

Категориялаудың мәні бүкіл онтологиялық кеңістікті алуан түрлі категориялық аймақтарға бөлшектеуге байланысты ақиқат болмысты когнитивтік тұрғыдан бөлшектеу немесе мүшелеу болып табылады (Маслова В.А. Введение в когнитивную лингвистику. – М.: Флинта: Наука, 2004. – 296 с. – С. 31-33). Қоршаған ақиқат дүниені категориялау, концептуалдау барысында адам санасы оның түрлі деңгейлерін когнитивтік модельдер түрінде құрылымдайды. Онтологиялық кеңістіктің өзі реалды ақиқат кеңістіктен бастап, қияли гипотетикалық кеңістік аясында да көрініс табады. Бұл жерде гипотетикалық кеңістік кез келген этникалық мәдениетте мифтік, діни дискурспен байланыста қарастырылады.

Категория – ұғымы мен кейбір осы зерттеуге қажет терминдердің қысқаша дефинициясына тоқталып, анықтап алу керек. *Терминнің электронды «Гуманитарлық энциклопедиядағы» орысша анықтамасы: Категория* – это предельно общее фундаментальное понятие, выражающее наиболее существенные отношения тех или иных областей действительности, знания и деятельности. Образуется как последний результат абстрагирования от предметов и их особенных признаков. К категориям относятся предельно широкие по-своему объёму понятия, то есть те, для которых не существует более общего,

родового понятия. Таким образом, основное свойство категорий заключается в определении наиболее фундаментальных и широких классов *сущностей*. Будучи универсальными формами мышления, категории воспроизводят свойства и отношения бытия и познания во всеобщем и наиболее концентрированном виде, и имеют априорное значение в качестве универсалий и предельных понятий (Гуманитарная энциклопедия. <https://gtmarket.ru/concepts/6880/> / Авторы: Г.Д.Левин. А.П.Огурцов. В.А.Эдельман. Подготовка электронной публикации и общая редакция: Центр гуманитарных технологий. Информация на этой странице периодически обновляется. Последняя редакция: 02.02.2019).

Категория ақиқат болмыс пен танымның табиғи заңдық байланыстары мен өзара қатынасын айқындайтын жалпылама іргелі ұғым. Ойлау әрекетінің тұрақты формасы мен ұйымдастырушы принциптері ретінде болмыс пен танымды аса ауқымды жалпылама және мейлінше «сығымдалған» концентрацияланған түрін көрсетеді. Мәселен, категорияның таксономиялық жіктелімі іріден-кішіге қарай принципі бойынша тек-түрлік тұрғыдан бөлшектеу операцияларына сүйенеді. Мысалы, категорияның тектік түрі *адам, жануар, өсімдік, металл* және т.б. әрі қарай түр кластарына (видовой) бөлшектенеді, мысалы, өсімдік: *ағаш, бұта, жидек, гүлдер* т.б. өз кезегінде әрі қарай сорт категориясы бойынша жіктеле түседі, мысалы, ағаш: *тораңғы, қайың, сексеуіл* т.б.

Категориялау терминінің табиғатына тоқталар болсақ, тіл біліміне ол нақты ғылымдар салаларынан (математика, биология, география, палеоботаника, топырақтану т.б.) енгендігін айтукерек. Орыс ғалымы Р.М. Фрумкина *категория, категоризация* терминдері *класс, классификация* терминдерімен де қатар мәнде қолданылатынын атап көрсетеді (Фрумкина Р.М. Сходство и категоризация в ракурсе эпистемологии: современное состояние проблемы // Научно-техническая информация. Серия «Информационные процессы и системы». Ежемесячный научно-технический сборник. – М., 1998. – № 7. – С. 23–29. – С. 3). Алайда ғалым қазіргі когнитивтік ілімде қабылданған узусқа сай *категоризация* терминін қолданғанды жөн көреді. Категория феноменін зерттеу нысаны ретінде алғаш қолға алған француз ғалымы Элеонора Рош еді (Rosch T.H. Natural categories // Cognitive Psychology. – 1973. Vol. 3 – P. 326 – 350). Зерттеуші Н.Н. Болдыревтің пайымдауынша, адам қабылдайтын кез келген білім қоршаған ортаны концептуалдау мен категориялау нәтижесі болып табылады. Қалыптасу жолына қарай кез келген категория – нысаналардың концептуалды тұрғыдан бірігуі немесе нысаналардың ортақ концепт негізінде бірігуі болып шығады (Болдырев Н.Н. Проблемы исследования языкового знания // Концептуальный анализ языка: современные направления исследования. Сборник научных

трудов. – М., 2007. – С. 95–109. – С. 99). Яғни категория білім форматы (қалыбы) ретінде танылады «...концептуальное сходство объектов, устанавливаемое человеком, есть то универсальное свойство категории, которое с одной стороны, отличает ее от других форматов знания, и, с другой стороны, обеспечивает широкое разнообразие естественных и языковых категорий» (Сонда). Тіл білімінде қалыптасқан дәстүрлі түсінік бойынша *классификация* лингвистикалық нысаналардың иерархиялық ұйымдасу жүйесінің таксономиясын білдіреді (Лингвистический энциклопедический словарь. – М.: Изд-во «Советская энциклопедия», 1990. – 612 с. – С. 504). Ал концептуалды-таксономиялық зерттеу концептуалдық иерархия немесе концептілер иерархиясына негізделген лингвистикалық нысаналардың иерархиялық ұйымдасуын зерттейтін әдістер жүйесі деп түсініледі.

Ғалам бейнесінің іргелі категорияларының бірі – *кеңістік* категориясы. «*Кеңістік*» әмбебап концептісінің көптеген анықтамаларына қосымша логика-философиялық, физикалық т.б. сипаттарын зерттеуші П.Флоренскийдің мына сөзі лингвомәдениеттану, лингвокогнитологияның зерттеу ерекшелігіне, мақсаттарына сай айтылған деп ойлаймыз: «...вся культура может быть истолкована как деятельность организации пространства» (Флоренский П.А. Анализ пространственности и времени в художественно-изобразительных произведениях. – М., 1993. – 302 с. – С. 55).

Ежелгі өркениет иелері өз тіршілігін ұйымдастыру үшін өмір сүрген кеңістікті, қоршаған ортаны танып, зерделеп, қоғам мүшелерінің қажеттілігіне сай игеріп отырған. Қандай да бір географиялық кеңістікті танып, онда қоныстану қай халықтың болмасын ұлттық менталитетін қалыптастыруда айрықша рөл атқарды.

Ақиқат геокеңістікті қабылдау туралы адам түсінігі де ерте замандардан бастап қарапайым-тұрмыстық, архаикалық көрнекі сипаттан эволюциялық даму арқасында ғылыми, жоғары абстрактілі деңгейге дейін жетіп отыр.

Е.С.Кубрякованың пайымдауынша, ежелгі адам санасында кеңістік байқауға, көріп, сезінуге болатын көк пен жердің арасын тұтас деп ұғынатын жалпылама түсінік ретінде қабылданған, ол өзін оның бөлшегі ретінде сезініп, ішінде еркін қозғалып, өзіне бағынысты заттарды да орнынан қозғалта алады; жан-жаққа созылып көлбеген кеңістікті көзі жетер жазықтыққа жылжи отырып көре алады (Кубрякова Е.С. О понятиях места, предмета и пространства // Логический анализ языка. Языки пространств. – М., 1997. С. 93–98). Кеңістік туралы архаикалық түсінікті В.Н. Топоровтың еңбектерінен көруге болады. Кеңістікті мифопоэтикалық тұрғыдан қабылдауда кеңістіктен тыс - кеңістік емес, яғни хаос бар деп ұғынылған. Кеңістіктің өзегінде космос пайда болады, ал одан тыс, шеткері аймақта хаос орналасады. Мифопоэтикалық таным бойынша,

кеңістік түрлі элементтерден: «жаратушы, адамдар, жан-жануарлар, өсімдіктер, сакралды топография элементтері, мәдениет саласындағы сакралданған, мифтелген нысаналардан ұйымдасады. Мифопоэтикалық санада кеңістікті сипаттау үшін антропоморфтық код қолданылған, яғни әлемдік кеңістікті адам дене мүшелерімен байланыста қарастырған: тау етегі, тау жотасы, өзен сағасы, тау басы, тамағы және т.б., сондай-ақ, оң жақ, сол жақ, жоғары/төмен т.б. бағдарлар атаулары осымен байланысты туындап, орныққан (Топоров В.Н. Модель мира. Мифы народов мира. – М.: Советская энциклопедия, 1988. – Т. 2).

Осыған ұқсас көзқарасты жер кеңістігін игерудің мифопоэтикалық архетиптерін қарастырған Мирчи Элиаденің зерттеулерінен көруге болады: «... Всякая территория, занятая с целью проживания на ней или использования ее в качестве «жизненного пространства», предварительно превращается из «хаоса» в «космос», посредством ритуала ей придается некая «форма», благодаря которой она становится реальной. Формы организации мирского пространства сакрального, при этом существовали определенные пути трансформации мирского пространства в пространство трансцендентное (центр)» (Элиаде Мирчи. Космос и история. Избранные работы. – М., 1987. – 312 с.).

Адамзат санасындағы ғалам бейнесін *ғаламның қарапайым бейнесі* (наивная картина мира) және ғылыми бейнесі (научная картина мира) деп қарастыру қалыптасқан. Ю.Н. Караулов ғаламның ғылыми және тілдік бейнесін салыстыру барысында екі бейненің де білім элементтерінен құралатындығын айтады. Алайда **ғылыми бейне** әлемнің бүкіл микрокосмы мен макрокосмы детерминденген логикалық реттіліктегі құрылым құрайтын жүйеленген ғылыми білімдерден тұрады деп есептейді. *Ғаламның тілдік бейнесін* дүние туралы білімдер бірлігі құрайды, оларға адамның дүниені қабылдау тәсілін білдіретін ғылыми терминдер мен ұғымдар, тілдік бірліктер жиынтығы жатады (онимдер, афоризмдер, фразеологиялық бірліктер, мақал-мәтелдер, метафора, мәдени прецеденттік мәтіндер, ұлт мәдениетінің прототиптік бейнелері т.б.). Оның ғаламның ғылыми бейнесінен басты айырмашылығы ғаламның тілдік бейнесінің өзегі мен өлшемі де адам болып есептеледі.

Ал *ғаламның ғылыми бейнесінде*, Ю.Н. Карауловтың пайымдауынша, адам айтарлықтай рөл атқармайды, жалпы болмыс құрылымы мен элементар бөлшектер арасында оның орны айқындалмаған күйде болады. Оның сыртында ғаламның ғылыми бейнесі ақиқатты толық, үздіксіз, ақтаңдақсыз бейнелесе, ғаламның тілдік бейнесі әрқашан да лакунарлық және ретсіз (бірізділігі жоқ) болып келеді (Караулов Ю.Н. Языковое сознание как процесс // Теоретические предпосылки одного эксперимента. Юбилейный сборник, посв. 70-летию проф. Л.Червенкова. – София, 2001. – С. 128–129).

Тілдік, лексикалық бірліктерді жүйелеуде тақырыптық және идеографиялық классификация түрлері қолданылады. Тақырыптық топтастыру рубрикалары номен мағыналары мен синтагматикалық байланыстарына қарай ұғымдық қатарда «горизонталды» түрде түзілсе, идеографиялық топтастыруда ұғымдық тармақ-тор иерархиялық (сатылық) принципке жүгінеді.

Кеңістіктегі («кеңістік» концептісіндегі) «жансыз табиғат», «жансыз болмыс» осы иерархиялық ретпен түзіліп, ірі таксондық тармақтар оған функционалдық тұрғыдан бағынышты ұсақ тармақшаларға әрі қарай бөлінумен ерекшеленеді.

Қазақ тіл білімінде академик Ә.Қайдардың жетекшілігімен жасалған еңбектерінде *Taburam*, *Қоғам*, *Адам* кешендері тұрғысынан қазақ этносының ғалам бейнесі, ғаламның тілдік бейнесі иерархиялық жіктеуде қарастырылады. Жоғарыда келтірілген болмысты, кеңістікті идеографиялық аймақтарға бөлудің өзі дүниеге деген қарапайым көзқарас емес, ғылыми категориялар құрылымын көрсетеді, яғни ғаламның ғылыми бейнесі деуге болады.

Аталмыш Энциклопедияда қазақтың ежелгі дәстүрлі қоғамдық қарым-қатынасы, рухани құндылықтар жүйесі, дүниетанымы осы үш макрокешен аясында түрлі категориялы аймақтарда жіктеліп, семантикалық-таксониялық ретте берілген. Этникалық мәдениеттің көптеген дәстүрлі ұғым-категориялары концептуалдық жүйелер арқылы реконструкцияланып отырғандығын көреміз. Мәселен, адамның дүниеге келуінен бастап, арғы дүниеге аттануына қатысты ритуалдар, наным-сенімдер, ырымдар, метафоралап айтсақ «тал бесіктен жер бесікке дейінгі» жолын сипаттайтын тарихи, тілдік (фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, фольклорлық жоралғы өлең-жырлар және т.б.) көптеген бай фактілер, деректер, иллюстрация суреттер арқылы бейнеленіп көрсетілген.

Этнологиялық кеңістіктегі *Адам*, *Қоғам*, *Taburam* идеографиялық құрылымдарының тармақ, жіктемелерін құрайтын концептуалдық жүйелер, яғни ұлттық этнографиялық категориялар, ұғымдар қоршаған кеңістікті қабылдау ерекшелігі арқылы репрезенттелген, қазақ халқының дүниетанымы сүзгісінен өткен, ұлттық сана елегінен өткізілген атаулар жүйесі Энциклопедияда мейлінше толық қамтылған. Басқаша айтсақ, адамзатқа ортақ кеңістіктің бөлшегі ретіндегі этникалық кеңістік шартты түрде түрлі категорияларға бөлшектенгенде, қоршаған ортаны этникалық таным, этностың перцептивтік-қабылдау, номинациялық ерекшеліктерін айқындайтын «филтёрлер» арқылы ұлттық нақышқа боялады.

Энциклопедияда қазақтардың этникалық кеңістігінің дәстүрлі жүйесі, қоғам өмірінің алуан түрлі категориялық аймақтары қамтылған.

Бұл еңбек – қоғамдық-гуманитарлық сала ғылымдарының түйісінде туған кешенді лингво-этнотанымдық туынды. Тарихшы-этнологтар мен мәдениеттанушылар, этнология саласына терең

бойлаған тілші ғалымдардың ұжымдасқан сәтті симбиоздық шығармашылығының нәтижесінде дүниеге келген керемет еңбек.

Энциклопедия қазақ этносының әлеміне, қазақ космосына өте терең бойлаған тарихи, лингво-философиялық ілкі дүние ретінде халқымыздың мәдениетін өзге ежелгі өркениеттердің алдыңғы қатарына шығаратын, бүкіл әлемге мақтанышпен көрсете алатындығы сөзсіз.

2. *Еңбектің ғылыми-мазмұндық құндылығы, идеялық концепциясы.* Бұл еңбектің басты концепциясы мен мазмұны қоршаған әлемді категорияларда, адамның, этностың тіршілік аясын Адам-Қоғам-Табиғат кешеніне қатысты зона-аймақтарға бөліп қарастыру негізге алынған. Материал әліпбилік ретпен берілгенмен, қазақ этносының барлық маңызды категорияларды ұғымдары қамтылып, астасып жатыр. Қазақ халқының танымдық-этикалық болмысын сипаттауда тарихи-танымдық, лингвокогнитивтік ілім басшылыққа алынған. Еңбектің кіріспе бөлімінде идея авторы Н.Әлімбаевтың ғылыми очеркінде авторлардың басты қағидаттары мен ұстанымдары сипатталған.

Бұл жұмыс тарихи, этнографиялық, этнолингвистикалық, лингвомәдениеттанушылық, лингвокогнитивтік, діни, философиялық, тарихи-дерекнамалық бағытта жазылған. Яғни ұлттық танымның дәстүрлі білімдер жүйесі өзіндік логикалық-эвристикалық жолдармен реконструкцияланған. Бұл – мыңдаған ұлттық концептілер құрылымын жаңғыртумен бара-бар зерттеу.

Энциклопедия мақалалары шағын мақаладан бастап, кейбір дефинициялар 30-35 бетке дейін аса ауқымды көлемде берілген.

Энциклопедияның мақалаларының мазмұндық, лингвокогнитивтік-семантикалық сипатына келетін болсақ, бұл жұмыс ғылыми материалдардың сипаттау тереңдігі жаңа мазмұндағы, жаңа деңгейдегі концептуалды еңбек деп бағалауға болады. Яғни көптеген мақалалар қазақ өмірінің алуан категорияларды аймақтарына байланысты терең бойлап, халқымыздың концептуалдық ғалам бейнесін, когнитивтік базасындағы ұлттық құндылықтар жүйесін түрлі лингвоақпараттар мен қатар тілдік концептінің ассоциативтік өрісіндегі көпшілікке белгісіз семантикаларды қамтып, мейлінше толық, жан-жақты түзе білген. Қазіргі тіл тұтынушылардың көпшілігіне жабық, жасырын лингвомәдени ақпараттар көзі ашылған. Мәселен, *ана, ата, әке* сынды көпке мәлім лексемалардың лексикографиялық актуалды дефинициясынан өзге алуан түрлі паремнологизмдермен, фразеологизмдермен өрнектелген, ұлттық құндылықтар жүйесінде шоқтығы жоғары шкалаға ие тілдік материалдар келтірілген.

Сондай ақ, материалдық, этнографиялық артефактілік сипаттағы материалдармен қатар бейматериалдық, яғни рухани құндылықтар жүйесіне жататын *ар, намыс, парыз, рух* сынды ұлттық концепттер сипатталған. Мәселен, *Әдеттік құқық* терминдік тіркес 35 бетке және *ру*

этнотермині мен жылқы сөздерінің талдамалары жоғары сапада, ауқымды көлемде берілген. Онда тарихи, терминологиялық, дәстүрлі құқық негіздері, суреттер, портрет, иллюстрациялармен қатар поэтикалық өлең жолдары, фольклорлық деректер т.б. алуан сипаттағы тілдік материалмен берілгендігі осы концептілерді мейлінше жан-жақты ашуға мүмкіндік берген.

Мәселен, *ат, жылқы* атаулары көпшілік түркі жұртына ортақ ұғымда берілген. Бұл екі атаудың айырмашылығы бар ма дегенге келсек, энциклопедия мақалаларында мынадай түсіндірмелер бар: *ат* – бес жастан асқан піштірілген жылқы. Піштірілмеген, алты жасар жылқыны қазақ *айғыр* деп атайды. Бес жасар айғырды дөнен айғыр, үйірге қосылмаған жас айғырды *сәуірік* дейді (қ.Айғыр) пометасында айғыр туралы толық ұғым-түсініктер осы аттас мақалада берілгендігі көрсетілген. Ат атауына байланысты көптеген түсінік-әрекеттер шифрлық пометамен көрсетілген, *азбан, жорға, шабан, ат арқасын суыту, ат суыту, жарату, ат жарату, жылқы үйрету, кіре тарту, ат арқандау*, ерттеу, атқа қатысты фразеологизмдер, мысалы, халықтық өлшеммен байланысты *ат шаптырым* (жер, шамамен 60 шақырым-Р.Қ.), *ат жабу, ат арқан, ат әбзелдері* т.б. әрқайсысы өз алдына жеке мақалада сипатталған. Энциклопедияда мұның сыртында ат ұғымымен байланысты сан түрлі ырым-жоралғылар келтірілген: ат байлар тіркесі екі мағынада, екі сөздік ұяда берілген: *ат байлар 1* – үйленуге қатысты іс-шаралар кешенінің аясында өткізілетін, жігіттің қалыңдығымен танысуға бірінші рет ұрын бару рәсіміне байланысты берілетін кәде атауы. Әрі қарай осы дәстүр туралы кеңейтілген тарихи дерекнамалық ақпарат берілген. *Ат байлар 2* – шаңырақ көтерген отауға ағайын-туыс, жақындарының тарапынан малдай берілетін сый-көмектің атауы, осыған байланысты ғұрыптық атаулар жас жұбайларға берілетін *«босағаға ат байласын», «қораға мал толсын»* т.б. бата-тілектердің материалданған баламасы деп пайымдауға болады. Қазаққа қастерлі мал болғандықтан, ырзық берекесінің өлшемі бірлігі ретінде жылқы айтылатыны заңды құбылыс. *Ат байлар 3* – дәстүрлі ортада қыз бала деген ұғымды тұспалдап атауы. *«Әкенің ат байлары – қыз баласы, шырақ жағары – ұлы»* дейді халық мақалы [1- том, 310-311 бб.]. Ат сөзіне қатысты әрі қарай мынадай тіркестердің түсініктемесі берілген: ат басындай алтын (өте үлкен ұғымының баламасы – Р.Қ.), *ат жарыс, ат кекілін кесу, ат кекіліне үкі тағу, ат құйрығына таңу, ат майлау, ат мінгізіп, шапан жабу* (құрметтеу символы – Р.Қ.), *ат ойнату, ат ойындары, ат омырауластыру, ат сауыты, ат сүйек беру, ат тағалау, ат тұлдау, ат тұмар, ат ұстар, ат шаптыру, ат-шапан айып, атқа мінгесу, атқа міну* т.б. Ат сөзімен бір семантикалық категориядағы жылқы атауы Энциклопедияда 32 бетте берілген екен [1, 2-том, 674-704 бб.], бұл жылқы малына қатысты

қазақ этносының дәстүрлі атаулары мен ұғымдары, стереотиптік түсініктері, наным-сенімдері мен ырым-тыйым, жоралғылар, фразеологиялық, паремиологиялық бірліктер көптеп келтірілген. Мысалы, *аттың басынан сабамайды, аттың сұсы мен күші басында болады* деген түсінік. Сондай ақ жылқының түрлерінен бөлек заттық-рухани құндылықтар жүйесіндегі орны тәптіштеліп көрсетілген, яғни этикалық, эстетикалық, құқықтық, әскери-этикалық дәстүр т.б. сынды ұғымдар көптеген мақалаларда көрініс тапқан. Алайда ат, жылқы малына қатысты ұғым-түсініктер тек осы айтылғандармен шектелмейді, Энциклопедияның әліпбилік ретіне қарай көптеген өзге де атаулар жеке мақалаға сілтеме жасалып, сонда толық берілген, мысалы, *байтал, қазанат, азбан* т.б. ұғымдарды Энциклопедияның әр томының соңында берілген «Категориялар, ұғымдар мен атаулар көрсеткішінен» табуға болады. Бұл ауқымды энциклопедиялық форматтағы осы еңбектің тиянақтылығы мен жетістігі, артықшылығы деп бағалау керек. Әрине, мысалдарды көптеп келтіре беруге болады, алайда жоғарыдағы бір ғана *ат, жылқы* малына қатысты қысқаша берілген мысалдардан ақ Энциклопедия мазмұнының тереңдігін, қазақ халқының «ұлттық ғалам бейнесін», этникалық кеңістігінің универсумдық қасиетін жан-жақты қамтыған, мейлінше толық ашқан концептуалды, әрі масштабты да іргелі еңбек екендігін байқауға болады.

Қазақ халқы негізінен көшпелі халық болған, алайда Қазақстанның оңтүстік, оңтүстік-шығыс аймақтарында отырықшылық, суармалы-иригациялық шаруашылық типі орын алған. Алуан түрлі сәулет, архитектура терминдерінің, иригациялық, егіншілік, кейбір тарихи аймақтарда экстарлингвистикалық факторлар арқасында діни ұғымдардың басымдылығы т.б. Энциклопедия материалында кең көрініс тапқан.

Көптеген сөз, ұғымдардың этимологиясы, күңгірттелген тарихи, белсенді емес семантикасы келтіріліп отырған. Арасында біз естімеген көптеген жаңа дүниелер бар екен. Мысалы, *арық* деген қарапайым иригациялық терминге қатысты Энциклопедияда *Арық* – дәстүрлі суармалы егіншілік кешенінде, табиғи су көздерінен егістікке жеткізуге арналған арналармен жерді қолдан суландыру (иригация) жүйесіндегі *жасанды су тораптарының* атауы делінген. Аталмыш еңбекте оның қазіргі және дәстүрлі мәдениеттегі актуалды лексикографиялық дефинициясы, арық түрлерінің лексикалық жіктелімі, әрқайсысының қызметі, технологиялық ерекшеліктері, қазақ шаруаларының арықты пайдалануға қатысты іс-шараларымен қатар қолдануға байланысты құқықтық ұстанымдары, тарихи деректер келтірілген.

3. Энциклопедияның ғылыми-теориялық, практикалық құндылығын сөз етер болсақ, ол тек қазақ этнографиясын, тарихы мен тіл білімін ғана мол деректермен байытып қана қоймай,

жалпытүркілік гуманитарлық ғылым, білім салаларының ғылыми-теориялық, фактологиялық базасын кеңейтіп, анағұрлым байытуға зор үлес қосып отыр.

Түркі халықтарының кез келгенінің этнографиясы, тіл білімі бойынша жазылатын диссертациялық жұмыстарға аса қажет еңбек екендігі сөзсіз. Мысалы, бір ғана ат, жылқы категорияларына қатысты докторлық диссертацияға қажет материалды осы Энциклопедиядан жан-жақты дерек алуға болады және бұл еңбектің материалдары жаңа ғылыми идеялар мен ізденістерге өзге де бауырлас түркі тілдері мен этнография мамандарына ой түрткі болады.

Түрлі категориядағы ұғым, атаулардың екі немесе одан көп түркі тілдер аясында салыстырмалы зерттеу жүргізсе, қазақ халқы мен түркі халықтарының, мысалы, түрік, татар, өзбек, башқұр т.б. ұлттық ғалам бейнесіндегі, яғни универсумындағы ұқсас (интегративтік) этномәдени компоненттермен қатар түрлі экстралингвистикалық себептермен орын алған этномәдениеттік айырмашылық (дифференциалдық) компоненттерді айқындауға жол ашылар еді. Салыстырмалы-коммуникативтік, компаративистік зерттеулер түбі бір бауырлас халықтардың мәдени-тілдік деңгейде өзара түсіністігі мен жақындасуына ықпалын тигізеді.

Сондай ақ, туыс емес славян, еуропалық, кавказдық т.б. тілдер мен мәдениеттер жүйесіндегі этникалық категорияларды типологиялық салыстыру арқылы да халықтардың менталитетіндегі, стереотиптік түсініктеріндегі жақын/алшақ тұстарын осы энциклопедиялық материалдар негізінде зерттеулер жүргізуге болады. Сөз жоқ, жоғарыда аталған аспектілер осы еңбектің ғылыми құндылығын арттырып тұр.

4. Энциклопедияның ғылыми-техникалық ұстанымдары мен ерекшелігі. Еңбекті академизмнің ең жоғары үлгісі деуге болады. Ғылыми-техникалық, типографиялық әрленуі өз алдына, бастысы, ғылыми комментарийлердің шетелдік үлгілерге сүйене отырып, тәптіштеп берілуі мұны ғылыми еңбектердің, лексикографиялық туындылардың отандық жоғары үлгісі ретінде танытады. Энциклопедия мақалаларына берілген комментарийлері өз алдына бір төбе, жеке сөз етуге тұрарлық. Энциклопедия форматы түсіндірме сөздік форматынан кеңірек, мүмкіндігі, материал таңдау, оны сипаттау жағынан ерекше күрделі лексикографиялық еңбек болғандықтан, осы жұмыста ұлттық концептілерді де жаңғыртуға мол мүмкіндігі жүзеге асқан.

Жұмыс көлемі 4208 бетті құрайды екен. Энциклопедия материалдары балабақшадан бастап, мектеп, университеттердегі арнайы семинар, дәріс беруге аса қажет материалдар қоймасы деуге болады. Сонымен қатар «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты көптомдық

энциклопедия әр отбасында болғаны қазіргі Қазақстан қоғамының, қазақтардың, түркітілдес халықтардың, жас ұрпақтың лингвомәдени, танымдық, тілдік құзыретін, білімділігін арттыратын аса мазмұнды еңбек.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің 11 адамдық ғылыми ұжымы әрқайсысы 800 беттен асатын жоғары сапалы ғылыми деңгейде жазып шығуы үлкен ғылыми ерлік және идея авторы профессор Нұрсан Әлімбайдың

ғылыми батылдығы мен алғырлығы, табандылығы мен үздік ғылыми ұйымдастырушылық қабілетінің арқасы деп бағалау керек.

Бұл еңбекті қазақ халқының болмысын, менталитетін әлемге танытатын түркі әлемінде, дүниежүзінде прецеденті жоқ, ауқымды да аса құнды ғылыми еңбек деп бағалаған жөн. Энциклопедия, сөз жоқ, Әл-Фараби атындағы Қазақстан Республикасының ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлығына әбден лайық.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ІСІ ҮШІН ДЕ ҚОЛДАНБАЛЫ МАҢЫЗЫ ЗОР

М.С.НОҒАЙБАЕВА,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Тарих, археология және этнология
факультетінің деканы, тарих
ғылымдарының кандидаты, доцент



Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық Музейінің кешенді, пәнаралық, бірнеше гуманитарлық ғылымдар тоғысында жазылған еңбектерінің бірегейі – іргелі зерттеу нәтижесінде ғылыми айналымға енген «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты 5 томдық энциклопедиясы. Энциклопедияда қазақ халқының дәстүрлі тіршіліктің маңызды орын алатын мұралардың қолданыстық аясы, мәдени генезі, жасалу және таралу үрдісі берілген. Басылым қазақтың дәстүрлі қоғамын, мәдениеті мен өнерді этнографиялық тұрғыдан зерттеуді жаңа сатыға көтеріп отыр, қазақ халқының байырғы тұрмысы мен тіршілігі, сан-қилы өмірінің алуан қырларын түгелдей қамтыған, әрі оқырман қауымға қазақ халқының тамыры терең болмысынан жан-жақты білім алуға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда ғылыми қолданысқа енген музейлік этнография бағытындағы жаңа объектілерінің ішінде – артефакттардың материалдық емес қорын қалыптастыру өзекті мәселелер қатарында. Осыны еңбек авторлары нақты ескере білген. Аталмыш еңбек Ұлы Даланың тарихындағы дәстүрлі мәдениет жүйесінің өткені мен болашағына қатысты зерттеулері мен мемлекеттік бағдарламалардың өскелең сұранысына толық жауап береді. Бүгінгі күні бұл еңбекте

қамтылған тақырыптар Елбасымыздың Рухани жаңғыру» бағдарламасындағы басты идеялармен, оның «Ұлы даланың жеті қыры» атты маңызды мақаласындағы басты бағыттармен, Мемлекетіміздің «Мәңгілік Ел» идеясымен астасып жатыр.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Тарих факультетінің «Тарих» мамандығында оқытылатын көшпелілер өркениеті, қазақ халқының дәстүрлі мәдениетімен байланысты пәндерде қолданбалы маңызы зор, ал, «Археология және этнология» мамандығының «этнология» бағытында, «Этнология және антропология», «Музей ісі және ескерткішті қорғау» мамандықтарының ғылыми-ақпараттық ресурсы ретінде үнемі қолданыста екендігін ерекше атап айтқым келеді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Тарих факультетінің Ғылыми кеңесінің талқылауымен «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 5 томдық. Энциклопедия. – Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция», 2017 (иллюстрацияланған)» атты Нұрсан Әлімбайдың ғылыми жетекшілігімен жазылған осы энциклопедияны Қазақстан Республикасының Әл-Фараби атындағы ғылым және техника саласы бойынша Мемлекеттік сыйлығына ұсыну жөнінде бір ауыздан қолдап, шешім қабылдадық.



ҚАЗАҚТЫҢ ТАРИХИ ЭТНОГРАФИЯСЫНЫҢ АЛТЫН КІТАБЫ

Ерлан ТҰРҒЫНБАЕВ,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Археология, этнология және музеология кафедрасының
доценті, тарих ғылымдарының кандидаты

Қазақ халқының тарихы көне ғасырлар қойнауынан бастау алады. Сондықтан осы бүгінгі тарих ғылымының жетістіктері тұрғысынан саралау – өте күрделі, жан-жақты терең талдауды қажет ететін процесс. Қазақ халқының Тәуелсіздік тізгінін өз қолына алып, Егемен ел болған жерде оның өткен дәуірлердегі тарихын, дәстүрлі этнографиялық танымдық тағылымын түсіндірудегі сол кезеңнің шындығына сай идеологиялық штамптар мен саяси қалыптардан ада, тарих ғылымында бұрын сыңаржақ баға беріліп келген тақырыптарды мейілінше ашып көрсете отырып, тарихи шындық, ғылыми және қоғамдық тұрғыдан саралаудың маңызы зор. Осы орайда белгілі ғалым профессор Нұрсан Әлімбайдың ғылыми редактор, жоба жетекшілігімен екінші рет жарық көрген 5 томдық «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты ұжымдық еңбегі қазақ этнографиясының күрделі проблемаларын, архив материалдары мен ғылыми еңбектерді, далалық-этнографиялық экспедициялар материалдарын кеңінен пайдалану арқылы зерттеп, ғылыми қауым мен қалың оқырманның игілігіне айналдыруы, қазақ халқының дәстүрлі этнографиясын зерттеудегі ерекше ғылыми құбылыс болғанын атап өтуіміз керек деп ойлаймын. Бұл басылымды өз басым қазақ халқының дәстүрлі этнографиясының алтын кітабы ретінде бағамдар едім.

Қазақ халқының дәстүрлі этнографиясының күрмеуі көп, сан-қырлы тарихын зерттеуде Қазан төңкерісіне дейін жарық көрген орыс энциклопедиялары мен анықтамалық әдебиеттердің көпшілігінде дерлік қазақ тақырыбы қалған емес. Бірақ, жоғарыда аталған энциклопедияның жоба жетекшісі, ғылыми редакторы, Нұрсан Әлімбайдың кіріспе мақаласында атап өткеніндей «бұл еңбектерде тиісті этнографиялық, мәнді категориялар, ұғымдар мен атаулар...қазақтардың тіршілік циклінде атқарылатын әртүрлі салттар, ғұрыптар, жосын-жоралғылар, ырым-тиымдар сияқты дәстүрлі институттар, нормалар мен принциптерді бейнелейтін сөздер ретінде қарастырылды. Сондай-ақ, осы кезеңдегі орыс тарихнамасы белгілі себептермен, қазақ

ауылдарына, олардың әлеуметтік құрылымына, шаруашылық-экономикалық, ұйымдасуының ерекшеліктеріне айрықша назар аударды». Жалпы, Ресей ғалымдары, саяхатшылары, отарлау аппараттарының шенеуніктері жазбаларының түпкі мақсаты – қазақ даласын отарлауда жүргізілген экспанциялық саясаттан туындаса да, оның ғылым үшін, әсіресе қазақ халқының дәстүрлі этнографиясын зерттеуде деректемелік тұрғыдан маңызы зор екендігін атап айтқан жөн.

Осы энциклопедиялық еңбектің халқымыздың көне дәуірлер қойнауынан бастау алатын шежірелі тарихи-этнографиясын, бүгінгі биік талаптар тұрғысынан зерделеп, оны шындыққа сусаған, ата-бабаларымыздан қалған баға жетпес асыл мұраларына шынайы қызығушылық танытқан барша қауымға ешқандай бояма-бүкпеусіз жеткізудегі ғылыми еңбектер арасында ерекше орын алатыны баршамызға аян.

Бұл еңбек бүгінгі этнографтар, тарихшылар, философтар, заңгерлер (қазақтың әдет-ғұрып заңдарын зерттеушілер), фольклортанушылар мен өнертанушыларға, әртүрлі ғылым салаларының белгілі мамандарына, студент, магистрант, докторанттарға, сондай-ақ барша оқырман қауымына қазақ халқының дәстүрлі этнографиясына қатысты мәліметтер алуына өз пайдасын тигізетініне күмәніміз жоқ. Оның айғағы ретінде жарық көргеніне аз уақыт болғанына қарамастан, толықтырылған екінші басылымының шығуы дәлел бола алады. Осы орайда, бұл энциклопедияны кәсіби аудармашы мамандармен бірлесе отырып, орыс, ағылшын тілдеріне аударса, қазақ халқының дәстүрлі этнографиясын, болмысын және т.б. жан-жақты қырын бүкіл әлемге паш ететініне кәміл сенеміз.

Ойымызды қорытындалай келе, «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» энциклопедиясының ғылыми редакторы, жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбай бастаған авторлар ұжымының Қазақстан Республикасының Әл-Фараби атындағы ғылым және техника саласы бойынша Мемлекеттік сыйлығына ұсынылуын қуаттай отырып, осы жоғары марапатқа толық лайық еңбек деп бағалаймыз.

ПЕРВАЯ НАУЧНО-ЭТНОГРАФИЧЕСКАЯ ЭНЦИКЛОПЕДИЯ

А.Т.АБДУЛИНА,
заведующая отделом этнологии и антропологии
Института истории и этнологии им Ч.Ч.Валиханова,
кандидат исторических наук



Трудно переоценить значение для социогуманитарных наук, в особенности для отечественной этнологии, фундаментальной научной энциклопедии в 5-ти томах «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия» («Традиционная система этнографических категорий, понятий и названий у казахов»), изданной в капитально переработанном и дополненном варианте в 2017 г. Главным вдохновителем, организатором и научным руководителем авторского коллектива является директор Государственного Центрального музея РК, ведущий этнолог, профессор Нурсан Алимбай, при котором музей, оставаясь учреждением культуры, стал одним из крупных научно-исследовательских центров страны. Данная поистине уникальная этнографическая энциклопедия включает 5846 статей, в которых анализируется содержание свыше 10 000 традиционных историко-этнографических категорий, понятий и названий у казахов, отображающих мировосприятие, систему жизнеобеспечения казахского социума, в контексте взаимодействия с другими человеческими сообществами и окружающей природной средой.

Общеизвестно, что Центральный государственный музей нашей страны является одним из первых музеев, возникших в Казахском крае Российской империи в 30-х гг. XIX в. За почти 200-летнюю историю существования фондовые коллекции музея достигли около 300 тысяч единиц хранения, а сам он стал крупнейшим не только культурно-образовательным, но и научно-исследовательским учреждением, проводя обширную работу по хранению, популяризации материального и духовного наследия наших предков, его научному исследованию и категорированию. Причем, под уже более чем 20-летним руководством профессора Нурсана Алимбая, крупнейшего и признанного в научном мире этнолога, специалиста по кочевому социуму казахов, шежере, фольклору и др. направлениям, музей в 2005 г. получил официальный статус научно-исследовательской организации. Специалисты ЦГМ РК активно занимаются научными исследованиями как в рамках в государственных программ «Культурное наследие», «Рухани жаңғыру», так и по линии грантовых и ПЦФ проектов Комитета науки МОН РК, результатами которых являются

свыше 30 социально и научно значимых изданий по отечественной музеологии, этнографии, археологии и пр., ставших востребованными среди ученых и любителей истории и музейных древностей нашей и зарубежных стран (Россия, Италия, Франция и т.д.). Все это является доказательством, что ЦГМ в южной столице сохраняет за собой звание головного учреждения в музейном пространстве страны, оказывая консультативную поддержку вновь открываемым музейным учреждениям, в том числе в новой столице РК – г. Нур-Султане.

Среди упомянутых научно-популярных изданий музея особо необходимо выделить рассматриваемый уникальный труд, впервые представивший в систематизированном виде, в форме энциклопедических статей, многогранный мир казахской культуры, сформировавшийся в толще тюркской степной цивилизации. Речь идет о втором дополненном и капитально переработанном издании пятитомной энциклопедии «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі». В общей сложности упорная работа авторского коллектива под научным руководством и непосредственным участием профессора Нурсана Алимбая над изданием фундаментальной этнографической энциклопедии, включающей 5846 статей, продолжалась более 20 лет. Однако научные заделы для написания статей формировались учеными на основе кропотливой работы в архивах России, нашей страны, редких фондах библиотек и т.д. в течение всей научной деятельности авторов-исполнителей.

В плане актуальности и научной новизны данный пятитомный фолиант имеет непреходящее значение, так как, действительно, это издание является первой энциклопедией по этнографии казахского народа, что и определяет его уникальность и эксклюзивность. Практика подготовки издания многолетних универсальных энциклопедий восходит к концу 1960-х годов, когда в Казахской ССР была создана редакция «Қазақ энциклопедиясы» во главе с академиком М.Каратаевым, в независимом Казахстане продолжилась работа по публикации свода знаний «Қазақстан. Национальная энциклопедия» в 10 томах (Қазақ энциклопедиясы, 1998–2007). Однако, несмотря на то, что некоторые этнографические понятия содер-

жались в названной универсальной энциклопедии, но, естественно, возникла потребность подготовить фундаментальную специализированную этнографическую энциклопедию, которая вобрала бы в себя все сохранившиеся и дошедшие до нас из глубин веков традиционные термины, антропонимы, теонимы, этнонимы, топонимы и др. названия, отображающие мировосприятие, систему жизнеобеспечения казахского социума, взаимодействующего с другими человеческими сообществами и окружающей природной средой. Мы здесь найдем самые разнообразные категории, связанные с социальными отношениями, судопроизводством, вопросами собственности и распределения земель, с хозяйством и бытом (содержание скота, использование источников воды, земледелие, ремесла и промыслы), религиозными верованиями, народными знаниями и практиками врачевания, семьей и браком, этикой внутрисемейных отношений, традициями и обычаями и пр. Об этих достоинствах энциклопедии уже писали в своих аналитических рецензиях известный этнолог, профессор А.Б. Калыш и ведущий этнолог-историк Г.У. Орынбаева (**Калыш А.Б., Исаева А.И. Место научно-этнографической энциклопедии ЦГМ РК в научно-образовательном процессе // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». 2019. № 1(17);** Орынбаева Г.У. Фундаментальный научный труд: этнографическая энциклопедия казахов // *Отан тарихы*. 2019. – № 2. – С. 229–239), подчеркнувшие, что данная этнографическая энциклопедия «систематизировала, упорядочила и значительно дополнила имевшийся круг научных знаний по этнографии казахов» (Орынбаева Г.У. Фундаментальный научный труд: этнографическая энциклопедия казахов // *Отан тарихы*. 2019. – № 2. – С. 229–239).

Прежде чем перейти к характеристике богатого содержания энциклопедии, остановимся на ее явных визуальных достоинствах полиграфического оформления и научно-справочного наполнения. Уже сам факт наличия пяти увесистых томов общепринятого энциклопедического формата 84x108^{1/16}, каждый из которых насчитывает около 800 страниц (более 90 п.л.), впечатляет титаническим трудом редакционной коллегии. Причем, каждый том в достаточной степени иллюстрирован репродукциями средневековых восточных миниатюр, картин и зарисовок дореволюционных русских художников и путешественников, рисунками привлеченных к выпуску издания художников Д.Шокпарулы, Б.Досымова, Ж.Шайкена и др., наглядно представляющих бытовавшие у казахского народа предметы материальной культуры, фотографиями, в том числе и экспонатов ЦГМ РК, крупнейших российских музеев – Эрмитажа, Кунсткамеры и др., таблицами, схемами, рисунками. Визуализация текста помогает читателям в полной мере понять содержание представленных этнографических категорий из жизни казахов, реально воссоздать исторический контекст того времени и получить не только эффект информационного наполнения, но и зачастую эстетического наслаждения от соприкосновения с произведениями изобразительного искусства.

Отметим, то каждая статья энциклопедии носит

авторизированный характер (в качестве авторов были привлечены крупные специалисты филологии этнологи – Н.Алимбай, К.Ахметжан, филологи – Н.Уали, Р.Шойбеков и др.) и снабжена кратким списком литературы и источников, а полный список библиографии по всему тому (с более чем тысячей наименований книг по этнографии, лингвистике, религиоведению и пр. не только казахов, но и близких тюркоязычных народов, в каждом томе) приведен в конце издания, там же размещаются предметный указатель, список сокращений и информаторов, опрошенных в разных регионах Казахстана за долгие годы полевой работы этнологами и филологами. Этот справочный аппарат указывает на научность издания, облегчая и значительно ускоряя работу с книгой по поиску нужной информации, что для современного читателя, избалованного Интернет-поисковиками, весьма важно. Читатели могут воспользоваться традиционной для энциклопедии, где все статьи размещены по алфавитному принципу, системой перекрестных ссылок на другие статьи того же тематического блока.

Многие традиционные этнографические категории, понятия и названия (свыше 4000) были впервые введены в научный оборот, так как явились результатом долгих научных изысканий авторов проекта в ведущих архивах, библиотеках Казахстана и зарубежья, анализа исследовательской литературы, опроса и бесед с информаторами, носителями этнографической информации, которых с каждым годом становится все меньше, и меньше. Эти забытые названия были реконструированы, семантически раскрыты и стали достоянием общественности, что, несомненно, способствует сохранению историко-культурного наследия казахов и передаче его по поколенной цепи, когда новые поколения периода глобализации через общение с данной энциклопедией смогут познать свои истоки и этнокультурный код. Причем, обращает на себя внимание, что статьи не имеют шаблонный формат, а их объем зависит от значимости тех или иных явлений. К примеру, достаточно объемны обобщающие статьи по базовым понятиям: основном таксоне казахского кочевого общества – родовой организации «ру», институциональной природе и функциях жузовой системы, об институте ханской власти и суде биев и пр., которые вскрывают природу организации и воспроизводства казахского социума.

Необходимо отметить, что главный редактор фундаментальной энциклопедии, профессор Нурсан Алимбай, являясь крупным специалистом в области методологии исследования социальной и культурной антропологии, ясно представляет концепцию подобного научного издания и выбор методов исследования. В частности, в предисловии к 1-му тому он определил, что его концептуальный подход базируется на диалектическом взаимодействии двух систематизирующих начал в структуре социума – социальной деятельности и социальных отношений, когда «любой тип (уровень) социально значимой деятельности этнического коллектива (в нашем случае общинников-кочевников) представляет собой функ-

циональное состояние общественных отношений» (Концептуальные основы, 2017: 5, <http://csmrk.kz/file-data/other/konceptsia-ru.pdf>). По-существу, здесь прослеживается структурно-функциональный подход, рассматривающий каждое явление как систему, каждый элемент которой выполняет определенную функцию. В тоже время, с точки зрения основного вопроса философии «что первично?», ученый делает, на мой взгляд, выбор в сторону материализма, подчеркивая примат деятельности, в ходе которой возникают социальные отношения, имеющие определенные функции.

Далее Нурсан Алимбай обосновал плодотворность и перспективность применения когнитивного (категориально-понятийного) подхода, поскольку «сложившийся веками межпоколенно-этнический опыт казахов-кочевников во всех сферах жизнедеятельности социума (хозяйственно-экономической, управленческой, культурной, обрядово-ритуальной, институциональной, обычно-правовой, семейно-бытовой и т.д.) отложился в коллективной памяти многих поколений именно в виде этнографических категорий, понятий и названий» (Концептуальные основы научной энциклопедии «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі». (1–5 т. Алматы: «Әлем. Даму. Интеграция», 2017. – 4208 с. илл. – URL: <http://csmrk.kz/file-data/other/konceptsia-ru.pdf>).

Попытаемся показать применение Нурсаном Алимбаем обозначенных концептуальных подходов и методов на примере такого важного для казахского общества явления как обычное право, послужившее регулятором обычно-правовых отношений в казахской кочевой среде на различных таксономических уровнях – семьи (бірата), рода как семипоколенной структуры (жетіата), жуза, а также их процессуально-нормативным механизмом. Статья «Әдеттік құқық / әдет-ғұрыптық құқық / құқық» («Обычное право / обычно-обрядовое право / право») носит энциклопедический характер и очень объемна (Қазақтың этнографиялық, 2017, Т. 1: 394–429), полностью характеризует 4-е синонимические группы категорий, образующих систему правовых отношений традиционного общества. По мнению автора, первую группу составляют универсальные онтологические категории – *право / обычно-обрядовое право / обычное право*. Вторая и третья группы представляют термины, отображающие процессуальные аспекты проблемы судопроизводства в степи – *суд биев / народный суд и совет биев / жүгініс / судебное решение / судебное решение биев / разрешение споров, процесс разрешения споров / вынесение арбитражного решения / арбитражное разрешение споров / заключение биев / решить дело*. Категория *обязанность / право* образует четвертую группу, выражая свободу воли и интересы субъектов правовых отношений.

На основе аргументов Нурсан Алимбай убедительно доказывает, что *совет биев* (или *жүгініс*) является организационной формой судейства биев, а судебное решение биев является понятием, показывающим функцию совета биев в контексте того времени (Қазақтың этнографиялық, 2017, Т. 1: 396). Да-

лее автор, опираясь на различные этнографические сведения, обращает внимание исследователей на тот факт, что понятия *суд биев* (*билер соты*) и *народный суд* (*халық соты*) являются лишь казахским эквивалентом наименований терминов на русском языке «суд биев» и «народный суд», которые по понятным причинам не в состоянии раскрывать природу правовых отношений в казахской среде и их институтов. В качестве примера он упомянул единственные рукописные источники на казахском языке по казахскому обычно-обрядовому праву, связанные с исторической этнографией – текст знаменитого Саккулак бия и записанная казахская версия Положения Карамолы, утвержденного в мае 1885 г. в поселке Карамола Семипалатинского уезда, где абсолютно не встречаются наименования *суд биев* и *народный суд* (Қазақтың этнографиялық, 2017, Т. 1: 398). С другой стороны, Нурсан Алимбай отметил, что процесс упрочения употребления в Казахском крае, входившем в систему российского управления, терминов «суд биев» и «народный судья» или «народный суд» в русских версиях упомянутых правовых актов следует рассматривать как когнитивную проекцию структурных и функциональных изменений в традиционной казахской правовой системе, на которую в этот период оказала сильное влияние Российская империя.

Влияние Российской империи автор выявил в трансформации семантического наполнения терминов *обязанность* (*қақы*) / *право* (*құқы*), которые **первоначально** выполняли регулирующую и координирующую функцию, являясь фундаментальным морально-этическим принципом (и нормой) в межличностных отношениях в системе кочевого общества. Но затем названные синонимы приобрели, в результате политико-административного, идеологического, правового и экономического влияния России на традиционное казахское общество, особенно усилившееся в последние десятилетия XIX в., юридический смысл как возможность, добровольность, приверженность обязательствам и ответственность, имеющие императивную силу (Қазақтың этнографиялық, 2017, Т. 1: 400).

Особое внимание Нурсан Алимбай посвятил анализу наиболее распространенного в казахской среде термина **обязанность** (*қақы*), соблюдение основных принципов которой было непреложным правилом существования каждой кочевой души. А конечной целью соблюдения всеми казахами названных принципов понятия *обязанность* было сохранение и почитание давних норм и принципов родственно-родовых отношений – «следование путем предков» («ата-баба жолының»), идеологическим обоснованием которых были генеалогические предания (шежіре).

По поводу таких институтов традиционного казахского общества, как совет биев (*билер кеңесі*) и коллегии биев (*жүгініс*), то, по его мнению, их наличие в 60-х–70-х гг. XIX в. в системе институциональных отношений кочевников свидетельствует о еще благополучном состоянии казахского социума (Қазақтың этнографиялық, 2017, Т. 1: 404). В то же время искусственные судебные полномочия ханов,

а затем султанов-правителей, назначаемых в период колониализма по распоряжению российской администрации, не смогли продемонстрировать в традиционном казахском обществе свою убедительность и институциональную состоятельность по сравнению с традиционными институтами – *советом и коллегией биев*. Причем, совет биев был трехуровневым институтом, действуя: а) на уровне родовой общины; б) межродовом; в) межжузовом уровнях. Далее автор подробно описал на основе анализа многочисленных исторических, этнографических и фольклорных данных организацию работы в *коллегии (жүгініс)* и совете биев, т.е. в двух формах процесса разрешения споров (*билік жүргізу*), который начинался с избрания бия и подбора состава этих органов.

По мнению Нурсана Алимбая, исходя из анализа трудов российских ученых и чиновников дореволюционного периода, изучавших правовую культуру казахов, решающая роль в процессе разбирательства споров (*билік жүргізу*) играл используемый в обязательном порядке ритуал принесения клятвы (*ант беру*) или ритуал приведения к присяге (*жан беру*). Подробно автор проанализировал уникальный элемент в традиции разбирательства споров – широко распространенное состязание между биями (*билердің арасындағы даулы айтыс*) при обсуждении преступлений (Қазақтың этнографиялық, 2017, Т. 1: 412).

В отношении видов наказаний Нурсан Алимбай, в противовес мнению некоторых исследователей о *формировании наказания в виде куна (құн жазасы) под влиянием российской политико-административной системы*, доказал, что этот вид наказания наряду со смертной казнью (*өлім жазасы*) является одной из древних правовых традиций казахов в процессе разрешения споров (*билік жүргізу*) (Қазақтың этнографиялық, 2017, Т. 1: 417). В целом, автор считает, что *в кочевой среде наказание в отношении лиц, совершивших уголовные преступления (особо тяжкие) и правонарушения, подразделяется на две основные категории: 1) наказание с расплатой головой (басымен тарту жазасы), включающая смертную казнь, изгнание из рода, наказание нагайкой, наказание увечьем по принципу кровь за кровь, и наказание с оплатой скотом (малымен тарту жазасы); 2) наказание в виде выкупа собственным скотом – кун (құн) за более тяжкие преступления и штраф (айып) за более мелкие проступки*. В процесс исполнения наказания вовлекались не только персональные субъекты этого преступления *куныкеры (құныкер)*, но и их сородичи, иногда и знатные и зажиточные люди (*игі жақсылары* и *ырыс ұстағандары*) всего жуза. В процессе исполнения наказания *куном и штрафом всем организаторам и причастным к организации судейства (билік жүргізуді)* выплачивалась специальная плата за ханское и бийское судейство (*хандық, бидің билігі*), за свидетельство и пр., которые упоминались как *разновидности штрафа*.

В конечном итоге, Нурсан Алимбай делает вывод, что «*запускаемые*» в процессе судейства нор-

мы и принципы, можно рассматривать как правовой механизм, обеспечивающий устойчивое функционирование других привычных устоев и взаимные причинно-следственные связи повседневного существования кочевников, а конечная цель института судейства – «следование путем предков», который является и концептуальной основой, и идеологией и идеей традиционного казахского общества (Қазақтың этнографиялық, 2017, Т. 1: 422).

Во второй половине XIX в. принудительные административно-политические реформы Российской империи в Казахском крае радикально изменили порядок традиционного бийского судейства, *уничтожив древнюю традицию избрания биев у кочевников как самого важного и единственного фактора, обеспечившего структурное и функциональное положение и состояние системы бийского судейства в традиционном казахском обществе*. Кроме того, Нурсан Алимбай считает, что *порядок утверждения избранных кандидатов в бии российской администрации привел к появлению абсолютно нового явления в традиционной казахской среде – взяточничества (парақорлық)*. Как мы видим, данная статья об обычном праве казахов носит высокий научно-теоретический характер, где философские и социологические методы были блестяще применены автором к анализу этнографического материала, почерпнутого из дореволюционных русских трудов, казахских просветителей, фольклорных данных, полевых экспедиций. Это позволило ему категорировать, типологизировать основные *понятия и раскрыть их содержание и функции, исходя из исторического контекста их бытования*.

Таким образом, даже анализ одной статьи из этнографической энциклопедии об обычном праве казахов показывает высокий научный уровень данного издания, аккумулировавшего целые пласты знаний обо всех элементах традиционного казахского общества и культуры, их функциях и взаимосвязях, обеспечивающих устойчивость и межпоколенную преемственность.

Фундаментальная энциклопедия «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия» («Традиционная система этнографических категорий, понятий и названий у казахов»), подготовленная коллективом авторов и благодаря организаторским усилиям и научному руководству директора Центрального государственного музея профессора Нурсана Алимбая, высоко востребована среди научной, культурной и педагогической общественности и заслуживает высокой государственной награды – Государственной премии Республики Казахстан 2021 года в области науки и техники имени аль-Фараби за титанический и подвижнический труд на ниве не только этнологической науки, но и других социальных и гуманитарных дисциплин. Подобная энциклопедия, которая вмещает в себя практически все этнографические термины современного казаховедения, нуждается в переводе на русский и английский языки, что позволит познакомить весь мир с нашим народом и его богатой культурой.

ЭНЦИКЛОПЕДИЯ ТРАДИЦИОННОГО ОБРАЗА ЖИЗНИ КАЗАХСКОГО ЭТНОСА

Г.У.ОРЫНБАЕВА,
ведущий научный сотрудник отдела этнологии и
антропологии Института истории и
этнологии им.Ч.Ч.Валиханова,
кандидат исторических наук



Мое выступление представляет собой отзыв на фундаментальное исследование, опубликованное Центральным государственным музеем Республики Казахстан, под названием «Традиционная система этнографических категорий, понятий и названий у казахов. Энциклопедия. В 5 томах. Научный редактор и руководитель проекта профессор Нурсан Алимбай. – Алматы: «Алем Даму Интеграция», 2017. 4208 с., илл.». Представленный пятитомный энциклопедический труд, бесспорно, является достойным вкладом в этнографическое казаховедение. Издание столь подробно разработанной энциклопедии, включающей пять томов, каждый из которых составляет более 90 печатных листов, – насколько нам известно, не имеет аналогов в мировой этнографической науке. Энциклопедия представляет собой фундаментальный труд, охватывающий практически все стороны жизни кочевого общества. Объектом исследования творческого коллектива авторов стал кочевой социум во взаимосвязи с природой, принципы и особенности его функционирования, его хозяйственная деятельность, материальная и духовная культура и быт кочевого казахского общества. Энциклопедия, можно сказать, венчает собой развитие казаховедческой этнографической науки, так как она свела воедино, систематизировала, упорядочила и, бесспорно, значительно дополнила имевшийся прежде круг научных знаний по этнографии казахов. Настоящее издание является основательно переработанным и дополненным, первое – также в пяти томах – вышло в промежутке с 2011 по 2014 гг. (Қазақтың этнографиялық, 2011–2014). На прежнем издании была опубликована рецензия в авторитетном турецком научном журнале «Millî Folklor» этнографа Ерке Озер (Özer, 2015).

Энциклопедия создана в результате упорного, напряженного труда авторского коллектива под руководством видного казахстанского учено-этнографа Нурсана Алимбай, творческими усилиями как опытных, известных исследователей, – этнографов, лингвистов, искусствоведов и др., так и молодых специалистов, – сотрудников Центрального государственного музея Республики Казахстан, и внешних авторов. В предисловии издания

научный руководитель проекта признался, что наиболее трудновыполнимой задачей при создании энциклопедии стало формирование творческого коллектива. По всей видимости, автор имеет в виду затянувшийся кризис в казахстанской науке, приведший к кадровому голоду – наличию считанного количества способных к полноценному научному творчеству работников при обилии в республике лиц, имеющих ученые степени и звания. Нужно сказать, что энциклопедия появилась на свет во многом благодаря интеллектуальной энергии и незаурядной воле ее инициатора, главного организатора работ, автора статей фундаментального характера и научного редактора, профессора Нурсана Алимбай. В числе других участников проекта свой вклад в создание энциклопедии внесли сотрудники Центрального музея Казахстана: известные ученые, профессора Н.Уали и Р.Шойбеков, заведующий отделом этнологии и антропологии Музея Б.Какабаев, художник-исследователь К.Ахметжан, этнографы Ж.Шайкен, Ж.Белтенев, Г.Кабдолдина, в том числе представители молодого поколения – Т.Болсынбек, К.Нургожа, Ж.Исабеков и др. Работа над созданием энциклопедии длилась на протяжении долгих 22 лет. Ее статьи указывают на кропотливую, скрупулезную, основательную работу, сделанную авторским коллективом.

Пять томов энциклопедии содержат в общей сложности 5846 статей, в которых проанализированы смысловые нагрузки свыше 10 000 терминов – традиционных этнографических категорий, понятий и названий у казахов, именуемых западной социокультурной антропологии модусами или когнитивными единицами. Отдельные статьи имеют объем до 3 печатных листов. В предисловии авторы указывают, что персоналии в энциклопедии не рассматриваются, совершенно справедливо считая, что казахским историческим личностям – ханам, султанам, родоправителям-биям, батырам, акынам, сказителям-жырау, музыкантам и т.д. необходимо посвятить отдельный том. Также, согласно вступительному слову, энциклопедия не имела целью включение научных терминов общетеоретического содержания. Согласно авторскому замыслу, труд содержит только понятия и категории, бытовавшие в традиционный

период жизни народа и имеющие непосредственное отношение к этнографии казахов.

Энциклопедия носит научный характер – каждая статья представляет собой полноценное научное исследование этнографических понятий, категорий и названий предметов и явлений на основе оптимального количества источников. Немало из них несут в себе новые либо малоизвестные для этнологии Казахстана знания. Издание содержит как статьи теоретического характера, такие, например, как «Әдеттік құқық/Обычное право», «Ру/Род», «Туыс/Родство» и др., изобилующие специальной социологической, философской терминологией, так и из области прикладной, описательной этнографии. Последние раскрывают тему повседневной практики, хозяйственной и культурной деятельности кочевников-казахов и написаны как бы с позиции этнофора (или в терминологии культурной антропологии экзегета) – непосредственного носителя народной традиции.

Энциклопедическое издание организовано по алфавитному принципу. Также оно имеет удобную систему отсылок, которая позволяет найти дополнительную информацию в рамках тематического блока. Немало статей имеет тематические подразделы. К примеру, статья, раскрывающая суть этнографической категории «Ай/Луна» имеет в своей структуре такие подразделы, как «Счет времени и прогнозирование погоды» и «Поверья и суеверия, связанные с луной». Статья «Арық/Арык (оросительная канава)» – виды арыков, копание арыков, способы копания, традиционные гидротехнические сооружения, правовое регулирование использования оросительных системы. Так же, в статье «Қымыз/Кумыс», посвященной этому знаковому элементу казахской традиционной культуры, подразделы дают следующие сведения: различные способы приготовления этого напитка, его виды, названия на разных стадиях готовности, обычаи, поверья, сведения о кумысе в письменных источниках, начиная от сочинений Геродота, посуда для кумыса, целебные свойства напитка, его использование в народной медицине и космологии (купание в кобыльем молоке), отражение темы в казахской поэзии и паремииологии и происхождение слова.

Энциклопедией охвачены все сферы жизни и быта казахского традиционного социума: его устройство и принципы функционирования, хозяйственная деятельность – кочевое скотоводческое и земледельческое хозяйство, ремесла и промыслы; материальная культура – поселение и жилище, утварь, одежда и пища; духовная культура – обычаи и обряды, праздники, народные знания и медицина, ветеринария, астрономия, религия ислам и народные верования, фольклор и др. Она создает полное представление об образе жизни кочевников, условиях и способе существования кочевого казахского этноса, а также его менталитете. Энциклопедия, бесспорно, является ценным, всеобъемлющим источником информации для казаховедов – этнографов, кочевниковедов, искусствоведов, культурологов и т.д.

Все статьи энциклопедии информативны в научном плане и, безусловно, заслуживают внимания, однако мы в качестве примера рассмотрим приведенные на страницах этого издания статьи по таким тематическим блокам, как кочевое хозяйство, юридические и свадебные обычаи, элементы

материальной культуры, а также возвращенные к жизни слова, обозначающие различные явления и предметы быта. Энциклопедия содержит внушительное количество малоизвестных в наши дни, забытых понятий, которые восстанавливались посредством изучения разнообразных письменных источников и опросов информаторов. Понятия, категории и названия собраны из огромного сонма исследований по этнографии, лингвистике, фольклористике, дореволюционных, прежде всего, конечно же, русских источников, а также трудов степных интеллектуалов. Многолетние кропотливые изыскания позволили авторам включить в этот труд вышедшие из употребления и напрочь забытые в результате политики советской модернизации многочисленные предметы, обычаи, традиции, обряды и ритуалы, канувшие в Лету вместе с многовековой эпохой кочевничества.

Одним из важнейших и символических для казахского этноса, а также сложных для научного изучения и описания, является цикл слов и понятий, характеризующих кочевое скотоводческое хозяйство казахов. Статьи на тему скотоводческой хозяйственной деятельности у казахов написаны Н. Алимбай, Н. Уали и Р. Шойбековым. Принципы выпаса разных видов скота, его многообразные приемы и способы, тонкости и нюансы воссоздают картину со всеми подробностями и деталями, показывают всю сложность казахского кочевого скотоводства. Так, например, статья «Жайылым/Пастбище» содержит в себе названия и характеристики способов кочеваний, эксплуатации сезонных пастбищ, кочевых путей, сведения о принципах раздельного выпаса, описываются пастбища и пастбищные травы, предназначенные для каждого вида скота – лошадей, овец, верблюдов, порядок использования пастбищ, касающийся проблемы собственности на землю у кочевников. Авторы статьи рассказывают об обычаях, регулирующих пользование пастбищами, передачу в аренду и правила передвижения через чужое пастбище. Один из таких обычаев, о котором говорится в статье, – шөп будым/ букв. обвязал траву – связывание в узел верхушки охапки трав у колодца, у водного источника, что указывает на то, что прилегающая к водному источнику пастбищная территория занята. Другой кочевой аул, увидев такой знак, должен был двигаться дальше и искать себе другое пастбище. Оставлять подобные знаки было распространенным явлением в кочевой среде. Статья, снабженная иллюстрациями: картой видов пастбищ, художественными произведениями, фотографиями С.М. Дудина. При этом авторы статьи опираются на сведения А. Букейханова, Н. Гродекова, А. Добросмыслова и др. источники.

Статьи «Қыстау/Зимовье», «Жайлау/Летовка», «Көктеу/Весеннее кочевание», «Күзеу/Осеннее кочевание», «Көш/Кочевание», «Көшу/Перекочевка» и др. раскрывают виды и способы кочевания, обычаи и обряды, связанные с кочеванием, подробно описан процесс кочевания и его стадии, процесс перекочевки из одного сезонного пастбища на другое, хозяйственная деятельность кочевников в разные сезоны года и т.д. Тему кочевого скотоводства казахов раскрывают также статьи «Мал/Скот», «Малшылық/Скотоводство», «Қой/Овца», «Жылқы/

Лошадь», «Жылқы бағу/Выпас лошадей», «Түйе/Верблюд», рассматривающие различные породы и масти этих видов скота, уход за ними и выпас, болезни, лечение, поверья, связанные с этими животными, а также роль и место этих животных в духовной культуре казахов. Авторы энциклопедии отмечают, что использование сезонных пастбищ и кочевых путей породили целую систему знаний в народе: календарных, астрономических, метеорологических, ботанических, медицинских, ветеринарных и др., вкуче с чем образовали общую технологию организации кочевого животноводческого производства. Кроме того, особенности как хозяйственной жизни, так и социальных отношений в традиционном обществе казахов освещают статьи, характеризующие с этнографической точки зрения социальные слои, такие как бай/богач, кедей/бедняк и т.д. Статьи, посвященные кочевому способу хозяйствования в числе других стоит особенно отметить, так как они воссоздают подробную, исчерпывающую картину кочевничества, сложную для понимания современным человеком, которому трудно представить весь ход годового хозяйственного цикла у кочевников-скотоводов и разобраться во всех особенностях процесса кочевания.

В статьях, которые условно можно объединить в тематический блок, посвященный юридическим обычаям, дается анализ правовой культуре казахского традиционного общества. Это такие статьи, как «Әдеттік құқық/әдет-ғұрыптық құқық/құқық/ Обычное право», «Жеті жарғы/Семь установлений» (кодифицированный свод законов обычного права казахов), «Ата-баба жолы/Дорога отцов», «Төрелік айту/Төрелік жүргізу /Судейство/ Отправление власти», «Хан кеңесі/Ханский совет», «Ақсақалдар кеңесі/Совет старейшин», «Билер соты/Суд биев», «Жан беру/Ант беру/Клятва», «Жүгініс/Суд», «Барымта/Угон скота», «Парақорлық/Взяточничество», «Қақы/Құқы/Право» и др., автором которых является Нурсан Алимбай, руководитель проекта и главный редактор энциклопедии.

Объемная и насыщенная информацией статья «Әдеттік құқық/Обычное право» рассматривает терминологические проблемы, связанные с употреблением этой как юридической, так и этнографической категории, историческую и семантическую классификацию составляющих эту категорию понятий, с привязкой к истории и культуре этноса раскрывает сущность таких понятий, как право, правовые нормы, обычное право, суд биев, правовые функции судей-биев, народный суд, традиционный суд, власть, власть бия (родоправителя), отправление власти и т.д. По мнению автора статьи, в современном казахском языке означающие «право» слова-синонимы құқы и қақы в традиционном обществе употреблялись в значении «долг», «обязанность». У казахов в ходу были паремиологические обороты, указывающие на то, какие виды долга, обязанностей вменялись всем членам общества. Это: долг перед соседями (көрші қақысы), человеческий долг (кісі қақысы), долг перед бедняком (мүсәпірдің қақысы), долг перед властителем, руководителем (қазақтың төреде қақысы бар), долг казаха перед казахом (қазақтың қазақта қақысы бар). Эти обязанности имели как этический, так и правовой характер. За их неис-

полнение человек мог подвергнуться не только всеобщему осуждению, проступок мог быть рассмотрен судом биев, который определял санкции. К примеру, наказанию могло быть подвергнуто неокazanное гостеприимство, неисполнение долга перед родителями и мн.др. в случае обращения к судейству пострадавшей стороны. Оказывать помощь соседям и прибегать к их помощи, иметь с ними регулярную связь, материально поддерживать обедневших со-родичей-одноаульцев, беспрекословно подчиняться родовым старейшинам и требованиям родового большинства, оказывать гостеприимство любому незнакомцу-путнику и т.д., в том числе и этноцентристские установки, – все эти правила были продиктованы необходимостью выживать в суровых условиях кочевой жизни, осознанным или неосознанным стремлением этноса к самосохранению.

Как известно, казахи в силу кочевого образа жизни не могли применять наказание в виде лишения свободы, как это широко было распространено у оседлых народов. Поэтому большинство правонарушений предусматривали наказания в виде штрафов – платы в виде скота. В статье «Құн/Хун», именно так назывался этот способ наказания, указываются случаи, при которых предусмотрена уплата хуна: убийство, укрывательство убийцы, за членовредительство – лишение ушей, глаз, всех зубов, совершение кражи в третий раз, укрывательство вора либо оказание ему помощи при бегстве. Существовали различные виды хуна, совершенные в отношении: хана, султана, торе и кожа – представителей «белой кости», степной аристократии, рядового мужчины, женщины, человека, владеющего искусным ремеслом, а также хун за сокрытие тела убитого и отдельно за невыдачу его родственникам для погребения. В статье приводится количество скота, предусмотренного в качестве хуна за каждое преступление. Кроме того, имели место и дополнительные к хуну штрафы, как например, отдельно описанный в энциклопедии «ҚЫЗЫН-ҚЫЗЫНА» – плата за погребальные издержки, выплаты жене или женам умершего за моральный ущерб, выражаясь современным языком, и на приданое дочерям. Авторы энциклопедии также показали способы наказаний, бытовавшие у казахов, в том числе умерщвления при смертной казни.

«Жесір дауы / Тяжба за вдову» – общее название судебных разбирательств, обычно межродовых, связанных с нарушением норм и принципов в области брачно-семейных отношений. В статье, посвященной этой теме, содержатся такие подразделы, как «Институциональная основа формирования традиционных семейно-брачных отношений», «Функция норм (институтов) левирата и наследования в упорядочивании межбрачных противоречий», «Причины судебных брачных разбирательств», «Объекты и субъекты брачных разбирательств», «Штрафы и другие виды наказаний, применявшиеся в ходе брачных тяжб». В казахском обществе господствовала строгая экзогамия, только через семь поколений потомки одного общего предка могли вступить в брак. Заключение брачных союзов обычно было делом родителей молодых, а также всех взрослых членов двух родовых сообществ. Нередко родители находящихся в младенческом либо совсем юном возрасте детей уже договаривались о будущем

родстве. После уплаты калыма родом жениха роду невесты женщина уже принадлежала роду мужа, если же этот принцип по разным причинам нарушался, то это и было поводом для судебных разбирательств. В статье показаны и проанализированы эти причины. Так, одной из наиболее распространенных причин возникновения межродовых противоречий, связанных с нарушениями брачных принципов, был отказ от вступления в брак невесты или жениха по достижению брачного возраста либо вступление одного из них в брак с другим лицом. Еще одна причина брачных тяжб – вступление в брак с другим лицом после смерти одного из брачующихся, а также нежелание невесты-вдовы выйти замуж за одного из родственников жениха по закону аменгерства, т.е. левирата. Также вдовы тяжбы происходили в случае, если вдова после смерти мужа и годичного траура, нарушая принцип левирата, выходила замуж за представителя другого рода. Если невеста была обвинена в отсутствии невинности, то это также было причиной для обращения в суд. Тяжбы по поводу нарушения брачных обязательств устраивались, если невеста (засватанная, а также преждевременно ставшая вдовой), замужняя женщина или вдова была насильно увезена мужчиной из другого рода. Представляет интерес также описанная в статье система штрафов и других наказаний за нарушение правил брачно-семейных отношений, законов наследования и левирата, вплоть до жестокой смертной казни за насильственный увоз невесты либо замужней женщины, за прелюбодеяние и т.д. В целом, как заключает автор статьи Н. Алимбай, главной целью брачно-семейных тяжб было сохранение в неизбылемости установленных обычным правом, завещанных далекими предками порядков и нравственных ценностей.

Можно также отметить статьи энциклопедии, посвященные теме свадебных обычаев и обрядности. Брачные обряды у любого народа обычно являются самыми привлекательными и занятыми в силу радостного и волнующего характера момента. Так как казахи жили родовыми аулами и придерживались строгой экзогамии, как уже было указано, то брать в жены девушку нужно было из дальней местности. Нередко договор о браке заключали родители брачующихся. В таком случае жених, естественно желая поближе познакомиться со своей нареченной, совершал неоднократно в ее аул «ұрын бару» – тайный, или «воровской» проезд, в ходе которых он имел встречи с девушкой, организовать которые было обязанностью снох. У казахской молодежи именно снохи («жеңге») в делах сердечных играли роль доверенных лиц и помощниц. Отсюда произошло слово, которому в энциклопедии дано объяснение, «жеңгетайлық» – посредничество в отношениях юноши и девушки в период их добрачного общения. Авторами энциклопедии изучены старинные, уже давно вышедшие из обихода, свадебные обычаи, сведения о которых известны благодаря работам известных российских ученых конца XIX – начала XX вв. Н.Гродекова, А.Диваева и др. Как, например «қызкөрсетер/смотрины», «ұрын бару/тайный проезд жениха», «желі тартар/натягивание каната», «ентікпе/одышка», «итырылдатар/рычащая собака», «кемпір елді/старуха умерла», «қызқұшақтар/обнять девушку», «қызкөтерер/поднять девушку», «шашпипатар/по-

гладить волосы», «көрпеқимылдатар/шевелить одеяло», «қызойнақ/игры с девушками» и др., большинство которых, как впрочем, у многих народов мира, носят забавный, развлекательный характер.

В числе забытых в XX веке обычаев – игра-развлечение қымыз ұмсындыру/посудить кумыс, представляющее собой шуточные действия в отношении гостей, преимущественно зятьев. При этом протянутую чашу с кумысом в тот момент, когда гость собирался уже ее взять, неожиданно отводили назад, в таком случае оставшийся с вытянутой рукой человек вызывал всеобщий смех и подтрунивания со стороны участников кумысопития. Еще один из видов народных развлечений описан в статье инемтап/найди иглу, так же был предназначен для увеселения гостей. Для участия в игре приглашается незнающий эту игру человек, ему предлагают спрятать где-нибудь в своей одежде иглу и объясняют, что второй участник игры найдет спрятанную им иглу по запаху. Второй участник игры выходит из курты, якобы для того, чтобы не увидеть, где будет спрятан игла. На самом деле в этот момент он свою шапку густо обмазывает сажой и затем, в ходе «поиска», под смех зрителей пачкает лицо спрятавшего иглу простака-гостя. Бесспорно, все эти описанные традиции и обычаи дают представление об особенностях национального характера, менталитета народа.

Как уже было выше указано, энциклопедия содержит этнографические категории и понятия, бывшие в употреблении в традиционный период истории народа, забытые в советские годы, а также сохранившиеся, продолжающие существовать по сей день, но изменившие свою суть. Многие из них были впервые введены в научный оборот. Существенная часть понятий прежде была в поле зрения других наук, например, филологических, сельскохозяйственных и т.д., и также впервые в настоящем труде стала объектом исследования этнографической науки.

Нелегкую работу составил поиск и исследование значения этих давно позабытых слов и терминов путем изучения многочисленных разнообразных письменных источников, опроса информаторов. Статьи содержат подробный научный анализ неизвестных широкой аудитории понятий, характеризующих качество пастбищ, названия водных источников, названия разводных животных, исходя из их возраста, пола, роли в стаде, состояния и т.д., приспособлений и предметов охоты, ремесла, давно позабытых бытовых предметов, игр и т.д. В качестве совершенно небольшого примера приведем такие термины, как иекартпа, иманкиіз, қашауа, кәшә – общее название плетеных предметов; атбақыл, көтеріспек – названия народной игры; байқұтан – обученная пастушеская собака; байлама – сооружение-западня для охоты на диких животных; абажа, абажа қақпа н– еще одно охотничье приспособление для ловли медведя в виде плетеной коробки; бек – растение, произрастающее на Алтае, семена которого употребляли в пищу; қыл жуғыш – бытовой предмет; бәңші – наркоман, заблудший, падший человек и многие-многие другие.

Авторами энциклопедии изучены научные работы, архивные материалы, фонды редких книг библиотеки, материалы периодической печати, памятники культуры, хранящиеся в музеях, широко использованы фольклорные источники – мифы, легенды, эпические сказания, материалы этнографических экспе-

диций Центрального музея Казахстана. В целом, библиография пятитомного труда содержит более 2000 наименований источников – научных трудов и статей по этнографии, истории, археологии, филологии, литературе, искусствоведению, религиоведению, философии, культурологии, музееведению, зоологии, сельскому хозяйству и т.д. Причем изучена литература, касающаяся не только казахов, но и истории, этнографии и лингвистике кыргызов, туркмен, узбеков, каракалпаков, башкир, якутов, монголов, турков, русских и др. народов. Уместно отметить, что наибольшая часть статей написана на основе русских источников, так как первейшая заслуга в изучении культуры традиционного казахского общества принадлежит, конечно же, дореволюционным российским авторам – ученым, путешественникам, чиновникам и т.д., оставившим богатое литературное наследие по этнографии народа. Широко были также привлечены документы, добытые из фондов центральных и региональных архивов Казахстана и России.

Нельзя не отметить профессиональную дизайнерскую работу, проведенную над многотомником, которая была выполнена руководителем проекта профессором Нурсаном Алимбай, а также Бейбиткали Какабаевым и Муслимом Таттибаевым. Энциклопедия представляет собой красочное, насыщенное иллюстрациями издание. Ее тома включают множество, порядка 6000 изображений музейных предметов, фотодокументов, произведений изобразительного ис-

кусства из фондовых коллекций Центрального музея РК, других музеев – Государственного исторического музея (г. Москва), Государственного Эрмитажа, Российского этнографического музея, Кунсткамеры, а также рисунков, чертежей и схем, созданных самими авторами статей по итогам изучения материалов экспедиций и письменных источников.

Таким образом, рассмотренная нами Этнографическая энциклопедия казахов воссоздает реальную картину жизни и быта казахов-кочевников во всех их проявлениях, отражает своеобразную культуру кочевого общества, дает полное представление о жизни и быте традиционного общества казахов. Данная энциклопедия – достижение не только современной этнологической науки Казахстана, но и лингвистической. К жизни возвращены десятки забытых слов, которые бесспорно обогащают не только науку, но и современный казахский язык. Трудно переоценить вклад в науку, который сделан авторами этого исследования. Труд вполне заслуживает быть отмеченным высокими наградами, в том числе Государственной премией Республики Казахстан в области науки и техники. Единственным большим пожеланием для коллектива авторов и издателей будет осуществление перевода энциклопедии на другие языки, в первую очередь, на русский язык, что было бы вкладом в популяризацию казахской культуры и большим подспорьем для изучающих этнографию народа исследователей.

МӘДЕНИ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ ДА ЖОҒАРЫ ЭНЦИКЛОПЕДИЯ

Аяжан САҒИҚЫЗЫ,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Әл-Фараби Халықаралық орталығының аға ғылыми қызметкері,
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
Ғылым комитеті Философия, саясаттану және дінтану
институтының бас ғылыми қызметкері,
философия ғылымдарының докторы, профессор



Категориялар – мәдениеттің игілігі, олар объективті мәдени-онтологиялық мазмұнға ие. Категориялар мәдени-тарихи сипатқа ие. Олардың мәдени-тарихи мағынасы тарихи кезеңдерге байланысты трансформацияланып отырады. Жалпы мәдениет категориялардың формасы мен мазмұнын анықтайды. Философия тарихында категориялар мәселесі өте маңызды орын алған, негізгі тақырыптардың бірі болып табылады. «Категориялар» деген трактат жазған Аристотельден бастап, бүкіл философия тарихында категориялардың мазмұны мен мәнін талдайтын еңбектер жетіп жатыр. Бұл жалпы категориялардың мәдениеттегі рөлі мен орнының өте маңызды екенін көрсетеді.

«Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» деп аталатын 5 томдық энциклопедия-ғылыми, мәдени маңыздылығы өте жоғары іргелі, елеулі еңбек, қазақтануға арналған баға жетпес дүние. 2005 жылдан бастап жүзеге асырылған «Мәдени мұра» бағдарламасынан бастап алған энциклопедия қазақ халқының рухани, материалдық мәдениетіне, тұрмыс-тіршілігіне, дүниетанымы мен дүниеге қатынасына байланысты пайда болған категориялар мен ұғымдардың мазмұнын ашуға бағытталған. Осы жылдардан бері екінші рет өңделіп басылып отырған бұл жұмыс қазіргі күні ғылыми ортада кеңінен танылды, оқу процесінде қолданысқа енуіне байланысты жалпы оқырман қауымының сүйікті шығармаларының біріне айналған құнды

басылым болып отыр. Ғылыми басылымдарда бұл энциклопедия туралы өте жақсы пікірлер жарық көрді.

Энциклопедия он мыңнан астам этнографиялық категориялар, ұғымдарды, атауларды қамтиды. Осы уақытқа дейін осындай ауқымды, жүйелі еңбек жасалмағаны белгілі. Бұл – қазақстандық ғылымдағы ең бір елеулі жаңалық.

Қазіргі күні қазақстандық қоғамда болып жатқан әлеуметтік трансформациялар, жаңару процестері рухани әлемде, қоғамда қалыптасатын құндылықтар жүйесіне әсер ететіні белгілі. Тиімді әрі табысты модернизациялау және мәдени даму – бір-бірімен тығыз байланысты процестер. Жалпы алғанда, рухани дамусыз тәрбие берудің мәдениеті, білім мен ғылымсыз сапалы түрде мемлекетте жаңару процесін жүргізу мүмкін емес. Осы процестер қоғамда күтілетін нәтижелермен сәйкес келуі үшін, олар дәстүр мен мәдениетке негізделуі керек.

Егемендік алғалы бері республикада ұлттық сана-сезім күшейіп келеді, қазақ қоғамында адамдардың, әсіресе жастардың мәдениетке, тарихқа деген қызығушылығы артып отырғандығын байқаймыз. Оны оқу орындарында оқитын жастардан көріп жүрміз.

Біз қазіргі күні қазақ халқының мәдени-тарихи мұрасын зерттеуде «қазақ ренессансы» деп атайтындай кезеңге де жеткен сияқтымыз. Философтар, мәдениеттанушылар, тарихшылар, әдебиеттанушылар, тіл мамандары халқымыздың сан ғасырлық бай мұрасын реконструкциялап, өзекті бағыттарды анықтап, зерттеулер жүргізуде. Елбасы «Қазақстан-2050» Стратегиясында «дәстүр мен мәдениет – ұлттың генетикалық коды» деген болатын.

Саяси, экономикалық пайда өткінші, өтеді де кетеді, ал руханият, мәдениет мәңгі. Жеке тұлғаны тәрбиелеу, білім беру процесі оны әлеуметтік-мәдени кеңістікке енгізумен тікелей байланысты. Тұлғаны тәрбиелеудің негізгі әлеуметтік қызметі –

тарихи, мәдени құндылыққа қатысты бағдарларды, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды игеру мен борыш пен жауапкершілікті түсінумен байланысты. Ең бастысы – ұлттық бірегейлігімізді қалыптастыруда олардың маңызы зор. Энциклопедияда ұрпақтан ұрпаққа құндылықтарды, білімді жеткізудің жүйесі мен механизмдері кеңінен зерделенген.

Бүгінгі оқырмандарға, ғылыми қауымға ұсынылып отырған энциклопедияның гуманитарлық мәні, маңызы өте жоғары. Қазіргі ақпараттық-техникалық инновациялар дәуірінде прагматизм басым, қоғамдық санада «антропологиялық кернеу» күшеюде. Өткен тарихқа көз жүгіртсек, рухани жаңғырудың, қоғамды гуманизациялаудың маңызының ерекше екенін көреміз. Сондықтан энциклопедиялық жұмыс қазақстандық ғылым ғана емес, әлемдік ғылым үшін ерекше маңызға ие деуге болады. Әсіресе қазақстандық жастарға білім беруде, тәрбиелеуде қол жеткізбейтін дүние. Өйткені болашақ жастардікі. Социумның прогрессивтілігі жастардың моральдік-адамгершілік күйіне, жағдайына байланысты. Сондықтан ұлттық құндылықтарды жастардың игеруі олардың шығармашылық тұрғысынан өсуіне, әлеуметтік тұрғыдан жетілуіне ықпал етеді.

Қазақтың тарихи этнографиясына арналған энциклопедияның қазіргі күнгі ғылым ғана емес, болашақтағы ғылымның дамуына қосатын үлесі ұшан-теңіз. Өйткені болашақта қаншама зерттеулер, диссертациялық еңбектер, кітаптар, мақалалар осы еңбектен бастау алары сөзсіз. Өз басым қарастырылып отырған энциклопедияны қазақтануға қосылған баға жетпес еңбек ретінде бағамдаймын. Сондықтан да «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты ғылыми энциклопедия Әл Фараби атындағы Қазақстан Республикасының ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлығына ұсынуға лайықты. Шығармашылық ұжымның атқарған еңбегі орасан зор, ол міндетті түрде бағалануы тиіс.



РУХАНИ ҚАЗЫНА ТУРАЛЫ ҚҰНДЫ КІТАП

Ә.Ә.ӨТЕБАЕВА,
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
Ғылым комитеті А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Этнолингвистика бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері,
филология ғылымдарының кандидаты

2014 жылы ҚР Мемлекеттік Орталық музейінде белгілі этнолог ғалым проф. Нұрсан Әлімбаевтің жетекшілік етуімен «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен

атауларының дәстүрлі жүйесі» атты 5 томдық іргелі еңбек, энциклопедия жарық көрді. Қазақ тарихында бұл тәрізді күрделі еңбек қазақ мәдениетіндегі үлкен ғылыми жаңалық болды.

Бұл энциклопедияны ең алдымен егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болып отырған қазақ халқының өзінің бай рухани байлығын өз тілі арқылы танып-білуге, болашақ ұрпаққа мұра етіп қалдырып, ұрпақ жалғастығын сақтауға бірден-бір қажет күрделі еңбек деп санауға болады. Аталған еңбекте отандық этнология ғылымының сан жылғы дамуының нәтижесі, әрі қорытындысы көрініс тапты деуге болады. Энциклопедия қазақы ортадағы қоғам, адам және қоршаған табиғи ортаның арасындағы сан-салалы қатынастардың субъектілерін, объектілерін және осы қатынастардың жүзеге асырылу жолдары мен механизмін бейнелейтін этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларды қамтиды.

Бұл еңбекте дәстүрлі қазақы ортада тікелей қолданыста болған этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атаулар, яғни лингвистикада когнитивтік түзілістер деп аталатын бірліктер қарастырылған. Лингвистикалық және этнологиялық зерттеулер үшін когнитивтік бірлік-түзілістердің танымдық тағылымының айрықша екендігі айқын. «Этностың өз тілі арқылы өзін тани білу» - ең алдымен оның тіл қазынасында сақталған сөз маржандары мен ой маржандарын сараптап, ғасырлар бойы қалыптасқан дүниетанымымызды, өмір-тіршілік тағылымы мен салт-дәстүрімізді т.б. сан алуан асыл дүниемізді саралау, санамызға сіңдіре білу деген сөз.

Энциклопедияның түпкі мақсаты ұлттық сананы саралап, қазақтың ментальдық қасиеті мен салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты тереңінен шолып, жас ұрпақтың дүниетанымын кеңейте түсу. Ендеше, қазақ халқының барша байлығы мен асыл қазынасының қайнар бұлақтарының көзін ашып, қойнау-қолтықтарында ғасырлар бойы сақталып, атадан балаға, ұрпақтан нәсілге рухани мұра болып келе жатқан сөз байлығын жинақтап, сұрыптап, мән-мағынасын ашып, түсіндіріп, көптомдық энциклопедиялық сөздік түрінде болашақ ұрпақтың игілігіне айналдыру – аталмыш еңбектің ең басты мақсаты.

Алғашында аталған еңбек 2000 данамен ғана шықты. Кейіннен энциклопедияның екінші басымы толықтырылып, қайта өңделіп 2017 жылы жарық көрді. Бұл басылым тың тақырыптарды игерген көптеген жаңа мақала-зерттеулерді енгізілуімен ерекшеленеді.

Еңбекте кейбір көне сөздердің мағынасы, мыңдаған фразеологизмдердің этномәдени семантикасы ашылған. Біздің күнделікті тілдік қорымызда өткен өмірді бейнелейтін ұғымдар мен атаулар көптеп кездесетіні белгілі. Бірақ та олардың біразы күнделікті қарым-қатынаста айтылса да, бәрі бірдей бүгінгі ұрпаққа айқын бола да бермеуі мүмкін. Олардың арасында қолданыс аясы тарылып, о бастағы

мағынасының күңгірттеніп, не мүлдем ұмыт болғандары да аз емес. Бұл еңбек жойылуға айналған осындай ұғымдарды немесе мағынасы солғындаған, тіпті тілімізде өзі сақталса да, халықтың есінде, жадында оның бір замандағы айқын-анық лексикалық мағынасы ұмыт болған тіпті айтылудан қалған көптеген этномәдени категорияларды, ұғымдар мен атауларды ғылыми айналымға енгізіп отыр.

Дәстүрлі көлік атауларына қатысты ұғым түсініктердің, тілдік бірліктердің мол қамтылуы еңбектің терең әрі мазмұндылығынан көрініс береді. Мысалы, бір ғана *арбаның* жалпы атауын ғана білетін біздер оның қазақ көшіне кейін араласқанын, оған дейін көлікке мінуге жарамайтын жасы үлкендерге, бала-шағаға арнап «*сүйреткі*» деп аталатын көлік құралы қолданылғанын білдік. Сол сияқты, «пошта қызметі» мағынасын білдірген *лау* – қазақ даласында XIX ғасырда пайда болғанын, жолаушыларды жеткізіп салуға арналған арнайы көлік атауы болғанын, *лау* көлігімен жолаушыны жеткізуді – *лау тарту* деп аталғанымен таныстық. Ал су көлігі *салды* біле бермейтініміз тағы бар. *Сал* – бөренеден, қамыстан, буылған тал бұтақтарынан жасалған қарапайым жүзу құралы. *Сал* арқылы су жолымен адамдарды, жүктерді тасымалдаған. Су көлігі өзен-көл маңайында өмір сүретін қазақ халқы үшін ең ыңғайлы уақытша қатынас құралы болған. Бірақ арасына су сіңіп, көтеру қасиеті төмендеген сайын қолданыстан шығып отырған. Бір жазға ғана шыдайтын мұндай су көлігі уақытша қолдануға ғана жарамды болған. Көбінесе мұндай салдарды көш барысында, әскери жорық кезінде өзен-көлдерден өту үшін қолданған екен.

Осындай құнды деректерге бай еңбек әр қазақтың үйінде болуы тиіс. Бұл еңбекпен танысқан адамның ел мен жерге, салт-дәстүрімізге, халықтың байырғы тәжірибелік біліміне, еңбекке деген құрметі артып, адамдық болмысын қалыптастыруда оны өзіне сенімді серік ете алады. Сондықтан осындай құнды кітапты, жастарды ұлттық рухта тәрбиелеу ісіне айрықша қызмет ететінін ескеріп, көп таралыммен қайта басып шығару өте қажет деп санаймын. Энциклопедия жарияланған уақыт (2014) ішінде өзінің аса қажетті еңбек екенін танытып отыр. Жазылып та, айтылып жатқан пікірлерге қарағанда, бұл ұжымдық еңбек қазақтың түрлі салт-дәстүрлері мен жосын-жоралғыларын нақты деректермен дәлелдейтін этнографиялық құндылығы жоғары еңбек деп бағалаймын.

Ұсынысым: аталған энциклопедия Әл Фараби атындағы Қазақстан Республикасының ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлығын алуға әбден лайық деп санаймын.



ҮЗДІКСІЗ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ БІЛІМ АЛУҒА ДА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ

М.Қ.ЕГІЗБАЕВА,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Археология, этнология және музеология
кафедрасының доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты

Орталық музей қызметінің басты бағыттарының бірі, әрі қоғаммен байланыс орнатудың негізгі жолы басылымдар корпусы – музеографиялық өнімдері. «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты 5 томдық энциклопедияда қазақ халқының дәстүрлі тіршіліктің маңызды орын алатын мұралардың қолданыстық аясы, мәденигенезі, жасалу және таралу үрдісі қамтылған.

Ұжымдық еңбектің авторлары далалық этнографиялық экспедиция материалдарын өңдеп, мақала мақмұнына қосып отыруы мақалалардың ғылыми әлеуетінің ерекшелігін көрсетеді.

Қазіргі таңдағы ғылыми-теориялық қарекет музейлік этнографияға басқаша көзқарастың болуын, яғни қазіргі өскелең қоғамның талаптарына сай бейімделуін, музей ісін ұйымдастыруда түбегейлі бетбұрыстардың, жаңа методологиялық көзқарастың болуын, музейлердің ғылыми-техникалық базасын қалыптастыруды, оны практикамен ұштастыруды талап етеді. Осы тұрғыдан келгенде бұл бес томдықтың оқырман қауымға «үздіксіз» білім алуына мүмкіндік береді. Бес томдық энциклопедия қазақ халқының байырғы, яғни дәстүрлі тұрмысы мен тіршілігіне қатысты барлық қырын қамтыған. Тіпті, Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясында қамтылмаған мәліметтерді осы еңбектен табуға болады. Мысалы, Ұлттық Энциклопедияның ғылыми-танымдық маңызы жоғары болса да «Мөр», «Мөрлі жүзік» сияқты тақырыптарды қамтымаған. Ал, «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» энциклопедиясында қазақ әлеміне қатысты іздеген мәліметтің барлығын бере алады.

«Атақоныс», «Жайылым», «Қыстау», «Көктеу», «Жайлау» «Күздеу» мақалаларында көшпелі мал шаруашылығын кәсіп еткен қазақтардың мерзімдік қоныстарды таңдау, қоныс иемдену, мерзімдік қоныстарда болу уақытын, қоныс көлемі сараланған. «Көш жолдары», «Адай жолы», «Табын жолы», «Сәтбай жолы», «Тау жолы»

сияқты мақалаларда көшпелі қазақтардың қыстаудан жайлауға көшу қашықтығын, жол бойындағы суаттар, көш бағыттарындағы жер-су аттары, көшке шығу салтанаты, көш жолында ұстанатын ғұрыптар туралы қызықты мәліметтер қамтылған. «Қамбар ата», «Ойсыл қара», «Зеңгі баба», «Шопан ата», «Сексек ата» мақалаларында төрт түлік малдың пірлері мен оларға қатысты қазақ халқының танымы, ғұрыптары, көршілес түркі халықтарынан ерекшеліктері айтылады.

«Арық ақсақал», «Мұрап», «Әлі Шынар», «Шығыр», «Қарабура салу» мақалалары егіншілік дәстүрді дамытудың қыр-сырын талдаған.

Жер, су, өсімдік, өзен, көл, теңіз сияқты табиғат әлемін Ұлттық Энциклопедия географиялық тұрғыда қарастырса, қолымыздағы «зерттеу нысаны» оларды дәстүрлі тұрмыста, адам қажетіне пайдалану, «адам және табиғат» арасындағы қарым-қатынас тұрғысынан қарастырған. Мысалы, «Жыңғыл» атты мақалада жыңғылды отын ретінде пайдаланумен қатар, тұрмыс қажетін өтеудегі маңызы жазылған. Жыңғыл бұтақтарын шауып, үй қоршайтын шарбақ, мал қора жасау, бұтағынан қамшының сабын, аңға салатын қақпанның кілтін жасау, құдық шегендеуге пайдалану әдістерін жазған. «Жусан», «Жалбыз», «Адыраспан», «Дермене», «Итсигек», «Алабұта» т.б. мақалаларда шөптерді халықтық этномедицинада пайдалану шараларын жазған.

Аталмыш еңбек әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Археология және этнология», «Этнология және антропология», «Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандықтарының бакалавриат, магистратура, докторантура оқу бағдарламаларына, мамандықтарды әдебиет-термен қамтамасыз ету картасына енгізілген.

Біз университет этнологтары ұжымы болып, осы еңбекті Әл Фараби атындағы Қазақстан Республикасының ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлықты иемденуге лайық жұмыс деп санаймыз.

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЭНЦИКЛОПЕДИЯНЫҢ ҮЗДІК ҮЛГІСІ

Жазира ТЕРЕКБАЕВА,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Археология, этнология және музеология
кафедрасының аға оқытушысы, PhD



Қолымыздағы 5 томдық «этнографиялық энциклопедия» – музейлік этнография объектісін, материалдық мәдениетпен қатар материалдық емес мәдениет мұраларын ғылыми-танымдық тұрғыда түсіндірудің күрделі жүйесі. Сондай-ақ музей интерпретациясы және музейлік дискурс ұғымын ғылыми-практикалық тұрғыда игерудің, нәтижесін басылым түрінде танытудың озық үлгісі деп тануға болады.

Бұл энциклопедия – материалдық емес мәдениет мұраларының отандық тұңғыш ғылыми-танымдық түсіндірме сөздігі. Энциклопедия мазмұнын құрайтын, материалдық емес мәдениет мұраларына қатысты ұғымдар мен танымдар, музей қызметкерлері мен авторлар ұжымының далалық этнографиялық зерттеулері нәтижесінде жазылған. Мақала мазмұнын ашатын тарихи фото сақталмаған жағдайда, графикалық сызба, суреттер реконструкциясы арқылы берген.

Мен өзім докторлық диссертациямды қазақ халқының дәстүрлі көлік жүйесін зерттеуге арнадым. Зерттеу кезінде осы энциклопедия маған қолданбалы этнология бағытында деректік базаны, практикалық бағыт-бағдар алуға негіз болды.

Қазіргі таңда ғылыми қолданысқа енген музейлік этнография бағытындағы жаңа объектілерінің ішінде артефакттардың материалдық емес қорын қалыптастыру өзекті мәселелер қаатарына енген екен. Музейлер қорындағы этнографикалық коллекция-

лар этностардың материалдық мәдениетін (тұрмыстық, шаруашылық, кәсіптік) ғана емес, материалдық емес мәдениет мұраларын (дәстүрлер, сенімдер, фольклор) да көрсетеді. Еңбекті жазу әдістемесінде қолданылған тілдік ерекшелік – тарихи, мифологиялық, этнографиялық контекстердегі сипаттауға, саралауға қатысты метатілдерді қолданудың ерекше үлгісінің бірі. 5 томдық бұл еңбектің халыққа, өңір кітапханаларына, облыстық, өңірлік музейлерге таралуы үшін екінші рет қайта басылып шыққаны – қажеттіліктен туындаған оңтайлы іс.

ҚР Мемлекеттік Орталық музейдің авторлық коллективі (жетекшісі проф. Нұрсан Әлімбай) жазған «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының жүйесі» атты іргелі ғылыми 5 томдықтың ғылыми-танымдық салмағы жоғары екеніне бұл күні ғылыми ортаның, оқырман қауымның көзі анық жетті. Бұл көптомдықтың отандық, тіпті шетелдік «музейлік этнография» ғылымындағы тұңғыш «этнографиялық энциклопедия» екені анық. Аталмыш еңбек музейдің ғылыми-зерттеу мекемесі ретіндегі статусын берік сақтауына толық кепілдік бола алады.

«Қазақтың дәстүрлі этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты 5 томдық іргелі еңбекті Әл Фараби атындағы Қазақстан Республикасының ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлыққа лайық деп есептейміз.



ТАРИХИ-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ АНТАЛОГИЯ

К.Б.КУДЕРИНОВА,

**С.Демирел атындағы университетінің «Тілдік білім беру»
кафедрасының профессоры, «Қолданбалы лингвистика»
зертханасының меңгерушісі,
Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының
докторы, профессор**

Ғылыми сараптамаға түсіп отырған энциклопедияның ең басты ерекшелігі – қазақтың тарихи этнографиясы дәстүрлі қазақы ортадағы қолданыста болған категориялар, ұғымдар мен атаулар жүйесі арқылы зерттеп зерделеніледі. Өйткені, осынау бірегей еңбектің ғылыми редакторы әрі негізгі авторларының бірі профессор Нұрсан Әлімбаев образды айтқандай, аталмыш жүйе көшпелілердің сан ғасырлық мәдени-шаруашылық тәжірибесінің менталдық-интеллектуалдық «резервуар-қоймасы» іспеттес. Бұл интеллектуалдық «резервуар-қойма» аталмыш тәжірибені ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыратын беріліс механизмі функциясын да атқарды. Сонымен бірге, жоғарыда айтылған қазақтың тарихи этнографиясын сан алуан, сан салалы «қиыр-шиыры» шексіз мәселелердің ғылыми энциклопедиялық форматта аталмыш этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атаулар тұрғысынан зерттеу, өздеріңіз көріп біліп отырғандай, методологиялық тұрғыдан да айрықша тиімді болып шықты. Ең алдымен осындай когнитивтік ұстаным авторларға бұған дейін отандық этнология ғылым саласындағы кезінде қал-қадерінше зерттеп зерделенген мәселелермен қатар, әртүрлі себептермен зерттеушілердің сан ұрпақтарының назарынан тыс қалып келген өзекті тақырыптарды «инвентаризациялауға» мүмкіндік берді. Нәтижесінде жаңа ғана менің алдымда сөйлеген ғалымдар атап өткендей, энциклопедияның мазмұнын құрайтын барлығы 5846 мақалада ұзын саны 10 000 астам әлеуметтік-мәдени және когнитивтік антропологияда когнитивтік бірліктер немесе модустар деп аталатын көшпелі қазақы ортада ғана қолданыста болған категориялар, ұғымдар мен атаулардың мән-мағынасы ашылған. Осы тұрғыдан алғанда, аталмыш тарихи-этнографиялық энциклопедияның этнологиялық қана емес, отандық тілтану ғылымы үшін өлшеусіз маңызы бар екендігін ерекше екшеп айтқым келеді.

Энциклопедияның ғылыми аппараты мен

деректік негіздері өзінің ғылыми қисындылығымен және молдығымен ерекшеленеді. Мысалы, энциклопедияның әр томының соңында пайдаланылған әдебиеттер мен деректердің тізімі 1) зерттеулер, 2) мұрағат материалдары, 3) жарияланған тарихи және этнографиялық деректер, 4) халық ауыз әдебиеті, әдеби шығармалар, 5) сөздіктер, энциклопедиялар және библиографиялық көрсеткіштер, 6) діни әдебиеттер деп жеке-жеке топтастырылып, жалпы саны 1900-дей еңбектің қамтылғаны толық көрсетіледі. Сонымен бірге Қазақстанда, Қытай мен Моңғолияда шығатын, энциклопедияны жазу барысында баспасөз материалдары да пайдаланылған.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі, Ресей этнографиялық музейі мен әйгілі Кунсткамера деген атпен белгілі Ұлы Петр атындағы Антропология және этнография музейі қорларындағы қазақтың тарихи этнографиясына қатысты жазба, бейне, заттай артефактілердің қарастырылып отырған энциклопедияда молынан қолданыс табуының, сөз жоқ, оның деректік һәм теориялық сапасын арттыруда өлшеусіз маңызы болды.

Құрметті әріптестер, мен кезінде 2011-2014 жылдары аралығында жарық көрген энциклопедияның бірінші басылымына арнайы рецензия жазып едім (Ақиқат. Ұлттық қоғамдық-саяси журнал. 2015. № 12. 95-100-бб.). Сол рецензияда осы еңбекті қазақтың дәстүрлі мәдениетінің антологиясы ретінде бағамдаған едім. Осы бағамдауды енді сапалық жағынан да, көлемі мен полиграфиялық деңгейі тұрғысынан да әбден жетілдірілген энциклопедияның екінші басылымына қатысты да кәміл сеніммен айта аламын. Ғылыми орта, қалын оқырмандар үшін де, тіпті қазақ мәдениетін халықаралық деңгейде дәріптеу тұрғысынан да айрықша бірегей ғылыми туынды болып табылатын 5 томдық іргелі еңбекті Әл-Фараби атындағы Қазақстан Республикасының ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлыққа әбден лайық деп санаймын.

БІРЕГЕЙ ҒЫЛЫМИ- ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ТУЫНДЫ

Б.Д.ДАНДЫҒАРАЕВА,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі
директорының музейлік менеджмент және маркетинг
жөніндегі орынбасары



Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі қабырғасында этнографиялық ғылым, профессор Нұрсан Әлімбайдың тікелей жетекшілігімен және ғылыми редакторлығымен орындалып, жарық көрген «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты бестомдық энциклопедияны жүзеге асыру идеясы туындаған кезеңнен бастап басы-қасында болдым десем артық айтпаған болар едім. Энциклопедияның жазылу барысында таңды-таңға атырып жасалған жұмыстың куәгері болдым. Бұл бес томдық бірегей ғылыми энциклопедияны қыруар еңбектің, уақытпен санаспай жұмыс істеудің жемісі деуге әбден болады. Сонымен қатар бұл ғылыми энциклопедия оны орындаушы авторлық ұжымның жоғары кәсіби шеберлігі мен табандылығының арқасында жүзеге асты. Осындай қыруар жұмыс нәтижесінде, жаңа ғана форумның қатысушыларының біразы айтып өткендей, аталмыш еңбекте дәстүрлі қазақы ортада қолданылған 10 000-нан астам этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атаулар жан-жақты зерттелінді. Жұмыс отандық және шетелдік ғылыми ортада энциклопедиялық сапалы зерттеу ретінде жоғары бағаланды. Ол туралы отандық қана емес, шетелдік Web of Science және Scopus беделді ақпараттық базалы халықаралық ғылыми басылым беттерінде жарияланды.

Аталған ғылыми жұмысты жазу барысында профессор Нұрсан Әлімбайдың ғылыми негіздеуі мен тұжырымдауы арқылы негізгі әдіс ретінде әлеуметтік, мәдени және когнитивтік антрополо-гияда кеңінен қолданылатын когнитивтік тәсіл қолданылды. Бұл тәсілдің мәні этнографиялық категориялар, ұғымдар және атауларының дәстүрлі жүйесінің

мазмұнын толыққанды зерттеп, когнитивтік бірліктердің тарихи-мәдени семантикасын ашуға мүмкіндік беруінде жатыр. Сөз болып отырған бұл зерттеу тәсілінің және оның тиімділігі мен эвристикалық мүмкіндігі ұсынылып отырған ғылыми энциклопедия материалдарынан айқын көрінеді.

Қазіргі таңда отандық бірқатар жоғарғы оқу орындарында энциклопедия әлеуметтік және гуманитарлық ғылым салаларындағы оқытушылар, докторанттар, магистранттар және бакалавр-студенттер үшін көрнекі оқу құралы ретінде пайдаланылып жүр. Сонымен қатар, аталмыш еңбек отандық музейлердегі сан алуан артефактілерді, соның ішінде, этнографиялық құндылықтардың ғылыми атрибуциясын жасауда таптырмайтын методикалық көмек беретін әрі күнделікті пайдаланатын ауқымды тарихи-мәдени ақпарат көзіне айналған құнды да, көрнекі ғылыми оқу құралы екендігін ерекше атап өткен жөн.

Құрметті дөңгелек үстелге қатысушылар! Бүгінгі дөңгелек үстел жұмысына елімізге белгілі 40-тан астам ғалымның қатысып, ғылыми пікір білдіруі – аталмыш этнографиялық энциклопедияның құндылығын аңғартса керек. Сәтімен орындалған бұл іргелі бестомдық этнографиялық энциклопедияны Орталық музейдің ғылыми жұмысқа қабілеттілігінің, отандық музейлер арасындағы ғылыми әлеуетінің көрсеткіші десе де болады. Осы игі дәстүрді республиканың барлық музейлері өз тәжірибесіне енгізуі тиіс деп есептеймін. Осы қисын тұрғысынан аталмыш энциклопедияны Әл-Фараби атындағы Қазақстан Республикасының ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлыққа ұсынуға әбден лайық еңбек деп есептеймін.

Құрметті форумның қатысушылары! Сөз болып отырған этнографиялық энциклопедияны талқылауға 17 ғалым қатысты. Жиналғандардың бәріне жоғарыда айтылған себептерге байланысты сөз берудің мүмкіндігі болмады. Айыпқа бұйырмаңыздар. Бірақ сіздердің де аталмыш энциклопедияның ғылыми-танымдық, ғылыми-қолданбалы, тіпті саяси тұрғыдан алғанда да маңызын қолдайтындарыңызды жақсы білемін. Форумның қатысушылары осынау, сөз жоқ, бірегей басылымның, біріншіден, ғылыми-танымдық тағылымын, екіншіден, жоғарғы және орта білім беру оқу орындарының студенттері мен оқытушылары үшін қазақтың дәстүрлі мәдениеті, шаруашылығы, тіршілік цикліне байланысты ғұрыптық-салттық харекеттер жүйесі, байырғы дүниетанымы сияқты іргелі мәселелер жөнінде толықмәнді ақпарат алуға мүмкіндік беретін көрнекі оқу құралы функциясын атқаратындығын, үшіншіден, музей қызметкерлері үшін де тарихи-мәдени құндылықтардың атрибуциясын жасауға әдістемелік негіздеме болатындығын айрықша атап өтті. Сонымен бірге ғылыми талқыға түсіп отырған энциклопедияның тағы бір ерекше құндылығы қазіргі кезеңде жаһандану жағдайында, әсіресе, цифрлық технологияның тегеуірінді ықпалымен ұлттық дәстүрдің әуеселесінің әлсіреу жағдайында айрықша көрінетіндігін ерекше екшеп айтқым келеді. Бұл жайтты форумға қатысушы ғалымдардың біразы тәптіштеп атап көрсетті де.

Құрметті әріптестер, күні бүгінге дейін талқыланып отырған ғылыми энциклопедияға еліміздің және шетелдің беделді ғылыми басылымдарында көрнекті ғалымдардың тарапынан 16 рецензия жазылып, жарияланыпты. Солардың ішінде Scopus және Web of Science базасындағы халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдар қатарындағы Түркияда басылып шығатын төмендегі басылымдардағы түрік ғалымдарының энциклопедияны жоғары бағалаған рецензияларын айтуға болады:

1) Профессор Yerke Ozer. Alimbay, N. (Ed.), Kazaktin Etnografiyalik Kategoriyalar, Ugimadar Men Ataularinin Dasyurli Juesi, Memlekettik Ortalik Muzeyi, Almati, 2011. // Milli Folklor, 2015, Yil 27, Sayi 105. – 155-158. <http://www.millifolklor.com> ISSN 1300-3984;

2) Профессор Derviş. M. Kiliçkaya (Дервиш Клинкакая) (Kitap Değerlendirmesi). Nursan Alimbay. (ed.). “Kazak Halkının Etnografik Kategorisi, Kavram ve İsimlerinin Geleneksel Sistemi. 1-5 cilt” // Cumhuriyet Tarihi Araştırmaları Dergisi, Yıl 15, Sayı 30 (Güz 2019). – P. 417-423.

Сонымен, біздің форумға жиналғандардың баршасы «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты талқыланған бестомдық ғылыми энциклопедияны бірауыздан Әл Фараби атындағы Қазақстан Республикасының ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлыққа ұсынуға әбден лайық еңбек ретінде бағамдады. Көп рақмет!

Қадірменді «дөңгелек үстелдің» қатысушылары! Онлайн форматтағы осы форумды ұйымдастыруға өз үлесін қосқан журналдың редакциясы сіздерге алтын уақыттарыңызды бөліп, осынау, сөз жоқ, бірегей ғылыми-этнографиялық энциклопедияға әділ баға бергендеріңіз үшін риясыз алғысын білдіреді.

Форумға Қазақстанның әр тарапынан 40-тан астам ғылыми-зерттеу мекемелерінің және жоғары оқу орындарының білікті мамандарының белсенді түрде атсалысуы энциклопедияның өлшеусіз танымдық тағылымын да, оның қазіргі кезеңдегі күшейе түскен жаһандану жағдайындағы саяси-идеологиялық маңызын да айрықша айғақтаса керек. Өкінішке орай, журналдың қатысушылардың

бәріне сөз беруге мүмкіншілігі тым шектеулі ғой. Айыпқа бұйырмаңыздар. Ең бастысы, осы форумға атсалысқандардың баршасы ғылыми талқыға түскен энциклопедияның қазақ әлемі деп аталатын күрделі де шексіз дүниені әр қырынан танытатын бірегей ғылыми туынды екендігін әділ атап өтіп отыр.

Журнал редакциясы бұл энциклопедияны Қазақстан Республикасының Әл Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлыққа ұсынуға лайықты туынды деп санаған форумға қатысушылардың ортақ пікірлеріне толық қосылады. Осымен онлайн форматта ұйымдастырылған форумның жұмысын аяқтауға рұқсат етіңіздер. Рахмет!

Редакциядан

ҒТАХР/IRSTI/МРНТИ: 03.20.20

Зере МАЙДАНӘЛІ,
т.ғ.к, проф., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: zeremmm@mail.ru

АЛТЫН ОРДА МЕМЛЕКЕТІ: жаңа тарихи көзқарастар мен ғылыми тұжырымдар

Мақалада Алтын Орданың саяси-әлеуметтік өзгерістері және трансформациясын зерделеудегі тарихи ілімнің прогресі анықталады. Зерттеудің жаңа методологиялық қағидалары негізінде қоластындағы отырықшы-егінші халықтармен өзара іс-қимылдар және өзара ықпалдасу үдерісі айқындалады. Алтын Орданың саяси тарихы мәселелері бойынша заманауи тарихи ғылымның теориялық-концептуалдық көзқарастары, көшпелі мемлекеттіліктің өміршеңдігі мен іс-әрекеттерінің зерттеу парадигмалары мен қағидалары ашып көрсетіледі. Сонымен бірге өткен тарихи тәжірибенің өзектілігіне және экстраполяциясына ерекше мән беріледі, мұның өзі көшпелі өркениеттің бүкіләлемдік-тарихи жүйесіндегі орны мен рөлін белгілеуге көмектеседі. Заманауи тарихи ой-сана жаңа теориялық-концептуалдық біліммен толыққан сайын, Алтын Орданың саяси тарихына ескірген көзқарастардан арылуға жол ашады.

Түйінді сөздер: Алтын Орда, мемлекет, империя, көшпенділер, ғылыми парадигмалар, күш, идеология.

Zere MAIDANALI,
Ph.D., Associate Professor, e-mail: zeremmm@mail.ru
Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

STATE OF THE GOLDEN HORDE: *new historical approaches and scientific conclusions*

There are considered different approaches and methods of the study of the shaping and operating the political system of Golden Horde. The onward development to modern history thought in study social-political sphere of the nomadic formation is shown. Main conceptual positions and methodological paradigms to problem "leading a nomadic life empire" are considered. Analysis of the modern historiography of the foundation of the political system and social structures of the Golden Horde, interaction and mutual influence with subordinate sedentary agricultural people, determination of the dynamics and continuity of ideological processes through new methodological principles of research practice. At the same time, the actualization and extrapolation of previous historical experience are of particular importance, which makes it possible to mark an adequate place for a nomadic civilization in world-wide historical processes as part of world history. Debate and conflicting conclusions of modern historical science reflect the level of theoretical and methodological approaches and show lack of logical tools for understanding the essence and nature of social and political change in nomadic societies. Modern historical thought is determined by new theoretical and conceptual approaches and the rejection of stereotypical views on the political history of the Golden Horde.

Keywords: Golden Horde, state, Empire, the nomads, the scientific paradigm, power, ideology.

Зере МАЙДАНАЛИ,
к.и.н., доцент, Казахский национальный университет имени
аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы. e-mail: zeremmm@mail.ru

ГОСУДАРСТВО ЗОЛОТАЯ ОРДА: *новые исторические подходы и научные заключения*

В статье рассматриваются теоретико-концептуальные подходы современной исторической науки по проблемам политической истории Золотой Орды, выявлены исследовательские парадигмы и принципы существования и функционирования кочевой государственности. Показан прогресс исторического знания в изучении проблем социально-политических изменений и трансформации Золотой Орды. Определены процессы взаимодействия и взаимовлияния политических структур с подвластными оседло-земледельческими народами, динамика и преемственность идеологических процессов на основе новых методологических принципов исследования. При этом особое значение имеют актуализация и экстраполяция предшествующего исторического опыта, что позволяет отметить адекватное место кочевой цивилизации во всемирно-исторических процессах как части мировой истории. Современная историческая мысль детерминирована новыми теоретико-концептуальными подходами и отказом от стереотипных воззрений на политическую историю Золотой Орды.

Ключевые слова: Золотая Орда, государство, империя, кочевники, научные парадигмы, власть, идеология.

Кіріспе. Тарихи білімдер, әдетте, қоғам өміріндегі өзгерістермен тығыз байланыста болып келеді. Осыған орай заманауи тарих ғылымы Алтын Орда мемлекетінің тарихына қатысты көптеген мәселелерге ерекше қызығушылық танытып отыр. Бұл

мәселелер қатарына тарихи үдерістер мен құбылыстарды зерделеу, жаңа теориялық-методологиялық әдістерді қалыптастыру жатады. Алтын Орда мемлекеттілігінің кеңінен қамтылған үрдістерін зерттеу барысында қол жеткізген тарихи білімді жинақтап

қорытындылау бойынша жүргізілген сараптау жұмыстары тарихнамалық негіздерінің іргетасын нығайта түсті. Теориялық талдап жасаудың негізгі бағыты көшпелі қоғамдардың антропологиялық стратегиясы жүйелерін айшықтау және оларды сипаттау болып табылады. Бұл мәселенің шешімін табу үшін көшпелі мемлекет теориясын құру, типологиялық құрылымдарды көрсету және негізгі сұрақтар мен методологиялық әдістерді анықтау қажет. Көшпелілердің мемлекеттік құрылымы қалыптаса бастаған кезеңге назар аударып, олардың “көшпелі империя” деңгейіне жетуіне дейінгі уақыт аралығын зерттеу күрделі және өзекті мәселелерді тарихнамалық сараптауды қажетсінеді.

Материалдар мен әдістер. Алтын Орда мемлекетінің тарихы бойынша мәселелер ғылыми методологиялық синергетикалық парадигмалары және тарихи зерттеулердің даму барысындағы жүйелік сараптамаға негізделі отырып тарихи және этномәдени оқиғалар мен құбылыстарды жаңа теориялық-методологиялық ұстанымдар арқылы, бір қатар жағдайларда гипотетикалық қайта құрастырулар арқылы негіздейді. Ғылыми-теориялық методологияны таңдауда өркениеттік зерттеу принциптері қолданылады: Н.А.Проскурякова (Проскурякова, 2007: 69-74), И.Н. Ионов (Ионов, 2007: 499), Д. Хорд (Хорд, 2001: 355-369), Шунтаро Ито (Ito, 1997: Vol. 36), Р.С. Хакимов (Хакимов, 2008: 176), Хазанов В. (Хазанов, 2002), Кумеков Б.Е. (Кумеков, 2004:102-134), Оразбаева А.И. (Оразбаева, 2005:308). Алтын Орда мемлекеттілігінің даму ерекшеліктерін әртүрлі кезеңдер бойынша зерделеу көптүрлі саяси-құқықтық және рухани-мәдени константтар мен даму парадигмасы негізінде қарастыруға мүмкіндік берді. Заманауи өркениетті зерттеулердің дамуы үшін көптеген факторларды ескеру қажет, соның ішінде, ең алдымен зерттеулердің прогрессивті әдістерін пәнаралық диалог ортасы ретінде қарастыру қажет. Мемлекеттің пайда болуы және дамуы туралы еуроцентристік теориялар орталықтандырылған саяси билікті құптады. Олардың пікірінше саяси билік басқаруды монополизациялайды, белгілі бір аумақ шеңберінде тұрақты түрде салық алып отырады. Тарихи ғылымда бірқалыпты саяси үдерістер мемлекетті қалыптастырудың тізбекті кезеңдері деп жарияланды.

Талдау. “Политогенез” түсінігіне 1970-80 жж. Л.Е.Куббель (Куббель, 1988: 1) сараптау жасады: Бұл терминмен мемлекетті қалыптастыру үдерісі аталып келеді. Заманауи америкалық антрополог және тарихшы Т.Дж. Барфилдтің (Барфилд, 2009:38-39) пікірінше көшпелі мемлекеттіліктің пайда болуы қарама-қайшылықтар негізінде мүмкін болған. Көшпелі империяның ұшар биігінде жеке билеуші басқаратын ұйымдастырылған мемлекет тұрады, дегенмен ру-тайпа мүшелерінің көпшілігі өздерінің дәстүрлі саяси ұйымын сақтап қалады. Ал, бұл ұйым болса әртүрлі деңгейдегі туыстық топтарға негізделеді.

Зерттеушінің пікірі бойынша аталмыш қарама-қайшылықтарды еңсеру үшін теориялардың екі сериясы ұсынылды, олар: ру-тайпалық форма – бұл мемлекеттіліктің сыртқы қауашығы ғана, себебі ру-тайпалық құрылым нағыз мемлекеттілікке жеткізбейді. Басқаша айтқанда өзектендіру мен ретроспекция әдістеріне негізделген аталмыш ғылыми ізденістер көшпелі мемлекеттіліктің әртүрлі аспектілерін қарастырудағы зерттеу қағидалары дамуының кезеңдері мен динамикасын ашып көрсетуге мүмкіндіктер береді, бірақ, шетелдік зерттеушілердің пікірі

бойынша бұл жағдайда көшпелі мемлекеттіліктің ру-тайпалық саяси ұйымнан басымдығы белгілі бір уақыт аралығында ғана мүмкін болған.

Зерттеу парадигмалары, егер оларды салыстырмалы түрде сараптайтын болсақ, онда биліктің нақты формаларын сипаттауда акценттер әртүрлі қойылып, әртүрлі пайымдалатын болып шығады. Көшпелі мемлекеттіліктің әлеуметтік-мәдени бірқатар мәселелері Питера Голдена (Голден, 2004: 103-136), Дж. Флетчера (Флетчер, 2004: 212-254), Т.Холла (Холл, 2004: 136-167), Т.Дж. Барфилда (Барфилд, 2009: 488), Р. Абазова (Абазов, 2008: 125.), Ю. Шамильоглу (Шамильоглу, 1992: р. 181-182), Т.Май (May, 2012), Д.В.Васильев, В.А. Иванов (Васильев, Иванов, 2015: 151-166). Современные исследователи как М.А. Усманов (Усманов, 2001: 428), Д.М. Исхаков (Исхаков, 2007: 356), И. Измайлов (Измайлов, 1993: 17-32), Камалов И. (Камалов, 2016: 304), т.б. еңбектерінде зерттеледі. Авторлар Алтын Орданың кейінгі ортағасырлық кезеңнің алғашқы еуразиялық империя ретінде орыны мен мәртебесін жаңа методологиялық ұстаным тұрғысынан қарастырады және оның ұлы еуропалық мемлекеттермен деңгейлес екендігін мақұлдайды. Америкалық ғалым Юлай Шамильоглу экологиялық және климаттық мәселелерін алға қойды, атап айтқанда Л.Н. Гумилевтің географиялық және экологиялық өзара байланысы туралы идеяларын жалғастырды. Бұдан басқа Юлай Шамильоглу Алтын Орда қоғамының әулеттік (династиялық) құрылымы туралы зерттеулері мамандар ортасында едәуір қызығушылық танытуда.

Алтын Орданың заманауи тарихнамасында өздерінің жаңа концептуалды көзқарастарымен ерекшеленетін ғалымдарының бірі Д.М. Исхаков, И.Л. Измайлов (Исхаков, Измайлов, 2007: 83) еңбектерін атап өтуге болады. Олардың пікірінше Алтын Ордада әскери-феодалдық ақсүйектердің негізінде жаңа этносаяси қоғамдастық қалыптасқан және олар мемлекеттік идеология ретінде дәстүрлі (түрік және моңғол) идеялар және символдармен қатар исламдық идеялар мен символдарды пайдаланған. Ғалымдардың күн тәртібіне шығарған бастапқы мәселесі этнос құраушы фактор мемлекет болып табылады. Екінші мәселе этнос құраушы әлеуметтік категория қабаты – әскери-феодалдық ақсүйектер болып табылады. Заманауи теориялар континенталды империялар арасында параллелдер жүргізеді, айталық Альфред Рибердің анықтауы бойынша «Империя – бұл белгілі бір аумақ шекараларында бір этникалық топтарға бақылау орнатып, нығайтушы мемлекеттік құрылыс». Автордың сараптау жұмыстарының қорытындысы «империялық жүйе символдардың институттардың және кеңістік байланыстырдың жиынтығынан құралады. Бұлар өз кезегінде билеуші мен билік элитасының мәртебесін анықтайды» (Рибер, 2004: 34). Тарихи ой-сананың дамуы көрсеткендей империялық идеяны билеушінің образы анықтайды. Автор оқушының назарын үш жағдайға аударады: бірінші, билік концепциясы рухани және діни ұғымдардың бір бөлігі; екінші, олар дәстүрлі және мифтермен тығыз байланыста болады; үшінші, саясат тілі оларды көрінеу символдар мен жазылған мәтіндерге айналдырады (Рибер, 2004:39). Заманауи әдебиет көрсеткендей, империялардың шекараларын басқару бірінші үрдіс болған емес. Андреас Каппелер өзінің «Формирование Российской империи в XV-XVIII века: наследство Руси, Византии и Орды» атты мақаласында «Империялардың даму кезеңдерінің византиялық-православтық, нормандық-пұтқа табынушылық, римдік-латындық, далалық жә-

не ислам өркениеттері жатады» деп баяндайды (Каппелер, 2004: 95).

Заманауи өркениеттік теорияларға қарайтын болсақ империялық құрылымдардың іргетасы идеологиялық негізде құрылғаны белгілі болады. Ресей зерттеушісі Л.П. Репинаның пікірінше: «...менталды стереотиптерді, тарихи мифтерді, әртүрлі уақыттардағы үдерістерді, кәдуілгі тарихи сананың трансформациясын, болашаққа бағытталған тарихи жадтың қалыптасуы, жаңартылуы және жеткізілуі механизмдерін дәл осы ракурста қарастыру қажет» (Репина, 2004:39-40). В.В.Трепавловтың (Трепавлов, 2016:148-157) зерттеулеріне сәйкес «Алтын Орданың мемлекеттік құрылысының сипатты белгілеріне мыналарды жатқызуға болады: а) ханның монархиялық билігі; б) басқару істеріне қараша-бектердің қатысуы (әдетте 4-ке дейінгі ақсүйек татар рулары); в) көшпелі халықтар мен аумақтардың оң және сол қанаттарға бөлінуі; г) әскербасылар мен қарапайым шенділер; д) атқарушы институттары (моңғ. *даругачи*, *даруга*; түрк. *баскак*); е) жасақтық салық салу; ж) мемлекеттік әкімшілік пен жергілікті тұрғындарды басқарудың дәстүрлі органдары». Антрополог Т.Холл әлем-жүйелік әдісін қолдана отырып, бұл методология шеңберінде номадизм индустрияландыруға дейінгі дәуірде «жартылай перифериялық» орынды иеленген деген тұжырымға келеді (Холл, 2004: 136-167) және Т.Дж.Барфилдтің «егінші өркениеттер мен көшпелі империялардың өрлеуі мен құлдырауы синхронды циклдар сипатында болған» деген пікірмен келіседі.

Зерттеу нәтижелері. Тарих ғылымындағы жеке-леген пікірлер мен гипотезалар зерттелу үстіндегі құбылыстардың ерекшеліктерін толыққанды ашып отырған жоқ. Тарихи пікірталастар барысында тіпті қарама-қарсы теориялардың өзі бірін бірі терістемейді, қайта зерттеулердегі объектінің маңызды құрылымдық параметрлерін айшықтауға көмек көрсетеді. Дж. Флетчер (Флетчер, 2004: 221-222) мемлекеттілікті көшпелі қоғамға өмірлік қажеттілігі бар институт ретінде қарастырмайды, ал, өз кезегінде П.Голден (Голден, 2004:109) номадтардың өздігінше мемлекет құру мүмкіншіліктеріне күмән келтіреді, дегенмен Қытай өркениетінің әсері арқылы далалық империялар ерте мемлекеттік қоғамдар формасында болуы мүмкіндігін де теріске шығармайды. Отандық тарихнама өкілі З.Қинаятұлы (Қинаятұлы, 2010: 512) көшпелі мемлекеттіктің сипатын түсіну үшін ежелгі түріктердің «ұлыс» терминіне жүгінуді ұсынады. Зерттеуші «ел», «ulus» секілді түркі-моңғол терминдеріне назар аудара отырып бұл терминдердің ағылшынның «state». Қытайдың «go» терминдері секілді «мемлекет» деген ұғымды беретіндігін айта келіп, олардың еурославяндық «state», «respublica», арабтық «мамлакат», парсылық «давлат» терминдерінен әлдеқайда бұрын белгілі болғаны туралы тұжырым жасайды. Заманауи зерттеушілер Алтын Орда билігінің империялық құрылымның тағы бір мәселесіне жіті назар аударуда. Мәселенің бұл аспекті Н.Ди Космо (Ди Космо, 2010: 83-108), Тамура Дзицудо, Б.Энхтувшин (Энхтувшин, 2008: 227-239), Н.Шираси (Шираси, 2008:239-251) және т.б. зерттеулерінде қарастырылған. Тарихи пайымдау тізбегі және нақты-тарихи сараптама, сондай-ақ заманауи методологиялық әдістерді қолдану көрсеткендей ұқсас құрылымдар мен генеологиялық (шежірелік) көшпелі социумдар «шашыраңқы» (дисперсті) және «ортадан қашу» үрдісін туындатқанын анықтайды. Дегенмен, Алтын Орда секілді көшпелі империяларды саяси басқарудың әскери-иерархия-

лық органдары ру-тайпалық сегменттерімен аралас-құралас болып кеткенімен, әрдайым олардан жоғары тұрды, ру-тайпалық құрылымдарды бақылауда ұстады, империялық басшылықтың мақсаттарына сәйкес тиімді пайдалану әрекеттерін ұйымдастырды. Айталық отандық зерттеуші Қ. Өскенбайдың пікірінше «көшпелілердің қалыптасқан мемлекеттік дәстүрі бойынша тиімді басқару мақсатында мемлекет қанаттар мен ұлыстарға бөлінді. Бұл арада ең жарқын мысал ретінде басқарудың ұлыстық-қанаттық жүйесі жасалған Моңғол империясын атап өтуге болады. Өскер мен тұрғындардың қанаттар мен ұлыстарға бөлінуі бүкіл Моңғол империясының әкімшілік құрылысына жайылып, таралған еді» (Ускенбай, 2013: 41).

Тарихи ой-сананың дамуы көрсеткендей қоғамдық пікірдің қалыптасуына оқиғалар үдерісі ғана әсер етіп қоймайды, белгілі бір дәрежеде оған дүниетаным деңгейі де ықпал етеді. Методологиялық әдістер мен зерттеу қағидаттарының көптірлілігі көшпелі ортадағы әлеуметтік-саяси өзгерістердің генезисін ашып көрсетуге әсер етті. Тарихи ой-сананың өрістеуіне қоғамдық пікірдің қалыптасуы мен оқиғалар үдерісі ғана әсер етіп қоймайды, белгілі бір дәрежеде оған дүниетаным деңгейі де ықпал етеді. Методологиялық әдістер мен зерттеу қағидаттарының көптірлілігі көшпелі ортадағы әлеуметтік-саяси өзгерістердің генезисін анықтау барысына әсер етті. Тарихи ойдың дамуы бізге жаңа бағыттарды анықтауға, зерттеу көзжиектерін ашуға және оның альтернативті жолдарын зерделеу негізінде Алтын Орда әлеуметтік құрылымның күрделенуі, дифференциациясы мен дамуын анықтай түсуге мүмкіндіктер беретін болады.

Заманауи тарих ғылымы бүгінгі күнге дейін көшпелі әлемді зерделеуде негізінен үш әдісті қолданып келеді, бұлар: стадиялық, дихотомдық және шектеулі өркениеттер концепциясы. Н.А.Проскурякованың «Отандық тарихнамадағы өркениеттік және модернизациялық концепциялар» атты мақаласын сараптайтын болсақ, онда отандық тарихнамадағы бірнеше негізгі үрдістерді байқаймыз: 1. Формациялық әдістердің жаңаруы; 2. Өркениеттік әдістерге сараптау; 3.Формациялық және өркениеттік әдістерді қоса қолдану; 4. Модернизациялық әдістерді белсенді түрде игеру (Проскурякова: 2007: 154). Әлеуметтану теориялары мемлекетті қоғамды ұйымдастырудың ерекше формасы ретінде қарастырады, мұнда ол қоғам ішінде билікті жүргізу құралдары және әдістері арқылы белгілі бір аумақтағы қоғам мүшелері арасында белгілі бір өзара қарым-қатынастар тәртібін орнықтырады.

Қазақстандық ғылымдар да заманауи ғылымда жүріп жатқан пікірталастардан шеттеп қалған жоқ, әртүрлі методологиялық әдістерге сүйене отырып, өркениеттік теориясының негізінде бірқатар зерттеулер жарық көрді. Айталық, Б.Е.Көмеков ортағасырлық дереккөздерінен көшпелі мәдениеттің өзіндік белгілерін көріп, білуге шақырады. Далалық өркениетте мемлекет, қалалар, жазу үдерісі секілді жалпы өркениеттің анықтауыштары кездесетіндігін дәлелдей отырып, былайша тұжырымдайды: «Географиялық ортаға ұрпақтан ұрпаққа жалғасу, бейімделу негізінде және мал шаруашылығының басым жағдайында көшпелі тайпалар далалық өмір дәстүрлерін дамыта түсті. Бұның терең бастаулары қола дәуірінен белең алып сақтардың тарихи-мәдени қоғамдастығымен жалғасты. Тарихи-мәдени мұрагерліктің жоғары деңгейі уақыт пен кеңістіктегі далалық өмір салтын айшықтап көрсетті» (Кумеков, 2004:102). Заманауи отандық зерттеуші А.И. Оразбаева өзінің «Ци-

визация кочевников евразийских степей» атты монографиясында «категориялық аппаратқа «еуразия даласы көшпелілердің өркениеті» деген терминді қосу мақсаттарға сәйкес келеді деп есептейді, себебі, мұның өзі дәстүрлі қазақ қоғамының ең маңызды әлеуметтік-мәдени сипаттарына сай келген болар еді және оның мәні мен мазмұнын одан әрі ашып көрсетудің оптималды жолы болар еді (Оразбаева, 2005:76).

М.А.Усманов, Д.М.Исхаков, И.Измайлов және т.б. Татарстан елінің зерттеушілері Алтын Орданың кейінгі ортағасырлық кезеңдегі алғашқы еуразиялық империя ретіндегі орны мен маңыздылығын жаңа методологиялық ұстанымдар негізінде қарастырады және оны ұлы еуропалық мемлекеттермен қатар қояды. М.А.Усмановтың пікірінше Алтын Орданың қоластындағы халықтардың әлеуметтік құрылымы, саяси ұйымдасуы, әдет-ғұрыптары мен тарихи жады, барлығына бірдей ортақ болған (Усманов, 2001:5-14). Д.М.Исхаковтың болжамы бойынша әскери-қызметші ақсүйектер мен олардың ру-тайпалары бір хандықпен екіншісіне еркін көшіп-қонуы үшін өздеріне тиесілі киіз үйлері болған, мұның өзі хандықтар құрылымының салыстырмалы біртектілігін сақтаған (Исхаков, 2001: 329-366). Тарихнамалық дерек көздерінің хабарлауынша: «Алтын Орданың ішкі басқару жүйесінде түрік халықтарының өкілдері қыпшақтар, ортағасырлық ұйғырлар, Еділ бұлғарларының рөлі едәуір басым болып, әкімшілік-шенеуніктік аппаратта шешуші орындарға жайғасқан» (Исхаков, Измайлов, 2007: 83). Түрік-славян, финн-угор тайпалары мен бірлестіктерінің тарихы моңғол жаулап алуларынан кейін құрылған мемлекеттер құрамында да өз жалғасын тапты. Бұл арада Алтын Орданың шенеуніктік аппараты мен әскері жергілікті тұрғындар есебінен толықтырылып отырды. Алтын Орданың негізгі бөлігін моңғолдар бағындырған түркі халықтары, соның ішінде Қазақстан жерін, Еділ бойы, Қара теңіз жағалауын мекендеген қыпшақтар, Хорезм және Еділ бұлғарлары, сондай-ақ орыс князьдіктерінің тұрғындары құрады. Моңғолдар болса өздерінің қоластындағы мәдениеті жоғарылау түріктердің ықпалына жығылып XIII ғасырдың соңына қарай түрік тілі мен ислам дінін қабылдады» (Исхаков, Измайлов, 2007: 84). Заманауи авторлардың бірі И.Х.Камалов көлемді тарихи дерек көздерін игеру негізінде келесідей ғылыми қорытынды жасайды: «Халық санағы, жаулап алынған аумақтар тұрғындарынан әскер жасақтау, пошта істерін ұйымдастыру, салық жинау – бұның бәрі Алтын Орданың орыс жерлеріндегі мемлекет өкілдері болып табылатын даругалардың міндеті еді. Алтын Орда билігі кезінде орыс мемлекеттілігінің қалыптасуына түріктердің ықпалы өсе түсті» (Камалов, 2016:135-139, 272-274). Қорыта келе зерттеуші келесідей тұжырым жасайды: «Алтын Орданың Ресейге ықпалы саяси және діни сферамен шектелген жоқ, бұған қоса мемлекеттік ұйымдар мен әлеуметтік-экономикалық сфераға да Алтын Орданың Ресейге деген әсері едәуір болған еді. Алтын Орданың орыс князьдіктеріне үшғасырлық билігі арқасында орыс князьдіктері орталықтандырылған мемлекетке айналды» (Камалов, 2016:273).

Қорытынды. Сонымен, күрделі қалтарыстары жетіп артылатын, даму сипаты бойынша, сондай-ақ Алтын Орда шеңберіндегі екі жүйенің – отырықшы-егінші және көшпелі жүйелердің синтезі, билік институттары мен билік жүргізу механизмдері, әлеуметтік жүйе және трансформация үдерісінің ерекшеліктері, сондай-ақ көшпелі социум мен отырықшы-егінші халықтардың

жақындасуы сараптаудың жүйелі қағидаларын қолдану перспективаларын кеңінен аша түседі. Жүйелі сараптау қағидалары көшпелі қоғамдардың циклдық өзгерістерін анықтайды, көшпелі жүйелердегі биліктің мамандану үдерісін зерделеуді күшейтеді, сөйтіп қоғам дами түседі де, оның құрылымы нығайған сайын зерттеу мүмкіншіліктері де тереңдей береді.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

- Abazov R., The Palgrave concise historical atlas of Central Asia.– USA, Palgrave Macmillan, 2008. p. 125.
- Барфилд Т.Дж. Опасная граница: кочевые империи и Китай (221 г. до н.э.–1757 г. н.э.). – Санкт-Петербург, Нестор-История, 2009. – с. 488.
- Васильев Д.В., Иванов В.А., Метаморфозы истории Золотой Орды в XXI веке 2015, Vol. 3, no. 3, с. 151-166. <http://goldhorde.ru/RU/3-2015/> (Accessed on 06.02.2019).
- Голден П. Кипчаки средневековой Евразии: пример негосударственной адаптации в степи// Монгольская империя и кочевой мир. – Книга 1, Изд-во БН С РАН, 2004. – с. 103-136.
- Di Cosmo N. (2010) Black Sea Emporia and the Mongol Empire: A Reassessment of the Pax Mongolica. // Journal of the Economic and Social History of the Orient, 53, DOI: 10.1163/002249910X12573963244241 https://www.researchgate.net/publication/233636627_Black_Sea_Emporia_and_the_Mongol_Empire_A_Reassessment_of_the_Pax_Mongolica (Accessed on 06.02.2019)
- Зардыхан Қ. Қазақ мемлекеті және Жошы хан. – Алматы, Тарих тағылымы, 2010. 512 б.
- Измайлов И.Л. Некоторые аспекты становления и развития этнополитического самосознания населения Золотой Орды. – Казань, Изд-во «Фонд им. М. Султангалиева», 1993. – С. 17-32.
- Ионов И.Н. Цивилизационное сознание и историческое знание: проблемы взаимодействия. – Москва, 2007 – 499 с.
- Исхаков Д.М., Родословные и эпические произведения как источник изучения истории сословий Улуса Джучи и татарских ханств [Pedigrees and epic works as a source for studying the history of the estates of Ulus Juchi and the Tatar khanates], «Источниковедение истории Улуса Джучи (Золотая Орда). От калки до Астрахани. 1223-1156». Казань, 2001, с. 329-366.
- Исхаков Д.М., Измайлов И.Л. Этнополитическая история татар (III – середина XVI вв.). – Казань: РИЦ «Школа», 2007. – 356 с.
- Ito S. A Framework for Comparative Study of Civilizations, "Comparative Civilizations Review", Vol.36:No36, <https://scholar.archive.byu.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=1395&context=ccr> (Accessed on 04.02.2019.) – 1997.
- Камалов И. Х. Золотая Орда и русский улус (татарское влияние на Россию). – Казань, Институт истории им. Ш.Марджани АН РТ, 2016. – 304 с.
- Каппелер А. Формирование Российской империи в XV – начало XVIII века: наследство Руси, Византии и Орды// Российская империя в сравнительной перспективе. Сборник статей. Москва. 2004.- С. 95.
- Кубель Л.Е. Очерки потестарно-политической этнографии. – Москва, 1988.
- Кумекоев Б.Е. Степная и городская культура кимеков// Урбанизация и номадизм в Центральной Азии: история и проблемы. – Алматы, 2004. – с. 102-134.
- May T. The Mongol conquests in world history. – London, Reaktion Books, 2012. – p. 173.
- Оразбаева А.И. Цивилизация кочевников евразийских степей. – Алматы, Дайк-Пресс, 2005. – 308 с.
- Проскурякова Н.А. Концепции цивилизации и модернизации в отечественной историографии//Вопросы истории – Москва, 2007, №7. – 69-74.
- Рибера А. Сравнивая континентальные империи//Российская империя в сравнительной перспективе. Сборник статей. Москва. 2004.- С. 34.
- Репина Л.П. Историческая память и современная исто-

риография// Новая и новейшая история. №5. 2004. С. 39-40.

Трепавлов В.В. Административное устройство. Организация управления//Золотая Орда в мировой истории. Коллективная монография. Казань, 2016. - С. 148-157.

Ускенбай К. Восточный Дешт-и Кыпчак в XIII – начале XV века. Проблемы этнополитической истории Улуса Джучи. - Казань. Изд. Фэн, 2013, - 288 с.

Усманов М.А. Состояние и перспективы источниковедения истории Улуса Джучи// Источниковедение Улуса Джучи (Золотая Орда. От Калки до Астрахани 1223- 1556). – Казань, 2001. - 428 с.

Хакимов Р.С. Золотая Орда как вершина тюрко-татарской цивилизации//Золотоордынская цивилизация. Выпуск 1. Казань, 2008. - 176 с.

Хазанов А.М. Кочевники и внешний мир. - Дайк-Пресс, Алматы, 2000. -604с.

Холл Т. Монголы в мир-системной истории// Монгольская империя и кочевой мир.- Книга 1, Улан-Удэ, Изд-во БН С РАН, 2004, с. 136-167.

Хорд Д. Древняя цивилизация//Время мира. – Новосибирск, 2001. – с. 355-369

Флетчер Дж. (2004) Средневековые монголы: экологические и социальные перспективы// Монгольская империя и кочевой мир.- Книга 1, Улан-Удэ, Изд-во БН С РАН, 2004. - с. 212-254.

Шамиюлы Юлай (1992) THE LIBERATION OF RUS FROM THE YOKE OF THE GOLDEN HORDE// AMERICAN HISTORICAL REVIEW. DOI: 10.2307/2164575 (Accessed on 06.02.2019).

Шираси Н. Этапы кочевых государств монгольских степей// Монгольская империя и кочевой мир. - Улан-Удэ: Изд-во БНЦ СО РАН. Т.3., 2008. - С.239-251.

Энтухшвин Б. Традиции государственности и история кочевников// Монгольская империя и кочевой мир. - Улан-Удэ: Изд-во БНЦ СО РАН. Т.3., 2008. - С.227-238.

REFERENCES

Abazov R., The Palgrave concise historical atlas of Central Asia.– USA, Palgrave Macmillan, 2008. 125 s.

Barfield T.Dzh. Opasnaya granica: kochevye imperii i Kitaj (221 g. Do n.eh. – 1757 g. n.eh.) [Dangerous frontier: nomadic empires and China (221 BC – 1757 AD)].– Sankt-Peterburg, 2009. 488 p. [in Russian].

Vasilev D.V., Ivanov V.A. Metamorphosis of history of the Golden Horde in XXI veke. <http://goldhorde.ru/RU/3-2015/> (Accessed on 06.02.2019). – Moskva. Vol. 3, no. 3, 151-166 p. [in Russian].

Golden P. Kipchaks srednevekovoy Evrazii: primer negosudarstvennoy adaptatsii v stepi // Mongolskaya imperia I kochevoi mir [Kipchaks of medieval Eurasia: an example of non-state adaptation in the steppe. The Mongol Empire and the nomadic world].– Ulan-Ude 2004 – 103-036 p [in Russian].

Di Cosmo N. (2010) Black Sea Emporia and the Mongol Empire: A Reassessment of the Pax Mongolica //Journal of the Economic and Social History of the Orient, 53, DOI: 10.1163/002249910X12573963244241https://www.researchgate.net/publication/233636627_Black_Sea_Emporia_and_the_Mongol_Empire_A_Reassessment_of_the_Pax_Mongolica (Accessed on 06.02.2019). [in English].

Zardyhan K. Kazak memlekety ghane Gochy han [Kazakh state and Juchi Khan].– Almaty, Tarih tagilimi, 2010. 512 p. [in Qazaq].

Izmaylov I.L. Nekotoryi aspekty stanovleniya I razvitiya etnopoliticheskogo samosoznaniya naseleniya Zolotoy Ordyy [Some aspects of formation and development of ethno-political self-consciousness of the population of the Golden Horde/From the history of the Golden Horde]. – Kазan, 1993 - 17-32 p. [in Russian].

Ionov I.N. Civilizacionoye soznanie I istoricheskoye znanie: problem vzaimodeystviya. – Moskva. 2007. 499 p. [in Russian].

Ishakov D.M., Rodosloviye I epicheskie proizvedeniya kak istochnik izucheniya istorii sosloviy Ulusa Dguchi I tatarskih hanstv// Istochnikovedeniye istorii Ulusa Dguchi (Zolotaya Orda) Ot Kalki do Astrahani.. 1223-1156. Kазan, - 2001.- 329-366 p [in Russian].

Ishakov D.M., Izmaylov I.L. Etnopoliticheskaya istoria tatar (III

– seredina XVI vv.) [Ethno-political history of the Tatars (III – mid XVI centuries)].– Kазan. 356 p [in Russian].

Ito P. A Framework for Comparative Study of Civilizations, “Comparative Civilizations Review”, Vol.36:No36, <https://scholarsarchive.byu.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=1395&context=ccr> (Accessed on 04.02.2019.). [in English].

Kamalov I.H. Zolotaya Orda I russkiy ulus (tatarskoye vliyeniye na Rossiiu) [Golden Horde and Russian ulus (Tatar influence on Russia)]. –Kазan. 2016.- 304 p[in Russian].

Kappeler A. Rossiyskoy imperii v XV – nachalo XVIII veka: nasledstvo Rusi, Vizantii I Ordy// Rossiyskaya imperia v sravnitel'noy perspektive. Sbornik statey.– Moskva, 2004. 95 p. [in Russian].

Kubbel L.E. Ocherky potestarno-politicheskoy etnografii. – Moskva. 1988 [in Russian].

Kumekov B.E. Stepnaya I gorodskaya kultura kimekov// Urbanizatsiya I nomadizm v Centralnoy Azii: istoriya I problemy [Steppe and urban culture of kimeks//Urbanization and nomadism in Central Asia: history and problems].– Almaty, 2004. 102-134 p. [in Russian].

May T. The Mongol conquests in world history. - London, Reaktion Books, 2012. 173 p.

Orazbayeva A.I. Civilizatsiya kochevnikov evrfziyskih stepey. – Almaty.- 2005.- 308 p.

Proskurykova N.A. Konceptii civilizatsii I modernizatsii v otechestvennoy istoriografii [Concepts of civilization and modernization in Russian historiography]//Voprosy istorii. №7.- 2007. 69-74 p. [in Russian].

Riber A. Sravnivaya kontinentalnyy imperii// Rossiyskaya imperia v sravnitel'noy perspektive [Comparing continental empires//Russian Empire in comparative perspective].– Moskva, 2004. Sbornik statey. 34 p. [in Russian].

Repina L.P. Istorieskaya pamyt I sovremennaya istoriografiya [Historical memory and modern historiography]//Novaya I noveyshaya istoriya.№5.- 2004.-39-40 p. [in Russian].

Trepavlov V.V. Administrativnoye ustroystvo. Organizatsiya upravleniya//Zolotaya Orda v mirovoy istorii [Administrative arrangement. Management organization//Golden Horde in world history]. Kollektivnaya monografiya. – Kазan, 2016,- 148-157 p. [in Russian].

Uskenbay K. Vostochniy Deshti –Kipchak v XIII – nachale XV veka. Problemy etnopoliticheskoy istorii Ulusa Dguchi [East Desht-I Kipchak in XIII – early XV century. Problems of ethno-political history of the ulus of Jochi]. – Kазan, 2013.- 288 p. [in Russian].

Usmanov M.A. Sostoyaniye I perspective istochnikovedeniya istorii ulusa Dguchi// Istochnikovedeniye ulusa Dguchi (Zolotaya Orda. Ot Kalki do Astrahani 1223- 1556).- Kазan, 2001.- 428 p. [in Russian].

Hakimov R.P. Zolotaya Orda kak verшина turko-tatarskoy civilizatsii//Zolotoordynskaya civilizatsiya [Golden Horde as the top of the Turkic-Tatar civilization//Golden Horde civilization]. Vypusk 1.- Kазan. 2008. 176 p. [in Russian].

Hazanov A.M. Kочевники I vneshniy mir [Nomads and the outside world]. – Almaty, 2000.-604 p. [in Russian].

Holl T. Mongoli v mir-sistemnoy istorii//Ranee gosudarstvo. ego analogi I alternative. [Mongols in the world-system history//Early state, its alternatives and analogues] Sbornik statey.- Volgograd, 2004. - 136-167 p. [in Russian].

Hord D. Drevo civilizatsii//Vremya mira. –Novosibirsk, 2001.- 355-369 p.

Fletcher J. Srednevekovyye mongoli: kologicheskiye I socialniye perspektivi// Mongolskaya imperia I kochevoi mir - Ulan-Ude. 2004.- 546 p. [in Russian].

Shamilogly Ulay THE LIBERATION OF RUS FROM THE YOKE OF THE GOLDEN HORDE// AMERICAN HISTORICAL REVIEW, DOI: 10.2307/2164575 (Accessed on 06.02.2019).

Shirasi N. Etapy kocheviy gosudarstv mongolskiy stepey// Mongolskaya imperia I kochevoi mir [Medieval Mongols: ecological and social perspectives].– Ulan-Ude, 2008. 239-251 p [in Russian].

Entushshvin B. Traditsii gosudarstvennosti I istoriya kochevnikov// Mongolskaya imperia I kochevoi mir. - Ulan-Ude. 2008. - 227-238 p [in Russian].

Айсәуле САҚТАҒАН,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың 1-курс докторанты,
Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ. E-mail: aisaule_10@mail.ru

ЖОШЫ ҰЛЫСЫ ТАРИХЫ:

Кеңес тарихнамасында зерттелуі

Мақалада Жошы Ұлысы тақырыбына қатысты кеңестік және шетелдік ғалымдардың зерттеулері мен ерекшеліктері қарастырылды. Кеңес тарихнамасындағы Жошы Ұлысы мұрасының тарихи-мәдени, әлеуметтік-экономикалық аспектілеріне тоқталады. Кеңестік дәуірде қалыптасқан бір жақты зерттеулер Жошы Ұлысындағы тарихи құбылыстардың шынайы бейнесін көрсетуге арналған. Кеңес тарихнамасындағы Жошы Ұлысы тарихи мұрасының ғылыми ортадағы зерттеу деңгейіндегі өзгерісіне назар аударылады. Жошы Ұлысында орын алған тарихи оқиғалардың кез келген тұстары идеалистік тұрғыдан көрсету дәстүрі байқалады. Мақалада ғылыми ортада марксистік-лениндік ілімді негіздеуге байланысты идеологиялық ұстанымдардың Жошы Ұлысы тарихын әсері талданады. Шетелдік тарихнаманың тақырыпты зерттеудегі ғылыми бағытының айырмашылығы көрсетіледі. Мақала кеңестік, шетелдік тарихнамалық еңбектеріндегі Жошы Ұлысы тарихына қатысты зерттеу жұмыстарының тарихи маңызды тұстарын айқындайды.

Кілт сөздер: Алтын Орда, Киев Русі, Дешті Қыпшақ, Ақ Орда, Көк Орда, Сарай, Бату хан.

Aisaule SAKTAGAN,
1st year doctoral student of L. N. Gumilyov ENU,
Nur-Sultan. E-mail: aisaule_10@mail.ru

STUDY OF THE HISTORY OF THE JOCHI ULUS IN SOVIET HISTORIOGRAPHY

The article considers the research and peculiarities of Soviet and foreign scientists on the topic of Jochi Ulus. Focuses on the historical, cultural, socio-economic aspects of the heritage of the Jochi Ulus in Soviet historiography. One-sided research in the Soviet era is aimed at providing a true picture of historical events in the Jochi Ulus. In Soviet historiography, attention is paid to the changes in the level of research in the scientific community of the historical heritage of the Jochi Ulus. There is a tradition of idealistic depiction of any aspect of historical events that took place in the Jochi Ulus. The article analyzes the impact of ideological principles on the history of Jochi Ulus in connection with the establishment of Marxist-Leninist doctrine in the scientific community. There is a difference in the scientific direction of foreign historiography in the study of the topic. The article identifies historically significant points of research work on the history of the Jochi Ulus in Soviet and foreign historiographical works.

Keywords: Golden Horde, Kievan Rus, Desht-i-Kipchak, AK Horde, Kok Horde, Saray, Baty Khan.

Айсауле САҚТАҒАН,
докторант 1 курса ЕНУ им. Л. Н. Гумилева,
Казахстан, г. Нур-Султан, E-mail: aisaule_10@mail.ru

ИЗУЧЕНИЕ ИСТОРИИ УЛУСА ДЖУЧИ В СОВЕТСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ

В статье рассматриваются исследования и особенности советских и зарубежных ученых по теме улуса Джучи. Основное внимание уделяется историческим, культурным, социально-экономическим аспектам наследия улуса Джучи в советской историографии. Одностороннее исследование в советское время направлено на то, чтобы дать правдивую картину исторических событий в улусе Джучи. В советской историографии уделяется внимание изменению уровня изученности научным сообществом исторического наследия улуса Джучи. Существует традиция идеалистического изображения любого аспекта исторических событий, происходивших в улусе Джучи. В статье анализируется влияние идеологических принципов на историю улуса Джучи в связи с обоснованием марксистско-ленинского учения в научном сообществе. Существует различие в научном направлении зарубежной историографии в изучении темы. Статья раскрывает историческую значимость исследовательских работ по истории Улуса Джучи в советских и зарубежных историографических работах.

Ключевые слова: Золотая Орда, Киевская Русь, Дешт-и-Кипчак, Ак Орда, Кок Орда, Сарай, Батый хан.

Кіріспе. Кеңес тарихнамасында әкімшіл-әміршіл жүйе ықпалымен жазылған еңбектерді қарастыра отырып, олар ұзақ уақыт бойы ғылыми сынға емес, керісінше идеологиялық ықпал астында болғаны жайлы ой қалыптасады. Осыған орай, Қазақстан тарихындағы орта ғасыр кезеңін зерттеуге қатысты тұжырымдардың өзгергенін білеміз. Коммунистік партия өкіметінің билігі кезінде Жошы Ұлысы тақырыбы зерттеліп келгенімен, теріс баға беретін пікірлер көбейді. Себебі, кеңестік саясатты жүзеге асыру барысында халық санасына әсер етуге тырысты. Алтын Орда тарихын зерттеу КСРО кезеңінде қатаң

бақылауда болғанына қарамастан кеңестік, шетелдік зерттеушілер үшін қызық тақырыптардың бірі болды. Алғашқы уақыттары Алтын Орда мемлекетінің Киев Русіне әсері, әлеуметтік-экономикалық, мәдени тұстары кеңестік зерттеушілердің назарына ілікті. Сол себепті, Алтын Орда тарихын баяндауда зерттеушілердің тараптарынан түрлі көзқарастар барына көз жеткізе аламыз. Кеңестік, шетелдік ғалымдардың еңбектерін қарастыру арқылы Жошы ұлысы тарихына қатысты мәліметтерге талдау жасап, өткен ғасырдан дұрыс тарихи тәжірибе алуға мүмкіндік туады. Осы орайда, кеңестік және шетелдік

ғалымдардың еңбектерін талдау өзекті мәселе болып табылады.

Кеңес Одағының коммунистік партиясының билігі кезінде құрамындағы республикалардың зерттеушілеріне ұлттық тарихты зерттеуге қойылған талаптарының әсері болды. Жошы Ұлысы (Алтын Орда) шамамен 200-250 жылдай уақыт өмір сүріп, оның құрамына енген халықтардың әлеуметік-экономикалық, мәдени институттарына әсерін тигізгені сөзсіз. Алайда, ортағасырлық мемлекет тарихына объективті бағаның әлсіз болғанын кеңес тарихнамасының мұрасы дәлелдейді. Сондай-ақ, кеңестік дәуірде Алтын Орда тарихына қатысты тарихнамалық дәстүрдің біркелкі болмағаны белгілі. Тарихта белгілі ресми мәліметтерден бөлек, саяси ықпал әсерінен арнаулы түрде жасырынды, бұрмаланған тұстары жеткілікті. Осылайша, кеңестік дәуірдің еңбектері қатаң «партиялық-идеологиялық» сынға түсіп, белсенді түрде ғылыми айналымдардан бірден алынып, кеңестік саясат сипатына сай еңбектер көп мөлшерде баспаға жарияланып отырды. Біз мақаланы жазуда кеңестік кезеңде қалыптасқан идеологиялық ұстанымдардың Жошы Ұлысының тарихын зерттеуге деген әсерін айқындап, талдауды мақсат еттік.

Зерттеу әдістері. Мақала жазу барысында салыстырмалы-тарихи, мерзімдемелік тәсілдері қолданылды. Бірінші салыстырмалы-тарихилық саралау қарастырылып отырған мәселені кеңестік, шетелдік тарихнама арасындағы өзара өзгешелікті анықтауға, зерттеу заңдылықтарын саралауға, пікір өрісінің тарлығынан босауға мүмкіндік береді. Мұндай методологиялық тәсіл мақаланың маңыздылығын, қарастырылған еңбектердің мазмұнының жазылу ерекшелігін барынша дұрыс талдауға мүмкіндік береді. Екінші мерзімдемелік тәсілді пайдалану арқылы Жошы Ұлысы тарихын зерттеуде кезеңдік тарихнамалық білімді терең жинақтауға мүмкіндік береді. Тарихи дәуірдің өзіндік ерекшелігін ескере отырып, жаңсақ тұжырымдардан алашақ болуға жол ашады.

Талдау. Кеңес тарихнамасында Жошы Ұлысы тарихы туралы зерттелген жеткілікті еңбектер бар. Әсіресе, бұл тақырыппен айналысқан Кеңес одағының белді ғалымдарының қатарына Б.Владимирцов (Владимирцов, 1934), В. Тизенгаузен (Тизенгаузен, 1941), М.Вяткин (Вяткин, 1941), А. Насонов (Насонов, 1940), Б.Греков, А.Якубовский (Греков, Якубовский, 1937), М.Сафаргалиев (Сафаргалиев, 1960) және т.б. ғалымдардың зерттеу жұмыстары жоғары бағаланды. Сондай-ақ, шетелдік зерттеушілердің қатарынан Т.Олсен (Allsen, 1987), Ю.Шамильоглу, М.Кафалы (Kafali, 1977) және т.б. еңбектерін құнды дереккөзі екендігіне көз жеткізі аламыз. Тақырыбымыз тарихнама болғандықтан, қайталауға ұрынбас үшін бұл бөлімді егжей-тегжейлі жазбауды дұрыс санадық. Өйткені оның бәрі келесі бөлімде жан-жақты талданады.

Зерттеу нәтижелері. Кеңес өкіметі қазақ даласында орнаған сәттен бастап мемлекеттің ішкі саясаты, соның ішінде тарихи-мәдени қырларына әсерін тигізді. Дегенмен, кеңестік тарихнаманың көмегімен ұлттық тарихымызды зерттеуде бай методологиялық тәжірибеге қол жеткізілді, Жошы Ұлысы тарихы бойынша кейбір пікірлер қалыптаса алады. Әрине, Жошы Ұлысы тақырыбын зерттеу патшалық Ресей кезінде басталады. Алғаш рет, 1826 жылы Ресей Ғылым Академиясы Ресей мен Батыс Еуропа ғалымдарына моңғол шапқыншылық зардаптарын айқындайтын ғылыми жұмыстар жариялау іс-шарасын өткізу керек деген шешім қабылданады. Алайда, ұсынылған жұмыстар арнайы комиссия тарапынан теріс баға алады.

Алты жылдан кейін Ғылым Академиясы тағы да осы тақырыпты жаңғырту аясында моңғол тақырыбына қызығушылық танытып, екінші рет Алтын Орда тарихына қатысты мәліметтер жинақтау аясында сайысты өткізу жайлы шешім қабылданды. Осыған орай 1832 жылы Ғылым Академиясына XIX ғасырдағы белгілі шығыстанушы ғалымы Х.М. Френнің тақырыпқа қатысты маңызды тұжырымдамасы жарияланады. Шығыстанушы Френнің пікірінше: «Алтын Орда деген атпен белгілі Жошы Ұлысы тарихын жазу, сыни тұрғыдан өңделген шығыс дереккөздерін, әсіресе, хан әулетінен теңгелі ескерткіштерді сақтаған мұсылман қолжазбаларын, ежелгі славян, поляк, венгер халықтарының қолжазбалар үзінділерін келтірген еңбектерді пайдалану қажет». Френнің ұсынған жұмысында Алтын Орда тарихына қатысты жаңа мәліметтер кездеседі, алайда Жошы Ұлысындағы әлеуметтік-экономикалық тақырып мәселесі қарастырылмады. Ғалымның тұжырымдамасына сәйкес, «Бізге моңғол үстемдігі жылдары Алтын Орда деген атпен белгілі болған ортағасырлық мемлекет, сондай-ақ мұсылмандар үшін Жошы Ұлысы деген атпен белгілі...екі жарым ғасырға жуық уақыт бойы Ресейдің қасіретіне айналып, оны сөзсіз құлдықта ұстап, отанымыздың тағдырына, құрылымына, құрылу тарихы мен тіліне әсерін тигізді» (Сафаргалиев, 1960: 9).

Х.М.Френ Алтын Орда тарихын аса қасіретті кезең деп есептеді, сондықтан тақырыпқа тек ғылыми тұрғыдан ғана қызығушылық танытты. Ресей Ғылым Академиясының екінші рет өткізілген сайысы сәтсіздікке ұшырап, үлкен жетістіктерге әкелмеді. Бұл іс-шараның сәтсіз аяқталуына Алтын Орда тарихына қатысты империялық сипаттағы ғылыми жұмыстардың аздығы себеп болды. Бірақ, Алтын Орданы зерттеуге деген қызығушылық бәсеңдемей, зерттеу жұмыстары өз жалғасын таба берді. Жалпы, революцияға дейінгі тарихнама Қазақстан тарихын зерттеуде ғылыми айналымға жаңа нақты материалдар енгізді. Алайда, ғылыми әдебиеттерде қазақ халқының тарихы тарихи жүйенің субъектісіне емес, керісінше империялық отарлық саясаттың объектісіне айналды. Себебі, ұлттық тарих жайлы мәліметтер келтіру барысында, көп жағдайда қазақ тарихының артта қалғандығын қолдайтын көзқарастардың көптігі байқалды.

Кеңестік кезеңдегі ғылыми ортада Алтын Орда тарихы өзекті тақырыпты қамтитын жұмыстардың бірі болды. Кеңестік кезеңде қалыптасқан тоталитарлық жүйе салдарынан, барлық зерттеушілердің еңбектері қатаң бақылауға алынды. Оның негізгі ерекшелігіне марксистік методологияны қолдану жатады. Сол дәуірде қатаң саяси жүйенің орнауымен тарих ғылымы толығымен партиялық идеологиялық жүйеге бағынды.

Осы тақырыпта 1922 жылы археологиялық жұмыстардың нәтижесінде шығарылған профессор Р.Ф.Баллонның «Старый и новый сарай столицы Золотой Орды» ғылыми еңбегін атауға болады. Алтын Орда астанасы Сарай қаласының сипаты, тарихи-географиялық мекені жайлы мәліметтер келтіріледі (Баллон, 1923). Автор археологиялық жұмыстарының қорытынды нәтижесінде, Алтын Орда мемлекетінің территориясы дамыған мәдени ошақ алаңы болғанын мойындады. Жалпы, Р.Ф.Баллонның еңбегі Алтын Орда тарихына оң баға бере отырып жазылды. Еңбекте археологиялық барлау жұмыстарының көмегімен В.Баллонның жариялаған мәліметтерінде Алтын Орда кезеңіне қатысты елді мекендердің едәуір санын анықтады. Автордың зерттеулері Алтын Ордадағы отырықшы елді мекендеріне қатысты көзқарасты өзгертті.

1930 жылы Н.Арзютовтың «Золотая Орда» атты Жошы Ұлысы тарихына арналған еңбегі жарияланды. Автордың пікірінше: «Алтын Орда – Азия аумағындағы ірі әскери-саяси оқиғалар желісінің қорытынды нүктесі болды. Әлемге әйгілі Шыңғысхан үлкен ауқымды территориялық аймақты жаулап алуға ұмтылып, әскерін жердің барша бөліктеріне жіберуге тырысты» (Арзютов, 1930: 1). Н.Арзютовтың бастамасымен жазылған еңбегі қоғамға ортағасырлық Алтын Орда саяси тарихымен танысу үшін бағытталған болатын. Жалпы, Р.Ф.Баллонның ізін жалғастырушы авторлардың бірі болып Н.Арзютов саналады, себебі Алтын Орданың тарихы, географиялық мекені, мәдени тұстарын археологиялық қазба жұмыстарымен толықтырды.

1934 жылы академик Б.Я.Владимирцовтың «Общественный строй монголов» атты еңбегі Кеңес Одағының Ғылым Академиясының тапсырмасы аясында жарияланымға жіберілген еді (Владимирцов, 1934). Бұл еңбекте Шыңғыс хан құрған Моңғол мемлекетінің орта ғасырдағы тарихы, шаруашылығы, феодалдық сипаты жайлы мәліметтер келтірілген. Б.Я.Владимирцовтың еңбегінде Моңғол империясының қоғамдық құрылысын өзіндік ерекшелігінің болуы жайлы сипатталады. Сондай-ақ, аталған мемлекет Азия мен Еуропа елдерінің мемлекеттерінің құрылу тарихына әсерін тигізгені жайлы пікірді ұстанды. Автордың еңбегінен толық моңғолдардың әлеуметтік құрылымы жайлы ақпарат аздығы байқалады, тек кейбір қоғамдық құрылысына анықтамалық мәліметтерді кездістіруге болады. Ғылыми жұмысты жазу барысында автор саяхатшылардың келтірілген деректерін сынға алып, олардың ішінде моңғол тілін білетін, моңғолдық филологиялық білімімен таныс зерттеушілердің аздығына назар аударады. Сол себепті автор еңбекті жазу барысында моңғол жеріне барып, халықтың әлеуметтік құрылымымен таныс болады. Бұл жұмыс кеңестік дәуірде Моңғол мемлекетінің әлеуметтік құрылым тарихын жазуға бағытталған жұмыс еді. Біздің ойымызша, ортағасырлық моңғол өмірін мен XX ғасырмен салыстыру мүмкін емес. Себебі ғасырлық өзгеріске, жаһандық дамуға ұшыраған моңғол халқында әлеуметтік құрылымы да өзгеруі мүмкін. Сондықтан, Б.Я.Владимирцевтің жұмысы субъективті нұсқада жазылған жұмыс болып табылады.

Тарихи деректерге мән бермеу салдары, буржуазиялық ұлтшылдарда тарихи фактілерді басқаша жазу сипаты кең танымал болады. Осылайша, тарихты жазуда тарихи тұлғаларды ғана емес, кейбір тарихи маңызы бар оқиғалар көпшіліктің назарынан таса қалады. XX ғасырдың 40 жылдары қоғамда «Покровский мектебінің» ықпалы деген ой қалыптасады. Себебі, Покровскийдің идеясын қолдаушылардың жұмыстары анти-марксистік бұрмалануға ұшыраған жұмыстар деп саналады. М.Н.Покровский және оның мектебінің өкілдері «тарих – бұл өткенге аударылған саясат» деген пікірді ұстанды. Бұл алда тарихи оқиғалардың бұрмалануына әкеліп, осылайша тарихтың жаңғыру үдерісіне алып келеді. М.Покровский мектебі қалыптасып келе жатқан марксистік-лениндік саясатқа қарама-қарсы көзқарастың туындауына алып келді. Сондай жұмыстардың айқын дәлелі ретінде А.Ф.Рязановтың жұмысын атауға болады (Рязанов, 1928).

Осылайша, XX ғасырдың 40 жылдары кеңістік қоғамда туындаған мәселенің шешу жолдары іздестіріле бастады. Орталық комитеттің шешімімен «Краткий курс истории ВКП(б)» атты ғылыми әдебиетті жариялау туралы шешім қабылданады. Бұл еңбектің тарихи маңызы – марксистік ілімге сай, Покровский

мектебінің өкілдері жіберген қателіктерден алшақтау, марксизм-ленинизм теориясын түсіндіруде біршама сұрақтың жауабы болады деп санады.

1941 жылы КСРО Ғылым Академиясының бастамасымен «Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды» еңбегі баспаға шықты. Бұл еңбекте В.Г.Тизенгаузеннің жинақтаған ортағасырлық қолжазбалары жинақталды, сондай-ақ оның түпнұсқалығын сақтап А.А.Ромаскевич пен С.А.Волин ғалымдар баспаға жариялады. В.Г.Тизенгаузен Алтын Орда тарихына қатысты мәліметтер беретін вендік қолжазбаны, Лейден және Париж қолжазбаларының көшірмелерін алып, еңбекте кейбір қолжазбалардың аудармалары көрсетеді (Тизенгаузен, 1941). Мәселен, аталған материалдар жинағында Тизенгаузен жинақтаған «Тарих и гузиде», «Анонима Искендера» еңбектеріндегі құнды мәліметтерді, Джузджани, Джувейни мен Рашид-ад-дин сынды ортағасырлық авторлардың еңбектерінің аудармасымен таныс боламыз (Ромаскевич, Волин, 1941:6). Бұл материалдардың тарихи маңыздылығына қарамастан, оларда келтірілген географиялық мәліметтердің жетіспейтіндігін атап өткен жөн, өйткені көбінесе ертедегі еңбектердегі шежірелермен сәйкес келеді. Тарихи-географиялық ақпарат шеңберінің тарлығы көбінесе араб авторларының басым көпшілігі ешқашан Жошы ұлысының иеліктеріне бармағанына, көбіне дипломаттар мен көпестердің сөздерінен ақпарат алғандығына байланысты болды. Әрине, кейбір жағдайларда еңбекте бұрмаланған немесе тіпті дұрыс емес мәліметтерді кездестіруге болды. Географиялық тұрғыдан алғанда, мемлекет аумағының жалпы сипаттамалары, соның ішінде әртүрлі аудандар мен қалалардың тізімі үлкен қызығушылық тудырады. Еңбекте кездесетін мәліметтердің ішінде назар аударатын тұсына, араб деректерінде кездеспейтін Әмір Темір мен Тоқтамыс арасында әскери соғыстар нәтижесінде өзгерген географиялық аймақтар туралы егжей-тегжейлі мәліметтер көрсетіледі.

1941 жылы Кеңес Одағының ғылыми тұжырымдамасын айқындау аясында қазақ халқының ұлттық тарихын баяндауға бағытталған М.Вяткиннің «Очерки по истории Казахской ССР» жарияланады. Автор еңбекті жазу барысында архив құжаттарын, тікелей әрі жаңама қолжазбаларды қолданады. Ғалым аталған оқулықты жазу барысында Алтын Орда империясын феодалдық сипаттағы мемлекет деген пікірді ұстанды (Вяткин, 1941:69). Академик М.Вяткиннің пікірінше, қазіргі заманғы Қазақстан территориясының батыс, солтүстік және орталық бөліктері Жошы Ұлысының құрамына кірді, сонымен қатар тарихта Көк Орда немесе Алтын Орда деген атпен белгілі болды. Осылайша, автор Жошы ұлдарына тиесілі ұлыстардың территориясын айқындады. Негізгі академик М.Вяткин тікелей Кеңес өкіметінің тапсырмасын орындауда, ұлттық тарихты жазуда белсінділік танытты. Автор Алтын Орда тарихын жазуда В.Лениннің шығармаларынан үзінді келтіре отырып, барынша марксистік-лениндік сипатқа сай жазуды мақсат етті. Моңғол тарихын жазуда олардың жойқын шапқыншылық әрекеті, зардаптары жайлы пікірлер кездестіруге болады. Сондай-ақ, академик М.Вяткин толықтай орыс князьдықтарының Алтын Орда құрамына кірмегенін, тек вассал қызметін атқарғаны жайлы пікірді ұстанды.

Тарихнамалық шолу жасау барысында Алтын Орда тарихына зерттеу жүргізіп, оның тарихи географиясының жекелеген аспектілеріне қатысты жалпы сипаттағы қорытынды пікірлер жайлы ұмытпаған жөн. Осындай іргелі еңбектердің бірі 1943 жылы

«Қазақ ССР тарихы» болып табылады (Абдыкалыков, Панкратова, 1943). Алтын Орданың тарихын кеңестік тарихи түсіндірілуімен қатар, бұл жұмыста кей жерлерінде қателер байқауға болады. Мәселен, Алтын Орда мемлекетінің саяси тарихы ғылыми жағынан тар көзқараста жазылған. «Ақ Орда», «Көк Орда» және «Алтын Орда» атауларының шығу тарихына қатысты бұрыс пікір қалыптасты. Еңбекте қарастырылған әлеуметтік құрылымға тікелей марксистік-лениндік тұрғыда баға бере отырып, жазылды.

А.Н.Насоновтың «Монголы и Русь» еңбегі де марксистік-лениндік сипатта жазылған жұмыстар топтамасына енеді. Автор моңғол тарихын жаза отыра, Карл Маркстың «Secret Diplomatic History of Eighteenth Century» еңбегінен үзінді ойды келтірді, мәселен, «Татарское иго продолжалось... свыше двух столетий. Это было иго, которое не только подавляет, но растлевает и иссушает самую душу народа, который ему подпал. Монгольские татары установили режим систематического террора, орудием которого были грабежи и массовые убийства» (Насонов, 1940: 3). Дегенмен, А.Н.Насонов Алтын Орда тарихын жазу барысында саяси тұсынан қателіктер жібергені мәлім.

Кеңестік тарихнамада белгілі ғылыми туындылардың біріне Б.Греков пен А.Якубовскийдың «Золотая Орда» еңбегі жатады. Академик А.Ю.Якубовский өз жұмысында XIV ғасырдың 60-70-ші жылдарында Алтын Ордадағы феодалдық өзара тартыс тарихына егжей-тегжейлі тоқталады (Греков, Якубовский, 1937). Сондай-ақ, авторлар тәуелсіз ұлыстардың пайда болуын, яғни Ақ Орда және Көк Орданың құрылу тарихы жайлы мәліметтермен бөліседі. КСРО Ғылым Академиясының мүшелері тарапынан сынға алынған тұстарына қарамастан, Б.Греков пен А.Якубовскийдың еңбектерінде келтірілген мәліметтер құнды болып табылады.

1951 жылы Б.Греков пен А.Якубовский «Золотая Орда и ее падение» еңбегін жариялады. Бұл жұмыс «Золотая орда» еңбегінің жалғасы есебінде болғаны белгілі. Еңбекте келтірілген деректерге сүйенсек, Жошы Ұлысына тиесілі негізгі жерлердің біріне Дешті Қыпшақтың барлық аумағы жатады. Алайда, Жошының тірі кезінде-ақ, бұл елді мекенге тек номиналды түрде ғана иелік етіп, шынына келгенде жаулап алуға міндетті болды. Батуханның бастамасымен ұйымдастырылған әскери жорықтардың нәтижесі ретінде Дешті Қыпшақ, Бұлғар, Қырым және Кавказдан Дербентке дейін моңғолдардың немесе татарлардың қолында болды. Сондай-ақ, осындай тарихи оқиғалардың нәтижесінде орыс халқының татарларға қарсы батырлық күресін суреттеді (Греков, Якубовский, 1950). Олардың ғылыми еңбекті жазу барысындағы міндеті тарихи және географиялық аспектілерді егжей-тегжейлі көрсету емес еді. Нәтижесінде олардың еңбектері мазмұны жалпыламалық сипатқа ие болып, көбінесе дереккөздерінің аздығымен немесе оларды қайталаумен шектеледі. Жалпы, бұл еңбектің 1941 жылы жарияланған еңбектен қатты айырмашылығы жоқ, тек үшінші бөлімінде Алтын Орда мемлекетінің құлауын жазады. КСРО Ғылым Академиясы еңбекті талқылау барысында соңғы бөлімін үздік жұмыс деп таныды.

Кеңестік дәуірде билік қазақ халқының тарихын жазуда барлық арандатушылық әрекеттермен күрес жүргізді. 1958 жылы П.П.Ивановтың «Очерки по истории Средней Азии (XVI- середина XIX в.)» еңбегінде Алтын Орда тарихы, Дешті Қыпшақ Даласында орын алған әскери-саяси оқиғалар жайлы сипатталады. Ғалым деректерді пайдалана отыра, келесі жағдайға

көңіл аударды: «Ақ Орданың құрылуы, оның саяси және әлеуметтік-экономикалық өмірі арнайы түрде зерттелмегендіктен, бұл тақырып барынша толыққанды қарастырылмады» (Тизенгаузен, 1941:17). Келтірілген дерекке сүйенсек, Жошы Ұлысы екіге бөлінді, сол қанат немесе Ақ Орда және оң қанат Алтын Орда (Көк Орда). Автор өз жұмысында келесідей мәлімет келтірді: «Алтын Орда құдіреті күшті болған жылдары Ақ Орданың билеушілері ешқандай билікте дербестікке қол жеткізе алмай, тек вассал қызметін атқарды» (Иванов, 1958: 58).

1950 жылдардың ортасында «жылымық» кезеңімен тақырыпты зерттеуге қатысты жаңа тәсілдердің пайда болуы байқалады. Сондай жұмыстардың бірі ретінде кеңестік тарихнамада Жошы Ұлысы тарихына арналған классикалық жұмысқа М.Г.Сафарғалиевтың «Распад Золотой Орды» (Сафарғалиев, 1960) еңбегі жатады. 7 бөлімнен тұратын ғылыми еңбегінде Алтын Орданың құрылу кезеңінен бастап жазылған, сонымен қатар XIV-XV ғғ. басындағы Жошы Ұлысының саяси тарихына терең талдау жасалды. Автор өз еңбегінде келесі пікірді ұстанатынын білдірді: «К.Маркстың ұстанымы Алтын Орда тарихын кеңестік тарихнамада зерттеуге методологиялық негіз болды» (Сафарғалиев, 1960:12). М.Сафарғалиев «XIV ғасырдағы белгілі материалдар негізінде Алтын Орданың аумағын осы кезең үшін тек болжап қана айтуға болады» (Сафарғалиев, 1960:22) деген қорытындыға келді. Автордың ойынша, тереңдетілген археологиялық зерттеулер жүргізудің көмегімен Алтын Орда мемлекетінің аумағы бойынша нақты мәліметтерге ие болуға болады.

Дегенмен, М.Г.Сафарғалиевтың жұмысын қарастыру барысында тарихи-географиялық қырларына аз назар аударылған, сонымен қатар, материалдардың аздығын айтуға болады. Автордың келтірілген археологиялық мәліметтері Алтын Орда қалаларының дәрежесін төмендетеді, себебі еңбекте «олар қол-өнері әлсіз дамыған сауда орталықтары есебінде» сипаттайды.

1965 жылы Алтын Орда мемлекетінде ішкі билік үшін талас-тартыс нәтижесінде қалыптасқан Өзбек мемлекетінің құрылу тарихы жайлы Б.А.Ахмедовтың «Государство кочевых узбеков» еңбегінде көруге болады (Ахмедов, 1965). Кітапта Әбілқайыр хандығының саяси тарихы жайлы жазылған. Автор бұл еңбекті жазуда деректерді, саяхатшылардың және археологиялық барлау жұмыстарының мәліметтерін пайдалана отырып, Алтын Орда мемлекетінің шығыс бөлігінің тарихын жазуға тырысты. Көшпелі өзбек мемлекетінің құрылуына Жошы Ұлысында орын алған саяси жағдайлардың әсері мол болғанына назар аударды.

1966 жылы археологиялық мәліметтердің негізінде ортағасырлық көшпелі қоғамның ішкі тарихын көрсететін Г.А.Федоров-Давыдовтың жұмысын атауға болады. Г.А.Федоров-Давыдовтың «Кочевники Восточной Европы под властью золотоордынских ханов» (Федоров-Давыдов, 1966) атты кітабында көшпелілер этногенезі, печенегтердің антропологиясы, Киев Русімен көшпелілер арасында орныққан қарым-қатынас мәселелері қарастырылған. Автор зерттеу жүргізу барысында Алтын Ордалық дәуірге жататын көшпелілердің жерлеу дәстүріне қатысты деректермен таныстырады. Алайда, бұл дәстүр тек моңғолдарға ғана емес, сондай-ақ Алтын Ордалық хандардың ықпалына түскен печенегтер мен түркі тайпаларына да тиесілі болды. Аталған еңбекте келтірілген мәліметке сүйенсек, моңғол шапқыншылығы нәтижесінде тайпалық бөліну дәстүрі жойылып, Дешті Қыпшақ даласы ұлыстық жүйеге бағынатын феодалдық даму түріне

көшті. Алғаш рет автордың зерттеуі нәтижесінде мемлекеттің қоғамдық құрылысына әскери-саяси мен этникалық үдерістердің әсерін зерттеп, Жошы Ұлысы территориясындағы жаңа этникалық халықтардың құрылу тарихы жайлы тұжырым жасады.

1970 жылы алғаш рет мазмұны жағынан көлемді «Татаро-монғолы в Азии и Европе» тақырыбындағы жинақта танымал тарихшы-медиевистердің мақалалары жарияланды (Тихвинский, 1977). Осы еңбекке пікір жазушылардың бірі «бұл жинақ – ортақ тарихқа жалпылама болатын еңбекті жазудағы сәтті қадамдардың бірі болып табылады», – деп тұжырым жасады (Каргалов, 1980:180). Алайда, жинақтағы барлық мақалаларда ортағасырлық жазбаша деректерге деген сындық көзқарастың жоқтығы байқалады.

1982 жылы кеңестік белгілі тарихшы С.А.Плетнева-ның (Плетнева, 1982) еңбегінде моңғол дәуіріндегі көшпелі өркениеттің даму ерекшелігі археологиялық материалдарды пайдалана отырып жазылды. Еңбек көшпелілердің әлеуметтік-экономикалық қатынасының қалыптасу заңдылығын зерттеуге арналған. Сондай-ақ, отырықшылар мен көшпелілердің қарым-қатынас мәселесін, мәдениет сұрақтарын қарастырады. Автор өзінің еңбегінде «Алтын Орда» мемлекетіне келесідей баға берді: «Алтын Ордада бірегей мәдениет қалыптасқанымен, географиялық тұрғыдан түрлі тайпалық бірлестіктер қоныстанып, экономикалық жағдайының әртүрлі болуына алып келді» (Плетнева, 1982:72). Тарихшы С.А.Плетнева Алтын Орданы Түркі қағанатының тарихымен ұқсас деп есептейді. Себебі шамамен ол да 100 жылдай өмір сүріп, кейін бірнеше қағанаттарға бөлініп кетті (Плетнева, 1982:84).

1985 жылы В.Л.Егоровтың монографиясы Алтын Орда тақырыбына қатысты тарихи-географиялық сұрақтарды қарастырады. «Историческая география Золотой Орды в XIII–XIV вв.» (Егоров, 1985) еңбегінде XIII ғ. Алтын Орданың Русьпен шекарасы іс жүзінде өзгеріске ұшырамағаны жайлы жазылған. Монографияда моңғол ақсүйектері Киев Русін экономикалық жағдайына, яғни қазынасын толықтырудың сарқылмас көзі ретінде пайдаланғаны жайлы айтылады. Жалпы автор өз жұмысында Батый ханға тиесілі ұлыстың тарихи-географиялық мәселесін ашқанымен, Жошы Ұлысының шығыс бөлігі – Ақ Орда тақырыбы аз зерттелді. Бұл еңбектің тарихы маңызы ретінде, «Алтын Орда» терминінің шығу тарихы туралы мәліметтер кездеседі. Тарихи тұрғыдан алғанда, жұмыс Алтын Орданың саяси тарихы үшін ғана емес, сонымен бірге мемлекетті аумақтық-географиялық бағалау үшін де маңызды болып табылады.

Жошы Ұлысының тарихтағы орны мен рөліне қатысты айтыс-талыстар әлі күнге дейін тоқтар емес. Ортағасырлық мемлекетке қатысты тарихта құпияға толы тұстары да жеткілікті. Негізгі себептер ретінде мәліметтердің аздығы, мәселенің күрделілігі, екіншісіне мемлекеттің идеологиялық тұрғыдан зерттеушілерге қысқын келтіруімен түсіндіріледі. Осылайша кеңестік тарихнама бойынша қарастырылған еңбектерде Жошы Ұлысының тарихына деген бірегей көзқарастардың болмағаны жайлы ой қорытуға болады.

Осы кезеңде қарастырылып отырған тақырыпты шетелдік ғалымдар да зерттеді. Жалпы, шетелдік тарихнамада Шыңғыс хан құрған империяны зерттеумен ғана емес, ұлыстың жүйеге ұласқан ортағасырлық мемлекеттер жайлы, соның ішінде Жошы Ұлысы тарихын да қарастырды. Сондай жұмыстардың айқын мысалы ретінде Дж.Хаммер-Пургшталь және Б.Шпулердің зерттеу жұмыстарын атауға болады.

Автор, шын мәнінде, мемлекет тарихын емес, белгілі бір ханның кезінде болған саяси оқиғаларды баяндайды. Ол мемлекеттің географиясына қатысты тарихи маңызы бар мәліметтермен бөліспейді. Ал Б.Шпулер Алтын Орданың тарихын жан-жақты ашып жазуға тырысып, мемлекеттің саяси дамуын ғана емес, өмірін, мәдениетін, экономикасын да көрсетеді. Жошы Ұлысындағы билік жүйесін түркілік дәстүр тұрғысынан қарастыру Юлай Шамильоглудың жұмыстарында қарастырылады. 1982 жылы Жошы Ұлысына тиесілі иеліктердің тарихы, территориясы, «Ақ Орда», «Көк Орда», «Алтын Орда» сөздерінің шығу этимологиясы жайлы Томас Олсен «The princes of the Left Hand: an introduction to the history of the Ulus of Orda in the thirteenth and the early fourteenth century» деген мақала жариялады (Allsen, 1987). Автор түрлі моңғол дәуіріне жататын деректерді зерттеп, «Алтын Орда» сөзінің кездеспейтіні туралы қорытынды жасады. Орданың саяси өзгерісін зерттей келе, оны төрт кезеңге бөліп қарастырды: Алтын Ордаға батыс тармақтарының толық бағыну кезеңі, тәуелсіз кезең, қайта қосылу, Ордалықтардың батыс тармаққа басшылық жасау кезеңі. Сондай-ақ, мақалада келтірілген мәліметке сүйенсек, Бату хан барлық Жошы ұлыстарының саяси қызығушылықтары мен әрекеттерін бақылап отырды, сол қанаттың билеушісі оған тікелей бағынды. Томас Олсен Орда тарихын жазу барысында ортағасырлық көшпелілерді сипаттауда Латтимор «нерегенерированные варвары» терминін қолданды. Аталған топтардың қызметі ескі тәртіп пен құндылықтарды сақтау, уақыт өте келе алғашқыдағы көшпелілікке жету болды.

Жошы Ұлысы тарихын зерттей келе, Ордалық биліктің Руське әсері жағымсыз салдарына баға бере отырып, ортағасырлық мемлекетті жеке тарихи құбылыс есебінде көрді (Michal Biran, 1977).

Түрік тарихнамасында да Жошы Ұлысы тақырыбы аясында ғылыми еңбектер жарияланды. Солардың бірі ретінде Мустафа Кафалының 1976 жылы жарияланған монографиялық жұмысында Өтемісқажының еңбегін пайдалана отырып, Жошы Ұлысы тарихы жайлы жазады (Kafali, 1977). Автор монографиялық жұмысында моңғол дәуірінің әлеуметтік-экономикалық, саяси аспектілеріне тоқталады.

Жалпы, кеңестік тарихнамамен салыстарғанда шетелдік ғалымдар Алтын Орда тарихына объективті баға беруге тырысты. Саяси қысымға ілікпеген шетелдік ғалымдар Алтын Орда тарихын белгілі бір методологиялық жүйемен, ортағасырлық деректерді саралау арқылы зерттеді. Авторлар қарастырылып отырған еңбектерді жазу барысында ортағасырлық деректер мен сол заманға сай балама деректерді пайдалана отырып, салыстырмалы талдау жүргізді.

Қорытынды. Осы уақытқа дейін Жошы Ұлысы тарихы бойынша көптеген еңбектер жарық көрді. Алайда, әлемге әйгілі ортағасырлық алып мемлекеттің құрылуы, этникалық құрамы, мәдениеті, тарихы жайлы жан-жақты ғылыми зерттеу жүргізілмеді. Өрине, Алтын Орда тарихына қатысты қалыптасқан ортақ тарихнамалық үдерістің болуына қарамастан, арнаулы және жекелеген тақырыптарға зерттеулер жүргізілді. Дегенмен, бұл тарихнамалық еңбектерде Жошы Ұлысы тарихына қатысты барлық сұрақтардың қамтылуы мүмкін болмады және оның бірнеше себептері анықталған. Біріншіден, қазіргі уақытта көрсетілген аумақтағы мемлекеттің болмауына байланысты әртүрлі кезеңдегі мәліметтер толыққанды игерілмеді. Екіншіден, кеңестік кезеңде жазылған еңбектер марксистік-лениндік тұрғыдан қарастырылып, орталық биліктің

ұстанымына бағынды. Ал, шетелдік ғалымдар жан-жақты, әрі объективті тұрғыда зерттеуге тырысты. Осы себептерге байланысты Алтын Орда тарихы әлі де болса жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

- Арзуттов Н. Золотая Орда. – Саратов, 1930. – С. 10
- Ахмедов Б.А. Государство кочевых узбеков. – М.: Наука. ГРВЛ, 1965. – С. 195.
- Баллон Ф. Старый и новый сарай столицы Золотой Орды. – Казань, 1923. – С. 123.
- Владимирцов Б.Я. Общественный строй монголов. – Москва: Ленинград : Изд-во Акад. наук СССР, 1934. – С. 224.
- Вяткин М. Очерки по истории Казахской ССР.–ОГИЗ: Госполитиздат, 1941. – С. 367.
- Греков Б., Ябуковский А. Золотая Орда. –Л.: ОГИЗ, 1937. – С. 216.
- Греков Б., Ябуковский А. Золотая Орда и её падение. – Л.: Изд-во АН СССР, 1950. – С. 478.
- Егоров В.Л. Историческая география Золотой Орды в XIII–XIV вв. – М.: Наука, 1985. – С. 247.
- Каргалов В.В. Куликовская битва. – М.: Воениздат, 1980. – С. 128.
- Костюков В.П. Улус Шибана Золотой Орды в XIII– XIV вв. Под ред. И.М. Миргалеева. – Казань: Изд-во «Фэн» АН РТ, 2010. – С. 200.
- Иванов П.П. Очерки по истории Средней Азии (XVI – середина XIX вв.). –М.: ИВЛ, 1958. – С. 248.
- История Казахской ССР. Т.3. – КазОГИЗ, 1943. – 204 б.
- История Татар с древнейших времен. Т.3. – Казань, 2009. – 1112 с.
- Насонов А.Н. Монголы и Русь. – М.: АН СССР, 1940. – С. 178.
- Плетнева С.А. Кочевники средневековья. – М, 1982. – С. 188.
- Рязанов А.Ф. На стыке борьбы за степь. Очерк по истории, колонизации Новолинейного района, 1835-1845 г.г. – Оренбург: Типо-литография Горпромкомбината, 1928. – С. 19-64.
- Сафаралиев М.Г. Распад Золотой Орды / Уч. зап. Мордов. гос. ун-та. Вып. IX. – Саранск: Мордов. кн. изд-во, 1960. – С. 276.
- Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды. – Москва: Ленинград: Изд-во Акад. наук СССР, 1941. Т.2. – С. 310
- Татаро-монголы в Азии и Европе. – М, 1977. – с. 504
- Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой орды //Акад. наук СССР, Ин-т востоковедения. – Москва: Ленинград : Изд-во Акад. наук СССР, 1941. Т.1. – С. 308.
- Федоров-Давыдов Г.А. Кочевники Восточной Европы под властью золотоордынских ханов. – М, 1966. – С. 276.
- Юдин В.П. Переход власти к племенным биям и неизвестной династии Тукатимуридов в Казахских степях в XIV в. (к проблеме восточных письменных источников, степной устной историографии и предистории Казахского ханства) // Утемишхаджи. Чингиз-наме / Факс., пер., транскр., текстолог. примеч., исслед. В.П. Юдина. – Алматы: Гылым, 1992. – С. 57–75.
- Allsen Th. T. The princes of the Left Hand: an introduction to the history of the Ulus of Orda in the thirteenth and the early fourteenth centuries // Archivum Eurasiae medii aevi. T. V: 1985. – Wiesbaden: Harrasowitz Verlag, 1987. – P. 5–40.
- Michal Biran. Qaidu and the Rise of the Independent Mongol State in Central Asia. 1997. –P. 198.
- Kafali M. Altın Orda Hanlığının Kuruluş ve Yükseliş Devirleri (İstanbul Üniversitesi Edebiyat Fakültesi yayın no. 2085). – İstanbul: Edebiyat Fakültesi Matbaası, 1977. – B. 169.

REFERENCES

- Arzutov N. Zolotaia Orda [The Golden Horde].– Saratov, 1930. P. 10 [in Russian].
- Ahmedov B.A. Gosudarstvo kочevykh yzbekov [The state of the nomadic Uzbeks]. – M.: Nayka. GRVL, 1965. P. 195 [in Russian].
- Balon F. Staryi i novyi sarai stolisy Zolotoi Ordy [Old and new sarai of the capital of the Golden Horde]. – Kazan, 1923. P. 123 [in Russian].
- Vladimirsov B.Ia. Obshestvennyi stroi mongolov [The Social

system of the Mongols]. – Moskva: Leningrad : Izd-vo Akad. nayk SSSR, 1934. – P. 224 [in Russian].

Vatkin M. Ocherki po istorii Kazahskoi SSR [Essays on the history of the Kazakh SSR]. – OGIZ: Gospolitizdat, 1941. – P. 367 [in Russian].

Grekov B., Iabkovskii A. Zolotaia Orda [The Golden Horde]. –L.: OGIZ, 1937. – P. 216 [in Russian].

Grekov B., Iabkovskii A. Zolotaia Orda i ee padenie [The Golden Horde and its Fall]. – L.: Izd-vo AN SSSR, 1950. – P. 478 [in Russian].

Egorov V.L. Istoricheskaia geografia Zolotoi Ordy v XIII–XIV vv [Historical geography of the Golden Horde in the XIII–XIV centuries]. – M.: Nayka, 1985. – P. 247 [in Russian].

Kargalov V.V. Kylikovskaia bitva [Kulikovskaya battle]. – M.: Voenizdat, 1980. P. 128 [in Russian].

Kostukov V.P. Ylys Shibana Zolotoi Ordy v XIII– XIV vv. Pod red. I.M. Mirgaleeva [Ulus Shibana of the Golden Horde in the XIII–XIV centuries. Edited by I. M. Mirgaleev]. – Kazan: Izd-vo “Fen” AN RT, 2010. – P. 200 [in Russian].

Ivanov P.P. Ocherki po istorii Srednei Azii (XVI – seredina XIX vv.) [Essays on the history of Central Asia (XVI–mid-XIX centuries)]. –M.: IVL, 1958. – P. 248 [in Russian].

Istoria Kazahskoi SSR. T.3 [The history of the Kazakh SSR. Vol. 3]. – Kazogiz, 1943. – P. 204 [in Russian].

Istoria Tatar s drevneishih vremen. T.3 [History of the Tatars since ancient times. Vol. 3.]. – Kazan, 2009. – P.1112 [in Russian].

Nasonov A.N. Mongoly i Ryś [The Mongols and Russia]. – M.: AN SSSR, 1940. – P. 178 [in Russian].

Pletneva S.A. Kochevniki srednevekovia [Nomads of the Middle Ages]. – M, 1982. – P. 188 [in Russian].

Razanov A.F. Na styke borby za step. Ocherk po istorii, kolonizatsii Novolineinogo raiona, 1835-1845 g.g [At the junction of the struggle for the steppe. Essay on the history and colonization of the Novolinein district, 1835-1845]. – Orenbúrg: Tipo-litografiya Gorpromkombinata, 1928. – P. 19-64 [in Russian].

Safargaliev M.G. Raspad Zolotoi Ordy / Ych. zap. Mordov. gos. yn-ta. Vyp. IX [Disintegration of the Golden Horde / Uch. zap. Mordovia State University. Issue IX.]. – Saransk: Mordov. kn. izd-vo, 1960. – P. 276 [in Russian].

Sbornik materialov odnosashihsa k istorii Zolotoi Ordy [Collection of materials related to the history of the Golden Horde]. – Moskva: Leningrad : Izd-vo Akad. nayk SSSR, 1941. T.2. – P. 310 [in Russian].

Tataro-mongoly v Azii i Evrope [Tatar-Mongols in Asia and Europe]. – M, 1977. – P. 504[in Russian].

Tizengayzen V.G. Sbornik materialov, odnosashihsa k istorii Zolotoi ordy[Collection of materials related to the history of the Golden Horde] //Akad. nayk SSSR, In-t vostokovedenia. – Moskva: Leningrad : Izd-vo Akad. nayk SSSR, 1941. T.1. – P. 308 [in Russian].

Fedorov-Davydov G.A. Kochevniki Vostochnoi Evropy pod vlastu zolotoordynskikh hanov [Nomads of Eastern Europe under the rule of the Golden Horde Khans]. – M, 1966. – P. 276 [in Russian].

Iydin V.P. Perehod vlasti k plemennym biam i neizvestnoi dinastii Tykatimyridov v Kazahskikh stepah v XIV v. (k probleme vostochnykh pismennykh istochnikov, stepnoi ystnoi istoriografii i predystorii Kazahskogo hanstva) [The Transition of Power to the tribal biyas and the unknown dynasty of the Tukatimurids in the Kazakh steppes in the XIV century (to the problem of Eastern written sources, steppe oral historiography and prehistory of the Kazakh Khanate). Chingiz-nama// Ytemishhadji. Chingiz-name / Faks., per., transkr., tekstolog. primech., issled. V.P. Iydirina. – Almaty: Gylym, 1992. – Pp. 57-75 [in Russian].

Allsen Th. The princes of the Left Hand: an introduction to the history of the Ulus of Orda in the thirteenth and the early fourteenth centuries // Archivum Eurasiae medii aevi. T. V.: 1985. – Wiesbaden: Harrasowitz Verlag, 1987. – P. 5-40. [in English].

Michal Biran. Qaidu and the Rise of the Independent Mongol State in Central Asia. 1997. - p. 198. [in English].

Kafali M. Altın Orda Hanlığının Kuruluş ve Yükseliş Devirleri (İstanbul Üniversitesi Edebiyat Fakültesi yayın no. 2085). – İstanbul: Edebiyat Fakültesi Matbaası, 1977. – B. 169 [in Turkish].

Светлана ЕДИЛХАНОВА,

т. ғ.к., доцент, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті,
Қазақстан, Орал қаласы. E-mail: sedil76_@mail.ru

ҚАЛМАҚ-ТОРҒАУЫТТАРДЫҢ 1771 ЖЫЛЫ ЦИН ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ТЕРРИТОРИЯСЫНА КӨШУІ

Қазақ-қалмақ соғысындағы соңғы шайқас «Шаңды жорық» деген атаумен белгілі. Цин империясы 1758 жылы Жоңғардың әскери мемлекетін талқандап, халқын қырып-жойғаннан кейін, аман қалған тұрғындары Ресей жеріне, соның ішінде Қалмақ хандығына қашқан болатын. Сол аймақта пана тауып, тұрып кетеді. Кейін, олардың арасында бұрынғы Жоңғар жері бос қалды, қаңырап жатыр деген әңгіме тарайды. Сол себепті бұрынғы көшпелі хандықтың жеріне қайтып бару ойы халық ішінде кеңінен тарап, оны жүзеге асыруды қалмақ шонжарлары қолға алады. Нәтижесінде, қалмақ халқы қаңтардың басында, қазақ жері арқылы шығысқа қарай жөнелді. Мақалада трагедияға толы ұлы көштің себептері, жүрісі мен салдары жан-жақты қарастырылып, зерттелді.

Түйін сөздер: Қалмақ хандығы, торғауыттар, Цин империясы, «Шаңды жорық», Нұралы хан, Ұбаши хан, Еділ өзені, қалмақ жасақтары, қазақ әскерлері, буруттар, қытайлық саясат.

Svetlana YEDILKHANOVA,

Candidate of Historical Sciences, Associate Professor,
West Kazakhstan Innovation and Technological University,
Kazakhstan, s.Oral. E-mail: sedil76_@mail.ru

MIGRATION OF KALMYK-TORGOUTS TO THE QING EMPIRE IN 1771

The last war between Kazakhs and Dzungars is known under the name - "Dust storm". In 1758, the Qing Empire destroyed the Dzungar Khanate, along the way, almost completely exterminating its population. Those who managed to avoid this terrible fate found refuge on the territory of Russia, in particular, in the Kalmyk Khanate. After a while, rumors began to spread among the Kalmyks about the vast empty lands of the disappeared khanate. Therefore, the idea of returning to their historical homeland finds support among the people, and the Kalmyk rulers are taken to implement it. In the end, the Kalmyk people are heading east through the Kazakh lands. The article reveals the reasons, course and consequences of this great, full of tragedy, migration.

Key words: Kalmyk Khanate, Torgouts, Qing Empire, "Dust Storm", Nuraly Khan, Ubashi Khan, Volga River, Kalmyk detachments, Kazakh militias, buruts, Chinese politics.

Светлана ЕДИЛХАНОВА,

к.и.н., доцент, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет,
Казахстан, г.Уральск. E-mail: sedil76_@mail.ru

МИГРАЦИЯ КАЛМЫКОВ-ТОРГОУТОВ В ПРЕДЕЛЫ ЦИНСКОЙ ИМПЕРИИ В 1771 ГОДУ

Последняя война между казахами и джунгарами известна под названием – «Пыльная буря». В 1758 году Цинская империя уничтожила Джунгарское ханство, попутно почти полностью истребив ее население. Успевшие избежать этой страшной участи нашли прибежище на территории России, в частности, в Калмыцком ханстве. Спустя время, среди калмыков начинают распространяться слухи о пустующих обширных землях исчезнувшего ханства. Поэтому среди народа находит поддержку идея о возвращении на историческую родину, а калмыцкие владетели принимают за ее реализацию. В конце-концов, калмыцкий народ через казахские земли направляется на восток. В статье раскрываются причины, ход и последствия великой, полной трагедии, миграции кочевого народа.

Ключевые слова: Калмыцком ханство, торгоуты, Цинская империя, «Пыльная буря», хан Нурали, хан Убаши, река Волга, калмыцкие отряды, казахские ополчения, буруты, китайская политика.

Кіріспе. 1771 жыл да келіп жетті. Бұл жыл екі көшпелі көрші халықтың өміріндегі аласапыран кезең болды, әрі олардың бір-бірімен қарым-қатынастары мен байланыстарына айтарлықтай өзгерістер әкелді. XVIII ғасырдың аяғына дейін қалмақ қоғамының санасындағы ең басты нәрсе – өздерін ауқымды ойрат универсумының бір бөлігі ретінде қарастыруы. Жылдың басында қалмақ халқының 2/3 бөлігі Ресей аумағын қалдырып, Қазақ территориялары арқылы шығысқа қарай бағыт алды.

Е.В.Доржиева өз диссертациясында: «Хандық ақсүйектерінің көшіп кету шешіміне итермелеген субъективті мотивация, бұл тарихи отаны туралы естеліктері, қалмақ және ойрат қоғамдарының ортақ құндылықтары, Далай-

ламаның біртұтас болашаққа деген үндеуі», – деді [4,14-6.]. Айтып өтетін нәрсе, қалмақ хандары мен иелерінің ойында Жоңғарияға көшу идеясы үнемі болған. Мұны олардың түрлі дағдарыстардағы іс-әрекеті айқын дәлелдейді. Мысалы, талас-тартыс кезеңдерінде ұлыс иелері қол астындағы адамдарымен міндетті түрде Жоңғар жеріне кетіп қалатын. Қалмақ иелері жерлестерін үнемі бауырлас халықтың территориясына көшуге шақыратын. Мысалы, Дарма-Бала ханым қалмақтарды жоңғарлармен қосылуға үгіттейтін. Бірақ түрлі тосқауылдар оған мақсатына жетуіне мүмкіндік бермеді: «Ол, Дарма-Бала, қалмақ ұлыстарын Еділді тастап, Жоңғар иеліктеріне кетуге шақырған еді. Бірақ, Шакур-Лама және Церен-Дондук, 1701 жылы Аюкеден

бөлініп, көшіп кеткен Чинжиптің (Санжиптің) серіктестерінің тағдырын еске ала отырып, Дарма-Баланың бұл ойымен келіспейді», – деп хабарлайды Н.Нефедьев [9,39-б.].

Материалдар мен әдістер. Мақалада қазақстандық ғалымдар мен қалмақ тарихшыларының еңбектері мен монографиялары, Орынбордың Мемлекеттік Облыстық мұрағатының материалдары мен тарихи-сипаттамалық, тарихи-салыстырмалы және тарихи-құрылымдық әдістері қолданылды.

Талдау. Аталған мақалада қалмақ зерттеушілері Е.В.Доржиеваның «Откочевка большей части калмыков из России в Джунгарию в 1771 г.», А.Г. Митириновтың «Обычай и права калмыков в трудах дореволюционных исследователей России», В.П. Санчириновтың «Калмаки в «Истории» турецкого автора XVI в. Сейфи Челеби» атты еңбектері қалмақ халқының не себепті бұрынғы Жоңғар жеріне көшуге ұмтылғанын қарастырады.

Орынбордың Мемлекеттік Облыстық мұрағатының материалдарында, В.В.Бартольдтың шығармасында, А.И.Левшиннің «Описание киргиз-казахских или киргиз-кайсацких орд и степей», Н.Нефедьевтың «Подробные сведения о волжских калмыках», М. Новолетовтың «Калмыки (исторический очерк)», Г.Прозрителевтің «Военное прошлое наших калмык (1812-1912)», Н.Рычковтың «Дневные записки путешествия в киргиз-кайсацкой степи в 1771 году» еңбектерінде орыс әкімшілігінің қалмақ даласындағы асыра сілтеушіліктері, отаршылдық саясаты мен қалмақтарды тоқтатуда қолданған шаралары көрініс тапты.

Зерттеушілер М.Мағауин «Қазақ тарихының әліппесі», Р.Б.Сүлейменов пен В.А. Моисеев «Из истории Казахстана XVIII века», Х.Табылдиев, А.Тұрдалиев «Жайық қалмақтары, Ресей империясы және қазақтар», Н.Мұқаметқанұлы «Тарихи зерттеулер: Шежірелік деректер» атты монографиялары мен мақалаларында өз елінен үдере көшіп, қазақ жері арқылы қашып бара жатқан қалмақтарға қарсы көтерілген қазақ билеушілері мен әскерлерінің қимыл-әрекеттерін, себеп-салдарын қағаз бетіне ғылыми тұрғыда, нақты түсірген болатын.

Зерттеу нәтижелері. XVIII ғасырдың 40-шы жылдарынан бастап, қалмақ даласында орыс отаршылдығы қаттайған сайын, қалмақ иелері Ресей аумағынан кетіп, Жоңғарияға көшу идеясына көне бастайды. 1745, 1747 жылдары Калмыкияға орыс бұратанасы көптеп келе бастағанда, кейбір тайшылар Жоңғар жеріне көшу жоспарын белсенді түрде талқылаған болатын», – дейді зерттеуші Ш.Б.Чимитдоржиев [19,51-б.].

Тағы бір себеп, қалмақ хандары мен иелерін Ресей бодандығындағы жағдайы қанағаттандырмады. Бұрын патша үкіметі қалмақтан болған көптеген келеңсіздіктерге немқұрайлы қараған болатын. Бірақ, бұл ұзаққа созылмады. Патша үкіметі біртіндеп қалмаққа салған бұғауын қыса бастады. Бұл процесс, әсіресе, Аюке ханның өлімінен кейін қолға алынды. Әсер еткен нәрсе – халықаралық сахнадағы Ресейдің саяси жағдайының әлдеқайда жақсаруы. Ресей мемлекетінің пайдасына шешілген Швециямен соғыстың аяқталуы, үкіметтің күшеюі, мемлекет ішінде абсолютизмнің толық орнығуы сияқты жағдаяттар Ресейдің қол астындағы халықтармен байланыстарына елеулі өзгерістер әкелді.

Орталық үкімет Қалмақ хандығының ішкі істеріне тығыз араласып, өзі билеуші тағайындайтын институт құрады. Оған қоса орыс үкіметі оңтүстік шекараларын күшейту мақсатында қалмақ жерінде көптеген қамалдар тұрғыза бастады. Біртіндеп орыс шаруалары қалмақ территориясына қоныстанып, қалмақтардың көшіп-қону аймағын кішірейтеді. Бұл түрлі талас-тартыстар мен соқтығыстарға алып келеді. Аз болғандай, қалмақтарды діни сенімдері жағынан да шектей бастайды, орыс әскеріне (рекрутка) әкетілген қалмақ ерлерінің саны да ұлғайды. Мұндай асыра сілтеушілік қалмақ иелерінің де, хал-

қының да қарсылығын оятты. «Наместниктің халық со-ты Зарго мүшелеріне қатысты құқықтарын шектеу Ұба-шының бойында Ресейге қарсы сезімін оятты. Бұл сезім басқаларына да тарады. 1770 жылы орыс үкіметі қал-мақ жерінің басым бөлігін қазынаға тартып алады, ал қалмақтың өзін әскери қызметке алады деген хабарлар Ұбашының Ресейден кету ойын одан сайын бекітті [9,41-б.]. «Патша шенеуніктері қалмақтарды православие сеніміне айналдырды, басқа губернияларға көшірді. Ресей жүргізген көптеген соғыстарға қатысып жатқан қалмақтар орасан зор адам және материалдық шығындарына тап болды», – деп жазды У.Эрдниев [20,141-б.].

1757 жылы Қытай империясы Жоңғар хандығын жойғаннан кейін, жоңғарлардың көбі Қалмақ хандығында пана тапты. Қарапайым халық бұл жерді өз отанындай көрді. Бірақ олардың иелері аталған хандыққа туған жерінде қарауға асықпады. Әрине, ғасырлар бойы жоңғардың шон-жарлары тәуелсіз ғұмыр кешкен еді. Сондықтан, жаңа жердегі орыстың отаршылдық саясаты оларға қатты ұна-мады. Керісінше, қанша жыл өтсе де, Жоңғарияға қайту идеясынан айырылмады. Шерен (Әмірсананың серіктесі) және оның қол астындағы дербеттер, хойттар мен ха-шауыттар бұрынғы жерлерге қайту идеясын Ресейде ту-ған торғауыттардың арасында таратумен болды. Орыс үкіметінің қалмақтарға қарсы варварлық саясаты туралы әңгіме айтып, Шерен Ұбашының сеніміне кіріп алады. Оның орыс басшылығымен тартыстарын пайдаланып, орысқа бағынған билеушіден гөрі тәуелсіз хан атағына ие болуды, ол үшін Ресейден қырғыз-қайсақ жерлері арқылы ежелгі Жоңғария жеріне қашуға итермеледі», – деп жазылды А.И.Левшиннің еңбегінде [5, 305-б.].

Бұл оймен қалмақ зерттеушілері де келіседі. 1771 жыл-ғы трагедияға себеп болған Цебен-Доржы, Дашы-Дондук, Лама Лоузанг-Жалгин, Бамбар, т.б. қалмақ иелері тұрғаны айқын болды. Халықты шығысқа қоныстануға шақыра оты-рып, олар Жоңғарияның босап қалған жерлерінде пат-шаның бұғауынан босап, тәуелсіз ғұмыр сүретініне сенімді болды. Нәтижесінде, хан да, шонжарлары да, халқы да жарқын болашақ үшін Ресейден көшіп кетуді ұйғарады. «1770 жылдың ақпан айының өзінде заговорщиктер көшіп кетуге бел байлаған болатын. Бірақ Бамбардың жасақтары Жайыққа қыстауға көшіп келген қазақтардың малын айдап әкетеді. Бұл қалмақтардың Кіші жүз ханы Нұралымен қа-рым-қатынастарын күрделендіреді. Қазақтардың кегінен сескенген қалмақ істері маңындағы полковник И.А.Ки-шенский Еділдің шабындық аймағында көшіп жүрген қал-мақ ұлыстарына таулы аймаққа көшуге бұйрық береді. Бұл бұрынғы қалмақ жоспарын бұзған бұйрық болды», – деп жазады Е.В.Доржиева [4,13-б.].

Аталған шара 1771 жылдың қаңтар айының басына жоспарланды, және орыс үкіметінен өте құпия түрде да-йындық жүргізілді. Ұбашы, Ресейдің әскери қимылдары жүріп жатқан майданға қалмақ жасақтарын жіберуге асық-пайды. Мұны әскердің қазақ жасақтарынан қорғануына қажет деп түсіндіреді. Қарапайым халық біртіндеп Еділ-дің сол жағалауына көше бастайды. Дербеттер мен хо-шауыттардың негізгі бөлігі қаңтардың 4-нен 5-не ауған жұлдызында Еділден өту керек болды. Қазақстандық зерттеушілер Р.Б.Сүлейменов және В.А.Моисеев былай деп жазды: «Феодалдардың қарулы жасақтары халықты күшпен айдады. Пекинге келген қалмақтар осы қалада қытай және маньчжур тілдерін зерттеп жүрген А.Владыкинге айтқандары: «Ұбашы, т.б. феодалдар халықты көшуге көндіруге тырысты, бірақ қарапайым халық қарсылық көр-сетті, сондықтан көбі қатаң жазаға ұшырап, күшпен айдап әкетілді» [16,116-б.].

Дайындықтың құпия түрде өтіп жатқанына қарамастан, патша үкіметі кейбір сыбыс әңгімені естіген болатын. Әсір-есе, аймақтың губернаторы Н.А.Бекетов бұл әңгімелерге

күмәнданбады. Дегенмен, оның шетел істері коллегиясына жазған есептеріне ешкім сенбеді. Үкімет қалмақ халқының Ресейге адалдығын сақтап, көшпейтініне кәміл сенді. Мұны мұрағат құжаттары да дәлелдейді: «Генерал-майор Давыдовтан 1771 жылдың 3 қаңтар күні түскен есебінде Ұбашының қол астындағы қалмақтарымен Еділден Жайыққа қарай бағытталған қозғалысы туралы айтылуда. Жауап ретінде, Ұбашыға қазақтарға қарсы іс-әрекет туралы бұйрық берілген емес. Біз мұндай әңгіменің шындыққа сәйкес келмейтінін айтып өттік» [3] Нәтижесінде, орыс үкіметі 1771 жылдың басындағы оқиғаларға мүлдем дайын емес екенін көрсетті.

Өзендегі мұздың қозғалуы себебінен Еділдің оң жағалауындағы халықтың азғантай бөлігі одан өте алмады. М.Новолетовтың мәліметтері бойынша, Ресейде қалмақтың 11 198 үйі қалып қойды [10,55-б.]. Ұбашының артынан кеткен отбасының саны туралы әр автор түрлі мағлұмат келтіреді. Капитан Н.Рычков кеткен отбасының саны 120 мыңдай адамы бар 30 мың үй деді [14,54-б.]. Бұл цифраны А.Левшин де келтіреді [5,14-б.]. М.Новолетовтың мәліметі бойынша 30909 отбасы [10,56-б.]. Ш.Чимитдоржиев 150-160 мың адамы бар 30 мың отбасы деді [19,146-б.]. Ал Г.Прозрителевтің кітабында мынадай мәлімет келтірілген: «1771 жылы Убаша өзімен бірге 169 мың адамы бар 70 мың үй алып кетті» [12,112-б.]. М.Мағауиннің еңбегінде былай делінген: «Өзеннен өтіп, Жоңғарияға бет алған отбасының жалпы саны 30909, бұл шамамен алғанда 170-180 мың адам. Қарулы жауынгерлердің де саны қомақты болды – 40 мың» [6,32-б.]. Зерттеуші В.Санчилов көшіп кеткен үйдің санын 33 мыңға дейін жеткізеді (яғни, 169 мың адам) [15,126-б.]. Кеткен халықтың санын Е.Доржиева да анықтаған болатын: «Ұбашымен қоса 40 мың жанұя немесе 200 мың адам еріп кетті» [4,16-б.]. Қорытындылай келе, көшкен отбасының саны 30 мың, ал бұл 160-170 мың адамды құрайтынын айтып өтуіміз керек.

Сонымен, 1771 жылдың 5 қаңтарында қалмақ халқының 2/3 бөлігі өз жолында шабуылдар ұйымдастыра отырып, шығысқа, атамекенге бет алды. Орынбор губернаторы Рейнсдорптың шағымында былай делінді: «... хандықтың билеушісі қол астындағы шонжарларымен және әскерімен, қырғыз-қайсақтардан қорғанамын деген сылтаумен, өз жасақтарының көмегімен татар базарына шауып, үйлерін алып, Жайық жағына көшіп кетті» [2] Яғни, жолында кездескен барлық тосқауылды ойсырата ысырып, қалмақтар жылдам алға қарай бет алды. Еділдің шабындық және теңіз бойындағы халқы қатты абыржыды. «Көшуді тоқтатуға жіберген Кишенков пен Дудиннің отрядтарының тас-талқанын шығарады».

Аталған оқиғалар М.Новолетовтың еңбегінде былай деп суреттелді: «Кенеттен бәрі абдырап қалды. Ешкім қалмақтардың қай бағытта жөнелгенін білмеді. Сондықтан, жаңа шапқыншылықтардан қорқып, әр жерге жасырынып жатты. Билік басындағылар не істерін білмеді. Байланыс жолдары үзіліп, жұмыс тоқтап қалды. Бұған дейін адамға толы дала кенеттен қаңырап қалды, бірін-саран ағаш үйлерде тастап кеткен балалар мен аурулар, қаңғып жүрген мал ғана қалды» [10,56-б.].

Есін жиған патша үкіметі генерал Траубенберг бастаған қуғын ұйымдастырады, жайық казактарына қашқындарды қайтаруға шақырады. Бірақ бүліктің салдарынан казактар бұйрықты орындаудан бас тартады. Ал генералдың әскері жолында шөлге, аштыққа, қиындықтарға шалдығып, қашқындарды қуып жете алмай, орта жолдан қайтуға мәжбүр болды. Бұл кезеңде, жолында бірде-бір орыс солдатын кездестірмей, қалмақтар қазақ жері арқылы шығысқа қарай жылжып бара жатты.

Орыс үкіметінің салдарынан қиын жағдайға тап болған қазақ пен қалмақ туралы толғаныс ой Х.Табылдиев пен А.Тұрдалиевтің «Жайық қалмақтары, Ресей империясы

және қазақтар» атты мақаласында көрініс тапты: «1771 жылы патша үкіметінің саясатына наразы болған қалмақтардың бір тобы Жоңғарияға үдере қашты. Ресейдің оңтүстік шекарасы ашық қалды да, ол патша үкіметіне өте қолайсыз тиді. Сондықтан да патша үкіметі қалмақтардың қайта оралуын ойластырды. Өз күші жеткілікті бола тұрса да, қалмақтарды қайтаруды, қайтпаған жағдайда оларды қырып жоюды Кіші жүз ханы Нұралыға тапсырады. Міне, осылай қалмақтарды қазақтардың қолымен қырып-жойып, патша судан таза, сүттен ақ болып шыға келді. Ал қазақ пен қалмақ арасындағы қатынас одан әрі шиеленсе түседі» [17, 33-б.].

«Ойрат-қазақ арасындағы екіжүзжылдық соғыстың ең соңғы жаңғырығы – алаш халқының санасында «Шаңды жорық» деген атпен белгілі. «Шаңды жорық» оқиғалары туралы қаншама тарихи әңгіме сақталған, «Шаңды жорық» деп аталатын күй де болған. Шын мәнісінде бұл шаң бораған жорық емес, қан судай аққан, қалмақтармен соғыс тарихындағы ең аяусыз, ең қатал, және құрбандығы да шектен шыққан, аса зор әрі ең ақырғы майдан болды», – деп суреттейді ұлы оқиғаларды зерттеуші М.Мағауин [6,90-б.].

Қашып бара жатқан қалмақтарды тоқтата алмаған орыс үкіметі бұл ауыр істі қазақтың хандары мен сұлтандарына артады. Генерал Рейнсдорптың Нұралы ханға 24 қаңтарда жіберген хатында былай делінді: «Маған қалмақтардың Жайық өзенінен өтіп, қазақ ұлысын шабу үшін бара жатқаны белгілі болды. Оларды форпост казактары тоқтатуға тырысады. Бірақ ол үмітіміз орындалмай, Жайықтан өтіп кетсе, онда сіздің қазақтарыңыз оларды ұстап, кейін қайтарсын. Бұл іс сіздерге тек пайда әкеледі» [3].

Нұралы ханнан басқа, Абылай ханды да ескертеді: «Орта жүздің билеушісі Абылай, орыстың бодандығында болғандықтан, ол да, басқа қазақтар сияқты қалмақтарды ұстап, орыс жеріне қайтару туралы нұсқау алды», – деп жазды В.В.Бартольд [1,12-б.]. Бірақ зерттеуші М.Мағауин орыстың айдауымен екі хан да қалмақты шапты деген пікірмен келіспейді: «Біздің Совет тұсындағы ресми әдебиетте қазақтар қалмақтардың қиын халін пайдаланды, олжа үшін шапты, ал Нұралы хан патша үкіметінің айтағына ерді деген қисық ұғым қалыптасқан. Бұл кезде Ресей патшалығының суық демі айқын сезіліп тұрғанымен, біздің қазақ ұлт мүддесі тарабында ғана жұмыстайтын ежелгі дағдысынан жаңылмаған еді. Ақтабан-шұбырындыдан бері елу-ақ жыл өткен, кешегі қуғын-сүргін, аяусыз басқыншылықты көзімен көрген адамдардың көбі әлі тірі. Жоңғармен соғыстың төмемдалғанына бір мүшелден жаңа асқан. Сондықтан, қандай жағдайда болмасын, қалмаққа қарсы шап деген үгіттің керегі жоқ-ты. Қалмақ аттанды, қалмақ қаптап келеді деген дабыл қағылғанда, бүкіл қазақ түп көтерілген. Оның үстіне, зиянымыз тимейді деп қаншама сендірсе де, Қазақстанды қақ жайып өтетін суық шеру елге ылаң әкелетіні, жайлау-қыстаулардың үстін басып өтіп, қаншама қақтығысқа себеп болары күмәнсіз еді» [6,93-б.].

Кіші және Орта жүздің территориялары арқылы жүріп өткен қалмақтар қазақтармен бірнеше рет шайқасқан болатын. Бұл жорықта олар қиындықтарға кезігіп, көбіне ат жетіспей, олар жаяу жүруге мәжбүр болды. Н.Рычков мынадай мәліметтер келтіреді: «Қалмақтар Мұғалжар таулары арқылы Ырғыз өзеніне қарай аттануда. Нұралы хан қол астындағы жауынгерлерімен оларды қуып келеді. Екі шайқас өтті. Бірі – Мұғалжар тауларының маңында, екіншісі – Үрім көлінің қасында. Екі шайқаста да жау, Тайбұға және Арселен атты екі зайсанынан айырылып, жеңілді. Жеңімпаздардың қолына көп тұтқын түсті» [14,57-б.].

Тарихшы Е.В.Доржиева қалмақтың көшуін бес кезеңге бөледі:

«1) 1771 ж. 5 - 20 қаңтары – бастапқы кезең: қалмақтардың Жайыққа қарай жүруі, өзеннен сәтті өтуі;

2) 21 қаңтар – 18 ақпан: Кіші және Орта жүз қазақтарының территориялары арқылы Ембіге қарай жылдам жүруі;

3) 18 ақпан – 1 сәуір: Ембіге жету, қазақтармен бірінші соқтығыстары;

4) 1 сәуір – 10 маусым: Ембіден Балқашқа қарай бағытталған ауыр көш;

5) 10 маусым – тамыздың басы: соңғы кезең: Балқаштан Қытай шекарасына қарай жүру» [4,16-6.].

Кіші жүз қазақтары қалмақтарды 15 сәуірде Ембі көлінің маңында шабады. Ұбашы Нұралы ханға өз наразылығын білдірген хат жібереді. Нұралы қалмақтар патшаға берген антын бұзғанын, еліне қайта оралуы керектігін, орыстармен сұхбатта көмек көрсететінін айтып, жауап қайтарады. Бірақ Ұбашы ештеңеге қарамастан, жолын жалғастыра береді. Сол кезеңдегі оқиғалар әскери де, қарым-қатынас жағынан да екі жақ үшін өте күрделі болды: «Мойынты көлінің қасында демалуға тоқтаған қалмақтар қоршауда қалады – Нұралы хан, Абылай, Ұрыс және Әділ сұлтандардың жасақтары 50 мыңға жетті. Сөйтіп, Жоңғарияға баратын жолда тосқауыл пайда болды. Ұбашы Абылайға келіссөз жөнінде елші жібереді. Елшілер Абылайдың қол астына бодан болып кіретінін, оларға көшіп-қонуға жердің қажеттілігін, өз қолындағы 1 мың тұтқынды қайтарып беретінін» айтты [11,217,218 6-6.]. Нәтижесінде үш күндік бейбіт келісімге келгенде, кенеттен қалмақтар қоршауды бұзып өтіп, Қытай шекарасына жолын жалғастырады.

Абылай ханның қашып бара жатқан қалмақтарға қатысты бағдарына тоқталсақ, ол біркелкі болған жоқ. Е.В.Доржиеваның айтуынша: «Қалмақтардың Ресейден қашуына Абылай ханның да ұстанған жолы себепші болды. 1770 жылы оған қытай елшілері келіп кеткен еді. Бұл оқиға қалмақ шонжарлары мен қытай үкіметінің арасында байланыс орнағанын көрсетеді» [4,16-6.]. Ал А.Г.Митирова мынадай мәлімет кездеседі: «Нұралы хан мен Абылай хан екі жақтан сөгіс естіп жатты. Петербордан оларға қалмақтарды шауып, тонауға бұйрық берілсе, керісінше, Қытай қазақ хандарынан өздеріне бағыт алған қалмақтарға тимеуге шақырды» [7, 271-6.]. Бұдан біз Абылайдың қалмақтардың көші туралы ертерек білгенін, оларды шабуылдамайтыны жөнінде келісім бергенін байқаймыз. Уәдесін толықтай болмаса да, ұстанғаны көрініп тұр. Мұны А.Левшиннің зерттеулері дәлелдейді: «Үлкен орданың сұлтаны, Ералы Абылайды қалмақтарды бірге шабуға шақырды. Абылай оған көмек көрсетпесе де, Ералыны айтқанынан қайтара алмады» [5,251-6.]. Абылайдың бұл бағдарын М.Новолетов та көрсетеді: «Қазақ даласында қалмақтар біржолға құрып кетуі әбден мүмкін еді, егер де қытайлықтармен байланысып, қалмақтарды шаппай, керісінше, оларды босатып жіберген Абылай болмағанда» [10,60-6.].

Ескере кететін нәрсе, бұл – Абылай ханның Қытайдың келісімімен жүрмеуі. Оның көздеген мақсаты әлдеқайда терең болды. Цин империясының әрқашан Қазақ халқына қауіп тудыратынын, Жоңғар хандығын мүдірместен жойып жіберген Қытай шекараларының қазақ жерімен ұштасқанын көрді. Қалмақтар болса, бірнеше есе азайды, бұрынғы қаһарынан айрылған. Аталар жерінде өмір сүре отырып, олар, әлсіз болса да, қытайлар мен қазақтар арасындағы буферге айналмақ. Мұнымен бірге, Абылай ханның жоңғарларды түгелдей дерлік жойып жіберген қытайлықтарға қарағанда, тұтқынға түскен торғауыттарға қатысты әрекеттері де ерекшеленді. Қалмақтарды қазақ арасында қоныстандырып, оларға қазақпен бірге өмір сүретіндей, барлық жағдай жасады. Мұндағы мақсаты – қазақ халқының жоңғарлармен жүргізген сұрапыл соғыстардағы адам шығынын азғантай болса да, толықтыру еді.

Зерттеуші В.П.Санчилов «Илэтхел-шаштир ойраттар та-

рихының дерегі ретінде» атты еңбегінде бұрынғы Жоңғар территориясына келіп жеткен қалмақтардың саны туралы мынадай мәлімет келтіреді: «Ресейден 33 мың үй, немесе 169 мың адам кетсе, олардың тек жартысы ғана (85 мың) Қытайға жетті» [15,14-6.]. Е.В.Доржиева: «Қалмақтар жолында 100 мың адамынан қазадан, тұтқындай, үсіріп, аштан, іш ауруынан және бүкіл дерлік заттары мен малынан айрылды» [4,17-6.]. А.Левшин мына мәліметпен бөліседі: «Зорға деп қазақтардан құтылған қалмақтар буруттардың (қырғыздардың) қоршауында қалады, олардан да жеңіледі. Буруттар оларды Қытай шекарасы немесе Жаңа бағыт – бұрынғы Жоңғар шекарасына (Новая линия) дейін құды. Бұл жерді Убаши тәуелсіз билеуші ретінде емес, өз өмірін құтқарып келе жатқан қашқын ретінде басты» [5,247-6.].

Ия, расында Ұбашы хан бұрынғы Жоңғар территориясына патшаның зорлық-зомбылығынан бос жаңа тәуелсіз мемлекет құруды армандаған еді. Бірақ шекарада оны қалмақтардың келе жатқанын естіген қытай әскері күтіп тұрды. Аса ауыр жол және халықтың қиын жағдайы оны Қытайдың бодандығын қабылдауға мәжбүр етті. Өз бостандығы үшін күресетін күші қалмады. «Әскербасы қалмақтарға келу мақсатын білу үшін бірнеше офицерлерімен қоса үш генералды жібереді. Ұбашы жеті күн тайшылары, ламаларымен ақылдасып, ұлы императордың қол астына кіретін шешімін жариялайды... Одан кейін әскербасы қалмақтарды Іленің әр жеріне орналастырып, императорға хабарлайды» [13,319-6.].

Енді қытай езгісінің астында қалған қалмақ халқының мән-жайын Е.В.Доржиева былай деп суреттейді: «Қалмақтарды Синьцзянь территориясына орналастырады. Бұрынғы біртұтастығын бұзып, келімсектерді бір-бірінен өте алшақ жатақтар мен мэндерге бөліп жібереді. Циндік қалмақтардың өмір сүру деңгейі барынша төмендеді. Олар өз мемлекеттілігін біржолға жоғалтты» [4,17-6.].

«Қытайлық шендерді алғаннан кейін, қалмақ шонжарлары Қытайдың маньчжурлік императорының қызметіндегі қарапайым шенеуніктерге айналды. Бұрынғы бостандығынан толықтай айрылды. Қалмақ халқын басқарудағы жоғары билік императорға көшкеннен кейін, қалмақ шонжарлары енді өз халқын билеу құқығына ие бола алмады. Цин үкіметі өзіне бағынышты Моңғолия мен Жоңғарияның ақсүйектеріне қатаң қарады, сәл дұрыс орындамаған жұмысы үшін шенінен айырды, не дәрежесін түсірді» [18, 89-90-66.].

Ауыр, әрі күрделі жолдан өтіп, қазақ және жоңғар халықтарының қарым-қатынастары оң жағына қарай өзгереді. Зерттеуші Н.Мұқаметқанұлының мәліметі бойынша: «Айта кетуге тиісті бір жәйт, Чиң патшалығы өкіметінің қолданған саясаты ұлттар арасын алыстату саясаты болды. Олардың мақсаты әсте ұлттық мәселелерді шешу емес болатын, шешуі де мүмкін емес еді. Жоңғарлар мен ұлы жүз, орта жүз қазақтары Чиң патшалығына қарағаннан кейін, олар өзара бітім жасасты. Бітімде көк қасқа айғыр, қара бас қошқар сойып, қолдарын қанға матырып, мынандай қаулы алды: «Алғашқы өткен істер түгел кешірілді. Алынған мал, аққан қан салауат, бұдан кейін қазақ-қалмақ жауласпай тату өтеді». Содан кейін Чиң патшалығының басқаруындағы қазақтар мен жоңғарлар ортасында үлкен-кіші талан-таражылық оқиға негізінен туылмады. Чиң патшалығының үстем таптарының ұлттық езгісі мен қанауының күшейе түсуіне байланысты, бүкіл елдегі әрқайсы ұлттар мен Чиң патшасы үстем таптары ортасындағы қайшылық басты қайшылыққа айналды. Қазақтар мен жоңғарлар ауылы аралас, қойы қоралас отырды. Әрі өзара араласып, түсінісу арқылы бұрынғы бір-біріне жау көзбен қарайтын сезімдер біртіндеп жойылды. Бір-біріне кешірімділік істеп, тату-тәтті жасасты» [8,54-55-6.].

Қорытынды. Сонымен, қалмақ-торғауыттардың қазақ

даласы арқылы Қытайға көшуі XVIII ғасырдың аяғындағы Ресей мен Орта Азия халықтарын дүр сілкінткен аса маңызды оқиға болды деген қорытынды айтуға болады. Бұл мәселе орыс және қалмақ деректері мен мәтіндерінде кеңінен көрініс тапқанымен, қазақстандық тарихшылардың еңбектерінде сирек жазылды. 1771 ж. қазақ және қалмақтың соңғы шайқастары өтті. Мұнда екі ірі мемлекет Ресей мен Қытайдың біреуі қалмақтарды тоқтатып, өз протекциясының астында қалдыруға тырысса, екіншісі өзіне қарай итермелеп, бодандығына кіргізуді ойластырды. Ресейдің бір халықты екіншісіне айдап салып, әскери қимылдарды өзгелердің қолымен жүргізу саясаты айқын көрінді. Қытай да жаңадан келген халыққа қатысты алдап-арбау саясатын ұстанды, алғашқы кезде қиындыққа ұшыраған Еділ көшпенділеріне азық-түлік, тұрғын үймен көмектесіп, қалмақ билеушілеріне қымбат сыйлықтарды тарту етсе, кейін олар қашуды мүлдем ойламауы үшін торғауыттарды бөліп, елдің ішкі аймақтарына қоныстандырады.

Пайдаланған деректер мен әдебиеттерден алынған мағлұматтарды ескере отырып, қазақ және қалмақ арасындағы қарым-қатынастар тарихында көп мәселенің шешімін тапқанын байқауға болады. Қалмақ-торғауыттардың Еділ жағалауынан бұрынғы Жоңғар жеріне соңғы көші қазақ-жоңғар байланыстарының қарама-қайшылығын көрсетіп берді: кейбір қазақ шонжарлары бейтарап саясатын ұстанды, бірақ басым көпшілігі жаугершілік принциптерінен айырылмады, сондықтан Жайық жағалауынан Қытай шекарасына дейін сансыз көп қанды шайқастар болып жатты. Екі көршілес елдер арасындағы тату емес қарым-қатынастар тек зиян әкелетінін тарихтың өзі дәлелдеді. Қазақ-жоңғар соғыстарында екі жақ та аса зор адам және материалдық шығынға ұшырады. Жоңғарлар, мемлекеттілігі мен жерінен айрылып, этнос ретінде жоғалып кете жаздады. Ал қазақ, территориясын сақтап қалғанымен, мемлекеттілігінен айрылды. Екі халық та Ресей және Цин империяларына бодан болып қала берді.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

- Бартольд В.В. Сочинения. Т. 5. – М.: Наука, 1986.
Государственный Архив Оренбургской области. Ф.3. Оп 1. Д. 114. Л. 1.
Государственный Архив Оренбургской области. Ф.3. Оп 1. Д. 114. Л. 79.
Доржиева Е.В. Откочевка большей части калмыков из России в Джунгарию в 1771 г. Автореф. дисс. к. и. н. – Волгоград, 1998;
Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. – Алматы: Санат, 1996.
Мағауин М. Қазақ тарих. әліппесі. – Алматы: Қазақстан, 1993.
Митров А.Г. Обычай и права калмыков в трудах дореволюционных исследователей России//Калмыковедение: Вопросы историографии и библиографии. – Элиста, 1988.
Мұқаметқанұлы Н. Тарихи зерттеулер: Шежірелік деректер. Дайын. А. Қожабеков. – Алматы: Жалын, 1994.
Нефедьев Н. Подробные сведения о волжских калмыках. – СПб, 1854.
Новолетов М. Калмыки (исторический очерк). – СПб, 1834.
Очерки по истории Калмыцкой АССР до октябрьского периода. – М., 1967.
Прозрителев Г. Военное прошлое наших калмык (1812-1912). Вып. 3. – Ставрополь, 1912.
Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сборник 1 (V в. до н.э.-XVIII в. н.э.). – Алматы: Казахстан, 1997.
Рычков Н. Дневные записки путешествия в киргиз-кайсацкой степи в 1771 году. – СПб: При имп. акад. наук, 1772.
Санчилов В.П. Калмаки в «Истории» турецкого автора XVI в. Сейфи Челеби. // Малоисследованные источники по истории дореволюционной Калмыкии. – Элиста, 1987.
Сулейменов Р.Б., Моисеев В.А. Из истории Казахстана XVIII века. – А-А: Наука, 1988.
Табылдиев Х., Тұрдалиев А. Жайық қалмақтары, Ресей империясы және қазақтар. // Қазақ тарихы, 1994. №4.

Хафизова К.Ш. Некоторые данные о расселении казахов в XVIII в. (по русским и китайским источникам)//Н.Я.Бичурин и его вклад в русское востоковедение. Материалы конференции. Ч.2. – М., 1977.

Чимитдоржиев Ш.Б. О перекочевках ойратов (калмыков) в XVII-XVIII вв. Торгоутский побег 1771 г.//Исследования по истории и культуре Монголии. – Новосибирск, 1989.

Эрдниев У.Э. Калмыки. (ист. этногр. очерк). – Элиста: Калм. кн. изд., 1980.

REFERENCES

- Bartold V.V. Sochineniya. T.5 [Compositions. V 5]. – M.: Nauka, 1986 [In Russian].
Gosudarstvennyi arhiv Orenburgskoy oblasti [State Archives of the Orenburg Region]. F.3. Inventory 1.W. 114. Sheet 1 [In Russian].
Gosudarstvennyi arhiv Orenburgskoy oblasti [State Archives of the Orenburg Region]. F.3. Inventory 1.W. 114. Sheet 79 [In Russian].
Dordzhieva E.V. Otkochevka bolshey chasti kalmykov iz Rossii v Dzhungariyu v 1771. [The migration of most of the Kalmyks from Russia to Dzungaria in 1771]. Dissertation of the candidate of historical sciences. – Volgograd, 1998 [In Russian].
Levshin A.I. Opisanie kirgiz-kaysackih ord i stepey [Description of the Kyrgyz-Cossack or Kyrgyz-Kaysak hordes and steppes]. – Almaty: Sanat, 1996 [In Russian].
Manauin M. Qazaq tarihyynyn әlippiesi [Alphabet of Kazakh history]. – Almaty: Kazakhstan, 1993 [In Qazaq].
Mitrov A.G. Obychai i prava kalmykov v trudakh dorevolucionnyh issledovateley Rossii//Kalmykovedenie: Voprosy istoriografii i bibliografii [The customs and rights of Kalmyks in the works of pre-revolutionary researchers of Russia // Kalmykovedenie: Questions of historiography and bibliography]. – Elista, 1988 [In Russian].
Мұқаметқанұлы Н. Тарихи зерттеулер: Шежірелік деректер [Historical research: genealogical data] Prepared by A. Kozhabekov. – Almaty: Zhaly, 1994 [In Qazaq].
Nefediev N. Podrobnye сведения o volzhskiyh kalmykah [Detailed information about the Volga Kalmyks]. – SPb, 1854 [In Russian].
Novoletov M. Kalmyki (istoricheskii ocherk). [Kalmyks (historical sketch)]. – SPb, 1834 [In Russian].
Ocherki po istorii Kalmyckoy ASSR do oktyabrskogo perioda [Essays on the history of the Kalmyk ASSR before the October period]. – M., 1967 [In Russian].
Prozritelev G. Voennoe proshloe nashih kalmyk (1812-1912). [The military past of our Kalmyks (1812-1912)]. Issue 3. – Stavropol, 1912 [In Russian].
Proshloe Kazakhstan v istochnikah i materialah [The past of Kazakhstan in sources and materials]. Collection 1 (V century BC-XVIII century AD). – Almaty: Kazakhstan, 1997 [In Russian].
Rychkov N. Dnevnye zametki puteshestvennika v kirgiz-kaysackoy stepi v 1771 [Daily notes of a trip to the Kyrgyz-Kaisak steppe in 1771]. – SPb: With imp. acad. Sciences, 1772 [In Russian].
Sanchirov V.P. Kalmaki v istorii tureckogo avtora XVI veka Seifi Chelebi //maloisledovannye istochniki po istorii dorevolucionnoy Kalmykii [Kalmaki in the "History" of the Turkish author of the 16th century Seifi Chelebi // Little researched sources on the history of pre-revolutionary Kalmykia]. – Elista, 1987 [In Russian].
Suleimenov R.B., Moiseev V.A. Iz istorii Kazakhstana XVIII veka [From the history of Kazakhstan in the 18th century]. – AA: Science, 1988 [In Russian].
Tabyldiev Kh., Turdaliev A. Zhaiyq qalmaqtary, Resei imperiyasy zhane qazaqtar [Ural Kalmyks, Russian Empire and Kazakhs]. – Kazakh history, 1994. №4 [In Qazaq].
Khafizova K.Sh. Nekotorye dannye o rasselenii kazakhov v XVIII veke (Po russkim i kitayskim istochnikam).// N. Ya. Bichurin i ego vklad v russkoe vostokovedenie [Some data on the settlement of Kazakhs in the 18th century. (according to Russian and Chinese sources). //N. Ya. Bichurin and his contribution to Russian oriental studies]. Conference materials. Part 2]. – M., 1977 [In Russian].
Chimitdorzhiev Sh.B. O perekochevkah oyratov (Kalmykov) v XVII-XVIII vv. Torgoutskiy pobeg 1771 // Issledovania po istorii i kulture Mongolia [About the migrations of the Oirats (Kalmyks) in the 17th-18th centuries. Torgout escape of 1771] // Research on the history and culture of Mongolia]. – Novosibirsk, 1989 [In Russian].
Erdniev U.E. Kalmyki (ist. etnogr. ocherk). [Kalmyks (historical ethnographic essay)]. – Elista: Kalm. book ed., 1. [In Russian].

FTAXP/ IRSTI/ МРНТИ: 03.20.00

Айнагүл ЕСПЕНБЕТОВА,
аға оқытушы, тарих ғылымдарының кандидаты,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
Ақтөбе, Қазақстан, e-mail: aikami@mail.ru

ОРЫНБОР ӘКІМШІЛІК МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ОТАРШЫЛДЫҚ СИПАТЫ **(XIX ғасырдың бірінші жартысы)**

Мақалада XIX ғ. I жартысындағы Орынбор өлкесіндегі әкімшілік мекемелер мен басқару ұйымдарының құрылуы және олардың атқарған қызметі мен міндеттері қарастырылған. Автор патша үкіметінің жүргізген әкімшілік территориялық бөліністері нәтижесінде құрылған қазақ қоғамында басқару ұйымдарының басқарушылық құқықтары мен міндеттерін заң ережелері негізінде талдайды. Патша үкіметінің қазақтарды басқаруды жеңілдету үшін Кіші жүз территориясында хандық билікті жойып, 3 алқапқа бөлуі және дистанциялық бөліктердің құрылуы қарастырылады. Автор билеуші-сұлтандар мен дистанция және ауыл бастықтарының міндеттері мен қызметтерінің ережелер арқылы нақтылануы қазақтардың Ресей империясына саяси тәуелділігін нығайта түскендігін көрсетеді. Сонымен қатар, автор мақалада отаршылдық саясатты жүзеге асыруда Ресей үкіметінің жергілікті билеушілерге түрлі сыйлықтар мен шендік марапаттаулар беру арқылы ынталандырып отырғанына да назар аударады.

Кілтті сөздер: әкімшілік, қоғам, басқару, құқық, ереже, отаршылдық, саясат, билеушілер.

А.М.ЕСПЕНБЕТОВА.

Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова,
старший преподаватель, кандидат исторических наук.
Ақтөбе, Казахстан, e-mail: aikami@mail.ru

КОЛОНИАЛЬНЫЙ ХАРАКТЕР АДМИНИСТРАТИВНЫХ УЧРЕЖДЕНИЙ В ОРЕНБУРГСКОМ КРАЕ В ПОЛОВИНЕ XIX В.

В статье рассматривается создание административных учреждений и управленческих организаций в Оренбургском крае в I половине XIX в., их функции и задачи. Автор анализирует на основе нормативно-правовых документах права и обязанности управляющих структур в казахском обществе, созданном в результате административно-территориальных разделений, проводимых царским правительством. Для облегчения управления казахами царским правительством предусматривается ликвидация ханской власти на территории Младшего жуза, разделение на 3 частей и создание дистанции. Автор показывает, что конкретизация обязанностей и функции правящих султанов и аульных начальников свидетельствует об усилении политической зависимости казахов от Российской империи. Кроме того, автор в статье обращает внимание на то, что при осуществлении колониальной политики российское правительство поощряет местных правителей путем вручения различных премий и чиновных наград.

Ключевые слова: администрация, общество, управление, закон, власть, колониализм, политика, правители.

A.M.YESPENBETOVA,

Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, senior lecturer,
Candidate of Historical Sciences. Qazaqstan, Aktobe, e-mail: aikami@mail.ru

COLONIAL CHARACTER OF ADMINISTRATIVE INSTITUTIONS IN THE ORENBURG REGION IN THE HALF OF THE XIX CENTURY

The article describes the establishment of administrative institutions and management organizations in the Orenburg region in the first half of the year and their functions and responsibilities in the XIX century. The author analyzes the administrative rights and responsibilities of governing organizations in Kazakh society, created as a result of administrative-territorial divisions carried out by the king government, on the basis of legal provisions. In order to facilitate the rule of the Kazakhs, the tsarist government provided for the abolition of the khanate in the territory of the Lesser Zhuz, the division into 3 valleys and the creating distance. The author shows that the specification of the duties and functions of the ruling sultans and aul chiefs testifies to the strengthening of the political dependence of the Kazakhs on the Russian Empire. The author also notes that the Russian government encourages the implementation of colonial policy by awarding various prizes and awards to local rulers.

Ключевые слова: administration, society, governance, law, rule, colonialism, politics, rulers.

Кіріспе. XIX ғасырдағы Қазақстан тарихы Ресей мемлекетінің отаршылдық саясатының қарқынды жүруімен сипатталады. Қазақ жері Ресейдің құрамына өтсе де, XIX ғ. басына дейін мұнда хандар билігі орнығып келді. Бекіністер мен бекеттер тұрғыза отырып, патша үкіметі отаршыл саясатын нығайтуға ұмтылды. Алайда

империялық үкімет қазақ халқының ішкі ісіне араласа алмады, себебі, елдегі хандық құрылым орыс патшасы билігінің қазақ қоғамына терең енуіне мүмкіндік бермеді. Сондай-ақ қазақ хандары өз мүдделерін көздеп, олардың ішкі саяси жағдайға араласуына жол бермеді. Қазақ қоғамындағы хандық билікті жою мәселесі

алдыңғы ғасырлардан бері қалыптасқан болатын. Осындай жағдайда патша үкіметі отарлық саясатын жүзеге асыру үшін бірнеше заң жобаларын дайындап, реформалық бағытта шаралар жүргізді. Жүргізілген іс-шаралардың нәтижесінде қазақ көшпелі қоғамының әкімшілік-территориялық құрылымы терең өзгерістерге ұшырады.

Ресей патшасы XIX ғасырдың 30 жылдарында үкіметтік билікті одан әрі орталықтандыруға және түпкілікті бақылауды күшейтуге күш салды. Әсіресе, Сібір генерал-губернаторы, құпия кеңесші Спиранский негізін жасаған 1822 ж. «Сібір қырғыздары туралы Жарғы», одан соң 1824 ж. «Орынбор қырғыздарын басқару туралы Ереже» атты ережелер қабылданған соң далалық аудандардың басқару құрылымы түгелдей өзгертілді. Патша үкіметі отарлық саясатын жүзеге асыруда Орта жүзде, Кіші жүзде хандық билік жойылып, сұлтандар билігі орнатты. Қазақ даласында адамдар тағдырын шешетін биліктегілер Орта жүзде аға сұлтандар, Кіші жүзде билеуші-сұлтандар болды.

Материалдар мен әдістер. Қарастырылып отырған мәселенің деректік базасын Орынбор облыстық мемлекеттік архиві, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві қорлары құжаттары мен Ресей империясының XIX ғ. заңнамалық актілері мен ережелері және XIX ғ. өмір сүрген зерттеушілерінің деректері құрайды. Қазақ даласында жүргізілген реформалардың мазмұнын ашуда «Ресей империясының толық заңдар жинағына» енген заң актілері маңызды орын алады. Мұнда патша үкіметінің орыс емес халықтарға қатысты, әсіресе, олардың Ресейдің құрамына өткеннен кейінгі саяси құқықтық жағдайларына және Ресейдің құрамындағы барлық халықтарға қатысты жалпы заңдар жинақталған. Онда билік құрылымының өзгерісіне орай, жаңадан құрылған әкімшілік мекемелер мен басқару ұйымдарының құқықтары мен міндеттері көрсетілді. Мақаланы жазу барысында мәселені талдауда объективтілік, тарихилық, жүйелілік қағидалары басшылыққа алынды. Объективтілік принципін басшылыққа ала отырып, әкімшілік басқару ұйымдарының және басқарушылардың қалыптасуы және олардың құқықтары мен міндеттері өзі өмір сүрген қоғамның талабымен, барлық қайшылықтарымен, күрделіліктерімен талдау жасалып, баға берілді.

Талдау. Қазақ қоғамының жалпы әлеуметтік құрылымының даму тарихына қатысты қазан төңкерісіне дейінгі орыс зерттеушілерінің еңбектерінде жалпылама қарастырылды. Олардың қатарында М.Красовский, И.Крафт, Л.Мейерді атауға болады. Л.Мейер Орынбор облыстық басқару аппараты мен әкімшілік құрылымына қатысты және Кіші жүз аумағында құрылған дистанциялық бөліктер, ондағы тұрғындардың міндеткерліктері жайында нақты деректер келтіреді. Орынбор губернаторларының бірі К.Гейнс Орынбор ведомствасындағы билеуші-сұлтандар мен одан төменгі басқару ұйымдарының қызметтерін сипаттайды. А.И.Добросмыслов Хандық биліктің жойылуынан кейінгі жергілікті әкімшілік-шенеуніктік аппараттың, яғни билеуші-сұлтандар, болыс басқармалары, ауылдық басқарушылардың қалыптасуы туралы кеңінен баяндайды. Мәселеге қатысты кеңестік дәуірде жарық көрген М.П.Вяткиннің, Е.Б.Бекмахановтың, В.Ф.Шахматов, С.Е.Толыбеков, С.З.Зимановтың еңбектерін атап өтуге болады. Е.Б.Бекмаханов патша үкіметі шығарған заң ережерге талдау жасай отырып, қазақ жеріндегі билеушілердің құқықтарын сипаттайды. Орынбор өлкесінде құрылған әкімшілік мекемелер тарихына қатысты соңғы жылдары шыққан Г.С.Султангалиеваның басқаруымен (авторлар ұжымы – З.Ш.Мақажанова,

А.А.Айтмұхамбетов, Т.Т. Далаева) жарық көрген XIX ғ. қазақ қоғамындағы шенеуніктік басқару жүйесінің құрылуы және олардың қоғамдық қызметтері жайлы еңбектің маңызы зор.

Зерттеу нәтижелері. 1824 жылы «Орынбор қазақтарын басқару туралы Ереже» қабылданды. Кіші жүз бен Орта жүз қазақтарының бір бөлігін басқаруда бұл Ереженің маңызы зор болды. «Орынбор қырғыздарын басқару туралы Ереженің» мәні Кіші жүзде хандық билік жойылды және Орынбор ведомствосы қазақтары даласы үш алқапқа – батыс, орта және шығысқа бөлінді және басқарудың жаңа түрі – билеуші-сұлтандар билігі орнады. Үш алқапты басқаруға сол кездегі беделді сұлтандар тағайындалды. Билеуші-сұлтандар лауазымы 1824 жылдан бастап 1869 жылға дейін сақталды. Батыс алқапты Нұралы ханның баласы Қаратай Нұралиев, ортаңғы алқапты Ералы ханның баласы Темір Ералиев, шығыс алқапты сұлтан Жұма Құдаймендиев басқарды. Билеуші сұлтандардың негізгі ставкалары шекаралық шептер бойындағы казак станицалары мен бекіністеріне: батыс алқап Затон форпостында, Орта алқап Изобильный станицасында, Шығыс алқап Үст-үй бекінісінде орналасты. Төменде әрбір алқаптың билеуші-сұлтандары туралы мәлімет берілген.

Алқапты басқаруда билеуші сұлтан Қаратайдың ұсынысымен әрбір билеуші-сұлтанға көмекшілер ретінде батыс алқапқа Шыңғали Орманов, орта алқапқа Медетқали Тұрдалиев, шығыс алқапқа Жаншуақ Құдаймендиев тағайындалады (Добросмыслов А.И., 1902: 273).

Орынбор Шекаралық Комиссиясының бастықтары билік қызметін, міндеттерін нақтылау мақсатында билеуші-сұлтандарға нұсқаулар таратады. Онда билеуші-сұлтандардың міндеттері мен құқықтары белгіленді.

Нұсқаудың 2-ші пунктінде билеуші-сұлтандарға қазақтар арасында тыныштық сақтау, ауылдар арасында ұрлыққа, барымтаға жол бермеу, сондай-ақ шеп бойы тұрғындарымен бейбіт өмір сүру мәселесі, жанжал бола қойған жағдайда оны болдырмау жағын қарастыру, т.б. міндеттері айтылады. Әрбір билеуші-сұлтанның міндетіне Орданың (қазақтардың – автор) тайпалардан тұратын тұтас бөлігін басқару, сондай-ақ билер мен сұлтандардың ауылдарды жекелеген тайпаларды басқаруына бақылау жасау да жатқызылды. Орданың көз алдында «салмағын» арттыру үшін әрбір билеуші-сұлтанға алтын қылыш, ту, қызмет дәрежесі көрсетілген грамота берілді. Бұлардан басқа қазақ ағамандарының (старшындар) ұғымында бас сұлтандар атағын пайдалы да тартымды етуге тырысқан Азия Комитеті билеуші аға сұлтандарға айына 100 сом күміс ақша, жылына 60 қанардан бидай ұнын беруді тағайындайды (Добросмыслов А.И., 1902:289). Архив деректерінде орта алқап пен батыс алқаптың билеуші сұлтандары Арыстан мен Ахмет Жантөриндер алтын қылыш, қызмет дәрежесін көрсететін грамота беру және жалақы тағайындау туралы деректер сақталған (ОрОМА, 6-қ: 24).

Билеуші-сұлтандарға ұсынылған нұсқауларда билеушілердің мал мен мүлік және ақша алымдарын жинау кезінде бағынышты ведомствоның адамдарын ешқандай ренжітпеу мақсатында қатаң бақылау орнату керектігі айтылады.

1830 жылы Орынбор Шекаралық Комиссиясының төрағасы Г.Ф.Генс Орынбор генерал-губернаторынан әрбір бекініске және шекаралық отрядтың әрқайсысына қарама-қарсы аймаққа старшын немесе құрметті қазақтардан тәртіпті қадағалау үшін және оларды басқару үшін дистанциялық бастықтар тағайындау туралы үкім шығаруға қол жеткізеді. 1831 жылы жаңа қызметке сұлтандар мен құрметті қазақтар бекітілді. Сөйтіп, қазақ даласына дистанциялық жүйе енгізілді. Шекара шебімен

шектесіп, Атыраудың Звериноголов қамалына дейінгі аралықты алып жатқан дистанциядағы билік билеуші сұлтандарға бағынды және қазақ қауымынан шыққан шонжарлар арасынан тағайындалған старшындар арқылы басқарылды.

Орынбор Шекаралық Комиссиясының төрағасы Г.Ф.Генс дистанция бастықтарының міндеттері көрсетілген бірнеше баптан тұратын ережелерді ұсынды (ОрОМА, 6-қ: 25-27-п.). Онда мынадай мәселелер айтылды: 1) дистанцияға қарсы жатқан жерлердегі қазақ рулары мен ру бөлімшелерінің әр түрлі болуына қарамастан барлығын түгелдей басқару; 2) егер белгіленген аймақ ішінде басқаруға бағынғысы келмеген қазақтар болса, оларды басқа аймаққа, басқа билеушінің қол астына жіберуге болады; 3) белгіленген территорияға басқарушының рұқсатынсыз келуге тыйым салынады; 4) қарамағындағы қазақтардың мінез-құлқы, жасаған тәртіпсіздіктеріне басқарушы жауап беріп отырады; 5) егер де біреулердің қаскүнемдік жасауға бет алғанын байқаса, онда уақыт оздырмастан дистанция басқарушысына хабарлануы тиіс.

Ереженің 10-пунктінде көрсетілгеніндей қоластындағы ордалықтардан кімде-кім теріс мінез-қылқ көрсетіп, сенімсіз күдікті адамдармен байланыс жасап, басқаларға мазасыздық әкелсе, оны бұл жерден кетуіне жағдай жасау үшін дистанция бастықтарына дереу хабарлауы, ал ұрлық жасап, басқа да зорлықшыл әрекеттер жасаушылар болса, шептік бастықтарға мәлімдеуі қажет болды. Ру аралық талас-тартыстар бола қалса, оларды татуластыру міндеті де дистанция бастықтарына жүктелді, ал егер де жанжалды тоқтату мүмкін болмаса, онда кінәлілерді Орынбор Шекаралық Комиссиясына хабарлап отыруға міндетті болды (ОрОМА, 6-қ: 17-п.). Дистанциялық құрылым кейін далалық аудандарға тарады. 1839 жылы мұндай бөлініс Жаңа линия шебіне қарсы орналасқан көшпелі қазақтар арасында жүргізілді. 1840 жылы дистанциялық бөлініс Александров бекінісі ауданындағы Адай руларына тарады (ҚРОМА, 4-қ: 54-55-п.).

Кіші жүздегі басқаруды қайта құрудың Орта жүздегі жүргізілген қайта құруларға қарағанда айырмашылықтары болып тұрса да, мәні жағынан негізінен ұқсас болды. Екеуіндегі ортақ белгі – әкімшілік бөліністің бұрынғы көшпелі қоғамның рулық бөлінушілігі негізінде белгілі бір шектеулерді енгізе отырып жүргізу. Жоғарыда сөз болғандай, округ басында аға сұлтандар тұрса, алқапты билеуші-сұлтандар басқарды. Дегенмен, 1824 жылғы Ереженің басты ерекшелігі билеуші-сұлтандардың билігін Орта жүздегідей приказдар шектеген жоқ (Зиманов С.З., 1958.-296 с.)

1824 жылғы «Орынбор қырғыздарын басқару туралы Ережеден» кейін патша үкіметі шекаралық үкіметті, әскери сотты, патша заңдарының рөлін күшейтуге басын салды. Нәтижесінде жазалаушы отрядтардың қысым жасауы қазақ өлкесінде толқуларды күшейтті.

Қазақ даласындағы толқулар, толық әкімшілік биліктің болмауы, ұйымдасқан соттың, мектеп ісі, дәрігерлік және мал дәрігері көмегінің болмауы Ресей үкіметін жаңа шаралар жасауға итермелейді. Сөйтіп, Орынбор ведомствосының қазақтарын басқару принциптерін тәртіпке, бір ізге келтіру міндеті қойылып, бұл үшін бірнеше жоба әзірленді. Қорытындысында 1844 жылы 14 маусымда Мемлекеттік Кеңес «Орынбор қазақтарын басқару туралы Ереже» қабылданғандығы жоғарыда сөз болды. Орынбор қазақтарын басқару ереженің 5-параграфы бойынша Орынбор Шекаралық Комиссиясына берілді. Орынбор Шекаралық Комиссиясының құрамын төраға, оның жолдасы, төрт кеңесші, қазақтардан төрт заседатель және кеңсе құрды. Комиссияның төрағасының жолдасын Шетел

Істері Министрлігі анықтады. Комиссия жанында ерекше тапсырмаларды орындайтын бір адам болды (Добросмыслов А.И., 1902:377).

Отарлық мақсатты жетілдіре отырып, патша үкіметі шекаралық комиссия жанынан қырғыз балаларына арнап мектеп ашты. Оның басты мақсаты ордадағы жеке билікке тілмаштарды даярлау болып табылды. Бұл мектептерде қызметкерлер штат бойынша белгіленді бақылаушы, екі мұғалім және заңды оқытушы. Жоғарыда аталған Орынбор қазақтарын басқаратын жалпы және жеке басқару шеніндегілер штат бойынша төлемақы алды. Қырғыз дистанциялық басшылары өздері бөлінген разрядтары бойынша ақы алып тұрды.

Ауыл басшыларына (олар 400 адамға дейін, ал қажет болса одан да көп болуы мүмкін) ақы төленбеді. Ал олардың арасынан қызметімен және еңбегімен ерекшеленгендерге Орынбор әскери губернаторы, кейін Шекаралық комиссияның бекітуімен оларға штат ақысынан бөлінген ақшалай сыйлықтар берілді (ҚРОМА, 4-қ: 25-п.).

1844 ж. Ережеде шендерді белгілеу тәртібі арнайы баптарда анықталды. 20-параграф бойынша Шекаралық Комиссиясының төрағасы Шетел Істері Министрлігінің ұсынысымен тағайындалады және қызметтен босатылады. Егер ол әскери адам болса, онда әскери ведомство жарлықтарында оның тағайындалуы, басқаруы туралы жарияланады. Төрағалыққа тағайындау Шетел Істері Министрлігіне бағынышты болады. Шекаралық комиссияның кеңесшілері мен билеуші-сұлтандар Орынбор әскери губернаторы бекіткен төрағалар бойынша тағайындалады. Ол қосымша Шетел Істері Министрлігіне хабарланады. Төраға жанындағы ерекше істер жөніндегі шенеунік, шеп бойындағы қырғыздардың (қазақтардың – автор) басшылары, қазақтардан шыққан заседатель, хатшылар, шекаралық комиссияның дәрігері, сол тәртізді билеуші-сұлтандардың көмекшілері мен қазақ мектептерінің бақылаушылары Орынбор әскери губернаторының бекітуімен тағайындалды. Жалпы және жеке биліктің өзге де шендері Шекара Комиссиясының жарлығымен анықталды және олардың бекітілуі туралы әскери губернаторға хабарланып отырды.

Жоғарыда аталған шендерді тарату немесе айыру оларды бекіткен билік пен жерге байланысты болады. Орынбор шекара комиссиясының шенеуніктеріне Шетел Істері Министрлігі мундирін киіп жүру құқығы беріледі. Орынбор қазақтары және олар көшіп-қонып жүрген жерлерге қатысты жобалар мен кез келген жаңа нұсқауларды Орынбор әскери губернаторы мен Шетел Істері Министрлігіне бекіттіреді, ал олар барлық істі патшаға хабарлап отырады. Ереженің 29-параграфында Орынбор шекаралық комиссиясының төрағасы тікелей Орынбор әскери губернатордың билігіне бағына отырып, комиссияның жалпы мемлекеттік мекеме негізінде басқаратындығы айтылған. Орданы басқарғанға дейінгі барлық істер жөніндегі төраға Шекаралық Комиссияның және оны бекіткен коллегияның араласуынсыз билік ете алмады. Көршілес Орта Азияның билеушілерімен Орынбор әскери губернаторының рұқсатынсыз не төраға, не комиссия келіссөз жүргізе алмады. Төраға болмай қалған немесе сырқаттанған жағдайда оның қызметін жолдасы, ал ол меңгере алмаса, комиссия кеңесшілерінің бірі атқарды (Свод законов Российской империи, 1892: 232).

Шекаралық комиссия Орынбор әскери губернаторына, сол сияқты Азиялық департаментке өз ұсыныстары және шағымдарын жасады. Шекаралық комиссияның барлық шендері жалпы губерниялық бекітілген ережемен анықталады және өндірісте іс шешкенде сондай билікті иеленеді.

Ереженің 39-параграфында Шекаралық комиссия-

ның басты міндеттері мен мақсаттары бейнеленді: 1) қазақтар ордасында тыныштық пен қолайлы жағдай туғызу; олардың арасындағы барымта мен кез келген келеңсіз іс әрекеттерді жою; 2) жеке қазақтық билікті құрайтын тұлғалардың әрекетін заңды тұрғыдан бақылау. Тергеу істерін жедел жүргізу, соның ішінде қылмысты тексеруді жеделдету; 3) шеп бойындағы қазақтарға бөлінген қамқоршылардың қызметін бақылау; 4) қазақ шарушылығын жүргізуге және жақсартуға қамқорлық жасау, жұт жылдары қазақтарға жеңілдіктер беру; 5) ордадағы ормандарды сақтауға қамқорлық және даладағы өрттің алдын алу шаралары; 6) ордада арнайы шешек ауруына қарсы егу жұмыстарын жүргізу және халық денсаулығын сақтау; 7) Орта Азиядан тұтқындарды құтқару үшін жүргізілетін шаралар мен ұмтылыстар; 8) қазақтардың айырбас саудасының жүргізілуіне бақылау орнату; 9) билеттер мен айыпты төлемдер үшін ақша жиналуын бақылау, сол сияқты қырғыздардан көші-қон үшін үй басы алымына және қазақтардан алынатын заңды төлемдерге бақылау орнату; 10) ақшаның дұрыс айналымы мен есеп-қисабын, комиссия мүшесін тағайындауды бақылау; 11) қазақтардың азаматтық істерін шешу мен оның мәні, сол сияқты әскери сотқа жатпайтын қазақтар туралы қылмыстық істерді қарау (Добросмыслов А.И., 1902:381).

Орынбор Шекаралық Комиссиясы Азиялық департаментке келесі жайларды хабарлап отырды: 1) қазақтардан түсетін түтін басы алымы туралы жылдың үшінші жартысында түпкілікті мәліметтер беру; 2) өзге де шығындар туралы қысқаша мәліметтер дайындау; 3) қырғыздарды басқарудағы өз істері және орда жағдайы туралы жылдық есеп беру.

Комиссия Азиялық департаментке даладағы барлық төтенше жағдайлар мен мадақтауға тұрарлық істер туралы, сонымен қатар шекарадан тыс мәліметтерді, Орта Азия елдерімен сауда және шеп бойындағы айырбас саудасы туралы мағлұматтарды жеткізді. Бұл істер жөнінде комиссия Орынбор әскери губернаторына да мағлұмат берді.

Ең маңызды ережелердің бірі – Шекаралық Комиссияның қарауына жататын қазақтардың барлық істерін мүлтіксіз қарау, олардың арыз-шағымдары тез арада, сонымен бірге әділ шешімін табуы керек болды. Ереженің 43-параграфы бойынша төраға көмекшісі міндетіне мыналар жатады: кеңсе ісінде іс жүргізуді бақылау, қазақ балаларына арналған комиссия бекіткен мектептерге қамқорлық көрсетіп тұру, қазақтардан тұтқындалған адамдарға бақылау және Орынборда ұсталған тұтқындар түрмесін күнделікті аралап, тексеріп отыру (Добросмыслов А.И., 1902:382). Ережеде Орынбор ведомствосының Батыс, Орта, Шығыс бөліктеріне қарай келген үш билеуші-сұлтанға тағы да бір, төртінші сұлтан қосу ұсынылды (Материалы по истории..., 1960:185). Осы мақсатпен ауыл бастықтарының саны көбейтілді. Деректерде келтірілгендей, «Нақ осы мақсатпен, атап айтқанда, жақсылап қадағалау үшін» қазақтардың ауыл бастықтарының саны көбейтілді, олар өз міндеттерін, басқа шендегілерден айырмашылығы әсте де жалақы үшін емес, өз міндеттерін орындауда ынтасымен және іскерлігімен көзге түскендерге берілетін «награда» үшін орындайтын» (Материалы по истории..., 1960:187). Ереженің 46-параграфында билеуші-сұлтандар мен оларға бағынышты дистанциялық және ауылдық қазақ басшыларының төмендегідей міндеттемелері көрсетілді: қырғыздардың тәртібі туралы бақылау, оларды тәртіпте ұстау, адал болуын және үкіметке бағынышты болуын қадағалау, халықтың қоныстануы туралы сенімді мағлұматтар, үйлер саны және қырғыздардың иелігіндегі

малдары және комиссия бекіткен барлық міндеттердің орындалуы туралы хабарлау (Материалы по истории..., 1960:180).

Билеуші-сұлтандар өз беделімен және қарамағындағы аймақтағы барымта мен билікке бойсұғынбаушылықтарды жоюға міндетті болды.

Орынбор қазақтарын жекелеп басқаруды билеуші-сұлтан, дистанциялық бастықтар және ауыл бастықтары құрады. Осы Ережеден соң дистанциялық құрылым барлық қазақ даласына таралды. XIX ғ. бірінші жартысында Кіші жүзде 54 дистанция болды. Дистанция бастықтары бірнеше разрядқа бөлінді. 14-параграфта дистанция бастықтарының саны 75 болуы керек және олар түрлі разрядтарға бөлінеді, әрбір разрядқа бөлуді Орынбор генерал-губернаторы анықтайды деп көрсетілді.

Кіші жүзде жергілікті билікті ұйымдастырудағы ерекшелігінің бірі «Шеп бойындағы қазақтардың қамқоршысы» деп аталған қызметті енгізу болды (Добросмыслов А.И., 1902:378). Сырттай қарағанда Шеп бойындағы тұрғындармен қазақтардың байланысында қамқоршы болып көрінгенмен, іс жүзінде барлаушы, тергеу жұмыстарымен айналысты, шекаралық Комиссияның түрлі тапсырмаларын орындады. Барлық Шеп бойында 6 қамқорлық құрылды: 1) Гуревтік қамқорлығы, Гурьев қаласынан Сахарный бекінісіне дейін; 2) Орал қамқорлығы, Сахарный бекінісінен Студенов форпосына дейін; 3) Орынбор қамқорлығы, Студенов форпосынан Верхнеозерный станицасына дейін; 4) Ор қамқорлығы, Верхнеозерный шебінен Урлядинскіге дейін; 5) Троицк қамқорлығы жаңа шеп бойымен; 6) Михайлов қамқорлығы. Қамқорлықты құру мынадай қажеттіліктен туындаған болатын: бір-бірімен қатар жатқан орыстар мен қазақтар арасындағы экономикалық және әлеуметтік-саяси қарама-қарсылық олардың мүдделерінің қарама-қарсылығын туғызды. Бұдан саяси, экономикалық жағынан әлсіз қазақтар көп зардап шекті, яғни орыс тілін білмегендіктен басқарушылар да, халық та орыс заңдарын ұқпады. Қамқорлық құрудағы мақсат қазақтар мен шеп бойында орналасқан қазақ емес халықтар арасындағы қайшылықтарды шешіп, байланыстырушы міндет атқаруы тиіс болды. Шеп бойындағы қазақтар қамқоршыларының басты міндеті аймақ жанындағы тұрғындардың барлық істерін бақылау, қазақтарға өз жағынан шептік шағым жасауға жол бермеу. Олар үшін арнайы шекаралық комиссия бекіткен арнайы нұсқаулар құрылуы тиіс, оны әскери губернатор бекітеді және ол туралы Шетел Істері Министрлігіне жүйелі түрде хабарлауы тиіс. Мұндай институттың енгізілуі XIX ғ. II жартысындағы орыс әкімшілігі жүргізген оңды шараларының бірі болды. Бірақ іс жүзінде қамқорлық өз міндетін дұрыс атқармады. Қамқоршылар орыс шенеуніктерінен тағайындалды және оларға жылына 775 сом күміс ақша төленді. Олардың жанында аудармашылары болды.

Қорытынды. XIX ғ. патша үкіметі жүргізген әкімшілік-территориялық өзгерістер нәтижесінде қазақ қоғамында жаңа әкімшілік құрылымдар мен ұйымдар құрылды. 1824 ж. Орынбор қазақтарын басқару туралы ережеден соң Кіші жүз аумағында хандық билік жойылып, 3 алқапты басқарған сұлтан-билеушілер билігі орнады. Ережелер арқылы жергілікті басқарушылардың құқықтары мен міндеттерінің нақтылануы қазақтардың орыстарға саяси тәуелділігін нығайта түсті. 1844 ж. «Ережеге» сай Орынбор қазақтары орналасқан жердегі билік Орынбор Шекаралық Комиссиясының құзырында болды және осы Ереже бойынша бұрын Орынбор ведомствосының Батыс, Орта, Шығыс бөліктерін басқарып келген үш билеуші-сұлтанға тағы да бір төртінші сұлтан қосу ұсынылды. Осы мақсатпен ауыл бастықтарының саны көбейтілді. Шекаралық комиссия

жанынан үкіметке қызмет көрсеткен немесе ерекше адалдығымен көзге түскен қазақтарға сондай зейнетақы мен бір жолғы жәрдемақылар төленді. Бұрыннан келе жатқан би институтының да мәні өзгеріске ұшырады. Нәтижесінде патша өкіметі құрамына енген территорияларда отаршылдық саясатын жүзеге асыруда жақсы ұйымдастырылған басқару аппараты – әскери полициялық күштер мен әкімшілік жүйемен бірге сол кездегі саяси жағдайға байланысты патша үкіметіне қызмет еткен жергілікті басқарушылар да болды.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

Добросмыслов А.И. Тургайская область. Исторический очерк. Т.1. Вып.2.– Тверь, 1902. 524 с.

Зиманов С.З. Общественный строй Казахстана в конце XVIII и первой половине XIX вв. – Алма-ата: Изд-во АН Каз ССР, 1958.-296 с.

Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік архиві, 4-қ, 1-т., 366 -іс. 54-55-п.

Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік архиві 4-қ, 1-т., 2026- іс. 25-п.

Қазақстан тарихы. Көне заманнан бері бүгінге дейін. 3 том. Алматы, 1996. -766 б.

Материалы по истории политического строя Казахстана Т-1. Алма-ата, 1960.-205 с.

Орынбор облыстық мемлекеттік архиві, 6-қ, 10-т., 6333-іс. 24-п.

Орынбор облыст. мемлекеттік архиві, 6-қ, 10-т., 5615-іс. 25-27-п.

Орынбор облыстық мемлекеттік архиві, 6-қ, 10-т., 5615-іс. 17-п.

Свод законов Российской империи. СПб, 1892. Т. 39. С.232.

REFERENCES

Dobrosmyslov A.I. Turgaiskaia oblast. Istoricheskii ocherk [Turgai region. Historical sketch]. – Tver, 1902. Vol. 1. Issue 2. 524 p [In Russian].

Zimanov S.Z. Obshestbennyi stroi Kazakhstana v kontse XVIII i pervoi polovine XIX vv. [The social system of Kazakhstan at the end of the XVIII and the first half of the XIX centuries]. –Alma-ata: Publishing house of the Academy of Sciences Kaz SSR, 1958.-296 p [In Russian].

Kazakhstan Respublicasy ortalyk memlekettik archivy [Central State Archives of the Republic of Kazakhstan]. 4-fund, 1-inventory., 366 -case 54-55-p [In Qazaq].

Kazakhstan Respublicasy ortalyk memlekettik archivy [Central State Archives of the Republic of Kazakhstan]. 4-fund, 1-inventory., 2026-case. 25-p [In Qazaq].

Kazakhstan tarikhy. Kөne zamannan beri byginge deyin [History of Kazakhstan. from ancient times to our days]. – Almaty, 1996. Volume 3. 766 p [In Qazaq].

Materialy po istori politicheskogo stroia Kazakhstana [Materials on the history of the political system of Kazakhstan]. – Alma-ata, 1960. T-1. 205 p [In Qazaq].

Orynbor oblystyq memlekettik archivy [Orenburg Regional State Archives]. 6-fund, 10-inventory. 6333-case. 24-p [In Qazaq].

Orynbor oblystyq memlekettik archivy [Orenburg Regional State Archives]. 6-fund, 10-inventory, 5615-case. 25-27-p [In Qazaq].

Orynbor oblystyq memlekettik archivy, [Orenburg Regional State Archives]. 6-fund, 10-inventory, 5615-case. 17-p [In Qazaq].

Resei imperiasy zandar zhinagy [Code of Laws of the Russian Empire]. – St. Petersburg, 1892, T. 39. 232.p [In Qazaq].

ҒТАХР / IRSTI/ МРНТИ: 19.41:19.45:19.51

ӨӨЖ: 931:950(574)

Айтжан ОРАЗБАКОВ¹, Гүлжан СӘБИТҚЫЗЫ²,

¹т.ғ.к, аға оқытушы, e.mail: arozbakov1961@mail.ru,

² магистрант, e.mail: sabitgulzhan@mail.ru

^{1,2} Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда. Қазақстан

Ю.Н.РЕРИХ – ОРТА АЗИЯ МЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕЖЕЛГІ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУШІ

Мақалада көрнекті шығыстанушы Ю.Н.Рерихтің ғылыми мұралары мен шығармашылығы қарастырылады. Ю.Н.Рерих, әсіресе Орталық Азияның елдері мен халықтарын зерттеуге орасан зор үлес қосты. Ежелгі замандардан жаңа заман аралығында Рерихтің зерттеу объектісі болмаған Азиялық аймақ жоқ деп айтуға да болады. Ғалымның зерттеу жұмыстарының хронологиялық шеңбері өте ауқымды. Айталық аймақтардың тарихқа дейінгі кезеңдерінен бастап, сақ, сармат, ғұн, үйсін халықтарының тарихы оның зерттеу нысаны болды. Оның зерттеулерінің жинағы «Орталық Азия жолдарымен» атты іргетасы еңбегінде баяндалады. Ғалымның Орта Азия елдері мен халықтарының тарихын зерттегенде өз заманындағы ресейцентристік, кеңесцентристік және еуроцентристік көзқарастардан аулақ болғандығы байқалды. Орасан зор тарихи, мәдени, лингвистикалық, діни, этнографиялық деректер негізінде ол көшпенді Азия елдері мен халықтарының объективті тарихын жазуға тырысты. Бұл оның біліктілігі мен ойлау ауқымының деңгейінен хабардар береді.

Түйін сөздер: Көрнекті шығыстанушы Ю.Н.Рерих, Орталық Азия елдері мен халықтары, лингвистика, этнография.

Айтжан ОРАЗБАКОВ¹, Гүлжан САБИТҚЫЗЫ²,

¹к. и. н, старший преподаватель, e.mail: aorazbakov1961@mail.ru,

² магистрант, e.mail: sabitgulzhan@mail.ru.

^{1,2} Кызылординский университет им. Коркыт Ата. Кызылорда. Казахстан

Ю.Н.Рерих – ИССЛЕДОВАТЕЛЬ ДРЕВНЕЙ ИСТОРИИ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ И КАЗАХСТАНА

В статье рассматривается научное наследие и творчество выдающегося востоковеда Ю.Н.Рериха. Ю.Н.Рерих внес большой вклад в изучение стран и народов Средней Азии. С древнейших времен до наших дней нет ни одного азиатского региона, который не был бы объектом исследования Рериха. Хронологический охват исследований ученого очень широк: например, история сакских, сарматских, хуннских, уйсунских народов является предметом его исследований с доисторических времен. Коллекция его исследований описана в его новаторском труде «Дороги Центральной Азии». При изучении истории стран и

народов Центральной Азии было замечено, что ученый избегал русскоцентричных, советских и евроцентрических взглядов своего времени. На основе огромных исторических, культурных, лингвистических, религиозных, этнографических данных он пытался написать объективную историю кочевых стран и народов Азии. Это информирует его об уровне квалификации и размахе мышления.

Ключевые слова: выдающийся востоковед Ю.Н. Рерих, страны и народы Средней Азии, лингвистика, этнография.

Aitzhan ORAZBAKOV¹, Gulzhan SABITKYZY²,

¹Candidate of Historical Sciences, Senior Lecturer, E-mail: aorazbakov1961@mail.ru,

²Master's degree from, E-mail: sabitgulzhan@mail.ru

^{1,2}Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Qazaqstan

Y.Roerich – RESEARCHER OF ANCIENT HISTORY OF CENTRAL ASIA AND KAZAKHSTAN

The article examines the scientific heritage and work of the eminent orientalist JN Roerich. Roerich made a great contribution to the study of the countries and peoples of Central Asia. It is possible to say that from ancient times to modern times there is no Asian region without Roerich's object of study. The chronological scope of his research is very wide. His collection of research is described in his groundbreaking work, The Roads of Central Asia. When studying the history of the countries and peoples of Central Asia, it was observed that the scientist avoided the Russian-centric, Soviet-centric and Eurocentric views of his time. On the basis of huge historical, cultural, linguistic, religious, ethnographic data, he tried to write an objective history of nomadic Asian countries and peoples. This informs him of his level of competence and scope of thinking.

Keywords: Eminent orientalist JN Roerich, countries and peoples of Central Asia, linguistics, ethnography.

Кіріспе. Әлемдік шығыстану ғылымының ең қуатты бағыттарының бірін орыс шығыстану ғылымы құрайды. Олардың қатарында атақты В.В.Бернштам, В.Бартольд, В.Малов және т.б. көрнекті өкілдерді атауға болады. Өкінішке орай олардың қатарында мамандар тарапынан әр түрлі себептермен өзінің лайықты бағасын ала алмай жүрген ғалымдар да баршылық. Солардың ішінде аталған шығыстанушылардан еш кем түспейтін ғалымдардың бірі Ю.Н.Рерих деп білеміз. Кеңес жылдары идеологиялық себептермен оның еңбектері атаусыз қалып жүрді. Бүгінгі таңда оның өмірі мен шығармашылығы отандық және әлемдік тарих ғылымында өзіндік орны мен әділ бағасын алуы тиіс деп ойлаймыз.

Материалдар мен әдістер. Көрнекті шығыстанушы Ю.Н.Рерихтің ғылыми мұралары туралы кеңестік жылдары идеологиялық себептермен айтылмады. Себебі, Рерихтер әулеті ұзақ жылдар бойы отанынан алыс шет елдерде, атап айтқанда Үндістанда тұруға мәжбүр болды. Ғалымның зерттеулеріне жекелеген еңбектерінде Л.Н.Гумилев [Гумилев, 1], П.Н.Савицкий [Савицкий, 2], А.Н.Зелинский [Зелинский, 3] сынды зерттеушілер сілтеме жасайды. Бірақ әлі күнге дейін көптеген зерттеушілер Ю.Н.Рерих мұраларына жеткілікті назар аудармауда. Осы кемшіліктің орнын толтыру үшін және отандық тарих үшін маңызды болғандықтан мақала дайындалды. Сондықтан біз кеңестік жылдары мұралары қағажу қалған ғалымның мұраларына сын көзбен қарап ұлттық мүдде тұрғысынан қарастырамыз.

Нәтижелер мен талдаулар. Ю.Н.Рерих туралы айтпас бұрын, Рерихтер әулетінің тарихын айналып өтуге болмайды. Себебі оның әкесі Николай Константинович Рерих (1874-1947) суретші, философ, жазушы, саяхатшы, археолог, қоғам қайраткері болған. Императорлық (орыс) өнер академиясының академигі. Ол Рерих пакті идеясының авторы және бастамашысы, «Әлем – мәдениет арқылы» және «Бейбітшілік Туы» атты халықаралық мәдени қозғалыстарының негізін қалаушы болса, анасы Рерих Елена Иванқызы орыс діни философы, жазушы және қоғам қайраткері еді. Ал інісі – Святослав Николаевич Рерих (1904-1993) – орыс және үнді суретшісі, қоғам қайраткері, шығыс өнерінің жанашыры және жинаушысы. Осындай отбасында дүниеге келген Ю.Н.Рерихтың шығыстанушы болуы белгілі бір дә-

режеде заңдылық еді.

Көрнекті шығыстанушы, лингвист (үндітанушы, санскрит зерттеушісі, тибеттанушы, моңғолтанушы), тарихшы, көшпенді қоғам тарихын зерттеуші, еуразияшыл, өнертанушы, дінтанушы және этнограф, саяхатшы Ю.Н.Рерих классикалық орыс шығыстануының ең озық дәстүрлерін жалғастырушы болды. Балалық шағы Санкт-Петербургте өткен ол жастайынан тілдік қабілеттерін айқын танытып грек, латын және бірнеше еуропа тілдерін игерді. Көрнекті египетолог В.В.Тураевтың, моңғолтанушы А.Д.Руневтың шәкірті әрі әріптесі болды. Шағын мақалада оның ғылыми ізденістерінің барлық бағыттарын қамту мүмкін емес. Сондықтан атақты ғалымның Орта Азия мен Қазақстанның көне тарихына қатысты зерттеулеріне тоқталғанды жөн көрдік.

Мәскеуде Рерихтердің Халықаралық орталығы тұңғыш рет 2004-2007 жылдары оның «Орта Азияның тарихы» («История Средней Азии») атты іргелі еңбегін жарыққа шығарды. Онда аймақ тарихына қатысты ғалымның көп жылдар бойы жинақтаған фактологиялық материалдары мен зерттеу тәжірибелері жинақталды. Біз белгілі себептермен ғалым жинақтаған фактологиялық материалдарға қарағанда концептуальды тұжырымдарын қарастырумен шектелдік. Ғалымның Орта Азия елдері мен халықтарының тарихын зерттегенде өз заманындағы ресейцентристік, кеңесцентристік және еуроцентристік көзқарастардан аулақ болғандығы байқалады. Орасан зор тарихи, мәдени, лингвистикалық, діни, этнографиялық деректер негізінде ол көшпенді Азия елдері мен халықтарының объективті тарихын жазуға тырысты.

1921 жылы 31 қаңтарда Гарвард университетінің студенті Ю.Рерих ата-анасына хатында: «Ростовцевтың лекцияларынан менің көзімнің жеткені, археологиялық ашулар мағынасынан алғанда Орталық Азия дегеніміз бұл-болашақтың Египеті, мені татарлар мен моңғолдар, әсіресе, олардың аңыздары, көштерінің жырлары өте қызықтырды», – деп жазады [https://www.roerich.kz/publication/unr-tezis.htm4]. Осы жолдардың өзі-ақ жас ғалымның терең ой ауқымынан хабардар берсе керек.

XX ғасырдың басында орыс тарих ғылымында көшпелі мәдениеттер мен өркениеттерді зерттеуде өрлеу үрдістері байқалды. Оны Номадистика атты жаңа зерттеу пәні мен объектісінің пайда болуынан

да байқауға болады. Бұл сол дәуірдің мәдени және ғылыми өмірінің ерекшеліктерімен байланысты дер едік. Атап айтқанда орыс әдебиеті мен мәдениетінің Күміс ғасыры кезеңі болса, әлемдік археология ғылымында «жаңа өркениеттердің» ашылып жатқан уақыты болатын. Қазіргі орыс зерттеуші Л.В.Шапошникова бұл кезеңді ойлаудың жаңа космостық типі қалыптаса бастаған рухани революция уақыты деп сипаттайды [5].

18 жасында-ақ өзінің зерттеу тақырыбы мен бағытын анықтап алған асқан дарын иесі Ю.Н.Перих әуелі Гарвард университетін бітіріп, бакалавр дәрежесін алады. Содан соң Сарбонна университетінде шығыс тілдері мамандығында оқи жүріп, университет басшылығының рұқсатымен заң, экономика және әскери салалар бойынша емтихан тапсырып, бірнеше мамандықтар бойынша бір уақытта бірнеше диплом алып шығады. Алғашқы монолоктары 23 жасында жарыққа шықса, 26 жасында ол бүкіл әлемдік ғылым қауымдастығы көз тіккен Орталық Азиялық экспедициясының жұмысына белсенді қатысады. Оның 1930 жылы жарық көрген «Солтүстік Тибет көшпенділерінің аң стилі» атты іргелі еңбегі атақты Л.Н.Гумилевтың бағалауына «ғылымдағы дәуір» болды[6]. Еңбекте тұңғыш рет көшпенділердің дүниежүзілік тарихи процестерге қосқан үлесі нақты деректермен дәлелденді. Қазіргі отандық ғылымда ұлты орыс Л.Н.Гумилевтің көшпенділер әлемін зерттеудегі табыстарын феномен ретінде бағалау қабылданған. Біздің ойымызша, оның дүниетанымы мен ғылыми бағытын таңдауына орасан зор, тіпті шешуші рөл атқарған осы Ю.Н.Перих деп кесіп айтар едік. Ғалым қазіргі көшпенділердің өркениетте артта қалушылығына қарамастан (ғалым өз уақытын айтып отыр) б.з.д. I мыңжылдақта көшпенділердің өнердегі «аң стилінің» қалған мәдениеттерге ықпалын айтады. Сөйтіп Орталық Азия адамзаттың өркениеттік бесігі деген қорытынды жасайды.

1930 жылдардың ортасында Ю.Н.Перих «Орталық Азияның тарихы» атты іргелі еңбегін жазып, аймақ елдері мен халықтарының тарихына қатысты бұрын ғылыми айналымда жоқ орасан зор материалдарды ғылыми жүйеге келтіреді. Еңбегінің хронологиялық шегі көне замандардан Қытайдың Юань династиясы тарихының соңына дейінгі аралықты қамтиды. Алайда отанынан қашықта жүрген ғалым бұл еңбегін аяқтай алмайды. Бұған кедергі болған басталып кеткен екінші дүниежүзілік соғыс және соғыстан кейінгі жылдары кеңес елінде қалыптасқан саяси ахуал еді. Іргелі еңбек ғалымның көзі тірісінде жарыққа шықпағанымен, санаулы ғана ғалым оның мазмұнымен таныс еді. Олардың ішінде Л.Н.Гумилев те болуы әбден мүмкін. Өйткені еңбек Л.Н.Гумилевтің әдістемесіне ұқсас жаңа методологиялық тәсілмен жазылған. Автор оны «этнотарихи көзқарас» деп атап, саяси тарихпен шектелмей, мәдени тарихи факторларға барынша пәрмен береді. Орта Азия елдері мен халықтарының тарихы табиғи, тарихи және мәдени біртұтастықта алып қарастырылады. Сөйтіп тарихқа деген евразиялық көзқарас аясында көшпенділер өркениетінің түпкілікті орналасқан аймағына орай, оның географиясына, орографиясына, гидрологиясына, топонимикасына сипаттама бере келе «Дала – біріктіруші бастама» [7] деген негізгі ойын түйіндейді. Ғалымның тұжырымдамасында адамзат тарихының әртүрлі дәуірлерінде Ұлы Дала - классикалық Батыс пен Шығыс өркениеттерінің арасындағы байланыстырушы буын болған. Атқа міну мәдениетінің қазіргі оңтүстік Ресей мен Солтүстік

Қазақстан аймағында қалыптасқанын сол уақытта-ақ меңзейді. Б.з.д. III мыңжылдықтың ортасында Таяу Шығыс өркениеттеріне көшпенділердің келуі ғана емес, Ежелгі шығыс халықтарының мемлекеттік құрылысы мен тұрмысына өзгеріс алып келген нағыз халықаралық төңкеріс болды.

Көшпенділердің мемлекеттік дамуына талдау жасай келе автордың ірі мемлекеттік бірлестіктердің таза европалық құбылыс емес екендігін дәлелдей келе, ең алғашқы империя ретінде ғұндардың көшпенділер империясын, Түркі қағанаттарын, моңғол мемлекеттерін атап көрсетеді. Л.Н.Гумилев айтқандай «Адамзат тарихы мен мәдениетінде ұлы даланың көшпенділері еуропалықтардың, Қытайдың, Мысырдың, ацтектер мен инктерден аз рөл атқарған жоқ. Тек әрбір этностың рөлі сияқты, олардың рөлі айрықша, бірегей болды» [8].

Ю.Н.Перихтің Орта Азия халықтары мен ежелгі және орта ғасырлардағы болашақ Ресей халықтарымен өзара әрекеттесуіне, Моңғол империясының тарихына, Орта Азия халықтарының діни, сәулет өнері, мәдениеті мен тұрмысына қатысты сұңғыла зерттеулері мен пікірлері өз алдына үлкен тақырып.

Қорытынды. Түйіндей келгенде, Ю.Н.Перих және оның әулетінің өкілдері Орталық Азия елдері мен халықтарының тарихын зерттеуге орасан зор үлес қосты. Ол көрнекті орыс шығыстанушыларының Н.Я.Бичурин, В.В.Григорьев, Н.А.Аристов, Г.Е.Грумм-Гржимайло, К.А.Иностранцев, М.И.Артамоновтар бастаған мектебінің ұлы өкілі болды. Оның ғылыми мұраларын зерттеу отандық тарих ғылымы үшін өзектілігін жоғалтпақ емес.

ӨДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

- Гумилев Л.Н. Из истории Евразии. – Москва: Искусство, 1993. 21-с
- Зелинский А.Н. Рыцарь культуры // Перих Ю.Н. Звериный стиль... – М.: МЦР, 1992. 8-с
- Перих Ю.Н. История Средней Азии. //Международный Центр Рерихов Благотворительный фонд им. Е.И.Рерих. – Москва, 2004. I-том, 14-с
- Перих Ю.Н. Звериный стиль у кочевников Северного Тибета. – М.: МЦР, 1992. 25-36 с
- Перих Ю.Н. История Средней Азии. – М.: МЦР, 2004. Т.1. 8-с
- Савицкий П.Н. Степь и оседлость // Мир России – Евразия. – М.: Высшая школа, 1995. 61-с
- <https://www.roerich.kz/publication/unr-tezis.htm>
- Шапошникова Л.В. Космическое мышление и новая система познания // Культура и время. 2003 3/4. 28-36 с

REFERENCES

- Gumilov L.N. Iz istorii Evrazii [From the history of Eurasia]. – Moskva: Iskusstvo, 1993. 23-p [in Russian].
- Zelinskii A.N. Rycar kultury // Rerih I.U.N. Zverinyi stil... [Knight of culture // Roerich Yu.N. Animal style ...]. – M.: MSR, 1992.8 p [in Russian]
- Rerih I.U.N. Istoria Srednei Azii. // Mejdunarodnyi Centr Rerihov Blagotvaritelnyi fond im. R.I.Rerih [History of Central Asia. // International Center of the Roerichs Charitable Foundation. Helena I. Roerich]. – Moskva, 2004. I-tom .14 p. [in Russian].
- Rerih I.U.N. Zverinyi stil u kochevnikov Severnogo Tibeta [Animal style among the nomads of Northern Tibet]. – M.: MCR. 1992. 25-36 p [in Russian].
- Rerih I.U.N. Istoria Srednei Azii [History of Central Asia]. – M.: MCR. 2004. 8 p [in Russian].
- Savickii P.N. Step i osedlost // Mir Rossii – Evrazia [Steppe and Settlement // World of Russia - Eurasia]. – M.: Vyshaia shkola, 1995.61p [in Russian].
- <https://www.roerich.kz/publication/unr-tezis.htm>
- Shaposhnikova L.V. Kosmicheskoe myshlenie i novaia sistema poznania // Kultura i vremia [Cosmic thinking and a new system of cognition // Culture and time]. – 2003 3/4. 28-36 p [in Russian].

ФТАХР/ IRSTI/ МРНТИ: 11.15.47

Жапсарбай ҚУАНЫШЕВ,
саяси ғ.д., ҚР БҒМ Мемлекет тарихы институты,
Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан. E-mail: kenzhetay54@gmail.com

ЖАҢА АХУАЛДАҒЫ СОТ ЖҮЙЕСІН МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУ: АЗАМАТТАРДЫҢ СЕНІМІН АРТТЫРУ

Мақалада республиканың жаңа ахуалдағы сот жүйесін модернизациялау тұрғындардың оларға деген сенімін арттыратыны қарастырылған. Бұл мәселе нарықтық қатынастар, әлеуметтік әділеттілік және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мәселелерімен, сол сияқты елдегі қоғамдық тұрақтылықпен тығыз байланыста зерттелген. Сот жүйесін қайта құруда жетістіктермен қатар теріс тәжірибенің болғандығы да мақалада ескерілген. Қазақстандағы сот реформасының тарихи және қоғамдық-саяси қырларын ретроспекті салыстыру, қазіргі даму деңгейін толыққанды түсіну, мақалада бұл мәселеге қатысты жетістіктермен қатар оның жұмысына тән қателіктер мен кемшіліктерді бұрынғы үйреншікті көзқарастан гәрі, объективтілік бағытта зерттеуге мүмкіндік береді. Мақалада сот билігін реформалау мен елімізде жүргізіліп жатқан саяси модернизациялау үдерісі арасындағы байланысқа назар аударылады.

Түйін сөздер: құқықтық саясат, сот жүйесі, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, тұрғындардың соттарға сенімі, мемлекеттік билік органдарының беделі, нарық экономикасы, әлеуметтік әділеттілік пен тұрақтылық, азаматтық қоғам.

Zhapsarbai KUANYISHEV,
Doctor of political science. Chief Researcher, Institute of State History under
the science Committee of the Education and science ministry.
Kazakhstan, Nur-Sultan city. E-mail: kenzhetay54@gmail.com

MODERNIZATION OF THE JUDICIAL SYSTEM IN A NEW REALITY: THE CITIZENS TRUST INCREASING

The article examines the process of modernization of the judicial system in the context of increasing public confidence in it amid the republic new reality. This issue is studied in close connection with the market solutions, social justice and ensuring the rights and freedoms of citizens, as well as social stability in the country. In the article, along with the achievements in restructuring the judicial system, negative experience was also taken into account. A retrospective comparison of the historical and socio-political aspects of the judicial reform in Kazakhstan, a full understanding of the level of its current development made it possible, without resorting to old and habitual stereotypes, to objectively study both the achievements and the mistakes and shortcomings inherent in their activities. The paper pays attention to the relationship between the reform of the judiciary and the process of political modernization in the country.

Keywords: legal policy, the judicial system, the rights and freedoms of citizens, trust in the judiciary, the image of public authorities, the market economy, social justice and stability, civil society.

Жапсарбай ҚУАНЫШЕВ,
д.п.н., д. полит. н., Институт истории государства МОН РК,
г. Нұр-Сұлтан, Қазақстан. E-mail: kenzhetay54@gmail.com

МОДЕРНИЗАЦИЯ СУДЕБНОЙ СИСТЕМЫ В НОВОЙ РЕАЛЬНОСТИ: повышение доверия граждан

В статье рассматривается процесс модернизации судебной системы республики в контексте решения проблем повышения доверия населения в условиях новой реальности. Этот вопрос исследуется в тесной увязке с проблемами рыночных отношений, социальной справедливости и обеспечения прав и свобод граждан, а также общественной стабильности в стране. В статье, наряду с достижениями в перестройке судебной системы был учтен и негативный опыт. Ретроспективное сравнение исторических и общественно-политических аспектов судебной реформы в Казахстане, полноценное понимание уровня ее нынешнего развития позволили не прибегая к старым и привычным стереотипам объективно исследовать как достижения, так и свойственные их деятельности ошибки и недостатки. В работе уделяется внимание на взаимосвязь между реформой судебной власти и процессом политической модернизации, проводимых в стране.

Ключевые слова: правовая политика, судебная система, права и свободы граждан, доверие населения, имидж органов государственной власти, рыночная экономика, социальная справедливость и стабильность, гражданское общество.

Кіріспе. Тәуелсіздік ала салысымен Қазақстанда қолға алынған әлеуметтік-экономикалық және саяси қайта құрулар тиісінше жаңа ұлттық құқықтық жүйені қалыптастыруды талап етті. Отыз жылда сот жүйесін-

де де түбегейлі өзгерістер орын алып, ол мемлекеттік биліктің дербес тармағына айналды. Бұған Қазақстандағы құқықтық реформаның 1994-2000 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасының,

«Сот жүйесі мен судьялардың статусы туралы» ҚР Заңының, Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылдарға арналған құқықтық саясаттың Тұжырымдамасы мен 2007, 2017 жылдардағы конституциялық реформалардың, сонымен бірге судьялардың съездерінің рөлін ерекше атап өткен жөн. Десек те, ол сот саласының барлық мәселелері толықтай шешілді, енді бұдан былай сот органдарын реформалаудың қажеті жоқ дегенді аңғартпайды. Керісінше, сот жүйесі қоғам дамуынан қалып қойып, бұл проблема ел азаматтарының конституциялық құқықтарын қорғау мен экономиканың дамуына кері әсер етіп отыр. Ал ол өз кезегінде мемлекеттің беделіне нұқсан келтіруде. Сот және құқық жүйесі саласындағы реформалардың баяу жүргізілуінің бір себебі, оның әрдайым кейбір құрылымдық өзгерістермен шектелуінде жатса керек (Архив Библиотеки Первого Президента – Елбасы: 1-2).

Сондықтан Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев былтырғы халыққа Жолдауы мен «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» бағдарламалық мақаласында құқықтық мемлекеттің маңызды критерийі ретінде ашық және әділ әділеттілік (правосудие) және әділетті қоғам мен тиімді мемлекет құру мәселесіне арнайы тоқталды. Мемлекет басшысының ұғымында әділетті мемлекет орнату халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартумен қатар, барлық азаматтардың мүддесін бірдей қорғауды аңғартады. Сондықтан да болар, Президенттің бұл міндеттерді шешудің жолын сот жүйесін реформалау мен қоғамның соттарға деген сенімін нығайтумен тікелей байланыста қарауы оның өзектілігін аңғартса керек.

Материалдар мен тәсілдер. Мақаланы жазу барысында жүйелі және кешенді сараптаудың нақты тәсілдері мен салыстырмалы-тарихи және ретроспективтік-хронологиялық көзқарастар қолданылды. Жұмыс орталық және аймақтық мемлекеттік архивтердің қорларын, сол сияқты Интернет материалдары негізінде жазылды. Олар қазіргі кезеңдегі сот жүйесін модернизациялаудың түйткіл тұстарын объективті зерттеуге жақсы және кең көлемдегі дәлелдемелік негіз болды.

Талқылау. Бұл тақырыпты ашуда Елбасы Н.Ә.Назарбаев пен Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдаулары, республика судьяларының съездерінде сөйлеген сөздері мен еңбектерінің алатын орны бөлек (Назарбаев, 2012: «Казахстанская правда»; Назарбаев, 2017: 508; Тоқаев, 2020). Сот билігінің қалыптасуының басты бағыттары мен оның кейбір өзекті мәселелеріне Н.Шәйкенов, Қ.Сүлейменов, И.Рогов, Б.Мұхамеджанов сияқты практик-ғалымдардың жұмыстары арналған (Шайкенов, 2000: «Казахстанская правда»; Сүлейменов, 1995: «Казахстанская правда»; Рогов, 1999: Юридическая газета; Мухамеджанов, 1999: Юридическая газета). Сот-құқықтың саясаты, сот жүйесін басқаруды ұйымдастыру және оны модернизациялаудың құқықтық сұрақтары, сот билігін нығайту, сот реформасының өлшемі мен шегі, судьялардың кәсіби біліктілігін көтеру мен кәсіби судьяның әлеуеті, сот жүйесі және адам құқықтарын сақтау, әділ сот төрелігі, «үшінші биліктің» проблемалары, сот процесі мен сот реформасының негізгі кезеңдеріне шолуға көптеген авторлар қызығушылық танытқан (Каримов, 2016: Саясат-Полісу; Кожуганова, 2017: Ч. 1; Алимбеков, 1996: Вестн. М-ва юстиции Респ. Казахстан; Амиргалиева, 2010: Юридическая газета; Бусурманов, 1996: Вестн. М-ва юстиции Респ. Казахстан.– 1996; Жанаев, 2013: Фемида.– 2013; Шуменова, 2010; Мами, 2001: Республика; Нарикбаев, 2000: Казахстанская правда; Сүлейменова, 2010: Судебная реформа в Республике Казахстан: обзор основных этапов: учебное пособие).

Зерттеудің нәтижелері. Сот жүйесі мемлекеттік

саясатты іске асырудағы маңызды бағыттардың біріне жатады. Сотты қайта құру барысында жетістіктермен қатар теріс тәжірибенің болғандығы да рас. Сондықтан республикадағы сот реформасының тарихи және қоғамдық-саяси қырларын ретроспекті салыстыру, қазіргі даму деңгейін толыққанды түсіну, бұл мәселеге тек жетістіктер тұрғысынан ғана қарап, осы саланың жұмысына тән және жиі кездесетін, үнемі қайталанып отыратын қателіктер мен кемшіліктерді айналып өту ғылыми объективтілікке де жата қоймас. Оның үстіне біз қарастырғалы отырған қоғамның соттарға деген сенімі проблемасының жаңа ахуал жағдайындағы өзектілігінің еселеп артуына байланысты оған бұрынғы үйреншікті көзқарас тұрғысынан қарау жарамсыз болмақ. Бүгін ол – тиісті бағасын алып, жағдайды өзгертуге бағытталған барабар шешімдер мен практикалық қадамдар жасауды талап ететін проблемалардың қатарына жатады. Өйткені, мұның ар жағында мемлекеттік билікке деген сенім жатыр.

Олай болса, сот органдарының жұмысын реформалау мен кейіннен оны модернизациялау мәселелерін ел тұрғындарының тарапынан қабылдау деңгейін, судьялардың қоғамдағы беделіне қатысты көзқарастарын түсіну үшін 1995, 2007 және 2017 жылдардағы биліктің осы саласындағы ахуалға көз жүгіртіп, ой елегінен өткізіп, оны қолда бар мұрағаттық және тағы да басқа дереккөздер мен материалдарға сүйене отырып, салыстырмалы түрде сараптауға талпынып көрелік.

Айтпақшы, сот жүйесін қамтыған терең дағдарыс туралы әңгімені аймақтардағы судьялар Президентке жіберген үндеулерінде мәселенің барлық көлеңкелі жақтарын ашып берді. Оларды арнайы заңның жоқтығы, судьялардың мәртебесі айқындалмай, материалдық техникалық жабдықталуы мен жалақыларының мардымсыздығы алаңдатты (Архив Президента РК: 12-13, 27-28.). Шын мәнінде, сот жүйесін реформалауды Қазақстандағы мемлекеттік билікті трансформациялау тарихымен тығыз байланыста қарап, 1995 жылғы Конституцияның қоғам алдында жаңа талаптар қойып, елдегі құқықтық саясат пен жаңа сот жүйесін қалыптастыру үдерісіне пәрмен бергендігін ескерген жөн. Ондағы мақсат – ескі тоталитарлық жүйенің орнына мемлекеттік билік пен мемлекеттіліктің жаңа моделін құру болатын. Бұрынғы мемлекеттік басқарудағы ақаулықтың елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси дамуына тежеу жасауы сот-құқықтық саласындағы олқылықтарға тікелей байланысты еді. Оған тағы қылмыстың кең көлемдегі өршуін қосыңыз. Осы кезеңдегі облысты және аудандық сот органдары мен әділет басқармаларының жұмысын тексеру барысында анықталған типтік кемшіліктердің қатарына соттарды ұйымдастырушылық қолдаудың әлсіздігін, жергілікті жерлерде қолданыстағы нормативтік материалдардың заттай дәлелдемелерді және архив материалдарын қабылдау және сақтауға жағдайдың жоқтығы, тексеру мен оның қорытындысын шағарудың, әдістемелік тұрғыдағы жетіспеуін, сот төрелігін жүзеге асыру деңгейінің төмендігін, сот арқылы қараудың төмендігін, судьялардың білім деңгейінің төмендігін, жазалау практикасының күшеюін, сот-процесін өткізуге бейімделмеген ғимараттарда сот істерінің арнайы сот залдарында емес, бірнеше адам отыратын кабинеттерде қаралуы, сот шешімдерінің уақтылы дайындалуы және жіберілуі, жазаны тағайындау кезіндегі практиканың бірқелкілігінің кейбір облыстарда жоқтығы, судьялардың жауапсыздығы, заңсыз тұтқындау мен үкім шығаруды, заңсыз тергеу тәсілдерінің қолданылуын, күәлерді қорқытуды, бюрократизмді, сотқа қысым жасау фактілерін, кейбір лауазым иелерінің нақты істерді қарауға заң-

сыз араласуын, журналистердің сот отырысына жіберілмеуін, сотталушыларды сотқа конвоймен алып келу, сот материалдары мен процесінің дайындалу деңгейінің төмендігін, сот төрелігін жүзеге асырудың мемлекеттік тілде жүргізілуіне қолайлы жағдайдың жасалмауы, жеке анықтамалардың тиімсіздігін, сот істерінің ұрлануы, тергеу изоляторларының жетіспеуін, жіберген қателіктері үшін кадрларға қатаң талаптардың болмауы, кеңсе жұмысы мен іс қағаздарын жүргізуде ведомстволық нұсқаулықтардың орындалмауын, жаңа заңнамалармен дер кезінде танысып, оларды дұрыс қолданудың жетіспеуін, істі қарау мерзімінің бұзылуын, сот шешімдері мен үкімдерінің ұзақ уақыт бойына орындалмауын, істер мен құжаттарды қарауды созбұйда әуре-сарсаңға салуды және статистикалық есептердің бұрмалануын жатқызуға болады. Мәселен, 1996 жылы Теміртау қалалық сотының судьясы Н.В.Фетешева созбұйда әуре-сарсаңға салудың көзге ұрып тұрған фактісіне жол беріп, айыпталушы Р.Б.Араповтың ісін облыстық соттың кассациялық сатысының қарауына 5 ай бойына жібермеген (Национальный архив РК: 55-56). Ал сот төрелігін жүзеге асыруда облыстық соттардың арасында ең төменгі көрсеткіш Алматы облыстық сотқа тиесілі болды – 1997 жылдың 6 айында әрбір үшінші сот үкімі күшін жойды немесе өзгертіліп, ол орташа республикалық көрсеткіштен 10,7% артып түскен. Ал, сот ісін қараудың мерзімін Ақмола, Батыс Қазақстан, Қарағанды және Көкшетау облыстарына қарасты аудандық (қалалық) басқаларға қарағанда жиірек бұзып отырған (Национальный архив РК: 33-34). Нәтижесінде соттар мен судьялардың беделіне нұқсан келді, кейбір сот органдарында судьялардың бос орындары пайда болды. Мысалы, жергілікті соттарда 1996 жылдың басында 230-дан астам судьялық қызмет орны бос тұрды (Национальный архив РК: 139).

1996 жылы Қазақстан судьяларының I съезінің өтуі, Қазақстан Республикасы судьяларының Одағының құрылуы, Жоғары Сот Кеңесінің құрылып, судьяларды аттестациялаудан кейін олар мерзімсіз уақытқа тағайындалып, тәуелсіз статусқа ие болуы қоғам өміріндегі елеулі оқиға болғаны рас. Бұл жағдай сот жүйесінде қоғамдық бақылаудың пайда болуына әкеледі деп күтілді. Ең бастысы, ол судьялардың сот төрелігін жүзеге асыруда жауапкершілігінің артуына деген сенім тудырған еді. Алайда, 1999 жылы өткен судьялардың II съезіне дейінгі 3-4 жылдың ішінде сот істерін қараудың сапасын көтеру бағытында ешбір өзгеріс байқалмады, оған аудандық соттардың қылмыстық және азаматтық істер бойынша келтірілген бұзылған және өзгертілген үкімдер туралы мәліметтер келтіріліп, олар көрсетілген аралықта жағдайдың жақсармағандығын дәлелдеп берді.

Осы тұста бір көңіл аударарлық жәйт, судьялар Одағының Қазақстандағы мемлекеттік-құқықтық мәселелерге қатысты өз көзқарастарын қалыптастырып, қабылданған шешімдерді іске асыруға білек түріп кіріскендігін көрсете алмағандығы болды. Өйткені, оның қатардағы білікті және кәсіби заңгерлердің қоғамдық қауымдастығы ретіндегі әлеуетінен гөрі оның қызмет бабында жиналатын республикалық және облыстық деңгейдегі басшыларының жиынына айналғанға ұқсайды. Сондықтан қатардағы судьялар олардан күдер үзе бастаса, ал оның есесіне тұрғындардың тарапынан судьяларға деген сенім де жоғала бастады. Бұл жағдайды съездің барысында Елбасы Н.Ә.Назарбаев та байқап, баяндамашылар мен жарыссөзде кілең сот жүйесінің басшыларының мінберге шыққандығын, ал судьялар қауымы өкілдеріне сөздің берілмегендігіне ескерту жасап, сот мәселесіне қатысты салтанатты

есептен басқа сындарлы ештеңені естімегендігін ашық айтты (<https://articlekz.com/article/4700>).

Осыдан былай қарай тәуелсіз және тиімді сот жүйесін құруға ерекше көңіл бөлініп, сот органдарына тұрғындардың сенімін ұялатуға бағытталған қадамдар жасала бастады. Адамдар сотқа жүгіне бастады. Мемлекет тарапынан қолға алынған барлық шаралар әділ сот жүйесін қалыптастыруды көздеді. Өйткені, басқаша болған жағдайда елде жүргізілетін экономикалық және саяси қайта құрулардың нәтиже бермесі анық еді. Алайда, сот реформасы қиын жүрді. Өткен ғасырдың 90-жылдарының ортасында республикада орын алған сот төрелігін жүзеге асыру, заңсыз сот үкімдері мен төрелігіндегі өрескел қателіктер, сот істері қараудағы созбұйда әуре-сарсаңға салу, пара алу, бюрократизм, сот үкімдерін бұзу, елде әрбір үшінші шешімнің орындалмауы мен жалпы қадағалау органының ықпалы сияқты кемшіліктердің сақталуы соттар мен судьялардың қызметіне деген тұрғындардың теріс көзқарастарын қалыптастырды. Ал бұл сот жүйесінің қоғамдық пікірді өзіне қаратып, халықтың сеніміне ие болу мақсатына жете алмағандығын көрсетіп берді.

Бір өкініштісі, судьялардың басым көпшілігінің өз міндеттерін адал атқарып отырғандарына, олардың жұмыс сапасы мен моральдық келбетіне қатысты қатаң талаптардың қойылуына, арнайы әлеуметтік пакеттің болуына қарамастан, судьялардың бір бөлігінің, әсіресе, жергілікті сот органдарының заңдылықты бұзулары тоқтамай, өмірде орын алып отырған өткен кеңестік дәуірдің қалдықтарына қоса судьялардың жазасыздығы сияқты бүкіл сот жүйесіне тән сипат алғандай көрінетін құбылыс күш ала бастады. Олардың тәртіптік жазаға тартылуы соттар мен судьялардың ғана беделіне нұқсан келтіріп қоймай, бүкіл мемлекеттің имиджіне қара дақ болып жағылды. Міне, дәл осы кезден бастап мемлекетіміз бен мемлекеттілігімізге төніп тұрған жаһандық қауіп-қатерлер сапалық тұрғыда мүлдем жаңа міндеттерді шешуді талап етті. Өйткені, бұдан былай басқаша болуы мүмкін болмай қалды. Ол – қоғамның сотқа деген сенімін қалай болғанда да сақтап қалу болатын. Сондықтан аудандық соттардың жұмысын жақсарту мен сот шешімдерін орындауды қамтамасыз ету мәселесіне ерекше назар аударылды (Назарбаев, 2011: 426-427).

Сот жүйесін қайта құрудың басты бағыттары мен туындаған жаңа талаптарды айқындауда 2007 жылғы конституциялық реформалар үлкен рөл атқарды. Саяси реформа өткізу барысында тұтқындауға санкцияны тек қана беру механизмі енгізіліп, жаңа заңдар қабылданды. Бұл қадам сот органдары қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталып, Қазақстанда адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау мен қамтамасыз етуге ықпал етіп, соттардың құқық қорғаушылық әлеуетін арттыруы керек болды. Осыдан кейін бірте-бірте соттар мен судьялардың тек ресми-құқықтық тұрғыда ғана емес, шын мәнінде де тәуелсіз статусқа ие болғандықтары туралы айтуға болатын болды. Егер бұған дейін азаматтардың соттарға деген сенімін арттыру мәселесі жалпы түрде айтылып жүрген болса, енді осы кезден бастап ол қазақстандық сот жүйесінің дамуындағы басты басымдық ие проблема ретінде алдыңғы қатарға шықты. Ол судьялардың кәсіби біліктілік деңгейін арттырып, сот ісін жүргізуді жетілдіріп, оның жеңілдетілуін, соттар мен судьялардың мамандандырылуын одан ары қарай дамытып, оларға жоғары моральдық-этикалық талаптар қойды (<https://www.zakon.kz/154224-vystuplenie-prezidenta-respubliki.html>). Дегенмен де, 2000 жылдардың соңында да сот жүйесіне қатысты судьялардың қатарында кәсіби деңгейі мен моральдық

этикалық сипаты, төмен намыссыз адамдардың болуы және сот төрелігін атқаруға деген сын мен сот ісін жүргізудің ауырлығы сияқты келеңсіз жағдайлар әлі де болса орын алды. Көріп отырғанымыздай, алғашқы кезеңдерде болған көптеген кемшіліктер түзетілді. Өмір болған соң оның жаңа түрлері де пайда болғанын жасыра алмаймыз. Алайда, сақталып келген олқылықтар заман талабына сай күрделеніп, оларды шешу көп уақытты, басқаша көзқарас пен тәсілдерді қажет етіп отыр. Оның үстіне қоғам да, азаматтардың психологиясы да өзгерді. Өмірге жаңа технологиялар мен инновациялардың келуіне, оның шапшаңдап даму қарқынына заңдар да, заңнамалық актілер де, соттар мен судьялар да ілесе алмауда. Сондықтан, бұл жағдайлар экономиканың, соның ішінде шағын және орта кәсіпкерліктің, азаматтардың конституциялық мүдделерін қорғау мен биліктің беделін көтеру сияқты жүйелік үдерістердің әлсіреуіне әкеліп соқты. Осы тұрғыда жаңа талаптарға жауап берудің өзектілігін білу үшін сот реформасының баяу жүруінің себебін түсіну қажет болды. Ал, ол мәселенің оңтайлы шешілмеуінің түбірі, Елбасы Н.Ә.Назарбаев айтқандай, бұл жұмыстың әрқашан кейбір құрылымдық өзгертулермен ғана шектеліп, сот жүйесі құрылымдары жұмысының мазмұны мен олардың атқаратын функцияларына көңіл аударылмауында жатса керек (Архив Библиотеки Первого Президента РК-Елбасы: 2). Қылмыстық сот ісін қарау барысында тараптарды татуластыруға бағытталған медиация институтын дамыту қолға алына бастады. Қылмыстың алдын алу шараларына басымдық беріліп, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын және қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қорғау қажеттілігі туындады. Ол үшін, әрине, қоғамдық пікірге құлақ түріп, оған жүгіну керек болды. Негізінен, осындай бағытты ұстана отырып қана мінсіз және тиімді ұлттық сот жүйесін құруға болатын еді (http://www.akorda.kz/ru/special/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/vystuplenie-prezidenta-kazahstana-nursultana-nazarbaeva-na-vi-sezde-sudei-respubliki-kazahstan).

XXI ғасырдың екінші онжылдығында мемлекеттік басқару жүйесін модернизациялаумен бірге сот органдарын да модернизациялау қолға алынды. Осы жылдары жоғарыда әңгіме болып, сақталып келген түйткіл мәселелерді айқындап, сараптау негізінде олардан құтылу бағытындағы жұмыстар жанданды. Туын-даған проблемаларды табандылық пен әдістемелік сапалы деңгейде шешу арқылы ғана сот органдарының рөлі көтеріліп, оның заңдылықты қамтамасыз ету мен қоғамдық тұрақтылықты сақтаудағы міндеттерін толыққанды атқаруға жағдай жасалар еді. Сонда ғана заңның үстемдігі орнап, сот билігінің халық алдындағы беделі артып, азаматтар оған әділ бағасын берер еді. Ол үшін еліміздегі судьялардың корпусын мінсіз беделге ие судьялардан жасақтау міндеті қойылып, судьяның жаңа этикалық кодексі қабылданды, судья лауазымына үміткерлерді полиграфологиялық зерттеуден өткізу іске қосылды. Судьяларды іріктеу жүйесін жаңғырту мен оның тетіктерін қатаңдату мәселелері қаралды. Инновациялық технологиялардың кең көлемде қолданылуы сот жүйесінің ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етудің негізін салды. Бес институционалдық реформаның бір стратегиялық міндеті заң үстемдігін қамтамасыз ету мен жеке меншік пен кәсіпкерлік құқығын қамтамасыз етудің кепілі ретіндегі сот жүйесінің ашықтығына назар аударды. Сот жүйесінің беделін көтеру мәселесіне ерекше көңіл бөлінді. 2017 жылғы конституциялық реформалар сот жүйесінің конституциялық негіздерін нақтылап,

қазақстандық судьяларға қойылатын талаптарды конституциялық заңмен анықтап берді.

Соңғы жылдары сот жүйесі қызметіне мемлекет тарапынан ерекше көңіл бөлініп, ұйымдастырушылық, заңнамалық және материалдық-техникалық жағынан үлкен қолдау көрсетілді. Соған сүйене отырып Жоғарғы Сот ауқымды модернизациялау өткізіп, сот органдары жұмысының жеті бағытын анықтады. Көптеген жашыл жобалар іске қосылды, нақты нәтижелер де бар. Сот актілерінің тілі өзгере бастады, судьяларды іріктеу жүйесі қатайды, соттардың жайлылығы артты. Заңнаманы модернизациялау мен келісім рәсімдерінің кең таралуы сот органдарының қызметінде ерекше орын ала бастады. Судьялардың атына кір келтіретін әріптестерін корпоративтік ынтымақтастық үшін қорғап, оларға араша түсуге Жоғарғы Сот үзілді-кесілді қарсы шығып отыр. Ол қазақстандық соттардың айыптаушылық сипатына қатысты да осы ұстанымды қолдауда. Жергілікті жерлердегі судьялардың жауапкершілігі мен сот төрелігінің сапасын көтеру мақсатында оған арнайы мониторинг жүргізіліп, әрбір сот актісін электрондық технологияның көмегімен сүйемелдеу қолға алынған. Қоғаммен кері байланыс орнату мәселесі 2020 жылдан бастап нақты қолға алынды. Бастысы, сот жүйесін цифрландыру IT-сервисі арқылы әділеттілікке кедергісіз және ыңғайлы түрде кіруге мүмкіндік тудырды. Онлайн сот отырыстарын өткізуге жол ашылды. Ол, әсіресе, қазіргі пандемия кезінде өз тиімділігі мен өміршеңдігін көрсетті.

Дегенмен, сот органдарының қызметіне деген сенімнің төмендігі бұрынғыша басты проблема болып қала берді. Сондықтан, 2018-2020 жылдардағы сот жүйесін модернизациялау бойынша атқарылған іс-шаралар тұрғындардың сот төрелігіне деген сенімін көтеруге бағытталды. Азаматтардың соттар мен судьяларға сенімін арттыру үшін тергеу соттарын оңтайландыру, қылмыстық-процессуалдық заңнаманы, азаматтық іс жүргізу мен әкімшілік юстицияны дамытуға күш салынды. Өзірленіп жатқан заң жобаларының өзектілігі, олардың правосудия мен кадрлардың сапасын жақсартуға бағытталуы қажеттілігі ескерілді және заманауи жұмыс форматы қолданыла бастады. 2020 жылдың аяғына таман өткен Қазақстан судьяларының VIII съезінде сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев сот билігін одан әрі дамытудың идеологиясын айқындап берді. Маңызды мәселелер қатарына тұрғындармен кері байланыс орнатуды, судьялардың беделінің мінсіздігін жатқызды (<https://vlast.kz/novosti/42256-tokaev-predlozil-otkazivat-v-naznachenii-na-dolznost-sudi-daze-zaneznacitelnyj-prostupok.html>).

Қазақстанның сот билігі жүйесіндегі елеулі оқиға биылғы жылдың 1 шілдесінен бастап Әкімшілік рәсімдік-процессуалдық кодекстің қолданысқа енгізілуі болмақ. Бұл әкімшілік әділет механизмі негізінде соттар «мемлекеттік органның кінәлілік презумпциясы» принципімен қарастыратын болады. Ол мемлекеттік аппараттағы тәртіпті күшейтіп, инвестициялық ахуалды жақсартуға және экономиканың өсуіне жағдай жасайтын болады. Президент Қ.Тоқаев қылмыстық процестегі айыптаушы мен қорғаушының арасындағы шынайы бәсекенің болуын қамтамасыз етуге назар аударып, сот жүйесіндегі адамдардың, кәсіпкерлер мен инвесторлардың соттарға деген сеніміне ерекше басымдық берді (http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/meetings_and_receptions/memleket-basshysy-zhogargy-sot-toragasy-zhakup-asanovty-kabyldady-3).

Қорытынды. Елде жүргізілген сот реформасы конституциялық деңгейде сот жүйесінің мемлекеттік биліктің тәуелсіз тармағы ретіндегі мәртебесін бекітті,

соттардың құзыреттілігін кеңейтті, әр азаматтың әділет пен соттық қорғалуын қамтамасыз етті. Дегенмен, сот органдарының жұмысын жетілдіруге және судьялардың дербестігі мен тәуелсіздігіне қол жеткізу шараларының іске асырылуына қарамастан, сот төрелігін жүзеге асыру жақсармады, олардың жұмысына қатысты шағымдар легі толастамады. Сот органдарын атқарушы биліктің ықпалынан толықтай шығару мәселесі толықтай шешілмей отыр. Әділет органдары оларға қорғаншылық пен бақылау жасайтын тетіктер мен саңылауды қолынан жіберер емес. Бұл, өкінішке қарай, бір жағынан, Қазақстанда демократиялық сот дәстүрінің әлі қалыптаса қоймағандығын, екіншіден, соттардың кеңестік дәуірден қалған айыптаушылық тәсіліне бейімділігінен айырылғысы келмейтіндігін көрсетеді. Үшіншіден, бұл толыққанды, күшті және беделді сот билігінің әлі құрылмағандығының дәлелі. Төртіншіден, қоғамда судьялардың тәуелсіздігіне шартты түрде қараудың бір ұшы олардың атқарушы билік өкілдерімен бейресми кездесулерінің жалғасуына келіп тірелуде.

Ақиқатында, соттар мен судьялардың жаңа жағдайда жұмыс істеуге дайын болмағандығынан кадрлардың жаңа буынын өсіру керек болды. Яғни, оны дербес және тәуелсіз мемлекеттік орган деңгейіне көтеру мәселесі қолға алынды. Алайда, қоғам дамуының негізі болып табылатын заңнамалық жұмыстағы тұрақсыздық, пен теңгерімсіздік заңдар мен заң актілерінің жүйесіздігіне, сәйкессіздігіне әкеліп, оның бірізділік сипатқа ие болуына кедергі жасап, ведомстволық мүдделердің қайшылығына ұрындырды. Бұған сот жүйесінде кездесетін сыбайлас жемқорлықты, процессуалдық емес байланыстарды, корпоративті оқшаулануды қосар болсақ, онда алда тұрған міндеттер мен жұмыстардың ауқымын тереңірек түсінуге болады.

Оған кейбір судьялардың кәсіби дайындығының, құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетінің таяздығы, олардың заңдық тұрғыдағы қателіктер жіберулері түгілі сыбайлас жемқорлыққа баруларына түрткі болуда. Осындай үдерістер сот органдары мен судьялардың дербестігіне, олардың тәуелсіздігіне, жалпы сот жүйесіне деген сенімнің әлсіреуіне әкелуде. Өйткені, адамдарды судьялар арасындағы кездесетін жемқорлық, тамыртаныстық, корпоративтік мүдделер, жабықтық, кәсіби деңгейлерінің төмендігі, моральдық сипаты, әділетсіздік, тәуелділік, бопсалауға бейімділік, арын сату және төкаппарлық сияқты жағымсыз қылықтары алаңдатады. Сонымен бірге, сот істерін қараудағы қызыл таспалық, немқұрайдылық, шынайы материалдарды жалған, өтірікпен алмастыру, пара алу, бюрократизм мен өрескел қателіктерге жол берілуі. Сондықтан судьялардың моральдық сипаты мен мәдениетіне ерекше назар аудару арқылы ғана сот билігінің тиімділігін қамтамасыз етуге болады. Ендеше, қоғамда соттар мен судьяларға деген сенімнің аздығын мойындауға тура келеді. Ендеше, ол әлеуметтік шиеленіске әкеліп, биліктің имиджіне кері әсер етіп, оның беделін түсіруі әбден мүмкін.

Осы күнге дейін сот жүйесіндегі кемшіліктердің қайталану беруі нарықтық экономика тек қана құқықтық бола алады, ол бәріне ортақ ережелер бойынша жүргізілуі шарт және құқықтық мемлекет бірінші кезекте экономика саласында қалыптасуы керек деген ойлардың ескерілмегенінде сияқты. Өйткені, тек құқық қана ережесіз шаруашылық жүргізуден нақты және оңтайландырылған экономикаға жол ашады. Ендеше, экономика түзеліп, халықтың әлеуметтік жағдайы оңалған жағдайда ғана Қазақстан толыққанды әділетті мемлекетке айналады деген сөз. Бұл іргелі көзқарас іске асып, орта таптың, яғни жеке меншік иелерінің қатары өскен кезде құқықтың нигилизм болмай, ескі әкімшілік-

әміршілдік жүйеден қалған құқықтық институттардың сарқыншағы да қалмауы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

- Архив Библиотеки Первого Президента - Елбасы. Ф.1, Оп. 8, Д.708, Л.1-2.
- Архив Президента РК Ф.5Н, Оп.1, Д.2874, ЛЛ.12-13, 27-28. Национальный архив РК Ф.8, Оп. 1 (пр.) Д.291, ЛЛ.55-56. Национальный архив РК Ф.8, Оп. 1 (пр.) Д.283, ЛЛ.33-34. Национальный архив РК Ф.8, Оп. 1 (пр.) Д.278, Л.139.
- Назарбаев, Н.А. (2011). Избранные речи. Том V. Книга 2. 2008-2009 гг. - Астана: Издательство «Сарыарқа». - 468 с. - С.426-427.
- Архив Библиотеки Первого Президента РК-Елбасы Ф.1, Оп.8, Д. 708. Л.2.
- Ежегодные Послания Президента народу Казахстана 1997-2019 гг. /www.akorda.kz.
- Назарбаев, Н.А. (2012). Стратегия «Казахстан – 2050» новый политический курс состоявшегося государства // Казахстанская правда. – 15 декабря или /www.akorda.kz.
- Назарбаев, Н.А. (2017). Эра независимости. Астана. - 508 с.
- Токаев К.К. Казахстан в новой реальности: время действий. Послание Президента страны народу Казахстана// http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylygy-1-kyrkuiek].
- Шайкенов, Н.А. (2000). Неотложное в судебно-правовой реформе // «Казахстанская правда». - 6 мая (№111).
- Сулейменов К.Ш. (1995). Правовая реформа: сторонники и противники, реформаторы и консерваторы // Казахстанская правда. - 12 января. - №7.
- Рогов И.И. (1995). «Вокруг правовой реформы слишком много эмоций» // Экспресс К. - 14 февраля. - №31.
- Рогов И.И. (1999). Основные направления реализации правовой реформы // Юридическая газета. - 13 октября. - №41 (308).
- Мухамеджанов Б.А. (1999). Правовая реформа: на очереди – второй этап // Юридическая газета. - 14 апреля. - №15 (282).
- Каримов К.К. (2016). Организация управления в судебной системе: основные этапы реформы // Саясат-Policy. – № 9. – С. 19-21.
- Кожуганова Д.З. (2017). Правовые вопросы модернизации судебной системы Республики Казахстан // Международное партнерство в образовании и науке: вызовы и тренды: сб. докладов Междунар. научн. Конгресса (12-14 сентября 2017 г.). – Усть-Каменогорск. – Ч. 1. – С. 168-176.
- Алимбеков М. (1996). Повысить профессиональный уровень судей // Вестн. М-ва юстиции Респ. Казахстан. – № 3. – С.33-35.
- Амиргалиева А. (2010). К дальнейшему укреплению // Юридическая газета. – 15 декабря. – С.3
- Бусурманов, Ж. (1996). Судебная система и защита прав человека // Вестн. М-ва юстиции Респ. Казахстан. – № 7. – С.18-20.
- Жанаев А. (2013). Развитие судебно-правовой системы в Республике Казахстан // Фемида. – № 3. – С. 33-34.
- Шуменова Р.Т. (2010). Критерии и пределы судебно-правовой реформы // Материалы международной научно-практической конференции (18 нояб. 2010 г.). – Алматы: Қазақ ун-ті. – С.57-59.
- Мами К. (2001). Судья должен олицетворять правосудие // Республика. – 29 авг. – С.4.
- Нарикбаев М. (2000). А судьи кто?: О пробл. «третьей власти» размышляет изв. казахст. юрист // Казахстанская правда. – 19 сент.
- Пономаренко Ю. (2000). Нормы закона - для совершенствования правосудия: [О судебной системе] // Юридическая газета. – 15 нояб. – С.4.
- Раимбаев С. (2006). Интеллект как потенциал независимости судьи: О судебно-правовой реформе // Юридическая газета. – 3 фев. – С. 2.
- Сакенова А. (2011). Судебный процесс в формате игры // Юридическая газета. – 11 октября. – С. 4.
- Сулейменова Г.Ж. (2010). Судебная реформа в Республике Казахстан: обзор основных этапов: учебное пособие. – Алматы. – С. 35-67.

Суханова, Н (1997). Судебно-правовая реформа // Юридическая газета. – 2 апр. – С.3.

REFERENCES

Archiv Biblioteki Pervogo Prezidenta RK – Elbasy. [Archive of the Library of the First President – Elbassy]. F. 1, Inv. 8, C. 708, Sh. 1-2. [In Russian].

Archiv Prezidenta RK. [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]. F. 5N, Inv. 1, C. 2874, Sh. 12-13, 27-28. [In Russian].

Natsionalnyi archiv RK. [National Archive of the Republic of Kazakhstan]. F. 8, Inv. 1 (pr.), 291, ll. 55-56. [In Russian].

Natsionalnyi archiv RK. [National Archive of the Republic of Kazakhstan]. F. 8, Inv. 1 (ave.), 283, ll. 33-34. [In Russian].

Natsionalnyi archiv RK. [National Archive of the Republic of Kazakhstan]. F. 8, Inv. 1 (pr.) d. 278, l. 139. [In Russian].

Nazarbaev N.A. (2011). Izbrannyye rechi [Selected speeches]. Vol. V. Book 2. 2008-2009-Astana: Saryarka Publishing house. – 468 p. – P. 426-427. [In Russian].

Archiv Biblioteki Pervogo Prezidenta RK – Elbasy. [Archive of the Library of the First President – Elbassy]. F.1, Inv. 8, C. 708. Sh. 2. [In Russian].

Ezhogodnyye Poslania Prezidenta narodu Kazakhstana 1997-2019 gg. [Annual Address of the President of the Republic of Kazakhstan 1997-2019.] /www.akorda.kz.

Nazarbaev N.A. (2012). Strategyia «Kazakhstan – 2050» novyi politicheskii kurs sosnoyavshegosya gosudarstva [Strategy «Kazakhstan-2050» new political course of the established state] // Kazakhstanskaya Pravda. – December 15 /www.akorda.kz. [In Russian].

Nazarbaev N.A. (2017). Era nezavisimosti [The era of independence]. – Astana. 508 p. [In Russian].

Tokayev K.K. Kazakhstan v novoi realnosti: vremya deistvii. Poslanie Prezidenta strane narodu Kazakhstana // Kazakhstan in a New Reality: Time of Action. Address of the President of the country to the people of Kazakhstan http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/ memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakhstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylygy-1-kyrkuiek.]. [In Russian].

Shaikenov N.A. (2000). Neotlozhnoe v sudebno-pravovoi reforme [Urgent in the judicial and legal reform]. // «Kazakhstanskaya Pravda». – May 6 (No. 111). [In Russian].

Suleimenov K.Sh. (1995). Pravovaya reforma: storonniki i protivniki, reformatory i konservatory [Legal reform: supporters and opponents, reformers and conservatives]. // Kazakhstanskaya Pravda. – January 12. – №7. [In Russian].

Rogov I.I. (1995). Vokrug pravovoi reformy slishkom mnogo emosii [There are too many emotions around the legal reform]. //

Express K.-February 14. – №31 [In Russian].

Rogov I.I. (1999). Osnovnyye napravleniya realizatsii pravovoi reformy [The main directions of the implementation of the legal reform]. // Yuridicheskaya gazeta. – October 13. – №41 (308). [In Russian].

Mukhamedzhanov B.A. (1999). Pravovaya reforma: na ocheredi – vtoroi etap. [Legal reform: next in turn is the second stage] // Yuridicheskaya gazeta. – April 14. – №15 (282). [In Russian].

Karimov K.K. (2016). Organizatsiya upravleniya v sudebnoi sisteme: osnovnye etapy reformy. [The organization of management in the judicial system: the main stages of reform] // Sayasat-Policy. – No. 9. – p. 19-21. [In Russian].

Kozhukharova D.Z. (2017). Pravovye voprosy modernizatsii sudebnoi sistemy RK. [Legal issues of the judicial system modernization of the Republic of Kazakhstan] // International Partnership in Education and Science: Challenges and Trends: collection of reports of the International Scientific Journal. Congress (September 12-14, 2017). – Ust-Kamenogorsk. – Part 1. – pp. 168-176. [In Russian].

Alimbekov M. (1996). Povysit professionalnyi uroven sudei [Improve the professional level of judges]. // Vestn. M-va of Justice Rep. Kazakhstan. – No. 3. – p. 33-35. [In Russian].

Amirgalieva A. (2010). K dalneishemu ukrepleniu. [To further strengthen]. // Yuridicheskaya gazeta. – December 15. – p. 3. [In Russian].

Busurmanov Zh. (1996). Sudebnaia sistema i zashita prav chelovera. [Judicial system and human rights protection]. // Vestn. M-va of Justice Rep. Kazakhstan. – No. 7. – p. 18-20. [In Russian].

Zhanaev A. (2013). Razvitie sudebno-pravovoi sistemy v RK. [Development of the judicial and legal system in the Republic of Kazakhstan]. // Femida. – № 3. – p. 33-34. [In Russian].

Shumenova R.T. (2010). Kriterii i predely sudebno-pravovoi reformy. [Criteria and limits of judicial and legal reform] // Materials of the international scientific and practical conference (November 18, 2010). – Almaty: Kazakh Un-ty. – pp. 57-59 [In Russian].

Mami K. (2001). Sudja dolzhen olisetvorit prvosudie. [The judge must represent justice]. // Republic. 29 Aug. p. 4 [In Russian].

Narikbayev M. (2000). A sulji kto?: O probl. “tretiei vlasni vlasti” razmyshljaet izv. kazakhst. iurist. [And who are the judges?: About the problem of the “third power” reflects a well-known Kazakh lawyer]. // Kazakhstanskaya pravda. – 19 Sept. [In Russian].

Suleimenova G.Zh. (2010). Sudebnaia reforma v RK: obzor osnovnykh etapov: ushebnoe posobie. [Judicial reform in the Republic of Kazakhstan: an overview of the main stages: a textbook]. – Almaty. – p. 35-67. [In Russian].

Suhanova N. (1997). Sudebno-pravovaya reforma [Judicial and legal reform] // Yuridicheskaya gazeta. – April 2. p. 3 [In Russian].

ЕЛ ТАРИХЫ – ШЕТ ТІЛДЕРДЕ

ҒТАХР / IRSTI/ МРНТИ: 03.30.304:4

Марал КАЛИЕВА,

доктор полит. наук, ассоц., профессор,

Институт истории государства Комитета науки МОН РК,

Нур-Султан, Казахстан, E-mail: mkalieva9260@mail.ru

СОЦИАЛЬНАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ КАЗАХСТАНА: вопросы теории и практики

В статье рассматриваются роль и значимость социальной модернизации в системе конкурентоспособного и стабильного развития Казахстана. Определенный интерес представляют теоретические и практические аспекты модернизации социальной сферы. В работе отмечается важность исследования содержания и сущности, механизмов и инструментов развития социальной составляющей

Қазақ тарихы

№4 (193), шілде-тамыз, 2021

жизнедеятельности общества. Реализация концепции «слышащего государства» и разработка Социального кодекса страны представляют собой новую технологию социальной модернизации Казахстана. Большое значение в практической реализации социальной модернизации имеют стратегические программы стабильного и устойчивого развития территорий. Социальная составляющая регионов взаимосвязана с содержанием и структурой специализации, разделения и интеграции труда. Развитие регионов Казахстана тесно связано с миграционными процессами. Важен комплексный, сбалансированный и перспективный подход к вопросам внутренней и внешней миграции на государственном уровне.

Ключевые слова: социальная модернизация, государство, конкурентоспособное и стабильное развитие, концепция «слышащего государства», разработка Социального кодекса страны.

Марал ҚАЛИЕВА,

с.ғ.д., қауымдастырылған профессор, ҚР ҒБМ ҒК Мемлекет тарихы институты,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан. E-mail: mkalieva9260@mail.ru

КАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҢҒЫРТЫЛУЫ: теория және практика мәселелері

Мақалада Қазақстанның бәсекеге қабілетті және тұрақты даму жүйесіндегі әлеуметтік жаңғыртудың рөлі мен маңызы қарастырылады. Әлеуметтік саланы жаңғыртудың теориялық және практикалық аспектілері белгілі бір қызығушылық тудырады. Жұмыста қоғам өмірінің әлеуметтік компонентін дамытудың мазмұны мен мәнін, механизмдері мен құралдарын зерттеудің маңыздылығы атап өтілген. «Естуші мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыру және елдің Әлеуметтік кодексін әзірлеу Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртудың жаңа технологиясын білдіреді. Әлеуметтік жаңғыртуды іс жүзінде іске асыруда аймақтарды тұрақты және орнықты дамытудың стратегиялық бағдарламаларының маңызы зор. Аймақтардың әлеуметтік компоненті мамандандудың, еңбек бөлінісі мен интеграциясының мазмұны мен құрылуымен өзара байланысты. Қазақстан аймақтарының дамуы көші-қон процестерімен тығыз байланысты. Мемлекеттік деңгейдегі ішкі және сыртқы көші-қон мәселелеріне кешенді, теңгерімді және перспективалық көзқарас маңызды.

Кілт сөздер: әлеуметтік жаңғырту, мемлекет, бәсекеге қабілетті және тұрақты даму, «Естуші мемлекет» тұжырымдамасы, елдің Әлеуметтік кодексін әзірлеу.

Maral KALIYEVA,

doctor of Political Science, Associate Professor,
Institute of History of the State of the Committee of Science of the Ministry
of Education and Science of the Republic of Kazakhstan,
Nur-Sultan, Kazakhstan. E-mail: mkalieva9260@mail.ru

SOCIAL MODERNIZATION OF KAZAKHSTAN: questions of theory and practice

The article examines the role and significance of social modernization in the system of competitive and stable development of Kazakhstan. The theoretical and practical aspects of the modernization of the social sphere are of some interest. The work notes the importance of studying the content and essence, mechanisms and tools for the development of the social component in the life of society. The implementation of the concept of a "hearing government" and the development of the Social Code of the country represent a new technology of social modernization of Kazakhstan. Strategic programs for the stable and sustainable development of territories are the great importance in the practical implementation of social modernization. The social component of the regions is interrelated with the content and structure of specialization, division and integration of labor. The development of Kazakhstan's regions is closely linked to migration processes. A comprehensive, balanced and forward-looking approach to internal and external migration issues at the state level is important.

Key words: social modernization, the government, competitive and stable development, the concept of a "hearing government", the development of the Social Code of the country.

Введение. Новые реалии XXI века определяют актуальность и важность социальной модернизации Казахстана. Изучение основных направлений эффективного управления социальными процессами имеет большую значимость для выработки механизмов и инструментов повышения благосостояния населения. Существенное место в социальном развитии Казахстана занимает динамичная реализация стратегических целевых программ. Также важна разработка новых механизмов и мотиваций социальной модернизации общества.

Рост социальных стандартов жизнеобеспечения связан с качеством образовательных и медицинских услуг, развитием сферы демографии, занятости и трудоустройства населения.

Методологическая база. В работе использованы сравнительно-сопоставительный, функциональный, хронологический, прикладной методы, а также контент-анализ, принципы историзма, объективности, системности. Проведено исследование теории со-

циальной модернизации общества на основе научных трудов зарубежных и казахстанских ученых. Практические аспекты социальной политики независимого государства рассматриваются во взаимосвязи и развитии различных направлений, ресурсов и инструментов повышения благосостояния населения.

Обсуждение. Особый научный интерес представляет работа известного американского социолога Даниела Белла «Грядущее постиндустриальное общество. Опыт социального прогнозирования», изданная в 1973 году в США и опубликованная в переводе на русский язык в 1999 году (Белл, 1999: 956). В ней автор проводит глубокий анализ социально-экономического развития страны. Исследование актуально и в XXI веке, так как раскрывает характерные черты социального развития постиндустриального общества.

Российские исследователи проанализировали различные тенденции модернизации общества.

В частности, И.В. Побережников в своей публикации раскрыл теоретико-методологические и дисциплинарные подходы модернизационного процесса (Побережников, 2002: 146-168). В 2004 году вышла работа авторов Н.Л. Маслова и П.Е. Серкина «Теория социальной модернизации и объективное развитие техногенной цивилизации», в которой рассмотрен процесс модернизации социально-политической и экономической сфер общества в системе современного мира (Маслов, Серкин, 2004: 132). Анализ теоретико-методологических аспектов исследования российской модернизации посвящена статья Н.И. Лапина (Лапин, 2015: 5-10). Автор рассматривает модернизацию регионов в России, выявляет проблемы и перспективы этого процесса.

Казахстанские ученые активно исследуют технологии и особенности модернизации общества. Системное и всестороннее рассмотрение актуальных вопросов социально-экономического развития Республики Казахстан предложено в коллективной монографии КИСИ при Президенте РК, вышедшей в свет в 2004 году. В первой половине 1990-х годов имели место тенденции снижения уровня жизни в связи с объективными трудностями переходного периода (Актуальные вопросы социально-экономического развития Республики Казахстан на современном этапе, 2004: 144). В работе проведен анализ конкурентоспособности регионов.

Введение института частной собственности определило новый подход в системе социально-экономических отношений и оказало существенное влияние на развитие социальной активности общества. В 2012 году Первый Президент Республики Казахстан – Елбасы Н.А. Назарбаев в своей статье «Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу всеобщего труда» выдвинул новую программу социального продвижения: «Сегодня цель и смысл социальной модернизации состоит в том, чтобы подготовить общество к жизни в условиях новой индустриально-инновационной экономики, найти оптимальный баланс между форсированным экономическим развитием Казахстана и широким обеспечением общественных благ, утвердить социальные отношения, основанные на принципах права и справедливости» (Назарбаев, 2012).

Продвижение к социальному прогрессу и конкурентоспособности – существенная сторона практики социальной модернизации общества. В работе исследователей С.К. Курманбаева, Ж.С. Дюсембиновой, Г.С. Жомартовой подчеркивается, что анализ социальных показателей Казахстана в сравнении с другими странами позволил экспертам «наглядно определить место Казахстана как социального государства в Евразийском регионе и в мире» (Курманбаев, Дюсембинова, Жомартова, 2013: 134).

12 апреля 2017 года опубликована статья Елбасы Н.А. Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», в которой модернизация общественного сознания определена как сердцевина политической и экономической модернизации (Назарбаев, 2017). Пути и технологии реализации Программы статьи Елбасы раскрыты в коллективной монографии «Социальная модернизация Казахстана», изданной Институтом Евразийской интеграции в 2017 году (Социальная модернизация Казахстана: **Монография: 2017: 368**). В работе показана взаимосвязь модернизационных процессов, выявлена роль институтов гражданского общества в социально-экономическом и духовно-

нравственном развитии страны.

Основные тренды, проблемы и перспективы социально-экономического развития Казахстана рассмотрены в работе исследователя А. Сатыбалдина (Сатыбалдин, 2017: 11-25). Большое внимание автор уделяет модернизации рынка труда как главного приоритета формирования наукоемкой экономики. Экономические приоритеты определяют успешность и динамичность социальной модернизации общества.

В 2018 году вышла в свет коллективная монография Института истории государства Комитета науки МОН РК «Горизонты национальной истории» (Горизонты национальной истории, 2018). В издании представлены работы, отражающие содержание и сущность модернизации Казахстана, ее влияние на все сферы жизнедеятельности общества.

Результаты исследования. Социальное пространство современного глобального мира характеризуется экономическими и политическими кризисами, социальными катаклизмами. В контексте данных вызовов и рисков выстраиваются новые направления социальной модернизации общества. Их эффективность определяется уровнем развития социальной политики государства, способного обеспечить населению социальную активность и достойные условия жизни. В Послании Главы государства Касым-Жомарта Токаева «Конструктивный общественный диалог – основа стабильности и процветания Казахстана» от 2 сентября 2019 года отмечается: «Наша общая задача – воплотить в жизнь концепцию **«Слышащего государства»**, которое оперативно и эффективно реагирует на все конструктивные запросы граждан. Только путем **постоянного диалога** власти и общества можно построить гармоничное государство, встроенное в контекст современной геополитики» (Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана «Конструктивный общественный диалог – основа стабильности и процветания Казахстана», 2019). Реализация концепции «Слышащего государства» имеет большое значение углублению социальной модернизации Казахстана. Гражданская активность населения и рост социальной ответственности институтов власти способствуют выстраиванию конструктивного диалога между государством, обществом и бизнесом.

Постановлением Правительства Республики Казахстан от 27 декабря 2019 года № 990 утверждена Государственная программа развития регионов на 2020-2025 годы. Региональная политика является составной и неотъемлемой частью социальной модернизации общества. Она призвана быть динамичной, рационально использовать ресурсы, всесторонне отвечать жизненным интересам населения. Важную роль играет углубленное изучение особенностей и характерных черт регионов, проведение аналитического мониторинга и разработка на этой основе оптимальных технологий конкурентоспособного развития социально-экономической сферы.

Определенный интерес представляет Отчет Организации экономического сотрудничества и развития (ОЭСР) «Меры региональной политики по содействию диверсификации и росту производительности в Казахстане», который был представлен в марте 2020 года для обсуждения на тематической сессии в рамках Недели Евразии ОЭСР в Тбилиси (Грузия) [13]. ОЭСР как международная экономическая организация была образована на основе Конвенции, подписанной 14 декабря 1960

года в Париже и вступившей в силу 30 сентября 1961 года после ее ратификации всеми государствами-участниками. Казахстан ведет сотрудничество с ОЭСР с 2012 года, много внимания уделяется Проекту региональной конкурентоспособности. В Отчете раскрывается потенциал роста во всех регионах, рассматриваются аспекты повышения эффективности региональной политики в Казахстане.

Модернизационные процессы в обществе призваны соответствовать новым направлениям развития международного сообщества. Вопросы здоровья и благополучия граждан поставлены в ряд важнейших и основных направлений социальной политики государства. «Нашей главной задачей является сохранение жизни и здоровья граждан», - подчеркнуто в Заявлении Президента Касым-Жомарта Токаева от 27 апреля 2020 года (Заявление Главы государства Касым-Жомарта Токаева, 2020). Состояние общественного здоровья, благополучие социума и каждого человека находятся в центре внимания институтов власти.

Проблемы эффективного осуществления антикризисной программы и укрепления доверия общества к власти, адресной социальной поддержки населения, занятости, развития человеческих ресурсов и качества жизни являются актуальными, востребованными и наиважнейшими для продвижения Казахстана в период пандемии коронавируса и дальнейшего развития страны в поствирусный период.

Социальная модернизация общества в реалиях нового времени определяет актуальность новых принципов социальной политики и разработки Социального кодекса страны в контексте реализации Послания Президента Касым-Жомарта Токаева «Казахстан в новой реальности: время действий» от 1 сентября 2020 года (Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана «Казахстан в новой реальности: время действий», 2020). Анализ антикризисных государственных мер выявляет необходимость формирования эффективного механизма взаимодействия институтов власти, гражданского общества, бизнеса в новых условиях расширения системы социальной поддержки населения. Забота о здоровье и социальном благополучии граждан, росте их экономических ресурсов и творческих возможностей составляет базовый фундамент Послания Главы государства.

Комплексное решение социальных вопросов тесно взаимосвязано с модернизацией политической системы страны. В программной статье Президента РК Касым-Жомарта Токаева «Независимость превыше всего» подчеркивается: «Мы переходим к выборности сельских акимов, которая позволит укрепить систему местного самоуправления, начиная с низового уровня. После этого будем проводить выборы районных акимов. Если новая система покажет свою эффективность, перейдем к выборам акимов следующего уровня» (Полный текст статьи К.Токаева «Независимость превыше всего», 2021).

Главным критерием и показателем уровня социального развития регионов является повышение благосостояния и качества жизни населения. В этом плане многое зависит от эффективности экономической политики, производственной и социальной инфраструктуры на местах. Следует значительное внимание уделять всестороннему мониторингу и анализу степени влияния локальных факторов и условий на общую направленность социального развития регионов Казахстана. Кон-

курентоспособность регионов во многом определяется стабильностью и мобильностью трудовых ресурсов.

В своем Выступлении 5 февраля 2021 года на первом заседании Государственной комиссии по подготовке к празднованию 30-летия Независимости Республики Казахстан Президент Касым-Жомарт Токаев отметил, что «Правительством разрабатывается проект Социального кодекса. Кодекс должен полностью удовлетворять запросы граждан, особенно тех, кто нуждается в помощи. Это соответствует нашей идее построения справедливого государства и открытого общества» (Президент принял участие в первом заседании Государственной комиссии по подготовке к празднованию 30-летия Независимости Республики Казахстан, 2021). Социальный кодекс направлен на всестороннюю реализацию гражданами своих социальных прав, потребностей, возможностей и интересов. Он предполагает активное развитие социальной сферы и человеческого капитала на уровне соответствия мировым стандартам.

Заключение. В условиях пандемии коронавируса COVID-19 социальная политика государства приобрела особую актуальность и значимость. Предпринимаются существенные меры для развития перспективных отраслей и направлений бизнеса, адекватно отвечающих задачам сохранения здоровья, роста благополучия и повышения качества жизни населения. Демографическое развитие, укрепление социальной инфраструктуры и бизнес-сообществ являются одними из основных факторов социальной модернизации Казахстана. Продуктивное освоение новых технологий и ресурсов способствует продвижению и активному участию предпринимательских структур в социально-экономической сфере. Важную роль в социальной модернизации общества играют рост социальной ответственности бизнеса и развитие человеческого капитала.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ И ИСТОЧНИКОВ

Актуальные вопросы социально-экономического развития Республики Казахстан на современном этапе. Научное издание. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2004. – Источник: Агентство РК по статистике. – 144 с.

Белл Д. Грядущее постиндустриальное общество. Опыт социального прогнозирования / Пер. с англ. М.: Academia, 1999. - 956 с.

Горизонты национальной истории (Развитие исторической науки Казахстана в эру Независимости). Коллективная монография. Под редакцией Б.Г.Аягана. – Астана: ТОО «Дәме». – 2018.

Заявление Главы государства Касым-Жомарта Токаева. 27 апреля 2020 г. //URL: https://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/akorda_other_events/zayavlenie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-1 (дата обращения: 27.03.2021).

Курманбаев С.К., Дюсембинова Ж.С., Жомартова Г.С. Социальная модернизация Казахстана – вектор стабильности и прогресса. – Вестник Алтайского государственного аграрного университета. – 2013. - №7 (105). – С. 134-138. // URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sotsialnaya-modernizatsiya-kazahstana-vektor-stabilnosti-i-progressa/viewer> (дата обращения: 05.05.2021).

Лاپин Н.И. Актуальные теоретико-методологические аспекты исследования российской модернизации. – Социс. Социологические исследования. - 2015. - № 1. - С. 5-10.

Маслов Н.Л., Серкин П.Е. Теория социальной модернизации и объективное развитие техногенной цивилизации. - Йошкар-Ола: МарГУ, 2004. - 132 с.

Назарбаев Н.А. Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда. 2012 г. // URL:

https://www.inform.kz/ru/social-naya-modernizaciya-kazahstana-dvadcat-shagov-k-obshestvu-vseobshego-truda_a2478336 (дата обращения: 22.03.2021).

Назарбаев Н.А. «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания». 2017 г. // URL: https://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya (дата обращения: 27.03.2021).

Отчет Организации экономического сотрудничества и развития (ОЭСР) «Меры региональной политики по содействию диверсификации и росту производительности в Казахстане» // URL: <https://www.oecd.org/eurasia/competitiveness-programme/central-asia/Regional-Policies-to-Support-Diversification-and-Productivity-Growth-in-Kazakhstan-RUS.pdf> (дата обращения: 04.05.2021).

Побережников И.В. Модернизация: теоретико-методологические подходы // Экономическая история. Обзор / Под ред. Л.И.Бородкина. Вып. 8. М., 2002. - С. 146-168.

Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана «Конструктивный общественный диалог – основа стабильности и процветания Казахстана». 2 сентября 2019 г. // URL: https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana (дата обращения: 27.03.2021).

Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана «Казахстан в новой реальности: время действий». 1 сентября 2020 г. // URL: https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-1-sentyabrya-2020-g (дата обращения: 27.03.2021).

Полный текст статьи К.Токаева «Независимость превыше всего». 06.01.2021. // URL: <https://24.kz/ru/news/top-news/item/446936-polnyj-tekst-stati-k-tokaeva-nezavisimost-prevyshe-vsego> (дата обращения: 01.05.2021).

Президент принял участие в первом заседании Государственной комиссии по подготовке к празднованию 30-летия Независимости Республики Казахстан. 05 февраля 2021 года // URL: https://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/meetings_and_sittings/ (дата обращения: 05.05.2021).

Сатыбалдин А. Социально-экономическое развитие Казахстана: основные тренды, проблемы и перспективы. – Общество и экономика. – 2017. – № 9. – С. 11-25.

Социальная модернизация Казахстана: **Монография** / Г.С. Ныгметов, С.69. М.М. Шибуттов, Р.К. Кадыржанов и др. – Астана: Институт Евразийской интеграции, 2017. – 368 с.

REFERENCES

Actualnye voprosy socialno-ekonomicheskogo razvitiya Respubliki Kazakhstan na sovremennom etape. Nauchnoe izdanie [Current issues of socio-economic development of the Republic of Kazakhstan at the present stage. Scientific publication]. – Almaty: KISI under the President of the Republic of Kazakhstan, 2004. – Source: Agency of Statistics of the Republic of Kazakhstan. – 144 p. [in Russian].

Bell D. Gryadushee postindustrialnoe obshestvo. Opyt socialnogo prognozirovaniya / Per. s angl. [The Coming postindustrial society. The experience of social forecasting / Translated from English]. М.: Academia, 1999. – 956 p. [in Russian].

Gorizonty nazipalnoi istorii (Razvitiye istoricheskoi nauki Kazakhstana v eru Nezavisimosti). Kollektivnaya monografiya. Pod redakciei B.G. Ayagana. [Horizons of national history (Development of historical science of Kazakhstan in the era of Independence). Collective monograph. Edited by B. G. Ayagan]. – Astana: "Dame" LLP – 2018. [in Russian].

Zayavlenie Glavy gosudarstva Kasym-Zhomarta Tokayeva 27 aprelya 2020 g. [Statement of the Head of State Kasym-Zhomart Tokayev. April 27, 2020] // URL: https://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/akorda_other_events/zayavlenie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-1 (date of request: 27.03.2021). [in Russian].

Kurmanbayev S. K., Dyusembinova Zh. S., Zhomartova G. S. Sozialnaya modernizaciya Kazakhstana – vector stabilnosti i progressa. [Social modernization of Kazakhstan is a vector of stability and progress]. – Bulletin of the Altai State Agrarian University. – 2013. – №7 (105). – P. 134-138. // URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sotsialnaya-modernizatsiya-kazahstana>

vektor-stabilnosti-i-progressa/viewer (date of request: 05.05.2021). [in Russian].

Lapin N.I. Actualnye teoretiko-metodologicheskie aspekty issledovaniya rossijskoi modernizacii. [Actual theoretical and methodological aspects of the study of Russian modernization]. – Socis. Sociological research. – 2015. – No. 1. – P. 5-10. [in Russian].

Maslov N. L., Serkin P. E. Teoriya socialnoi modernizacii i obektivnoe razvitiye tehnogennoi zivilizacii. [Theory of social modernization and objective development of technogenic civilization]. – Yoshkar-Ola: MarGU, 2004. – 132 p. [in Russian].

Nazarbayev N.A. Sozialnaya modernizaciya Kazakhstana: Dvadzat shagov k Obshestvu Vseobshego Truda. 2012 g. [Social modernization of Kazakhstan: Twenty Steps to a Society of Universal Labor. Two thousand twelve] // URL: https://www.inform.kz/ru/social-naya-modernizaciya-kazahstana-dvadcat-shagov-k-obshestvu-vseobshego-truda_a2478336 (date of request: 22.03.2021). [in Russian].

Nazarbayev N.A. «Vzglyad v budushee: modernizaciya obshchestvennogo soznaniya». 2017 g. [A look into the future: modernization of public consciousness]. Two thousand seventeen] // URL: https://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya (date of request: 27.03.2021). [in Russian].

Otchet Organizacii ekonomicheskogo sotrudnichestva i razvitiya (OESR) «Mery regonionalnoi politiki po sodeistviyu diwersifikacii i rostu proizvoditelnosti v Kazakhstane» [Organization for Economic Cooperation and Development (OECD) report "Regional Policy measures to promote diversification and productivity growth in Kazakhstan"] // URL: <https://www.oecd.org/eurasia/competitiveness-programme/central-asia/Regional-Policies-to-Support-Diversification-and-Productivity-Growth-in-Kazakhstan-RUS.pdf> (date of request: 04.05.2021). [in Russian].

Poberezhnikov I.V. Modernizaciya: teoretiko-metodologicheskie podhody [Modernization: theoretical and methodological approaches] // Economic history. Review / Edited by L. I. Borodkin. Issue 8. Moscow, 2002. – P. 146-168. [in Russian].

Poslanie Glavy gosudarstva Kasym-Zhomarta Tokayeva narodu Kazakhstana «Konstruktivnyi obshchestvennyi dialog – osnova stabilnosti i prozvetaniya Kazakhstana». 2 sentyabrya 2019 g. [The message of the Head of State Kasym-Zhomart Tokayev to the people of Kazakhstan "Constructive public dialogue – the basis of stability and prosperity of Kazakhstan". September 2, 2019] // URL: https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana (date of request: 27.03.2021). [in Russian].

Poslanie Glavy gosudarstva Kasym-Zhomarta Tokayeva narodu Kazakhstana «Kazakhstan v nowoi realnosti: vremya deistviu». 1 sentyabrya 2020 g. [The message of the Head of State Kasym-Zhomart Tokayev to the people of Kazakhstan "Kazakhstan in a new reality: time for action". September 1, 2020] // URL: https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-1-sentyabrya-2020-g (date of request: 27.03.2021). [in Russian].

Polnyj tekst stati K.Tokayeva «Nezavisimost prevyshe vsego». 06.01.2021. [Full text of the article by K.Tokayeva "Independence above all". 06.01.2021]. // URL: <https://24.kz/ru/news/top-news/item/446936-polnyj-tekst-stati-k-tokaeva-nezavisimost-prevyshe-vsego> (date of request: 01.05.2021). [in Russian].

Prezident prinyal uchastie v pervom zasedanii Gosudarstvennoi komissii po podgotovke k prazdnovaniyu 30-letiya Nezavisimosti Respubliki Kazakhstan. 05 fevralya 2021 goda [The President took part in the first meeting of the State Commission on Preparations for the celebration of the 30th anniversary of Independence of the Republic of Kazakhstan. 05 February 2021] // URL: https://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/meetings_and_sittings/ (date of request: 05.05.2021). [in Russian].

Satybalidin A. Socialno-ekonomicheskoe razvitiye Kazakhstana: osnovnye trendy, problemy i perspektivy. [Socio-economic development of Kazakhstan: main trends, problems and prospects.] – Society and economy. – 2017. – No. 9. – p. 11-25. [in Russian].

Sozialnaya modernizaciya Kazakhstana: Monografiya / G.S. Nygmetov, S.69. M.M. Shibutov, R.K. Kadyrzhanoval i dr. [Social modernization of Kazakhstan: Monograph / G. S. Nygmetov, S. 69. M. M. Shibutov, R. K. Kadyrzhanoval et al.] – Astana: Institute of Eurasian Integration, 2017. 368 p. [in Russian].

«ХАЗАР» ДЕГЕН КІМ?

V ғасырдың екінші жартысында құрылған Аттила гүндерінің (ғұндарының) Еуропадағы мемлекеті ыдырағанда бөлініп шыққан түрік тайпаларын сол заманның жылнамалары акацир, барсил, сарагур, урог, савир, авар, утигур, кутригур, болгар, хазар, т.б. деп атаған. Бұлардың бәрі гүн армиясын құраған жауынгер көшпенді түрік тайпалары болатын. Олар сол замандағы Иран мен Византия державаларының соғыстарына белсене араласқан еді. **Бұлардың ішіндегі хазар тайпасының шығу тегі VI ғасырда жазылған сириялық тарихшы Иоанн Эфесскийдің «Тарихында» бар екен.** Ондағы жазбалар бойынша, Византия императоры Маврикийдің заманынан бұрынырақ (V ғасырдың бас кезі) Ішкі Скифиядан (қазіргі Қазақстан, Батыс Сібір жерлері) ағайынды үш жігіт өз руларымен шығып, батысқа қарай аттаныпты. Екеуінің аттары белгілі – Бұлғар, Хазар, үшіншісінің аты белгісіз. Бұлғар өз руымен Рим империясының шекарасына қарай кетіпті. Қалған екеуі Берсилия (Барыс елі) деп аталған аландардың еліне келіпті. Бұлар Берсилияда билікті қолдарына алыпты. Жергілікті жұрт оларды «хазарлар» деп атапты. Берсилия елі қазіргі Дағыстан жерінде орналасқан екен. Араб тарихшысы әл-Балагуридің жазбаларында: «әл Баршалия Дербенттің солтүстік жағында», – деп жазылыпты.

Византия хроникашысы Феофан жазады: «Хазарлар – Берсилиядан шыққан Ұлы халық». Мойсей Хоренскийдің «Армения тарихында», Мойсей Канкатвадидің «Агван тарихында»: «Хазарлар мен барсилдер (берсилиялықтар – Қ.Ж.) бірігіп, Чора қақпасынан өтті және Арменияны тонап, талапайға салды», – деп жазған.

Араб тарихшысы және географы әл-Масуди өзінің «Алтын жайылымдар» деген еңбегінде хазарларды «түрік савирлері» деп атаған.

Парсы шахы Кавад I тұсында (488 – 531ж.ж.) хазарлар Грузияны, Албания (Азербайжан – Қ.Ж.) мен Арменияны жаулап алады. Кавад бұл жерлерді ерең қайтарып алады және болашақта хазарлардан қорғану үшін Ширван мен Дарьял шатқалы арасына шикі кірпіштен құлыппен жабылатын ұзын қабырға салдырады. Шах бұдан соң әрі қарай хазарлардың жеріне еніп, Дербент, Табарсаран және Беленжерді басып алады. Бірақ, хазарлар жерлерін дереу қайтарып алады.

Кавад шахтың солтүстігіндегі түрік тайпаларымен соғысын византиялықтар да жазады. Бірақ, олардың бәрін гүндер немесе гүн-савирлер деп атайды. Феофан жазбаларында 527 жылы гүн-савирлерді Болах (Болат – Қ.Ж.) ханның жесірі Боарикс (Борық ханым – Қ.Ж.) билегені айтылған. Ол Византиямен соғыс одағын құрады. Бірақ басқа екі гүн тайпасының көсемдері қарсыластары Кавад шахқа қосылмақшы болады. Боарикс бұл екеуін де тұтқындап, біреуін өзі өлтіреді, екіншісін Константинопольге (Византия астанасы) жібереді. Онда ол да өлім жазасына кесіледі. Мұндағы савирлерде әйелдің билеуші болғаны, оның тайпа көсемдерінің сатқындығын кешірмей, өлім жазасына тартқаны ол замандарда көшпенділерде ғана кездесетін жағдайлар еді. Бұл көшпенділерде

әйелдердің бас еркі жоғары деңгейде және ерлермен бірдей екендігін көрсетеді. Арабтың тарихшы, географ ғалымы әл-Масудидің жазуынша, Иран (парсы) билеушілерінің Сасан әулеті көшпенді түріктердің (хазарлар, аландар, савирлер ж.б.) шабуылдарынан қорғану үшін, ең бай провинциясы Албанияны қауіпсіз ету үшін Кавказда Дербент қамалын салды.

VI ғасырдың аяғынан бастап Кавказ маңындағы тайпалардың билігін (қазіргі Дағыстан жерін) хазарлар алды. VI ғасырдың екінші жартысында Азия континентінде түріктердің Ұлы державасы – Түрік қағандығы құрылды (552 жыл). Бұл мемлекетте түрік тайпаларының ішіндегі ең қуаттысы – Ашина тайпасының билігі орнады. Қағанаттың ең басты жауы – эфталит гүндерінің мемлекеті болды. Эфталиттермен соғыс басталып, он екі жылға (555 – 567 ж.ж.) созылды. Бұл кезде қағанат экономика және саяси жағынан шыңдалып, кемеліне келді, батыс, оңтүстік-батыс жақтарындағы көрші мемлекеттермен одақтық және сауда қарым-қатынастарын орнатты, халықаралық аренаға шықты. Эфталиттерді жеңген соң қағанат Иранға салық төлеуін талап етті. Оны парсылар эфталиттерге соғыспау үшін төлеп отырған еді. Иран шахы Хұсрау бас тартты да, түріктер енді Иранға аттанды. Олар Иран шекарасына келгенде Каспий жағасында салынған мықты бекіністерді көрді. Бұл – жаңа салынған Дербент қамалы еді. Түріктер Иран жеріне өте алмай, олармен бейбіт келісімге келді.

Кавказ маңында Түрік қағанатының әскерлері хазарлармен кездеседі. Араб ғалымы Табаридың жазуынша («Пайғамбарлар мен патшалар тарихы») түрік қағаны Естеми (Синджибу) болгарларды, Беленжерді және хазарларды бағындырды. Дербенттен кері қайтқанда аландар мен утигур тайпасы бағындырылды. Бұл елдердің жерлеріне билікке Естеми қағанның ұлы Турксанф (Түркісан) тағайындалды. Түрік қағаны Иранмен соғысу үшін Византия императоры Ираклиймен одақ жасасты (626 жыл).

Феофанның жазуынша, император «хазар» деп аталатын шығыс түріктерімен одақ жасады. М.Канкатвадидің тарихында «түрік армиясының басты күші – хазарлар еді» делінеді.

Түрік хазарлары парсылармен алғашқы соғысын қаңа-ақ жеңіске жетіп, көп олжа түсірді. Осыдан кейін қаған жалпы мобилизация жасап, барлық бағынышты елдерге әр кез қарулы аттанысқа дайын тұруды бұйырды. 627 жылы қаған өзі бастап, Дербентті шапты, одан әрі Албанияны (Азербайжан) басып алып, Иберияға (Грузия) енді, Тбилисиді қоршады. Тбилисикілер қаған әскері мен Ираклий императордың әскерінің бірлескен ұзақ шабуылына төтеп бере алды. Қысқа қарай қағанат әскерлері шегініп, елдеріне қайтты. Тбилисикілер кетіп бара жатқан түрік әскерлерін, қағанды мазақ етті. Бұл қағанның ашуына тиіп, келесі 628 жылы түріктер қайта келіп, қаланы басып алды. Қала басшыларын қағанның алдына сүйреп алып, көздерін ойып, азаптап өлтірді. 630 жылы Арменияны бағындыру басталды. Бірақ, жорық аяғына жетпей, қағанатта ішкі қырқыс басталды. Бұл азамат соғысы мемлекеттің күйреуіне әкеліп соқты. Түрік державасы құлады.

Империяның әр жерінде жаңа мемлекеттер пайда бола бастады.

Болгар тайпалары Азов далалары мен Тамань түбегінде 632 жылы Ұлы Болгария мемлекетін құрды. Бұл мемлекет Византиямен одақ құрды. Мемлекет басшысы Құбрат Дулу (Дулат) тайпасынан шыққан еді. Дулулықтар Ашина билеуші тайпасымен билікке таласып жүрген ел болатын. Болгарияның астанасы – Фанагория қаласы болды. Құбрат өлгеннен кейін Болгария мемлекеті ыдырады. Бұл VII-ғасырдың 40-жылдары еді.

Каспий маңы далаларында осы кезде Хазар мемлекеті құрыла бастады (650-жыл мөлшері). Кезінде қуатты болған Ашина тайпасының қағанат ыдырағаннан кейінгі қалғандары хазарларға келіп орнығып, бұл жерде жаңа билеуші династия құрды. Хазарлар өздерін Түрік қағанатының тікелей мирасқорларымыз деп жариялады. Мұнда да мемлекет билеушісі «қаған» деп аталып, мемлекет «Хазар қағанаты» деп аталды. Хазарлар этникалық жағынан болгарларға өте жақын, туыстас еді. Оның үстіне хазар мемлекетінде көптеген болгар рулары бар болатын. Ұлы Болгарияның әлсіреуі хазарлардың Азақ (Азов, Азау) далаларын, жайылымдарын, Қара теңізде салына бастаған порттарын (кеме айлақтары) өзіне қосып алу ниетін туғызды. Болгарлар қайратты Аспарух ханның (Құбраттың ұлы) басшылығымен хазарларға күшті қарсылық көрсетті. Бірақ, інісі Ботбай оны қолдамай, болгарлардың елі (ордасы) Дунайға қоныс аударды (660 жыл шамасы). Ол жақта Аспарух хан жаңа мемлекет – Дунай Болгариясын құрды. Ботбай Азақ (Азов, Азау) жерінде қалып, хазар қағанына бағынды. Болгарларды қосып алған соң Хазар қағанатының жері, халқы екі есе ұлғайып, күшеюі арта түсті. Хазар қағанаты ерікті тайпалар мен халықтардың федерациясына айналды. Мемлекетті Ашина тайпасы мен одан шыққан қаған басқарды.

Аспарух болгарларды кеткеннен кейін хазарлар Азов маңын, Қара теңіздің солтүстік жағалауларын, Қырымды басып алды. Феофан жазбаларында: «Хазарлар – Ұлы халық. Олар Понт теңізіне (Қара теңіз) дейін барлық жерді билеп алды...», – деп жазды.

Хазарлар иудаизм дінін қабылдаған екен. Ол алғашқы қағандарының бірі – Бұлан қағанның заманынан басталады. Иудаизм дінін VIII ғасырдың бірінші жартысында (731 ж.ш.) солтүстік Дағыстандағы хазарлардың бір тобы қабылдайды. VIII ғасырдың аяғы мен IX ғасырдың басында иуда дінін қабылдаған хазарлардың ұрпағы Обадия қағанаттың билігіне келеді. Ол иудаизмді мемлекеттік дін деп жариялайды. Неге иудаизм дінін қабылдағаны жайлы анық мәлімет жоқ. Бірақ бұл оқиғаның еврейлердің қатысуынсыз болмағаны анық.

X ғасырдың ортасында Испаниядағы Кордовада орнаған ислам халифатының сарай қызметкері, ұлты – еврей, Хасдай ибн Шафрут деген кісі шығыс жақта бір иуда мемлекеті бар дегенді есітіп, сол мемлекеттің (Хазария) қағанына жағдайын сұрастырып хат жазады. Жай-жапсарын түсіндіріп айтып беруін өтінеді. Бірнеше сәтсіздіктен кейін, ақыры Хасдайдың хаты қағанға жеткізіліп, ол жауап хат жазған екен. **Қағанның хаты аса маңызды тарихи құжат болып табылады.** Онда хазарлардың кім екені, мемлекеті, жері-суы, шекаралары, кәсібі, т.б. жайлы тыңғылықты мәліметтер жазылған екен. Жазған қағанның аты – Иосиф (Жүсіп), өзімен қоса хазардың барлығы 13 қағанын атайды: Бұлан, Обадия, Езекия, Манассия, Ханукка, Исаак, Завулон,

Манассия, Нисси, Манахем, Вениамин, Аарон, Иосиф.

Шыққан тектерін айтады – Тоғарма (Тоқар, Түрік). Елдің кәсібі – жартылай көшпенді, жер өңдеу мен мал шаруашылығы. Әрбір рудың мекендейтін жерлері бар екен. Қағанның өзі де жаз шыға жайлауларына көшіп жүреді екен. Күзде Итиль қаласындағы ордасына келіп қыстайды депті. Хазарияның жері – Кавказ жазығы, Кубань өзені бассейні, Тамань түбегі, Азау теңізі (Азов) маңындағы далалар, Дағыстан жері, Понт (Қара теңіз) жағалаулары, Қырым түбегі егінге де, малға да жайлы құнарлы жерлер болатын. Бақтар мен жүзімдіктер көп өсіріледі, өзендер мен теңіздерден балық ауланады депті.

Қағанат жерінде Гурган (Каспий) теңізі, Кустантиний (Қара теңіз), Азақ теңізі (Азов) жағалауларында, Қырым ж.б. жерлерінде ондаған халықтар тұрып, салық төлейді екен. Қағанат жерінің о шеті мен бұ шетіне жету үшін төрт айлық жол жүру керек екендігі айтылады. Қағанатта көптеген қалалар, ауылдар, қорған-бекіністер бар көрінеді. Қалалары – Семендер, Беленжер, Итил, Тадлу, Китуп, Шауна, Албусир, Циглер, Саркел, Таматарх, Керц (Керч), Суграй ж.б. **Иудаизм дінін қабылдамай тұрғанда Хазар қағанатының барлық халықтары Көк Төңірі дінінде еді.**

654 жылдан кейін оңтүстік жақтан, Сирия мен Месопотамияны бағындырып алған арабтардың жорықтары басталды. Араб қолбасшылары Хабиб ибн Маслама Армения мен Грузияны басып алды, Салман ибн Рабиах Албанияны алды, оның інісі Абд ар Рахман хазар еліне, Беленжерге ұмтылды. Беленжер қаласы мықты, бекіністі қала еді. Хазарлар бірнеше күн араб шабуылына төтеп беріп, көмекке келген түріктермен бірге арабтарды жеңіп шықты. Абд ар Рахман қаза тауып, төрт мыңдай араб сарбазы өлді, қалған арабтар Дербентке қарай қашты. Осылайша хазарлар мен арабтардың алғашқы соғысы хазарлардың жеңісімен аяқталды (Табари). Дербент қаласы бірнеше рет қолдан қолға өтті. Хазарлар қағанаттан шықпақ болған Армения мен Албанияға шабуыл жасап, бірнеше аймақты талауға түсіріп, көп адамды шығынға ұшыратты. Бірнеше армян, грузин және албан княздері қаза тапты, Албанияға ауыр салық салынды.

713 жылы арабтың атақты қолбасшысы Хабиб ибн Маслама әрең дегенде хазарларды Албаниядан шегіндіріп, Дербентті қоршады. Дербентті қорғаған үш мың хазар сарбаздары үш ай бойы қаланы бермеді. Тек қала ішінен бір сатқын шығып, арабтарды жер асты жолымен қорғанға кіргізіп жібергеннен кейін ғана Дербент арабтардың қолына өтті. Арабтар Дербентті алғаннан кейін хазар қағаны еніп, Семендерге дейін барды. Бұл жерде хазар қағанының әскерімен кездесіп, көп жекпе-жекпен кейін үлкен соғыс болмай, Маслама әскері Грузияға қарай шегініп кетеді. Масламаның лагері, дүние-мүлкі, тіпті гаремі де хазарларға олжа болып қалады. Хазарлар төрт жыл Албания (Азербайжан) мен Арменияда қожалық етті. Ондағы араб әскерлерін қырып салды. Араб халифаты соғысты хазарлардың өз жерінде жүргізбек болып, жаңа қолбасшы Жеррах ибн Абдаллахты жіберді. Арабтар хазар жеріне бірнеше шабуылдар жасап, олжамен оралды.

730 жылы хазарлар Кавказға үлкен жорық жасады. Бұл кезде қаған өлгендіктен, оның ұлы Баржил Албанияға баса кіріп, Ардебилге жетті. Қорған түбінде араб және хазар әскерлері кездесіп, екі күндік ауыр соғыстан кейін хазарлар араб әскерлерін тас-талқан етіп жеңді. Тұтқын да алынбады, хазарлар араб

армиясын жойып жіберді. Жеррах қолбасшы қаза тапты, оның әйелі мен балалары қолға түсті. Хазарлар Ардебилді басып алды. Бұл жеңістің хабары бүкіл Азияға тарады.

Халифа тағы да қарт Масламаны хазар соғысына жіберуге мәжбүр болды. Ол жеткенше күресті басқаруды Саид әл Харашиге жүктеді. Бұл кезде жеңіске масаттанған хазарлар елдеріне тарап кетіп еді. Әл Хараши осы бөлініп кеткен хазар жасақтарын жоя бастады. Мұған даласында болған соңғы ұрыста әл Хараши хазар қағаны Баржилдің өзін қолға түсіре жаздады. Хазар әскері талқандалды, олардың лагері арабтардың қолына түсті. Хазарлардың барлық олжасы қайта арабтардың өзіне бұйырды.

Маслама Кавказға жеткенде жеңілген қағанат армиясы Дағыстан жаққа шегініп кетті. 732 жылғы көктемде Маслама қайта Дербентті қоршады. Бұл қаланы хазар әскері өз қолына алып еді. Қорғанда таңдаулы мың сарбаздан құралған хазар жасағы бекінген еді. Маслама қалаға шабуыл жасамады. Ол тура Хазарияға беттеді, жолында кездескеннің бәрін талапайлап, өртеп, тұрғындарды тұтқынға алып, малдарын айдап әкетті. Семендерге жеткенде арабтарды орасан зор армиясымен қаған қарсы алды. Маслама қорықты да, түнде далада оттарын жағып қалдырып, дереу шегініп, суыт жүріспен бір күнде әскерін Дербентке жеткізді. Хазарлар олардың соңынан қуып, Дербентке жеткенде арабтар естерін жиып, хазарлардың күшті соққыларына төтеп беріп, қалаға бекініп алды. Арабтардың жүректі сарбаздары бірнеше қатар таңдаулы хазар әскерлері қоршап тұрған қағанға шабуыл жасап, қаған жарақат алды. Арабтар хазарларды шегіндіріп, олардың Албанияға шабуылын болдырмады. Бұдан кейін Маслама Дербенттің орталық бекінісін хазарлардан қайтарып алды. Хазарлар соңғы мүмкіндігінше шайқасты. Тек Маслама бір сатқынның айтуы бойынша су көзін ұлатқаннан кейін ғана хазарлар қаланы тастап шықты. Бұл соғыстан кейін Маслама Кавказдан кетіп, оның орнына халифаның інісі Меруан ибн Мұхаммед келді. Оның алғашқы жорығы сәтсіз болды. 735 жылы Меруан қағанға келісімге келуді ұсынды. Екі жақ елші алмасып жатқанда Меруан 150 мыңдық армия дайындап, екі бағытпен Хазарияға аттанды. Қаған күтпеген жерден жасалған шабуылға қарсылық көрсете алмай, өзінің Еділдегі астанасы әл Байда қаласына шегінді. Қаланы әскерлерге тапсырып, өзі елде жаппай әскер жинауға кірісті. Бірақ жиылған әскерді арабтар күтпеген жерден шабуылдап, жойып жіберді. Қаған арабтардан бейбітшілік сұрады. Бұған Меруан қолбасшы қағанға мұсылман дініне ғаруш шарт қылып қойды. Қаған келісті. Мұсылман ғалымдары келді. Меруан көп олжамен, тұтқындарымен Кавказға қайтты. Қаған өз астанасына келді. Араб-хазар соғысы 15 жылдан аса уақытқа созылды. Бұл ұзақ және ауыр соғыста арабтар жеңіске жетті. Бірақ, хазарлар халифаттың вассалы болған жоқ. Арабтар басым күштері болмаған соң бұл жақта қалғысы келмеді. Оларға түнерген, суық солтүстік жерлері ұнамады да өз елдеріне қайтып кетті. Осылай көп жылға созылған арабтар мен хазарлардың соғысы аяқталды. Бұл соғыстың нәтижесінде хазарлар мұсылман дініне кіруге бет бұрды.

VIII-IX ғасырларда хазарлар қайта күшейе бастады. IX ғасырда олар өздерінің шарықтау шегіне жетті. Хазарлар солтүстік және солтүстік-батыс көршілеріне де салық салды. Славян тайпалары поляндар, северяндар, вятичтер, радимичтер салық төлеп

тұрды. Бұлардан басқа бұртас, черемис, болгар, сувар ж.б. халықтардан салық алынып тұрды. X ғасырға таяу Хазар қағандығының жағдайы қиындай бастады. Ішкі қайшылықтар – билікке талас, діни қайшылықтар, ұзақ соғыстардың экономикаға, сыртқы саудаға кері әсері мемлекеттің қуатын кеміте түсті.

X ғасырда, 965 жылы Киев Русінің князі Святослав оғыздармен одақтасып, хазарларға жорық жасады. Олардың Белая Вежа қаласын алды. Араб тарихшысы ибн Хаукаль: «Орыстар Итиль өзеніндегі хазар, бұлғар, бұртас елдерін тонап, қиратып кетті... Итилдің тұрғындары Баб әл Абваб аралына қашып, пана іздеді» деп жазды.

Хазарлардың мемлекетінің күйреуіне оғыздар, печенегтер сияқты көшпенді түріктердің шапқыншылықтарының әсері мол болды. Одан хазарлар әлсірей түсті. Хазарлар X ғасырдың 977 – 985 жылдарында ислам дініне кірді. Хорезм хандығынан көмек сұрады. Хорезм ханы Хазарияға (Итиль) көмекке әскер жіберді. Бірақ бұл қадамдар да оң нәтиже бермеді. Ішкі қайшылықтар мен 913 жылдан басталған көшпенді түріктердің (оғыздар, печенегтер, асилер) шабуылдарынан талқандалған Хазар қағандығы X ғасырдың соңында өмір сүруін тоқтатты. Хазар мемлекеті 300 жылдан аса уақыт дәуірледі.

Тарихтан белгілі түрік империялары мен мемлекеттері сияқты Хазар қағандығының тарихы да түрік халықтарын бей-жай қалдыра алмайды. Хазарлар да басқа түріктер сияқты Ұлы Дала көшпенділеріне жатады. Барлық түріктерге тән табиғатпен етене өмір сүру, оны аялау, үлкендерді, ата-бабаларын қадірлеу, мал өсіру, оның ішінде жылқы малын қадірлеу, жан аямай ерлікпен отанын, елін, жерін қорғау, қуатты мемлекет құру сияқты қасиеттер бұл халықта да бар. Оның үстіне хазарлар қалалық өмірді де меңгерген, жартылай көшпенді халық, бау-бақша мәдениетіне үйренген. Көптеген қалалар салған. Қателесіп иудаизм дінін ұстанғанымен, ақыр аяғы ақиқат жолына түсіп, ислам дініне кірген хазарлар да Ұлы Түрік халқының бір бөлігі болып табылады. Бүгінде мемлекеттілігі болмаса да хазарлар жоғалып кеткен жоқ. Кавказда, Қырымда, Иран мен Ауғанстанда, Орталық Азияда хазарлар әлі де бар. Хазарлар да табандылығымен, ержүректігімен көзге түсетін түріктің ұрпақтары. Хазар тілі бұлғар, чуваш тілдеріне жақын, бүгінде қолданыста жоқ тіл. Хазар қағандығына кірген елдер бүгінгі Азербайжан, Дағыстан, Осетин, Болгар, Шешен, Ингуш халықтарының арғы тегі болып табылады. Азербайжан атауында хазар сөзі бар сияқты – Азербайжан – Азарбайжан – Хазар-бай-жан. Азербайжанның бұрынғы аты – Албания екені белгілі. Бұл атаудың өзгеруіне «хазар» сөзінің әсері болуы мүмкін деп ойлаймын. Түріктерде елдің атын екі-үш мәзкі біріктіріп атау кездесіп тұрады мысалы,

Байырқы – Байырқұ – Байырхун – Байергүн.

Қорыта айтқанда, үш ғасырдан аса өмір сүрген Хазар қағанатының жалпы Түрік тарихында өзіндік елеулі орны бар.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Гумилев Л.Н. Открытие Хазарии. М. 1966.
2. Магомедов М.Г. Хазарские поселения в Дагестане. СА 1975. 2. 3.
3. ҚСЭ 1972 – 78 ж.ж. III, XI т.т.
4. Плетнева С.А. Хазары. М. «Наука» 1976.

Құмарбек ЖҰПБАЕВ,
Алматы облысы,
Қаратал ауылы.

Мұхитхан МИРАЗОВ,
«Қазақтану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры,
Қалыбек қажы ЕЛЕБАЙҰЛЫ,
өлкетанушы, зейнеткер

ТОҒАНАС ТУРАЛЫ ТОЛҒАНЫС

Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекеттігімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн. Оған барар жол халық даналығының негізінде жатыр.

Нұрсұлтан Назарбаев.

Тәуелсіздігімізді алған жылдардың ішінде тарихшыларға Қазақстан тарихнамасында күрделі болып келген тақырыптарды ақиқаттық тұрғыдан ашып көрсетуге, шынайы баға беруге мүмкіндік туды. Академик М.Қозыбаевтың: *«Қазақ халқы босағасы берік, шаңырағы биік мемлекет болған екен, ендеше, оған өзіне лайық тарихы да жазылуы қажет»*, – деуі Қазақ Елі тарихшыларына жетпіс жыл бойы кеңестік жүйе идеологиясында бұрмаланған ата тарихымызды қайтадан ой елегінен өткізіп, жаңаша көзқараспен, әдістемемен зерделеу міндетін жүктеді. Ендеше халқымыздың тарихи санасын қалыптастыруға бағытталған шараларды жүзеге асырып жатқан кезеңде қазақ тарихында терең із қалдырған тұлғалардың ғұмырнамасын жасауды қолға алғанымыз абзал.

Әр елдің рухын көтеретін данасы мен дарасы, қол бастаған батыры, сөз бастаған шешені, ел бастаған көсемі болады. Өсер ел, өркендер жұрт ондай арыстардың өмір жолын құрмет тұтып, өнеге өрісінің ұйытқысы болып, оны ұрпақ санасына жадылауға тырысады. Ел мен жерінің мәртебесін көтерген, мерейін өсірген сондай тұғыры биік тұлғалардан қай ел болмасын кенде емес, кенже де емес. Тарихтың бетін парақтасаң, ғасырлар қойнауының қатпарына қадала көз жүгіртсең, елдің еңсесін биіктеткен, ауыл-аймақтың абыройын асқақтатқан жақсы-жайсаңдар мұнда да шоқ жұлдыздай шоғыр-шоғыр. Солардың халқымыздың алтын қайнары, бұлақ бастауы алыс ауылдардан шығып жататыны да өзінше бір заңдылық.

«Бостандық бізге оңайлықпен келген жоқ. Ата-бабаларымыз азаттық жолында арпалысты. Талай зұлмат замандар мен нәубеттерді бастан өткерді. Осының бәрі халықтың есінде сақталып, ұрпақтан ұрпаққа берілуге тиіс», – деген болатын ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев (1).

Халқымыздың сан ғасырлық ғұмыры небір қилы заман, қысталаң оқиғаларға толы болды. Ел басына күн туып, тағдыры талайлы талқыға түскен шақтарда қиыншылықтар қиясынан жол тауып, қабырғалы жұртының шаңырағын шайқалтпауға жанын салған небір жаужүрек ерлер мен арда тұлғалар тарих сахнасына шыққан. Қашан да халық басындағы нәубет кезеңдер ел ішінен ерен батырлар мен алмас тілді билерді тұлға етіп, ел қамқоршылары деңгейіне көтеріп отырған. Сондай ардақ тұтар тұлғаның бірі – **атақты батыр, ел басқарған көсем он екі ата Сіргелінің Байжігіт тармағы Көшімбет атасынан шыққан Тоғанас Сабдалыұлы.**

Ол – ел жадында есімі ескірмей, келбеті көмескіленбей, айбыны аласармай келе жатқан «Байжігіт Тоғанас», «Тоғанас сардар» атанған біртуар тұлға. Жалпы ұлтымыздың бойындағы батырлық – ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан әдемі дәстүр. Қай

ғасырды алып қарасаңыз да тарих қатпарына үңілсеңіз небір жаужүрек ұлт перзенттері көз алдыға келеді.

Ал әңгімеге арқау етіп отырған XVIII ғасырдағы жоңғар басқыншылығына қарсы жүргізген қазақтың Отан соғысы қаһармандарының бірі болған Тоғанас батырдың туғанына биыл 350 жыл толғалы отыр.

Тоғанас батыр туралы айтқанда жұртшылық оны заманының мықтысы, дүлдүл батыры, ақыл иесі, дұшпаны мен жауларын күшпен де, ақылмен де жеңе білген тарихи тұлға ретінде еске алады. Бұл кісі есімінің ел аузында сақталып, ерлік істерінің ұрпақтан ұрпаққа беріліп, бүгінгі күнге дейін жетуінде біле білген адамға үлкен мән жатыр. Әдетте жазу-сызуы қалыптасқанға дейінгі бүкіл тарихы ауызекі айтылып, ердің де, елдің де қам-қаракеті жүздеген жылдар бойы халық санасында өшпестей болып сақталғандықтан, батыр бабамыздың ел бостандығы жолында халқына сіңірген еңбегінің ұмытылмауы табиғи жағдай деп түсінеміз. Оның үстіне Тоғанастың ерлік істері жаугершілікпен, Отан қорғаумен астасып жатқандықтан, халықтың оған деген сүйіспеншілігі еселене түседі емес пе.

Тоғанас батырдың дүние есігін ашқан жері – қасиетті Қошқарата бұлағының басы, Шымкент шаһарындағы ескі қалашық маңайы. Ол халық жадында жатталған шежірелі баянаттарға қарағанда Сабдалы қарттың шаңырағында **1671 жылы (доңыз жылы) туылған екен.** Әкесі Сабдалы адуынды да, зор денелі, шаруаға ұқыпты жан болыпты. Сабдалы Сайрам мен Шымкенттің базарына жылқы, қой айдап саудаға бейімделе түседі. Оған баласы Тоғанас қолғабыс жасап жәрдемші болады. Бұлар осындағы өзбектермен көрші болып қарым-қатынас орнықтырады. Тоғанастың ең үлкен мектебі отбасы, әкесінің, бабасының, ақсақалдарының үлгісі болуға тиісті. Топқа түсіп сыналмай, жауға шауып шыңдалмай, ел басы болу, билік жолын игеру мүмкін емес. Ол кезде «ұлым ел танысын, жер танысын» деген әке амалын тауып, белгілі бір жерге баласын жұмсайды. Немесе бір жақсының соңына «жаныңызда атқосшыңыз болсын» деп ертіп жібереді. Сабдалы қарт та осы тәжірибені пайдаланып, Тоғанас дана билер мен көпті көрген молжасынелі қарттардың өнегесін алып өседі. Ауыл шежіресінен сауат ашады.

Тоғанастың ерлік ісі алғаш рет Тәуке ханның тұсында көрінеді. 1697 жылы Себан Рабтан әскерлері қазаққа тағы соғыс ашты. Жоңғар ханы бұған үш жағдайды себеп етті. Бұрын Тәукенің бір ұлы қолға түсіп, оны Қалдан Бошокту Далай Ламаға сыйға тартқан еді. Себан Рабтан дінбасыдан сұлтанды алып, бес жүз адаммен Тәукеге қайтарған. Ал Тәуке баласына ере келгендерді жазалап, басшылары Үркедей тайшыны өлтірген. Сонымен қатар қалмақ ауылдарына шабуылдаған, Еділ бойындағы қалмақ ханы Аюкенің қызын үшінші әйелдікке қонтайшыға әкеле жатқандарға шабуыл жасағанын желеу етті. Яғни кек қайтаруды ойлады. Міне, осы екі арадағы шайқас алдағы кескілескен, қазақты тоз-тоз еткен соғыстардың басы болып еді (2).

Бұл сұрапыл шайқаста Сіргелінің 500 адамнан

тұратын қолын бастап барған Тоғанас қалың сарбаздың алдына шығып, сұлтандар мен батырлардан жекпе-жекке шығуға бата сұрайды. Ұрандаған, аруақтанған батырлар Тоғанасқа баталарын беріп, жеңіс тілеп, жекпе-жекке шығарады.

Жекпе-жекте қалмақ батырын найзамен шаншып өлтірген Тоғанас қаракер арғымағын арындатқан күйі «Бақтиярлап» ұрандата, жауға қарсы шабады. Жоңғарлар батыры өліп, өздеріне қарай ұмтылған қазақ батырын көргенде сескеніп, абыржып сыдырылып шегініп, артынан қаша жөнеледі. Қазақ сарбаздары атойлап соңдарынан түре қуып, талайын жер жастандырады. Осынау шайқастағы ерліктің, батылдықтың, өрліктің нәтижесінде ол болашақ тұлға ретінде қалыптасып, өмір белестерінің келесі кезеңіне шыққанын байқаймыз.

1715 жылы Тәуке хан қайтыс болған соң билік тізгінін шын мәнінде Қайып сұлтан алады. Бас сардарлыққа «қарт Әбілқайыр» сұлтан сайланады. Бұл тұста Ұлы жүздің Сіргелі мыңдығын Тоғанас басқарады. Тоғанас батыр туралы ел арасында тараған әңгімелер жеткілікті. *«Қарақалпақ тарихын зерттеген этнограф ғалым Т.А. Жданконың мәлімдеуі бойынша, XVII ғасырдың екінші жартысында қарақалпақтың (бұлар Шанышқылы руының бір атасы саналады) 40 ел ағасы, ру басшысы Тәуекел ханға (1598 жылы қайтыс болған) өтініш жасап, өздеріне Ұлытаудан жер беруін сұраған. Тәуекел хан өтінішті қанағаттандырып, оларға жер беріп, бір баласын басшылыққа жіберген. Бірнеше жылдан соң олар билеуші сұлтанды өлтіріп, жазықты болған. Тәуекел сыйға берген жерді қайтарып алып, қарақалпақтарды жазалаған. Олар жан-жаққа тарап, бұл жерден кетуге мәжбүр болған»* (3).

Тәуекелдің бұл ісін Тәуке хан да жалғастырып, елдің бетке ұстар ардагері мен батырларына Арқадан қонысқа жер берген. Оның кезінде Өлібек би мен Ақбота би Ұлытау өңірінен жазиралы жерге иелік жасаған. Тәуке хан өзінің белгілі сардары болған Тоғанас батырға Есіл, Нұрадан сыйға жер берген. Бұл жер «Тоғанастың тоқсан екі көлі» атанған көрінеді. Бұл атау кейінгі кезге дейін сақталып келген екен (4).

Тәуке хан қаза болған соң және жоңғарлардың шапқыншылығы үдей түскен соң Тоғанас батыр өз ата қонысына көшеді. Атамекенге келген соң 6-7 жылдан кейін бұрынғы көрші болған өзбек досының қарындасын әйелдікке алады. Жазда Шымкент шаһары жанындағы Айкөлде жылқы басын көбейтіп, көкпарға ат баптайды. Тақымы мықты шабандоз, есігінен ат үзілмеген кісі болған екен. Тоғанас әкесі сияқты ауқатты, қарымды, қонақжай адам болған деген көне көздерден аңыз-әпсаналар жеткен. Ол ұзын бойлы, қарулы кісі, тақымы мықты шабандоз болған дейтін оның көрі құлақ ұрпақтары.

Батырдың жаз жайлаған жері Тоғанассай аталыпты. Бұл жерден Алатау мен Қазығұртқа жайлауға шығып отырған. Оны мына архив құжаты нақтылай түседі: «Айкөлде «Мырзакелдінің құдығы» болған. Онда Мырзакелдісай, Тоғанассай атты жер атаулары Ұлы Отан соғысына дейін байырғы атауымен аталып келген» (5).

Бұл жер атаулары мен құдықтар тарихы туралы шежірелік аңыздарды 1970 жылдары Төлебилік шежіре карт Пошатай Бишымырұлы және еңбек ардагері Таңсық Жүгінісұлы айтып отыратын. *«Мырзакелді – менің бесінші бабам, ол жоңғарларға қарсы соғыста талай ерлік жасаған батыр. Ол Тұрбатта қайтыс болып, сонда жерленген»*, – дейтін Пошатай қария. Бұл әңгімеден біз Мырзакелді де, оның замандасы

Тоғанас та, сол жоңғар жаугершілігі кезінде өмір сүріп, бірге қимылдағандарын көреміз.

Тоғанас батыр бұл аймақты XVIII ғасырдың басынан толық иеленген болу керек. Себебі ол жауға шабар жарау аттарды дайындап, сарбаздарды ат-көлікпен қамтамасыз етуге көп үлес қосқан дейтін көне көздер. Тоғанастың тағы бір ерлігі – жаугершілік заманда жауға шабар жігіттерді тәрбиелеуі. Олардың ат құлағында ойнап, бес-алты жасынан жасындай жай тартып, ыстық-суыққа төзімді, баршылық пен жоқшылыққа мойымайтын төзімді де қайратты болып өсулеріне жол ашты. Атақты Төле би сынды бұл да «Тоғанас әскери мектебін» қалыптастыруға ден қойды.

Төл тарихымыздың жадымыздан ешқашан өшпейтін зұлмат бір кезеңі – жоңғардың тұтқиыл шабуылынан халқымызды алапат қырғынға ұшыратқан «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» қасіретті жылдары.

Қытай мемлекетінің абыройын асқақтатқан жерін кеңітіп, іргесін бекіткен, кемеліне келтірген Сюань Е 1722 жылдың аяқ кезінде жасы ұлғайып дүниеден өтті. Оның орнын басқан Ин Чжень жоңғармен соғысты тоқтатып, бітім шартын жасасты. Бітім шартына қол қойған соң 1723 жылдың ерте көктемінде бұрыннан қазақтармен талай ұстасып жырынды болып қалған, соңғы 10 – 15 жыл бойы Мәнжудин әскерімен үнемі соғыс жүргізіп, бай тәжірибе жинақтаған, соғыс тәсілдерін жан-жақты меңгерген, ысылған, от қаруы бар, Себан Раптан бастаған жүз мыңнан астам қыл шашақты қалмақ шеріктері қазақ жеріне тұтқиылдан басып кіріп, ойранын шығарды.

Ел басына күн туған осынау заманда ұлт намысын жанып, атамекенді қорғауға серт еткен ерлер бес қаруын асынып, атқа қонды. Елімізді, жерімізді қасық қаны қалғанша қорғаған батырларымыздың есімдері қазақ тарихында мәңгілікке алтын әріппен жазылып қалды. Аңызға айналған алыптар шоғырынан, әсіресе, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Нурызбай, Шанышқылы Бердіқожа, Сіргелі Елшібек т.б. батырлар тұлғалары айрықша асқақтап көрінеді. Сол шоғырлар қатарында Тоғанас есімі де бар.

Тоғанас батыр соғыстың алғашқы күндерінен бастап «егеулі найза қолға алып, еңку – еңку жер шалып», ел қорғау ісіне белсенді араласады. Өз қолын өзі жасақтап, шұбырған елге қорған болады. Соғыс ісіне жарамсыз қарттар мен бала-шағаны ыңғайлы, қауіпсіз жерге көшірген. Өздері шапқыншы жауды қарсы алып, Боралдай мен Арыстың арасын қан майдан соғыс алаңына айналдырады. Сол соғыстың ортасында Төле би мен Ақтанберді батырларға күш қосып, Тоғанас батыр үлкен қайрат көрсетеді. Тоғанас Қаратау алабын қорғайды. Біртүтас соғыс қолы ретінде бастары бірігіп болмаған, әр аймақта асығыс құралған жасақтар әуелде өзара байланыссыз, әрқайсысы өз бетінше әрекет етіп жатты. Осындай жағдайда Тоғанас батыр әскерін қорғанысқа көшірді. «Қаратау жарықтық, жалпы қазақтың ежелгі бесігі ғой, – дейді Тоғанас сарбаздарына қарап. – Қаншама заманалардан бері басқыншылармен алысқан қазақ талай рет осы жерді паналаған».

Қаратаудың кең құшағынан, малға жайлы қойнауларынан пана тауып, шаруасын түзеп отырған жұрт тұтқиылдан мұндай алапат соғыс болатынын білмеген еді. Енді олардың бірқатары тау сағалап, жан сақтауға ден қойса, дені Ташкент, Сыр бойына жөңкілді, көш-керуенін шұбатты. Сіргелі, Ысты елінің Қаратау бойында, жау өтінде отырған ауыл-аймағы, міне, сол жойқынға маңдайын соғып, әжептәуір

күйзелді. Ал ержүрек батырлары қол бастап, жаумен жағаласуға аттанды. Қаратау өңіріндегі айқасқа Дулат қолын есептемегенде, сіргелі, ысты, қоңырат қазақтарынан төрт мыңдай қол қатысады. Осы үлкен топқа басшылық еткендердің бірі – сіргелі даңқын аспанға көтерген Тоғанас батыр. Қазақ жасақтары қанжығалы Бөгенбай, найман Алдияр, ысты Төлек, сіргелі Тоғанас батырлар қалмақ қосындарының қабырғасын қақырата сөкті. Бұл бағытқа 30 мыңға жуық қалмақ қосыны қару асынып жеткен болатын.

Сол кезде қазақ жасақтарының Тоғанас бастаған бір бөлігі Қаратау қойнауында қырғын салған дөрбіттерге қарай жол тартты. Мұндағы қалмақ қосынының қаққан қазығы – Бохтишар талайды жасқап, жер жастандырған қайсар қолбасшылардың бірі еді. Тоғанас сарбаздары Бохтишардың шеріктерімен тегеурінді айқастар жүргізді. Тоғанас өзінің атақонысы болған Қаратау шатқалын қорғаныс алаңына айналдырады, мұндағы қарттар мен балаларды, сәбилерді белгілі батырларға бастатып көш-керуенімен Сырға қарай аттандырған болатын. Тек жауға шабар қайратты жандар мен қылыш, найза, айбалта соғатын ұсталар қалған еді. Тоғанас батыр Қаратау қойнауында қорғаныс шебін ұйымдастырып, ұсталар шеберханасын аштырады. Бұл ашылған шеберханаға өзінің бауыры Бодырды басшылыққа қояды. Бодыр сол шеберханада темірден түйін түйіп, ер-тұрман шауып, өз қоластындағы шебер жігіттермен ел қорғау науқанына белсене кірісіп, бар күштерін аямай, соғыс құралдарын жасап, қазақ әскеріне көмектерін беріп, елді жаудан қорғау ісіне қатысады. Демек, Бодыр атаның да осы жерде жеңіс үшін қосқан үлесі аз емес. Тау қойнауларының сай-салалары мен шығар жолдарын жақсы білетін қазақтар қалмақтарға тұтқиылдан тиіп естерін шығарады. Жау шеріктері жан сауғалап, бас амандықтарын ойлап кері шегінуге мәжбүр болады. Бұл қазақ жерін қорғап, толарсақтан саз кешкен еркек кіндіктілердің мерейін көтеріп тастады. Қаратаудың биік шатқал, құз-жартастары да қазақтарға үлкен қорған болды. Сондай шатқалдардың бірін сарбаздар Тоғанас шатқалы атандырған. Ол бүгінге дейін сол атауын сақтап келеді. Бәйдібек ауданына қарасты Майбұлақ ауылының бас жағында «Қызыл сан» тау жотасы бар. Онда биік жартасты шатқал-қорғантас бар. Оның алдыңғы жағында үлкен үңгір бар. Бұл жер Тоғанас шатқалы (төмендегі фотосуретте) аталады. Бұл шатқал жөнінде ғылыми сөздікте: «Тоғанас – ур. Названо по имени родоначальника племени сиргелинцев Большого казахского жуза», – деген мәлімет берілген (6).

Қаратау өңірінде болған шайқастарды барлағанда Тоғанас батырдың сарбаздарымен атақоныстан алысқа ұзай қоймағанын аңғарамыз.

Жоңғар шапқыншылығының бірқатар қатерлі тұстары Шу – Талас, Аңырақай, Түркістан өңірлеріндегі шабуыл оқиғаларымен өзектес өрбиді. Мұндағы ұрыстардың ұрымтал тұстары көбінесе Абылай хан, қанжығалы Бөгенбай, жаныс Өтеген, албан Қангелді, сіргелі Тілеуке, байжігіт Тоғанас, ошақты Саңырақ, шымыр

Қойгелді, Қонай тәрізді бас батырлардың ерлік қимылдарын еске салады. Олар жалаң қылыш жалаңдатып, жауға жалғыз шапқан жоқ. Үш жүзден жасақталған қолдың басын біріктіріп, негізгі күшті ұрымтал тұстарға бағыттай білді. Аз қолмен жоңғардың азуын айға білеген көп жасағы мен қосындарын жойып жіберу тәсілдерін сәтті ұйымдастырды. Бұл тұста да Тоғанас батыр асқан ерлік көрсетеді.

Жауға бірігіп тойтарыс беру жолдарын кенеске салған 1726 жылғы ұлы жиынға қазақтың барлық хан-сұлтандары, билері мен қолбасшы батырлары қатысқан. Ұлы жиынға Тоғанас, Тілеуке, Аралбай сынды Сіргелінің сардарлары да барады. Ақ боз ат құрбандыққа шалынады. Бас қолбасшылыққа Әбілқайыр тағайындалады. Қатардағы сарбаздан қолбасшы сардарға дейін барша жан Отан азаттығы үшін күреске құлшынады, 1727 жылы Бұланты өзенінің маңында қазақтар алғаш рет үлкен жеңіске жетті. Бұл жылы оңтүстікте сарбаздар аруаққа сиынып, киелі Қазығұртты теңселтті, атамекенді тебіrentті. Арыс, Боралдай, Бадам өзендерінің бойында жоңғар жасақтарының ту-талапайы шықты. Үлкен шығынға ұшыраған қалмақтар Аңырақайда бас жыпы, жойқын соғысқа дайындалған. Бірақ бұл жерде де жау қырғынға ұшырады. Жекпе-жекке шыққан қазақ батырларына жау жағынан шақ келер жан болмаған дейді. Бұл сұрапыл шайқаста Тоғанастың орнын басқан Тілеуке батыр болатын.

Жоңғар хандығын қолына алған Қалдан Серен «Аңырақай шайқасындағы» (1729/ 1730) жеңілісінің есесін қайтармайынша тынбауға бел буды. Ішкі жағдайын ретке келтіріп, қытаймен қарым-қатынасты оңдаған соң, қазақтарға шабуылды үдетті. Қалдан Сереннің XVIII ғасырдың отызыншы жылдарының алғашқы жартысында Оңтүстік Қазақстанға (Түркістан өлкесіне) жаңа жорығы басталды. Жоңғардың жорығы қазақтарға ауыр апат пен ауыртпалық әкелді. Тоғанас батыр елін қорғауға қайта шықты, ел тәуелсіздігі жолында қызыл қанын ағызды, қара терін төкті. Ел басындағы сұлтан, батыр-билер жоңғарға кіріптарлықты мойындауға, оларға салық төлеп тұруға міндеттеме алады. Төле би халықты қырғыннан сақтау үшін Ташкентте отырып, хан атынан билік жасады, қонтайшыға бағынышты жағдайын баян етіп, өзара ынтымақ табу мақсатында баласы Қожабекті аманатқа қонтайшы ордасына жібереді (7).

Ел әңгімелерінде Тоғанас батырдың аттың құ-



лағында ойнайтыны, Қамбар атаны басқа ешбір жануарға теңемейтіні де дәріптеледі. «Тоғанастың иесі атта білем» деген сөз де осы орайдан айтылған-ау, сірә. Тоғанас батырдың туған халқының бостандығын қорғап, елдің іргесін нығайту жолындағы жорықтары мен ақылмандық істері әлі толық зерттелмей келеді. Соның салдарынан Тоғанас батырдың жоңғарлармен шайқастары, сертте тұрып, айбын асырған сәттері қайсыбірде шатастырып, басқа біреулерге телініп жүр. Тоғанастың бітімі мен тұлғасы қандай болған? Тарих тереңінен сыр тартатындар оның ұзын бойлы, ат жақты, қайратты да балуан денелі болғанын айтады.

Тоғанастың аты өзінің тірі кезінде Сіргеліге ұран болған. Алғаш рет баба атын ұран етіп көтерген Аралбай, Елшібек батырлар еді. Олар: «-Аруақ, аруақ. Тоғанас, Тоғанас!» деп Сіргелі қолын бастап жауға шапқан. Содан Тоғанас батыр аты XIX ғасырдың 80-жылдарына дейін ұранға айналған. Тоғанас батырдың Сіргеліге ұран болғандығын қазақ, орыс зерттеушілері анықтап жазып кеткен. «Жалайыр мен Дулаттың ұраны – Бақтияр. Сіргелінің ұраны – Тоғанас», – деп көрсетеді Н.Аристов (8). Шымкент уезінен 1921 – 1922 жылдары көптеген шежірелік материалдар жинақтаған орыстың зерттеуші ғалымы Э.А.Шмидт те Сіргелінің ұраны Тоғанас болғандығын, Шалдар руы бейгеде «Тоғанас» атын ұрандатқанын жазады (9).

М.Тынышбаевтың 1925 жылы Ташкент қаласында жарық көрген «Қазақ халқының тарихына байланысты материалдар» атты еңбегі ғылыми дәйектілігі мен әдіснамалық тиянақтылығы жағынан әлі күнге дейін өз маңызын жоғалтқан жоқ. «*Старший орду составляют: 1) Уйсын (отделения – Дулат, Албан, Суан, Сарыуысын) к которому пристали чапырашты, ошакты, сты и сргелы; 2) Джалайыр, 3) Канлы к которому присоединился шаншкылы*», – деп Сіргелінің ұраны Тоғанас болғандығын өз еңбегінде нақтылайды (10).

Жоғарыдағы дәйектемелерді этнограф ғалым Ақселеу Сейдімбек те қазақ шежіресін жүйелей отырып дәйектей түседі. Сіргелінің ұраны – Тоғанас, Тұтаңбалының ұраны – Ақшабдар (бейгеде) болған дейді (11).

Тоғанастың ел қорғаны болғанын ақындар да арындап жырға қосқан.

*Ақкөңірдек Елшібек Сырымбеттен,
Кім асқан Малай, Матай, Құлымбеттен,
Байжігітте Тоғанас пен Сиқымбай тұр,
Қозыкемді айтайын Келімбетпен,* – деп Төлеш Баймырзаұлы 1922 жылы жаныс Досалы болыстың алдында ағытыла төгілген екен. Ал жыр сүлейі Сүйінбай Қатағанмен айтысқанда:

*«...одан да әрі Сіргелі,
Ол да бір жұртым іргелі.*

*Батырлары шетінен
Текежәуміт мінгені,* – деп Сіргелінің ерлерін мадақтаған (12).

Атақты халық ақыны Айнабектің (руы Батыр);

Руымыз – Сіргелі,

Ұранымыз – Тоғанас.

Ауылымыз іргелі,

Түлігіміз қоралас, – деп Сіргелінің барлық атасының қоныстас, ұранының Тоғанас екенін ұлағат етіп қалдырғанын ешкім жоққа шығара алмайды (13).

Демек, Тоғанас сияқты батыр бабаларымыз қасық қаны қалғанша жан аямай күресіп, сыртқы жаулардан қорғап, сақтап, аманат етіп қалдырған қойнауы қазына-байлыққа толы атамекенді және мәдени-рухани мұраларды қастерлей бағалап, барынша байытып, дамытып ізбасар ұрпаққа табыстау біздің парыз бен қарызымыз.

Біріншіден, ата-баба аруағы – қасиетті құндылық. Ұлылар бір ауылдың, бір рудың еншісі емес. Оларды жеке иеленсек – ол ұлттың өскені емес, өшкені. Екіншіден, Ұлылар, олардың мұрасы, ерлік, қаһармандық істері тәрбие ісінде үздіксіз жүруі үшін, оларға деген ықылас та, үздіксіз, үзіліссіз болуы керек. Ұлттық ұрпақтар сабақтастығы біздің күшіміз, тұрақтылығымыз, бізді мәңгілік сақтайды.

Үстіміздегі, яғни 2021 жылы Тоғанас батырдың туғанына 350, қайтыс болғанына 257 жыл толғалы отыр. Батыр мерейтойын өткізуді ойластырған да абзал болар.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Тоқаев Қасым-Жомарт. Тәуелсіздік бәрінен қымбат. «Егемен Қазақстан». – № 2. 5 қаңтар 2021 ж. 2-бет.

Материалы объединенной научной сессии, посвященной истории Средней Азии и Казахстана в дооктябрьский период. – Ташкент, 1955, с.105.

Султанов Т.И. Кочевые племена Приаралья в XV – XVII вв. – Москва, 1982.

Жүсіпов Н.Қ. Мәшһүр-Жүсіп және фольклор. – Павлодар, 1999.

ОҚОМ. 578-қор. 1-жазба, 10-бума, 1-іс.

«Краткий толковый словарь топонимов Казахстана». – Алматы, 1974.

Аристов Н.А. Усуни и кыргызы или кара-кыргызы. – Бишкек, 2001.

Аристов Н.А. Этногенез и этническая история казахского народа. – Астана, 2007. с. 34.

Шмидт Э.А. Материалы по родовому составу казахского населения юго-западной части Чимкентского уезда. – Ташкент, 1927.

Тынышбаев М. История казахского народа. – Алматы. «Санат» 2002. 68 – 105-беттер.

Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы. – Астана, 2008.

Батырұлы Б. Төлеш ақын. – Шымкент, 2017.

Сіргелі Байжігіт – Шалдар шежіресі. – Алматы, 2005. 13-бет.

ЭЛЕКТРОНДЫ НҰСҚАНЫ НЕ ЖҰРНАЛДЫ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

Кейбір авторлар «Мақала шыққанда хабарлайсыздар ғой» деп жатады. Мақала шыққанда барлық авторға хабарласу өте қиын. Сондықтан мақалаңыз шыққан айдың 15-25-інде сайттың (kaztar.kz) "Басты бетіне" кірсеңіз, жаңа журнал салулы тұрады. Содан өзіңізге қажет тұстарын көшіріп аласыз.

Ал журналдың қағаздық нұсқасы, яғни өзі қажет болса, шығарда хабарласып, 1 дана тегін журналды редакциядан келіп аласыз.

Редакция алқасы.

Тел: 8\727\ 270-82-21;

Уатсап: 8(701)148-09-33; 8(771)404-47-82.

Нұргүл ҚОШҚАРБАЕВА,
Алматы сән және дизайн колледжінің
тарих пәні оқытушысы

АТАЛАР ДАҢҚЫ ӨШПЕСІН

Адамзат тарихында теңдесі жоқ, ең қаһарлы, қанды қырғын болған екінші дүниежүзілік соғыс әлемге қисапсыз қайғы-қасірет әкелді. Ал кешегі алып КСРО мемлекеті құрамындағы халықтар үшін – Ұлы Отан соғысы осыдан 80 жыл бұрын, яғни 1941 жылдың 22 маусым күні фашистік Герман әскері КСРО-ның батыс шекарасына басып кірді. Жер бетіндегі бейбіт өмір мен тыныш тіршіліктің тағдыры қыл үстінде тұрды.

Ел басына күн туған қатерлі шақта кеуделерін от пен оққа тосқан миллиондаған ержүрек жерлестеріміз ортақ Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігін қаһармандықпен қорғады.

Ерлер есімі ұмытылмайды. Есеболатов Нарсұтбай 1913 жылы Алматы облысы Ақсу ауданының Жансүгіров ауылында дүниеге келген. 1938–1941 жылдары Алматы трамвай жолында жұмыс жасаған. Соғыс басталғанда 316-шы атқыштар дивизиясы қатарына шақырылып, 1075-атқыштар полкі 4-ротасының 2-взводада қызметін өтеген. 1941 жылдың 16 қарашасында танктерді жоюға шыққан топтың ішінде болған әйгілі 28 панфиловшының бірі.

Сонымен, өткен ғасырда 1418 күн мен түнге созылған Ұлы Отан соғысының тарихи жылнамасына жарқын бет болып жазылған, 1941 жылдың 16 қарашасындағы Мәскеудің Дубосеково разъезі түбіндегі болат сауыт құрсаңған, ажал оғын шашқан дұшпанның 18 танкісіне бетпе-бет келіп, граната және сұйық жарылғыштың көмегімен өртеген, екі жүзге жуық фашисті жер жастандырған, жаралы жолбарыстай алысып, ерлікпен қаза тапқан 28 панфиловшы батырдың патриоттық іс-қимылы дүниежүзін елең еткізді. Осы ретте мына екі жайтқа көңіл аударған жөн. Оның біріншісі, Отан үшін, Мәскеу үшін өліспей беріспейміз деп ант еткен, 28 гвардияшы-панфиловшылардың көзсіз батырлығы сол тұстағы одақтық «Красная звезда» газетінің тілшісі А.Кривицкийдің мақаласына арқау болып, шартарапқа тарауы еді. Тарихи деректерге сүйенсек, кескілескен қанды шайқастан соң медициналық санитарлар ұрыс даласынан әуірімнің күшімен тірі қалған, қызыл қанға боялған жауынгердің бірін (кейбір деректе Иван Натаров (1910–1941 жылы), ал екіншісі Иван Шадрин (1917–1985 ж. Көксулық жерлесіміз, запастағы старшина) медсанчастьқа жеткізеді. Газет тілшісі А.Кривицкий онымен сұхбаттасып, оқиғаның жай-жапсарына қанығады. Политрук В.Г.Клочковтың қамал бұзар қаһарлы сөзін ұран етіп, ортаға тастайды. Жоғарғы әскери басшылық олардың ерен ерлігінен хабардар болған соң араға жеті ай салып КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1942 жылғы 21 шілдедегі Жарлығымен 28 гвардияшы-панфиловшыға (27-сіне қаза тапқан соң. Жерлесіміз И.Шадрин аман-сау елге оралған) Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі. Қаламы ұшқыр журналист А.Кривицкий араға біраз уақыт салып, генерал-майор И.Панфилов басшылық жасаған 8-гвардиялық дивизияның қаһармандарына арналған «Мәскеу

түбіндегі қарауыл» кітабын жазады. Аталған тарихи ерліктің мән-мағынасы мен тағылымына маршал К.Жуковтың естеліктерінде, А.Бектің «Арпалыс» повесінде /«Волоколамское шоссе»/, Б.Момышұлының «Біздің генерал» және «Москва үшін шайқас» шығармасында біршама орын берілген. Екінші бір айтпағымыз, тағдыр жазып Кеңестер Одағының құрамындағы одақтас республиканың бірі саналған Қазақстан, оның ішінде қазақ жауынгерлері осы бір ел басына күн туған алапат шайқаста тумасынан батыр да ержүрек халық екендігін жасампаз ерлігімен дәлелдеді. Бұл уәжімізге осыдан тура жетпіс жыл бұрын Одақтың астанасы, жүрегі саналатын Мәскеу қаласын жаудан қорғауда қаһарман ерліктің үлгісін көрсеткен жетісулық 28 гвардияшы-панфиловшылардың қатарындағы қандастарымыз: Нарсұтбай Есеболатов, Әлиасқар Қожабергенов, Әлікбай Қосаев, Мұсабек Сеңгірбаевтың есімдерін бөле-жара атаған жөн. Кезінде орыстың қаламы жүйрік журналист-жазушылары И.Эренбург, К.Фединнен бастап қазақ жауынгерлері мен командирлерінің мәңгі өшпес ерлігіне тәнті болып, «Правда» газетінің беттері арқылы «Қазақтар тегінде батыр халық», деп баға бергені бүгінгі ұрпақ – біздер үшін мақтаныш. Халқымыз «Ер есімі – ел есінде» деп бекер айтпаған. Аттары аңызға айналған баһадүр батырларымызға туған Қазақстанымыз бен ежелден көршілес Ресей Үкіметі тарапынан жүзеге асырылып отырған игі шаралар әбден құптарлық. Алматыдағы 28 панфиловшылар атындағы саябақтағы Мәскеуді кеудесімен қорғаушыларға арналған монумент ескерткіш, 28 батырдың әрқайсысына жекелей орнатылған тақтайша белгі, осындағы даңқты қолбасшы, Кеңес Одағының Батыры (12.12.1990 ж.) Бауыржан Момышұлының еңселі ескерткіші оларға деген халықтық құрмет пен елдік ілтипаттың ыстық белгісіндей. Ал Ресей жағына келсек, Мәскеу шайқасының тарихи маңыздылығына жоғары баға бере отырып, 1944 жылдың өзінде «Мәскеуді қорғағаны үшін» медалін тағайындады. Бертінде, 1966 жылы Мәскеу қаласындағы Солтүстік Тушино ауданында панфиловшылардың құрметіне көше аталып, монумент орнатылды. Жеңістің 30 жылдығына орай, 1975 жылы қанды шайқастың ізі қалған Дубосековода мемориал, Нелидово деревнясында (Дубосековода 1,5 шақырым қашықтықта) ержүрек панфиловшы батырларға еңселі ескерткіш орнатылып, мұражай ашылды. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығы құрметіне өткен (2005 жыл) Мәскеудегі салтанатқа қатысқан Елбасымыз Н.Назарбаев Дубосеково разъезінде болып, панфиловшы батырлардың қаны тамған топыраққа тағзым жасады. Мұнан соң Волоколамск қаласында Кеңес Одағының қос батыры И.В.Панфилов пен Б.Момышұлы бюстінің ашылу рәсіміне қатысып, құттықтау сөз сөйледі. Дубосеково разъезі маңайында болған шайқастың Отан соғысы жылнамасына айшықты бет болып

Туып-өскен, кіндік қаның тамған жерің қашанда ыстық қой, сонымен қатар мақтаныш сезімі де бар. Біздің ауылда Алматы облысы, Ақсу ауданының Ақсу ауылының 190-нан аса тұрғыны майдан даласында қаза болды. Солардың қатарында атамыз да ерлік көрсетіп Отан қорғаған. Қуатбай Қошқарбайұлын атағым келеді. 1941 жылы соғысқа аттанып 1947

Галина АГАНИНА,

АКТУАЛЬНОСТЬ КАЧЕСТВА ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ – ТРЕБОВАНИЕ ВРЕМЕНИ

Наше учебное заведение готовит профессионалов в области портного, парикмахерского, кулинарного дела. Подготовка современных, квалифицированных специалистов, способных обеспечить высокий уровень качественного обслуживания населения, выдержать конкуренцию на рынке, поставила перед педагогическим коллективом вопрос пересмотра, совершенствования, модернизации прохождения учебно-воспитательной, производственной практики.

Мы направили всю свою педагогическую творческую энергию на этот путь, чтобы наши выпускники на основе полученных в нашем учебном заведении знаний смогли найти путь к жизни, оставаться в освоенной профессии, расти и развиваться.

- лучшее современное оборудование для учебных производственных занятий;

- для освоения учебных программ задействованы преподаватели с высшим образованием и квалификацией;
- мероприятия по развитию творческих, творческо-профессиональных способностей обучающихся;
- формирование активности, мировоззрения, здорового образа жизни в общественной жизни;
- забота о том, чтобы выпускники нашли место работы, обосновались и оставались в освоенной профессии.

число 180 лучших казахстанских колледжей.

Новаторство в содержании образования в сфере общего среднего образования, модернизация дошли и до нас. Ведь наши студенты, зачисленные в наше учебное заведение на 2020-2021 учебный год, получают знания по новой содержательной программе. Мы приняли содержание обучения в 10 - 11 классах общеобразовательной школы, так как они совмещают с профессией общее среднее образование. Весь преподавательский состав прошел курсы усовершенствования знания, основанные на новой программе обучения.

Мастерские учебного заведения оснащены современным оборудованием в соответствии с осваиваемыми специальностями. В 2020-2021 учебном году введено в эксплуатацию новое здание, соединенное с основным учебным корпусом. Имеются мастерские с швейными машинами, где можно освоить различные аспекты портновской профессии, выполнить несложные швейные операции и с творческим вдохновением сшить несколько современных шедевральных вариантов одежды, библиотека с специально оборудованным читальным залом, конференц-зал, похожий на малый зал театров.

Сила, опора каждого учебного заведения, которая поднимает его авторитет, это его учителя. Наши преподаватели и мастера производственного обучения - профессионалы своего дела. Представители старшего поколения - Н.В. Алексенко, М.З. Акшабаева, К.С. Аукашова, Т.М Кулешова, Л.А. Лазерова, Г.А. Кушера, Г.Ж. Уябаева, Т.К. Мерикунова; представители среднего звена – К.Н. Омарова, А.С. Садыкова, С.А. Ефремова, Р.С. Ризалиева, А.А. Каскенова, Г.Д. Кокимбаева, А.А. Мунатаева; представители молодого поколения - Алимбетова М.М., Саурбаева С.А., Шалданбаева К.Е., Альменова Ф.Ж.,

Турсынғалиқызы А., Егизбай Р. Ж.

«Наши национальные традиции, язык и музыка, литература, обряды, словом, должны навсегда остаться в нашем национальном духе», – указал глава государства Н.А.Назарбаев в своем труде «Стратегия» Казахстан – 2050». И в процессе овладения профессией мы настойчиво, неуклонно ведем впитывание национального воспитания. Результаты этой работы можно увидеть на наших международных республиканских, региональных, городских, внутри-колледжных конкурсах.

На сегодняшний день в конкурсах профессионального творчества, которые поднимаются с городского уровня на международный – «World Skills», «Алтын қазан», «Сән мұнарасы», «Дело рук», «Этно Эрато», «Невские берега», «Jastar Skills», наши студенты попытались счастье, поднимались до высокого уровня результатов, занимали главные призы и другие призовые места, прославляя авторитет своих учителей, учебного заведения и Алматы.

По плану и традиционно проводятся многогранная

воспитательная работа (клубы, кружки, конкурсы, конференции, лекции, встречи, выставки, спортивные соревнования и соревнования по искусству и т.д.), направленная на доведение наших обучающихся до уровня патриотически настроенных граждан, активных членов своего общества, ведущих здоровый образ жизни, чистой душой и т.д.

Учебное заведение рассматривает все возможности для того, чтобы наши выпускники могли закрепиться на производстве с освоенными профессиями. Когда наши студенты находятся на производственной практике, их поддерживают профессионально и психологически. Связь и контроль не прерываются. Администрация колледжа тесно сотрудничает с работодателями. Самое главное, чтобы студенты могли окончательно закрепиться, заранее выбираются места работы и заключаются договора о прохождении производственной практики.

Мы посвящаем всю свою педагогическую энергию, профессиональное творчество подготовке конкурентоспособных специалистов.

ОТАН ТАРИХЫ – ОРТА МЕКТЕПТЕ

Кайыржан АРЫСТАНОВ,

Аралтөбе орта мектебінің тарих пәні мұғалімі

АТТИЛА (ЕДІЛ) ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖИҢАНГЕРЛІК ЖОРЫҚТАРЫ

Зерттеу сұрағы: Ежелгі авторлар Аттилаға қандай баға береді?

Оқу мақсаттары: 5.1.1.3 ғұндардың қоныс аудару бағыттарын тарихи картадан көрсету.

5.3.2.2 Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен қарым-қатынасын анықтау.

Сабақтың мақсаты: Аттилаға мінездеме беріп ғұндардың Батысқа жасаған жорықтарына сипаттама беру.

Бағалау критерийлері.

Барлығы: Ғұндардың қоныс аудару бағыттарын және Еуропадағы жорықтарын тарихи картадан көрсете алады.

Басым көпшілігі: Ғұн көсемі Аттила мен сақ патшайымы Томирисің ерлік жолдарын салыстырады.

Кейбірі: Аттила даңқының зерттелу тарихына баға береді.

Алдыңғы білім: Ерте темір дәуіріндегі Қазақстан территориясындағы алғашқы сақ, үйсін, қаңлы мемлекеттерінің тарихы, қоғамдық құрылысы, шаруашылығы және мәдениеті.

Сабақтың басы: Сәлемдесу, назарларын жаңа сабаққа аударту.

Үй тапсырмасын сұрау. «Сұрақ бізден, жауап сізден» (5 сұрақ).

ҚБ «Бас бармақ».

BILIM LAND Бейнеролик: «Аттила».

Бүгінгі сабақтың мақсаты мен бағалау критерийлерін айтып өту.

Сабақтың ортасы: «Ойлан, топтас, бөліс» әдісі

Мәтінмен танысып оқып шығу және топта талдау жүргізеді.

1-тапсырма: Ғұндардың қоныс аудару бағыттарын және Еуропадағы жорықтарын тарихи картадан көрсету.

Дескрипторы:

Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдерін анықтайды;

Ғұндардың батысқа қоныс аудару жолдарын көрсетеді;

Еуропадағы Аттиланьң жорықтарының бағытын анықтайды.

2-тапсырма: Ғұн көсемі Аттила мен сақ патшайымы Томирисің ерлік жолдарын салыстыру;

Ұқсастық пен айырмашылық.

ТОМИРИС

АТТИЛА

Дескрипторы:

-Сақ патшайымы Томирисің ерлік жолдарын анықтайды;

-Ғұн көсемі Аттиланьң ерлік жолдарын анықтайды;

-Томирис пен Аттиланьң ерлік жолдарының ұқсастық және айырмашылығын табады.

3-тапсырма: Қосымша деректермен Еуропа тарихшыларының және Абай Құнанбайұлының «Ескендір» поэмаларынан Аттила туралы мағлұматқа талдау.

ҚБ «Шапалақ».

Рефлексия: «Өз жетістігіңді бағала!»

Ұнамаған 1-дерек;

Ұнаған 2-дерек;

Еске сақтаймын 3-дерек.

Үйге тапсырма: Оқу. «Аттилаға хат».

Бытис Қазақстан облысы,

Сырым ауданы,

Аралтөбе ауылы.

ТЫҢ ИГЕРУ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН

ҰМЖ тарауы:	9.1В Қазақстан «жылымық» кезеңінде (1954-1964 жылдар).	
Оқу мақсаттары	9.4.1.1 – Кеңес үкіметі кезіндегі ауыл шаруашылығында орын алған өзгерістерге баға беру; 9.1.1.1 – Демографиялық өзгерістердің себеп-салдарлық байланысын талдау арқылы дәйекті қорытынды жасау;	
Сабақ мақсаттары. SMART форматында құрастырылған.	Барлық оқушылар: Қазақстан тың игеру (1954-1964) жылдардағы тың игеру жұмысының пайдалы жақтарына дәйекті қорытынды жасау; Басым бөлігі: Тың игеру жылдарындағы халық шаруашылығында өзгерістердің себебін түсіндіру, қорытындылау; Кейбір оқушылар: Қазақстандағы тыңайған жерлерді игеру саясатына өз көзқарасын білдіру.	
Бағалау критерийі	- Кеңес үкіметі кезіндегі ауыл шаруашылығында орын алған өзгерістерге баға береді; -Демографиялық өзгерістердің себеп-салдарлық байланысын талдау арқылы дәйекті қорытынды жасайды;	
Тілдік мақсаттар	Айтылым, тыңдалым, оқылым жазылым дағдысын қалыптастыру. Айтылым және тыңдалым бойынша ұсыныстар: Тың жерлерді пайдалану идеяларын ұсыну және талдау жасау арқылы қалыптасады; Оқылым бойынша ұсыныстар: Қажетті ақпараттарды дерек көздерінен пайдаланады; Жазылым бойынша ұсыныстар: Тапсырмаларды орындау кезінде жаңа ақпаратты жазу арқылы есте сақтайды. Пәнге қатысты лексика мен терминология: «Тың эпопеясы», дәнді дақылдар, тың жерді игеру.	
Құндылықтарға баулу.	Жалпыға бірдей еңбек қоғамы. Ұлттық бірлік пен адамгершілікті дәріптеу.	
Пәнар.байланыс.	География және әдебиет пәндерімен байланыстырамын.	
Ойлау дағдылары.	Жоғары.	
Алдыңғы білім	Жылымық кезеңіндегі Қазақстанның қоғамдық саяси дамуын біледі.	
Сабақ барысы.		
Сабақ кезеңдері.	Сабақтың жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы 5- 7 минут	Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық жағымды ахуал қалыптастыру. «ТӨДК» әдісі арқылы өткен тақырыптарға қайталау жасау. Саралаудың «Қорытынды» тәсілі. ҚБ: Ауызша кері байланыс. Топтық жұмыс. ҚӨМҚ талдауы (SWOT-талдау) әдісі арқылы ұсынылған критерийлер бойынша сабақ мазмұнын ашу. Саралаудың «Диалог және қолдау көрсету» тәсілі. Күшті жақтары Әлсіз жақтары Мүмкіндіктер Қауіптер Дескриптор: Кеңес үкіметі кезіндегі ауыл шаруашылығында орын алған жағдайларды анықтайды; Кеңес үкіметі кезіндегі ауыл шаруашылығында орын алған жағдайлар. ҚБ: Стикерлер арқылы бағалау. Тапсырма: себеп-салдарлық байланысын талдау арқылы дәйекті қорытынды жасайды. А деңгейі. Демографиялық өзгерістердің себеп-салдарын анықтау. В деңгейі. Экономикалық өзгерістер. Статистикалық мәліметтер. С деңгейі. Карта арқылы тың игерілген облыстарды анықтау. «IDEAL» әдісі. Инфографика жасауды ұсынамын. Саралаудың «Тапсырма» тәсілі. Анықтайды. ҚБ: «Екі жұлдыз, бір тілек. (Оқулықпен жұмыс).	Сұрақтар. 1-слайд. 2-слайд. Қосымша ақпараттар (оқулық, интернет) SWOT кестесі Оқулық. «Қазақстан тарихы». Алматы, «Атамұра» 2019. Саралау тапсырмалары. Жұлдызша. Стикерлер.
Сабақтың ортасы. 25-28 минут.		
Сабақтың соңы 5 минут.	Қорытынды. «Ашық микрофон» әдісі. ҚБ: Ауызша кері байланыс. Кері байланыс: «БББ» кестесі.	Микрофон БББ кестесі.
Саралау.	Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?	Денсаулық және қауіп/дік техн. сақтау.
«ТӨДК» әдісін қолдану кезінде оқушылар білімін саралаудың «Қорытынды тәсілі» арқылы бақылаймын. IDEAL әдісінде жеңілден күрделіге бағытталған сұрақтарға талдау жасаймын.	Сабақ барысында бағалау құралдарын қолданамын. Ауызша кері байланысты анық, шынайы, тиімді ұсынуға назар аударамын. Тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың дескрипторлармен жұмыс жасауын бақылаймын. Дескрипторлар негізінде бағалаймын. Сабақ қорытындысын «Ашық микрофон» әдісі арқылы қорытындылап, ауызша кері байланыс жасаймын.	

Түркістан облысы, Жетісай қаласы.

Гүлнар НҮКЕБАЕВА,
№21 жалпы орта білім беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ САБАҚ ЖОСПАРЫ

Сабақ тақырыбы.	«Қыз Жібек» жыры.	
Оқу мақсаттары.	7. Б/СЗ. Шығарманы ұлттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазады.	
Сабақ мақсаттары.	Барлық оқушылар орындай алады: шығарманы ұлттық құндылық тұрғысынан түсінеді. әдеби эссе жазады. Эссе құрылымдарын біледі.	
	Оқушылардың көпшілігі орындай алады: шығарманың ұлтымыздың көне жәдігер екенін ажыратып көрсете алады және оны дәлелдеп жазады.	
	Кейбір оқушылар орындай алады: «Қыз Жібек» жырын бүгінгі өмірмен байланыстырады, салыстырады, сыни тұрғыдан өзіндік пікірлерін дәлелдейді.	
Бағалау критерийі.	1. Эссе құрылымын сақтайды. - кіріспе, негізгі, қорытынды бөлім. - жүйелілік, үйлесімділік, сауаттылық, негізгі ой жеткізілген. 2. Жырдағы қазақ халқының ұлттық құндылықтарын анықтайды. - ұлттық құндылық тұрғысынан талдай алады. -өзіндік пікірлермен дәлелдеп жазады.	
Тілдік мақсат.	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: көне жәдігер, салт-дәстүр, құндылық ,лиро-эпостық жыр, әдет-ғұрып, адал махаббат, өнеге, тәлім-тәрбие, шынайылық, құнды.	
	Диалог және жазылымға пайдалы тіркестер: Мен мынадай дәлелдер келтіремін... Оның себебін... деп түсіндіремін.	
Құндылықтарға баулу.	«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының «Тарихтың, мәдениеттің және тілдің біртұтастығы» атты тармағындағы идеялар «Қыз Жібек» жырын оқыту барысында ішінара іске асырылады. Рухани құндылық екенін түсініп, бағалайды.	
Пәнаралық байланыс.	Тарих, өнер, этнография.	
АКТ-ны қолдану.	«Қыз Жібек» киносынан үзінді, слайд.	
Алдыңғы білім.	Кейіпкерлердің іс-әрекеті мен автор берген портреттік мінездемені салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт.	Жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы. 5 мин.	Қызығушылықты ояту. «Қыз Жібек» киносынан үзінді көрсетіледі. «Микрофон» әдісі арқылы үзіндіден көргендері бойынша, алдыңғы тақырыптарды пысықтау мақсатында өздері бір- біріне сұрақтар қояды. Бағалау критерийлері: 1.Өткен тақырыпты пысықтайды. 2.Сұрақтарға нақты, толық жауап береді. 3.Ойларын ауызша жүйелі жеткізеді. 4.Бірін-бірі бағалайды. С. Сабақтың мақсаттары мен критерийлерімен таныстырылады. Жырда берілген салт-дәстүрлердің атын атап, топқа бөлінеді. Қолайлы орта қалыптастырылады.	«Қыз Жібек» киносынан үзінді проектор.
Сабақтың ортасы. 35 мин.	Ж. Сыныпта қима қағаздар таратылады. Онда әмеңгерлік, теріс бата, қоштасу деген сөздер жазылған. Осы қима қағаздарды алу арқылы сынып үш топқа бөлінеді. 1-топ: «Әмеңгерлік». 2-топ: «Теріс бата». 3-топ: «Қоштасу». Әр топ өз атауларының мағынасын түсіндіреді. ҚБ «Бас бармақ» әдісі арқылы бағалау. ТЖ. «Мәтін бөліктері» оқыта үйрету ойыны. Жетектеуші сұрақтар беріледі. Тақырыбы: «Қыз Жібек» жыры – ұлттық құндылықты танытатын жыр. Барысы: үш түрлі түсті А4 қағазы қабырғаға ілінеді: қызыл, сары, жасыл. Бірінші топ жасыл қағазға 4 сөйлемнен тұратын кіріспе бөлімін жазса, екінші топ сары қағазға 10 сөйлемнен тұратын негізгі ой мен қорытынды бөлімін, үшінші топ «Толықтыру» тобы әрбір топтан кейін сөз ала алады. Ойыннан соң, мәтінді тағы бір қарап шығып, берілген ақпаратпен салыстырамыз, ойды қорытады. Қай топтың неғұрлым нақты айтқанын анықтаймыз. Бір оқушы ортаға шығып оқып береді. Екі топқа жетекші сұрақтар беріледі.	Қима қағаздар.

Сабақтың ортасы. 35 мин.	I топ: «Қыз Жібек» жыры көне күндерден жеткен жәдігер дегенге келісесіз бе? II топ: 1. Қыз Жібектің ұлттық салт-дәстүрге беріктігін ашатын жыр жолдарын түсіндіріп жазыңдар. 2. Жырдағы негізгі ойды бүгінгі өмірмен байланыстырыңдар. Бағалау критерийлері: Эссе құрылымын сақтайды. Көркем тілмен жазады. Ойын жүйелі түрде жеткізеді. Грамматикалық сауаттылықты сақтайды. ҚБ «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы бағалау. Эссеге дайындық, бір-бірін бағалайды, жазған бетті алмасады. Ж/ТЖ. «Қазақ халқының даналығы көрініс тапқан жыр» Әдеби эссе жазу. Ж/ЖЖ. Рефлексия. Бүгінгі жұмысымызды «Төрт сөйлем» әдісі арқылы қорытындылайық. Пікір. Оқығандарыңыз бойынша туындаған өзіндік пікіріңіз. (негізі ой) 1 сөйлем. Дәлел. Пікірді бір сөйлеммен дәлелдеу. Мысал. Пікіріңізге мысал келтіріңіз. (өмірден алынған, ақпарат көздерінен,т.б.) 1 сөйлем. Қорытынды. Өзіндік пікіріңізді пысықтап, қорытынды шешім айтыңыз. 1 сөйлем. Бағалау критерийлері: 1. Шығарманың ұлттық құндылықтарын айтады. 2. Көне жәдігер екенін дәлелдейді. 3. Бүгінгі күнмен байланыстырады. Кері байланыс: 1. Шығарманың ұлттық құндылықтарын айтты. 2. Көне жәдігер екенін дәлелдеді. 3. Бүгінгі күнмен байланыстыра алады. ҚБ «Қол шапалақтау» әдісі арқылы бағалау.	Түрлі-түсті А4 парақтары Маркер. ★★ тілек 
Сабақтың соңы. 5 мин.	Оқушыларға бүгінгі сабақтан алған әсерлері мен ұсыныстарын стикерлерге жазып, «Даналық ағашына» жапсырады. Оқушының аты-жөні: Тапсырмалар Өзін-өзі бағалауы Топ басшысы 1. 2. 3. Кері байланыс. Үйге тапсырма: Эссені аяқтап жазып, келу.	стикер
Қосымша мәлімет.		
Дифференциация – қалай жүзеге асырылды. Көбірек қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? (Абзац жазу ережесін беру). Тақырыпты сөйлем 1..... Қолдаушы сөйлемдер 2..... 3..... 4..... Қорытынды сөйлем 5..... Қабілетті оқушыларыңызға қандай жоспар құрап едіңіз? «Төрт сөйлем» әдісі арқылы бүгінгі өмірмен байланыстырады, салыстырады, сыни тұрғыдан өзіндік пікірлерін дәлелдейді.	Бағалау. Сіз оқушылардың материалды меңгеру деңгейін тексеруді қалай жоспарлайсыз? Бағалау критерийлері мен дескрипторлар бойынша өздерін-өздері және топ басшысы бағалайды. Сабақ барысында қалыптастырушы бағалау (ауызша қолпаштау, өзара бағалау, «Қол шапалақтау», «Бас бармақ», «Екі жұлдыз, бір тілек») қолданылып отырылады.....	Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау; Жайлы атмосфера қалыптастыру. АКТ-мен байланыс. Қолайлы орта қалыптастырылады.
Сабақ бойынша рефлексия. Сабақ мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма, қолжетімді болды ма? Барлық оқушылар оқу мақсатына қол жеткізді ме? Егер оқу мақсатына қол жеткізбеген болса неліктен деп ойлайсыз? Сабақ қалай және қандай деңгейде өтті? Жоспарланған саралау дұрыс іске асты ма? (тапсырмалар сәйкес болды ма?). Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан ауытқулар болды ма, неліктен? Осы жоспарға қандай өзгеріс енгіземін және неге?	Бұл бөлімді сабақ туралы ойларыңызды жазу үшін қолданыңыз. Сабағыңызға қатысты деген сол жақта келтірілген ең маңызды сұрақтарға жауап беріңіз.	
Жалпы бағалау. Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты): 1..... 2..... Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)? 1..... 2..... Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет?		

Семей қаласы.

Бактыгүл САБЫРОВА,

Манашы жалпы білім беретін мектептің бастауыш сынып мұғалімі

АДАМНЫҢ ТАБИҒАТҚА БЕЙІМДЕЛУІ

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары		4.2.5.1 – мұғалімнің көмегімен шығарманың композициялық құрылымын (сюжеттің басталуы, дамуы, шиеленісуі, шарықтау шегі, шешімі) анықтау.		
Сабақ кезеңі	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басы	Психологиялық ахуал қалыптастыру. Жұмыс ережесін келісу. Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! Уақытты үнемдейміз! Нақты, дәл жауап береміз! Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз! Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда) – Бөрің-бөрің ойлау үшін. Дұрыс балалар, олай болса мен сендердің құлақтарың, көздерің, қолдарың мен аяқтарыңа саулық тілеймін. Жұмыс ережесін келісу. Алдыңғы білімді еске түсіру (жеке, жұпта, топта, ұжымда). (*) «Допты қағып ал» тәсілі бойынша сыныпқа сұрақтар қоямын. Оқу мақсатын таныстыру. Түсініп оқы.	Психологиялық ахуалға берілген психологиялық жаттығуларды орындау арқылы жаңа сабаққа назар аудару. Оқушылар сұраққа жауап береді, жұмысты берілген түріне қарай орындайды.	ҚБ: Жұптық бағалау	Психологиялық ахуал. Алдыңғы білімді еске түсіру тапсырмалары.
Ортасы	Білгенге маржан. Адам табиғат байлығын болашақ ұрпақтың игілігі үшін сақтау қажеттігін түсінді. Ауаны ластамай-ақ энергия алу үшін желдің күшін, Күннің жарығын пайдалану жолдарын қарастыра бастады. «ЭКСПО – 2017» көрмесі – осы жолда жасалған батыл қадамдардың бірі. Елімізде заманауи ғимараттар салына бастады. «ЭКСПО-2017» көрмесіндегі алып шар – «Қазақстан» павильоны. Шардың диаметрі – 80 м., биіктігі – 100 м. Павильонды тамашалаған адам елдің тарихы, мәдениеті, бүгінгі өмірі, келешегі туралы толық мәлімет алады. Ойыңмен бөліс. Адамның өміріне не керек? Киім-кешек... Дескрипторы: Өз ойын, сезімін, көзқарасын өмірде болған, өзге шығармадағы ұқсас оқиғалармен салыстыра отырып пікір білдіреді. Берілген тапсырмаларды орындайды. Сұрақтарға жауап беріп, өз пікірін дәлелдейді. Салыстыр. Киіз үйді қазіргі заманауи үймен салыстыр. Өз пікіріңді білдір.	Берілген сұраққа жауап беріп, тапсырмаларды талапқа сай орындайды. Белсенді оқу тапсырмалары (топта, ұжымда). Жұмыс дәптеріндегі жазылым тапсырмаларын орындау. Жұптық жұмыс тапсырмаларын жазбаша орындау.	Формативті бағалау. ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау. Жұптық бағалау.	Оқылым, жазылым тапсырмалары. Топтық тапсырмалар Жұптық жұмыс.
Соңы	Жаңа білім мен тәжірибені қолдану. Ой толғаныс кезеңі. Жаңа білім мен тәжірибені қолдану. Ой толғаныс кезеңі. Қорытындыла! Шығармашылық жұмыс. Баспананың маңызы туралы қандай қорытынды жасадың? Рефлексия (жеке, жұпта, топта, ұжымда).	Белсенді оқу тапсырмалары (топта, ұжымда)	ҚБ: Бағдаршам көздері арқылы бір-бірін бағалау.	Топтық тапсырмалар

Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы.

Зайнура ЮЛДАШЕВА,
Бейнеу жалпы білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

САН ЕСІМ

Осы сабақта жеткізілетін оқу мақсаттары	3.4.2.3 сөйлемнен сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) табу. 3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру; жауап беру. 3.3.5.1 жіберілген пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып, түзету.
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар жасай алады: Сөйлемнен сан есімдерді таба алады. Оқушылардың көбі жасай алады: Сан есімдерді қатыстыра отырып, сөйлем құрай отырып тыныс белгілерін қоя алады. Мәтін мазмұны бойынша пікір білдіре алады. Оқушылардың кейбірі жасай алады: Берілген тапсырмалар бойынша ой қорыту жасай отырып сұрақтар құрастыра алады.
Бағалау критерийлері	Сөйлемнен сан есімдерді табады. Сан есімдерді қатыстыра отырып сөйлем құрайды. Тыңдалған мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап беріп, мәтінде жалпы не туралы айтылғанын түсінеді. Тыныс белгілерді дұрыс қоюға дағдыланады.
Құндылықтарды дарыту	Оқуға, білімге деген қызығушылығын арттырып, еңбекке баулу. Жеке және топта жұмыс жасай алу, ынтымақтастық.
Пәнар. байланыс	Дүниетану, әдебиеттік оқу, математика.
АКТ қолдану	Бейне жазба, презентация.
Ресурстар	Топқа бөлуге арналған парақшалар, интерактивті тақта, жұмыс дәптері, қалам мен түрлі-түсті қарындаш, стикер, видеоматериалдар, постер, кері байланыс парағы, т.б.
Бастапқы білім	7-бөлімді оқытуда оқушылардың алдыңғы сыныптарда алған білімі мен дағдылары ескеріледі.
Сабақтың басы	Психологиялық дайындық жүргізу. Топқа бірігу. Зат есім, етістік, сын есім және де сан есім топтарына бөлінеді. Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда). Ө; Қ) Миға шабуыл. Жаңа сабаққа кіріспе. Оқушылар сұрақтарға жауап беру арқылы өткен сабақтардан игерген білімдерін пысықтайды, – Зат есім дегеніміз не? – Зат есімдерге қандай сұрақтар қойылады? – Етістік дегеніміз не? – Туынды етістік дегеніміз не? – Сын есім дегеніміз? – Туынды сын есімдерді ата! Мәтін нешеге бөлінеді? Тасымал дегеніміз не? «Жаңбыр тамшылары» әдісі арқылы жаңа тақырыпты бастау. ҚБ: Балмұздақ арқылы бағалау. Оқу мақсатын таныстыру. Күтілетін нәтижені анықтау.
Сабақтың ортасы	Ширату тапсырмасы. 30-жаттығу (Топтық жұмыс). 1-топ. Өлеңнің ұйқасын тауып, тыныс белгісін қойып, көркем етіп жазады. Дескриптор: Өлеңнің ұйқасын дұрыс табады; тыныс белгілерін қояды. 2-топ. «Т-кестесі» әдісіне салып пайдалы және зиянды сусындарды жазады. Дескриптор: Пайдалы сусындарды жазады; зиянды сусындарды жазады; толық түсіндіре отырады. 3-топ. Постер Су жайлы деректер айтады. Дескриптор: Қызықты деректер айтады. Деректері шынайы болды. 4-топ. Су жайлы берілген мәліметтерден сан есімді тауып, астын сызады. Дескриптор: Сөйлемнен сан есімді табады. Оларға сұрақтар қояды. ҚБ: Топтардың өзара бағалауы. 3.2.3.1 (МК; Ұ; Ж) 31-жаттығу Өлеңді мәнерлеп оқу. Сұрақтарға жауап беріп, өз пікірін білдіру. Балықшының ұлына сұрақтар құрастыру. Сергіту сәті.
Сабақтың соңы	32-жаттығу. (Жеке жұмыс) Өлеңді тиісті тыныс белгілерін қойып, көшіріп жазу. Сан есімдерді тауып, астын сызу. <i>Су – табиғат байлығы, Кемі екі рет әр күні Өзен-көлге барғайсың. Суға түсіп тұрғайсың.</i> Дескриптор: Тиісті тыныс белгілерін қою. Сан есімді тауып, астын сызу. ҚБ: Өзін-өзі бағалау. Тақтаның көмегімен өз қатесін тауып, түзетіп, орындалған жұмыста өзін-өзі бағалайды. 3.4.2.3 (Т; Қ) 33-жаттығу. Ребустарды шешу. Шешуіндегі сөзді қатыстырып сөйлем құрау. Үлгіге сүйеніп, дәлелдеу жасау. Дескриптор: Ребусты шешеді. Шешіміндегі сөзге сөйлем құрайды. ҚБ: Мадақ айту. Үйге тапсырма. 34-жаттығу. 3.4.2.3 (Т; Қ) Жұмбақты оқып, шешу. Жұмбақтың шешуіндегі сөзді сипаттау. Рефлексия (жеке, жұпта, топта, ұжымда). Кері байланыс. Шұльманның 3 көмекшісі. Бүгінгі сабақта мен басым арқылы не істедім? Бүгінгі сабақта мен қолым арқылы не жасай алдым? Бүгінгі сабақта мен жүрегім арқылы нені сезіндім?

Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы.

Ербол ЫСКАҚОВ (Искаков),
М.Әуезов атындағы Ақжар орта мектебінің тарих пәні мұғалімі

АЛАШ КӨСЕМІНІҢ ҰЛЫ МҰРАТЫ

«Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын!..»—деп, өз ұлтын шексіз сүйіп өткен, бар ғұмырын қазақ халқының бостандығы мен жеке ел болуына арнаған алаш арыстарының бірегей тұлғасы Әлихан Бөкейханов. Алаштың көрнекті қайраткерлерінің бірі Әлімхан Ермеков: «Біз бәріміз Тоқырауын өзеніндей едік те, Әлекең жалғыз өзі Балқаш теңізіндей еді»,—деп бағалаған екен.

Алаш арысы Қазақ мемлекетін құрып, Батыс Еуропа секілді өркениетті елдер қатарына қосуды армандаған. Осы тұрғыда күншығыс елі Жапонияның даму қарқынын ескере отырып 20-25 жылда озық елдер қатарына қосылуды мақсат еткен. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін ол мәдениеті мен әлеуметтік экономикалық болмысы жағынан қазаққа бір табан жақын жапондардың әйгілі «Мэйдзи төңкерісі» тәжірибесін ден қоя зерттеген [1.7-6].

Күн шығыс елінде болған төңкерістің қазаққа не әсері бар, жапон елі қайда, біз қайда деген ойдың мазалайтыны шындық. Сол төңкерістің не екендігін білгенде алаш арысының болашақты болжап терең ойлайтын адам екендігіне куә боламыз.

«Мэйдзи исин» немесе «Мэйдзи жаңғыруы» деп Жапонияны артта қалған аграрлық елден 21 жылдың ішінде әлемнің жетекші мемлекетінің біріне айналдырған 1868-1869 жылдар аралығында іске асырылған саяси, әскери және әлеуметтік-экономикалық реформалардың жиынтығын айтады. «Мэйдзи» саясатының нәтижесінде қазіргі жапон ұлттық мемлекеті мен бірегей жапон ұлты қалыптасты. Сегундар үстемдік еткен мемлекеттік биліктің самурай жүйесінен тікелей император мен ол жасақтаған үкімет басқаратын жүйеге көшті. «Мэйдзи жаңғыруы» іске асырылған жылдары жапондардың дәстүрлі тұрмыс-тіршілігі түбегейлі бұзылып, елде жедел түрде батыс өркениетінің жетістіктері енгізілді. Тұрақты армия құрылып, қару-жарақ пен соғыс техникасының, соғыс тактикасының ең үздік үлгілерімен қаруланды. Терең реформалар жапон қоғамының әлеуметтік, жер, қаржы-салық, ағарту-білім беру салаларын да қалдырмай қамтып, ұлттық экономиканы дамытудың ең үздік технологияларға негізделген өнеркәсіптік жолына түсті [1.8-6].

Әлихан Бөкейхан 1915 жылғы жазған ашық хатында:

«Біздің Россияда мәдениет төмен. Жақсы нәрсе шығаратын зауыт, фабрика жоқ. Істеген ісі сарт шегесі, сарт бәзі сияқты. Жақсы киім, жақсы нәрсе ұстайтын адам бұларды Англия, Белгия, Франция, Германиядан алғызады. Бұлардың саудасында ұрлық, ісінде қаяу жоқ. «Зингер» машинасы қалыпты» [1.13-6],—деп жазады.

Сұлтан Хан Жүсіп (Аққұлұлы) Әлихан Бөкейханның жазғанына өзіндік мынандай пікірін білдірген екен: «Әлихан Жапондардың, АҚШ, Германия, Англия

сынды батыс елдеріндегі тәжірибесін үлгі ете отырып, қазақ елін 20-25 жылдың ішінде дүние жүзінің төріне жеткізуді нақты жоспарлады. Оның кәміл сенімінше, Қазақ елінің әлемдегі қуатты агро-өнеркәсіптік мемлекетке айналатындай зор әлеуеті бар. Оның пікірінше, қазақ мал бағуға жұрт шебер болған соң, осы малды айналдырғаны жөн. Қыр баласы-Ел ағасының келесі жолдарына назар аударсақ, сонау XX ғасыр басында оның қазіргі нарық экономикасының заңдарына лайық ойлағанын айдан-анық байқаймыз» [1.13-6].

Ресей империясының бодандығынан босап, тәуелсіз ел болуды аңсаған Әлихан бабамыздың ойын жанындағы серіктері де қызу қолдады.

Жапон халқының білігі мен білімін, өнері мен ғылымын, тарихы мен мәдениетін зерделеу Ж.Аймауытұлының «Ұлтты сүю», С.Торайғырұлының «Социализм», Әміржан Сыдықұлының «Қазақ елінде мектептер қалай құрыла бастау керек», Қ.Кемеңгерұлының «Бүлінгеннен бүлдіргі алма», Әбдісамәттің «Оқу», С.Садуақасұлының «Күнбатыс және Күншығыстың бостандық жолындағы күрестерінің тарихы», Е.Омарұлының «Қазақ тарихынан», Т.Шонаұлының «Қазақ жер мәселесінің тарихы» еңбектеріндегі ой толғамдары, Ж.Ақбайұлының қазақ халқының тегі туралы баяндамасында толастаған емес [2.11-6].

Алып елдің отарында отырған қазақ халқының бодандық қамытын үзу оңайға соқпайтынын ол да түсінді. Отарлаушы елдің өзіне бағынышты халықтың жерін тартып алып қана қоймай, ұлт ретінде жойып жіберуге тырысып келе жатқан пиғылын анық аңғарды. Патша өкіметінің жүргізіп отырған іс-әрекеттеріне ашық қарсы шығып, ел қамын ойлайтын алаш ардақтылармен бірге халық мүддесі жолында бір мақсатқа бірікті. Ол мақсат қалайда орыстың тар шеңгелінен аман қалып, Алаш (Қазақ) мемлекетін құру еді.

Ресей империясы қоластындағы халықтарға үстемдік жүргізе отырып ұлттық санадан, салт-дәстүрден, ұлттық мүддеден айыруға тырысты. Қазақ халқының зиялылары отарлық жүйенің озбырлық саясатын сезініп, жергілікті халықтың ежелден қалыптасқан дәстүрлі мәдениеті мен ұлттың рухани тірегі ажырамас бөліктері тіл, дін, дәстүрді сақтап қалуға барынша күресті. Алаш арыстарының жанқиярлық ерліктері жөнінде ғалымдар мынандай пікір білдіреді.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Ресей империясының мұсылман халықтары алдында өмір сүру һәм даму жолының екі таңдауы тұрды. Бірінші жол – империя мүддесіне сәйкес өмір сүру, яғни ресми Петербордың айтқанына көніп, айдағанына жүру. Екінші жол – ғылыми-біліми әлеуетті пайдаланып, ұлттық сипатты сақтап, күрес тәсілін Ресей шындығына сәйкестендіріп өмір сүру. Әрине, алғашқы жол – ұлтты жоятын жол еді, сондықтан оған түсуге қазақ зиялылары үзілді-кесілді қарсы шықты. Соң-

ғы жол – қауіпті болса да, амалсыздың жолы еді [3].

Бодандық қамытын киген қазақ ұлтының ауыр жағдайын, ұлт руханиятының өзегі саналатын тіл, дін, салт-дәстүрге жасалған қысымшылықтың қасіреті мен зардабының ауырлығын жан-тәнімен сезіне білген қазақ зиялылары ұлт өмірінде айшықты орын алатын діннің маңыздылығына ерекше мән берді.

«Қазақ оқымыстылары мұсылмандық шығыс пен батыс мәдениетінің озық жетістіктерін терең меңгеру арқылы, ұлттық болмыс пен ұлттық ділдің ерекшеліктерін тереңінен тану арқылы өздерінің шығармаларының күш-қуаты мен рухани әлеуетін ұлттық сана-сезімді оятуға, рухани құндылықтарды жандандырып, өрлету жолына арнады. Қазақтың діни ойшылдары мен зиялылары Ресей отарындағы мұсылман халықтарының көшбасшылары тәрізді, ислам діні мен құндылықтарын отаршылдыққа қарсы бағытталған күрестің негізгі тірегі ретінде қабылдады» [4].

1902-1903 жылдары патша өкіметі саясатына қарсы жазылған тұңғыш прокламация жайлы Ә.Бөкейхан еңбегінде былай деп жазады: «Қазақтың бірінші прокламациясында орыс өкіметінің ислам дініне жасап жатқан зорлығы мен христиандандыру саясатына бір кісідей қарсы тұруға шақырды. Бұл идея прокламацияда жалаң айтылмай, орыстандыру саясатына байланысты нақты фактілермен дәлелденген. 1902 жылдан ендірілген «крестьян начальнигі» жүйесіне, елдегі ресми мектептердегі араб тілі мен жазуын қолдануға тыйым салынуына қарсылық білдірген. Өтініш қанағаттандырылмаған соң, халық прокламация авторлары айтқан имансыз шаралардың жүзеге асатынына көзі жеткен» [5].

1905 жылдың жазында яғни 25-26 маусымда Қоянды жәрмеңкесінде қазақ халқы атынан Ресей императорына, Министрлер Кеңесінің төрағасына, ішкі істер министріне жолданған көпке белгілі құжат Қарқаралы петициясы қабылданды. Оны дайындаған ұлт қайраткерлерінің алдыңғы қатарында Әлихан Бөкейханов болды.

Осы петицияның кіріспе бөлімінде былай делінеді: «Орыстандыру саясатының салдарынан қырғыздар (қазақтар) соңғы кездері өздерінің діни-рухани істерінде шетке қағылғаны сонша, олар әкімшіліктің рұқсатынсыз аттап баса алмайды. Мешіт салуға, мұсылман мектептерін ашуға, Меккеге қажылыққа бару және басқаларына рұқсат беру немесе рұқсат бермеу құқығы заң жүзінде әкімшіліктің билігіне берілген. Бірақ іс жүзінде бұл рұқсаттарды алудың қиындатылғаны сонша, мешіт салу, медресе мен мектеп ашу жөніндегі өтініштер көбінесе жауапсыз қалады. Соңғы уақыттары қырғыздың діни-рухани істерінің көрген қағажуларын санап шығудың өзі қиын. Әкімшіліктің мұндай күштеу әрекеттерінің салдары сенім мен ар-ұждан мәселесіне енжар қарай алмайтын халық бұқарасының діни ой-санасына өте ауыр тиді. Халық мүддесімен де, оның тарихи қалыптасқан салт-дәстүрімен де санаспастан, тек орыстандыру саясатын ғана бағдарға алып, жергілікті әкімшілік осы саясаттың жолында кесе-көлденең тұрғанның бәрін құртып-жоюға ұмтылып келеді» [6].

Ресей жерінде болып жатқан саяси оқиғаларды назардан тыс қалдырмаған

Әлихан Бөкейханов 1905 жылы Ресейдің земство және қала қайраткерлерінің Мәскеуде өткен съезіне делегат болып қатысады. Дала өлкесіне «земство», яғни жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін жаппай

енгізуді қолдайды.

Оның земство енгізбек ойының астарында, біріншіден, ата-баба жерін земство қарауына беріп, келімсектердің ағынын тежеу болса, екіншіден – қазақ мемлекетінің құрылысын оның берік іргетасын қалаудан яғни жергілікті инфрақұрылымның негізін қалап дамытудан бастауды көздеді [1.9-б].

Ел болу жолында құқық нормативтік құжат керектігін түсінген алаш қайраткері тұңғыш Қазақ Конституциясының жобасын дайындатқан екен.

«Алаш қозғалысының көшбасшысы Әлихан Бөкейхановтың өтініш қылуымен ірі реформатор Барлыбек Сыртанов 1911 жылы «Қазақ елі уставын» яғни, тұңғыш қазақ конституциясының жобасын жазып шықты. Осы конституцияның «Қазақ елі республикасының жеке болуы турасында» деп аталатын 1 тарауының 2 бабында: «Қазақ елінің жеке туы бар. Туы жасыл, қызыл һәм сары көлденең жолақтардан жасалады. Басындағы бұрышта ай һәм жұлдыздың суреті бар. Жасыл түс – елдің исламға берілгендігінің белгісі, қызыл – ел қорғауда төгілген қан, сары – қазақтың кең даласы, еркіндіктің белгісі» деп жазылды» [7].

Ел қамын ойлаған қайраткер жер мәселесіне шекара мәселесіне де зор мән бергендігін мына сөздерінен айқын аңғаруға болады.

«Қазақ болып автономия боламыз десек, алдымызда шешуі қиын бір жұмбақ бар. Орал, Торғай, Ақмола, Семейде көп мұжық бізбен қоныстас... Мұжықпен аралас қазақты тастап, алғы қазақ болып шығамыз десек, қазақ орыста қалады, қазақты бұл жерден көшіріп аламыз десек, бұл қазақ ата қонысынан көшпес, көшсе ақылсыздық болады. Түбінде, қазақ ұлты бір автономия бола қалса, ішкі орысты ала кетеміз бе деген үміт. Біздің қазақ ұлтының автономиясы енді тұрмыс халда туысқан автономиясы болар емес, жерге байлаулы автономия болмақ» [8].

Сөзімізді қорытындылай келгенде, сұңғыла көреген Әлекең бабамыздың XIX ғасырда қазақ жұртын тәуелсіз ел етуге ұмтылған жанқиярлық іс-әрекеттері мен сол кезеңде ұлттық тамырымызды берік сақтай отырып, жаңа заманға бейімделіп өмір сүру қажеттігі жайлы айтқан сөздері Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бөрінен қымбат» атты бағдарламалық ауқымды мақаласында айтылған сөздермен үндес екендігін байқаймыз.

ШҚО, Тарбағатай ауданы.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бөкейхан Ә. Шығармалары-Сочинение. I т/ Әлихан Бөкейхан. Толықт. үшінші бас. Нұр-Сұлтан: «Алашорда» Қоғамдық қоры, 2020. Қазақша, орысша
2. Алашорда һәм Жапон Сағымбай Жұмағұл. EGEMEN QA-ZAQSTAN №2021
3. Сейітқазина Қ. Қазақстанда дін мәселесінің шиеленісуі (XIX-XX ғасырдың басы) // Қазақ тарихы. - 2012. - № 2. - 5 б.
4. Бейсенов. Б. Қ Қазақ ойшылдары дін туралы: оқу құралы. – Алматы, 2015. - 192 б.
5. Қамзабекұлы. Д. Алаш және әдебиет. – Астана: «Фолиант», 2002. – 474 б
6. Галиев В. 3. Ұлтты оятқан кітап: (Міржақып Дулатұлы және оның «Оян, қазақ!» кітабының ізімен). — Алматы: Мектеп, 2013. — 416 б.
7. <http://www.qamshy.kz/> Алаш зиялылары преференциялық зайырлылықты таңдаған еді. Мұхан Исахан
8. Ә. Бөкейхан Шығармаларының 9 томдық толық жинағы. VII том. Қазақ және орыс тілдерінде. Астана, 2013.